

63.3(5Қаз-2Тем)  
С52

*Смағұлдың  
Тлеубергісі*



**ӨРІМ  
ЖЫЛДАР**

Смағұлдың Тілеубердісі

Өрім жылдар

УДК 669.1  
ББК 34.3  
С52

## **Смағұлдың Тілеубердісі**

**С 52. Өрім жылдар. Тілеубердісі Смағұлдың - Қарағанды: «TENGRİ Ltd» 2013. 242 б.**

**ISBN978-601-7449-05-6**

Қазақ қара металлургиясының қара шаңырағы Теміртау қаласының тарихы зерттелу үстінде. Ел экономикасына бұрын да, бүгін де қомақты үлес қосып отырған Қазақстан Магниткасында шынығып, шындалған мемлекет және қоғам қайраткерлері түлеп ұшты. Осылардың өсіп- өркендеу шежіресі осы кітапта кеңінен қамтылған. Қазақ ауыз әдебиетіне қатысты тың деректер бар. Қазақы қалжың да ұмыт қалмаған. Бүгінгі саяси-әлеуметтік проблемалар да діттеліп талқыға түскен. Кітап қалың көпшілікке арналған.

УДК 669.1  
ББК 34.3

ISBN 978-601-7449-05-6

© Смағұлдың Т., 2013

## Темір мен Тау

Осы екі сөздің бір қаріптен басталатынына назар аударыңызшы. Бас қаріптер созылып, сызылып жатпайды, қысқа да нық естіледі. Таймайтын табанды, қаймықпайтын қатал, жіңішкермейтін жұмыр. көлемі оңтайлы. Тосын, тез айтылып анық ұғым береді. Сондықтан да болар бір қаріп екі сөзді бастап жұбы жазылмай егіз қозыдай бірге жүреді. Кездейсоқтық па? Керісінше табиғи жарасымдылықты аңғарасын. Қалай болса да қиюы білінбей. жігі жоқ бірге біткен тұтастық санана құйылады. Өзің де байқамайсың, өйткені. жұмыр басты пенденің ой, таным, түйсік деген категорияларына салмақ салмай, дау туғызбай санана сіне береді.

«Тепсе темір үзетін», «тауды тесіп, тасты жарып» деген сөз тіркестеріне зер салыңызшы. Жойқын. алып дүлей күштің, тоғысқан жері адам характерін сипаттап тұр. Пай... пай...пай! Халқымыз неше түрлі теңеулерді суырпақтаған ғой. Зерденізге жетер-жетпестен көңіліңіз өсіп, марқайып, мерейіңіз үстем болады. Ет пен сүйектен жаратылған пенденің темірді үзіп, тауды тесетініне еш күмәнданбайсыз, кәміл сенесіз.

Түптің түбінде осы нық сенімнің айғағы болар Темір мен Тау қосылып, хан да, қара да арнайы ат басын тіреп келетін үлкен шаһарға айналады. Тегеуіріні қатты, қарқыны күшті Темір мен Тау ел игілігіне асты. Небір тағдырлар тоғысты. Байтақ Қазақстанның түпкір-түпкірінен өрімдей жастар жиналып, үш жүздің басын қосып, тауды бұзып, тасты жарды, теуіп темір үзді. Отпен арпалысып жалын болып алаулады. Қайынның қарсы біткен бұтағындай небір ызғарлы жел өтін елемейтін шымыр, қайсар болып шынығып, шындалды. Рас, біз технократтық бодандықта болдық, бірақ тегімізді сақтадық. Басқасын былай қойғанда ала жібіміз бен қайшыны қолға ұстап нәрестенің кіндігін, баланың тұсауын кестік. Атадан балаға мирас болған дәстүр бүгінде жалғасын тауып отырғанда кейбір жазғыштардың «кейінгі 70-80 жылда қазақ барынан айырылды» деп байбалам салатынына қайран қаласын.

Иә, Отан отбасынан. Отбасы ең бірінші кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге. Ортамыз өнегесіз емес, үлгі ұсынар, мақтаныш айтар жөніміз бар.

Бірінші болып Егеменді еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, жақында ғана Қазақстан Үкіметін басқаруға келіп, іске кіріскен Ахметов Серік Нығметұлы, ғарышқа қазақ иісін танытқан Токтар. Президент сенімі - ел сенімі деп ұран тастасақ болғай. Әрине, ел сенімін ақтау құдайдың қияметі. Оның үстіне Арқа өңірі - аруақ

«қонып нар шөккен, қыдыр дарып бақ қонған жер. Бірақ сенім нық. Өйткені, Серік Нығметұлы қажырлы, қайратты, шаруашылыққа тәжірибесі мол, берген уәдесінде тұратын азамат. Қалауын тауып қар жандырып отырған Республика зиялылары жылы қабылдайды деп естиміз, талабына нұр жаусын.

Елмен көрген ұлы той шеруінде үшінші мыңжылдықтың табалдырығын аттағанымызға жиырма жылдан асты.

XX ғасырда Тау мен тасты қопарып, одан шойын қорытып, болат селін ағызған Темір мен Тау қаласының болмысы айшықты болды, бола беретініне сенім мол.

# Көз көргендер

эсселер

Президент

Теміртау қаласының 60 жылдық тарихы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың осы қаладағы 20 жылдай ғұмырымен айшықталады. Сол кездер «Без правых и левых» атты өзінің кітабында толық қамтылған. Жалпы Нүрекең жайында жазылған кітаптар, поэма, мақалалар жеткілікті. Бәрін оқып зерденнен өткізу мүмкін емес. Байқағаным, мақтау да, даттау да айырылып жыртылады екен. Әлі де қисынды, қисынсыз ой-тұжырымдардың талайы жарық көрері сөзсіз. Өйткені, тарихи тұлғалардың өмірі басқалар үшін жұмбақ. Осы құпияны ашуға талпынатындар қанша замандар өтсе де азаймайтыны тағы белгілі. Байқағаным, жетіспей тұрғаны - теміртаулықтардың пікірі екен. Осы қалада Нүрекеңмен тығыз қарым-қатынаста болып, қызметтес, дәмдес болғандықтан сол кездерді еске алып, аз да болса ой бөлісіп, осы олқылықты толтыру. Өзің туралы өзің емес, өзгенің айтқанына сенуді әдет қылған халықпыз ғой. Есімдегілер Елбасының ұлан-ғайыр тарихын теңізге тамған тамшыдай толтырса, ынтамыздың зая кетпегені.

Біз теңдесі жоқ тарихи кезеңде өмір сүріп отырмыз. Өмірге 1940 жылдардан кейін келдік. Ұлы Отан соғысын көрмесек те оның зардабын көрдік, коммунистік қоғамның ғаламаты мен сұмдығын, қайта құрудың қияметін бастан кешірдік, одан XX ғасырдан астық, бүгінде тәуелсіз елімізде өмір сүріп жатырмыз. Жеке басымның топшылауы жиырмасыншы жүз жылдықтың аумалы-төкпелі саяси ахуалы бұрын-соңды қазақ тарихында болмаған дегенге саяды. Басаяғы өзім көрген 50-60 жылдарда бастан кешірген саяси-әлеуметтік құбылыстардың құйындай соққан аласапыранына куә болу әрбір ұрпақтың басына қона бермейтін бақ. Бұл бүгінгі күннің биігінен, әрине. Ал ол кезде коммунизм қоғамында өмір сүру түсімізге кірсе кірген шығар, бірақ дәл осындай тәуелсіз Қазақстанда өмір сүреміз деген үш ұйықтасак та түсімізге кірмейтін. Нүрекеңнің түбінде Алматы жакка барып қалатынына сеніміміз мол болатын, дәл Егеменді Қазақстанның тұңғыш Президенті болады десе, оны әулиелікке жорыр едік, бірақ та ондайлар ортамызда болған жоқ. Қалай болғанда да тәуелсіз Қазақстанды Егеменді ел деп жариялап, оның тұңғыш Президенті болып сайланып, елімізді бүкіл әлемге таныту бақыты Қарағанды металлургия комбинатындағы домна пешінде жұмыс істеп,

сомдалып шыныққан азаматқа бұйыруы бүгінде тарихтың үлесінде. Нұрсұлтан Әбішұлы мемлекет ісіне араласқан уақыт қайта құрудың қарсаңы мен оның арпалысына дөп келгені белгілі. Сол уақытта ел басқарудағы тәжірибелері, білімдері де мол, экономиканың күрделі салаларын басқарған небір марқасқаларды былай қойып, әлеуметтің Назарбаевты таңдауы кездейсоқ емес. Таңдауы дегеннен гөрі Назарбаевтың әлеуметті таңдандыруы болады, десек дұрыс болады. Ат төбеліндей бүйірлі шоғырдың емес, бүкіл елдің мүддесін қорғауға келгенде темірдей тегеурін мен жүйелі тәртіпті ел басқаруда да шебер қолдана білгендігінде. Бүгінгідей бүкіл елді сүйіндіріп отырған «темірдей тегеурін» қалай, қайдан бастау алады?! Әрине, әкенің күшімен, ананың сүтімен. Дей тұрсақ та кез-келген мамандық иесіне өзіне ғана тән қасиеттерін адам баласының бойына сіңіртеді. Бұны әйгілі психолог Зигмунд Фрейд те айтып кеткен. Шойын қорытудағы от-жалынмен арбасу тіпті бөлек. Шойын тасқынын қақпалап бір арнаға жіберу тек қана арнайы білімнің болуын азық етеді. Өйткені, домна пеші мылқау, оның ішінде неше түрлі дүлей арпалыс жүріп жатады. Осы ғаламаттың жанында тұрып буырқанып, бусанып жанартаудай от шашатын уақытын тылсым түйсікпен мөлшерлей алмасаң, қапы қаласың. Мұлт бассаң болды, қылғыға салады. Әу баста шойын қара қоймалжыңданып іле-шала қып-қызыл отқа айналып, шарқ-шұрқ етіп сұрапыл алау лап бергенде сескеніп, тіксінбейтін жүрек болмайды. Осының барлығы қас-қағым сәтте сабасына түсіп, жайбарақат күйге еніп, самарқау жылжып, ағып жатқанын көргенде жаның жай тауып, шабыт кернейді. Көзіңді ашып-жұмғанша қауіп пен қатерді, шаттық пен шабытты үйіп-төгіп, өз басыннан өткертетін «горновой» деген мамандықтың қыр-сыры адам психологиясында ұшы-қиырсыз таңғажайыштарды түсініп, оларды тап басып дер кезінде сезіп, көре білуге Нұрекенді баулыды. Ең бірінші осы сатыдан өтіп, комсомол, партия қызметтерінде ысылып шыққан Назарбаевты ел басқаруға кешеуілдеп араласты-ау деген де ой келеді. Бұл тұжырымымды әркім әр түрлі сакқа жүгіртер, бірақ бірге жүріп, бірге тұрып дегендей ол кісінің тапқырлығына, алғырлығына, ойлылығының ауқымдығына талай куә болған біздерге Нұрекен, Егеменді Қазақстанның Президенті болып сайланғанда қуаныштан гөрі ризашылық пен қанағат сезімі басым болды.

1960 жылдардың екінші жартысында Теміртау қалалық партия комитеті Нұрекеңе қалалық комсомол комитетін басқаруды ұйғарады. Ол кезде партия айтты болды. Соған қарамай ол осы жұмыстан бас тартып, сөгіс алады. Сол кезде қала тұрғындарының 2,7%-ын құрайтын қазақтарға, әсіресе, жас адамға бұл қызметтің лауазымы

жоғары болатын. Сол себепті де «Бекер бармаған екен» дегендер де аз болған жоқ. Кейін конференцияның бір топ делегаттары «Нүрекенді бірінші болдырмаймыз» деп астыртын жұмыс істегендерін естігенде, Нүрекеннің бұл көрегендігіне разы болмаған адам кемде-кем болды. Шыңтуайтына келсек, Теміртау деген аты болмаса бұл мекен қазақтардың ата қонысы екенін ешкім де ойға алып, бастарын қатырмайтын. Қазақтар туралы қандай да ауыз-екі сез шыға қалса, оның ар жағында «ұлтшыл» деген айыптың шеті қылтып көрініп тұратын. Әрине, көпті кінәлауға болмайды, өйткені сол кездегі партияның саясаты Совет Одағы көлеміндегі жылт еткен табыстарды тек қана «ұлы орыс» халқының арқасында, атымыз бен затымыз «Совет азаматы» болады деген қауесетті күнде дәріптеп санана құйып жатқанда, 93% орыстар және орыс текті ұлттардың өкілдері тұратын қалада басқаша болуы мүмкін емес еді. Реті келгенде айта кетейік, Коммунистік партияның үлкен алқалы жиындарында жоғарғы қызметтегі өз азаматтарымыздың көбі «ұлы орыс» халқын дәріптеп жатқанда, осы сөзді өз басым Нүрекеннің аузынан естіген емеспін. Бұл басқадай теріс пиғылдан емес, қайта орыс ұлтына деген құрметтен болар. Өйткені, осы «ұлы» деген сөзді естігенде талай-талай саналы орыс азаматтары қызарақтап, ыңғайсызданып қалатын.

Қалалық комсомол комитетін басқару Нүрекеннің пешенесіне жазылған болу керек, ақырында 1969–1971 жылдары осы аталмыш ұйымды басқарды. «Қай қайдағы пәлені сатып алған» жастарды ұйымдастырып, бір арнаға жұмылдыру қай уақытта да онай іс болмағаны белгілі. «Қалауын тапса, қар жанады» дегендей, сол жылдары қалалық комсомол ұйымының абыройы өсіп, өрлеп тұрды. Бұрынғы комсомол басшылары коммунистік партияның «әкелік қамқорлығын» мадақтаудан аспаса, Нұрсұлтан Әбішұлы қаладағы алып өндірістер мен құрылыс басшылары тарапынан жастарға немқұрайлы қарап, олардың ынталы да сапалы жұмыс істеулеріне қажетті жағдай жасалмай отырғанын қатты сынады. Бұл бұрынғылар айта алмаған батылдық болғандықтан, орталық ақпарат құралдары жарысып жазып жатты. 1971 жылы желтоқсан айында болған Теміртау қалалық партия комитетінің есеп-беру сайлау конференциясында «Жастардың өнерпаздық творчествосын одан әрі өркендетуге, спорт пен дене шынықтыруды дамытуға қолайлы жағдай жасалмай отыр. Металлургтердің мәдениет сарайы мен спорт комплексінің құрылысы тым ұзаққа созылып барады. Алдағы уақытта бас мердігер «Металлургжилстрой» тресінің басшылары бұған жеткілікті көңіл бөлгендері жөн» деп кесіп айтқан еді. Сол уақытта жастардың жоғын жоқтаудың саяси астары терең болатын. Неге десеніз, 1959 жылғы



Теміртауда болған жастар көтерілісінің сызаты әлі де сезіліп тұратын. Осы тұрғыдан алғанда жастарға деген қамқорлықтың түбегейлі түзелмеуі Нүрекеннің айтуымен өндіріс, құрылыс басшыларын селт еткізсе, жастар оған қызу қолдау көрсетті. Ол уақыт жастар жетекшілерінің міндетті түрде партия, Совет органдарының алқа мүшелері, делегат, депутат болап сайланатындықтарынан оларға тез арада мансап пайда болып, комсомол басшысының орнына отырар-отырмастан, өз қатарларының мақсат-мүдделерінен алыстауы Совет одағында қалыптасып, кең етек жайған кез еді. Дәл осы уақытта «тауды бұзып, тасты жарып» Нүрекеннің жастар өміріне ара түсуі елді дүр сілкіндірді. Назарбаевтың «феномені» дәл осы сәттен бастап бүр жарғанына еш күмәнім жоқ. Өткен жылдың аяғында Астанадағы студент жастар әділетсіздікке шыдамай толқу үстінде болғанда, Елбасының келісімді, шұғыл шешім қабылдауы осы ойымды дәлелдей түседі. Бұл жастар жаттап жырға, қарттар аңыз-ертегіге айналдыратын өнегелі іс болды. Әрине, әрбір адам дүниеге феномен болып жарыққа шығады, ал оны өмір бойы дәлелдеп өту екеудің бірінің пешенесіне жазылмаған. Сонымен 1971 жылы Нүрекен Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы, ал 1973 жылы күзде Қарағанды металлургия комбинатының партия комитетінің хатшысы болып сайланды. Осы лауазымды орында елге қызмет атқарған кездері небір қиын-қыстаудан сүрінбей өткен үлкен белес болды. Бұл кезде зауыт мемлекет жоспарын орындай алмай, директорлар мен негізгі цехтардың бастықтары жиі ауысып, мамандар жетіспей, кадрлар орныға алмай, осының салдарынан авариялар көбейіп, елдің еңсесін көтертпей тұрған. 1969-1973 жылдары директор болған П.П.Мишин өзімен бірге бас инженерден бастап, негізгі цех-тар мен бөлімдердің бастықтарын, алып келді.

Аттай алты ай өткеннен кейін оларға «жұмысты ұйымдастыра алмады» деген айып тағып Магнитогорск, Чероповец, Запсиб металлургия зауыттарынан шақырылған мамандармен ауыстырды. Жергілікті мамандарға сенім көрсетілмеді, ал ұлттық кадрларды ешкім есіне алмайтын. Бұның қалай дейтін партком хатшысы болмады. Ақырында Мишиннің өзін жұмыстан алды. Алдын ала айтар болсақ, тек қана жергілікті мамандарға сенім артқаннан кейін ғана зауыт жұмысы алға басты. Осы өзгерістің басы-қасында болған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болатын. Жанадан іске қосылып жатқан цехтар негізінен Советтер одағында бұрын болмаған, технологиясы игерілмеген соған қарамай жоспар жобалық қуатына сай белгіленіп, онсыз да оналмай тұрған комбинат жағдайын одан сайын күрделендіріп жіберетін. Мемлекеттік жоспарды орындау заң деп

даурыққанымен оның орындалмауы, зандылыққа айналуы тек қана бізде емес еді. Партияда адамдар арасындағы нақты ұйымдастыру жұмысы тек қана қағаз жүзіне ауысып, жоғарыдан-төмен, төменнен-жоғары ақпараттар легі тасқындаған кез еді. Барлық ауырлық мұндайда бастауыш партия ұйымдарына, әсіресе өндіріс парткомдарына түсетін. Ел экономикасына қомақты үлес қосып отырған өндіріс орындарындағы партия ұйымының жай-жапсарынсыз жоғарғы жаққа ақпарат беру ақылға сыймас еді. Өндіріс өнімі межеден кем түсіп жатқанда партия ұйымының жанкешті жұмысы еске алынбайтын, «ен бастысы адам факторы» деп нығыздалғаныменен жеме-жемге келгенде онымен ешкім санаспайтын. Нүрекеннің металлургия зауытына хатшы болып келгенде осындай шым-шытырық карама-қайшышықтардың бүкіл жүйені жаулап алған кезі еді. Аталмыш кәсіпорын облыс, республиканы былай қойғанда Советтер одағына белгілі болғандықтан, зауыт басқармасына, әсіресе, директоры мен партком хатшысына жүктелген міндет өте зор болатын. Алып өндірістің тұрақсыз жұмыс нәтижесі көбіне сор болып, қала, облыс көлеміндегі лауазымды қызмет иелерінің, түн ұйқысын төрт бөлетіні де шындық еді. Сол кездегі Теміртау қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы А.Анохин: «Директорды жанарттық, партия комитетіне жас, нағыз металлургті жібердік, енді ұйқымыз тыныш болатын шығар» дегенін өз құлағыммен естіген едім. Нүрекен партия комитетіне келе сала былай қарағанда көзге іліне бермейтін, бірақ та өте ұтымды аппараттық тәсіл енгізді. Жоспар мен өнім сапасының тағдыры шешіліп жатқан қайнар басындағы өндірістік партком хатшыларыменен апта сайын кездесіп, өндірістің жай-жапсарын, кадр мәселесін тағы да толып жатқан партия жұмыстарының бағыт-бағдарын анықтап отырды. Бұл кездесуде партком хатшысына ашық айтуға да онымен сырласып, сыбырласуға да мүмкіндік алған төменгі сатыдағы партия жетекшілерінің қанаты қомданып, жаңа серпіліс, жұмыс ауқымында соны леп пайда болды. Ұйымдастыру жұмысын едәуір алға жылжып, комбинат парткомының аяқ алысына күдікпен қарағандардың қабақтары ашыла бастады. Дей тұрсақ та токмейілсудің ауылы алыс болатын. Шешілмей жатқан технологиялық, техникалық әлеуметтік проблемалардың сан жетпейтіндігінен комбинат жұмысының жиі-жиі тоқтауы әлі де орын алып отырған. Сондай күндердің бірі - 1974 жылдың 30 сәуірінде дәл бірінші май мейрамына қараған түнгі ауысымда бірінші жұқарту цехында үлкен өрт шықты. Жылдық жоспары 3,5 миллион тонна тілкем шығаратын цех істемесе, бұған дейінгі де одан кейінгі де цехтар тізгінін тартып, не тоқтап қалатын. Яғни мыңдаған адамдардың еңбегі

еш болды дей беріңіз. Ат төбеліндей азғана қазақтар үшін де оңай болмады. Өйткені, сол ауысымдағы бастық та, мастер де қазақ азаматтары болатын. Айта кететін бір жай осы екі азаматтардың үйлену тойларын кезінде Нүрекен өзі басқарған, кейінде қарымқатынас ойдағыдай еді. Өрт шыққан күні таң ата Нүрекең цехқа келіп, әлгі екеуіне «Атың шықпаса жер өрте» деп бекер айтпаған екен ақырында аттарынды шығардындар ә, дегенмен сендердікі зор болды, есімдерің Москваға да белгілі болды» деп күлдіріпті. Ол кезде бір ауысымда екі қазақтың істеуі өте сирек құбылыс болатын. Олай дейтінім, сол жылдары зауытта 32000 адам істеп, оның 3000-ы әр сатыдағы инженер-техникалық басшылар болатын. Басты цехтарды, бөлімдерді былай қойғанда қосалқы цехтардағы ұлт мамандары саусақпен санарлықтай еді де, зауыт басқармасында істейтіндердің саны 10-ға жетпейтін. Ар жағын саралай беріңіз. Бірде Нүрекенмен дастарқанда бірге болып, осы мәселені алға тартқанда «Ойпырым-ай, бір қазақты жоғарылату Құдайдың қияметі екен» деп қысқа қайырып еді. Ол кездегі жазылмаған заң - бірақ мұқият орындалатын дәстүр бойынша осындай «аварияға» жол бергендер міндетті түрде жұмыстан босатылатын, партия тарапынан берілетін сөгіс өз алдына. Қит етсе кінәлі болып табылатын да осы орта буындағы инженер-техникалық мамандар еді. Жоспар орындалмаған сон, еңбекақы төмен және оның ішінде негізгі жұмысшы мамандардың ақшасынан әлдеқайда төмен болатын. Сол себепті де мастер, аға мастер, ауысым бастығы, механик, электрик дегендерге ие табылмайтын. Көп кешіктірмей шыққан өрттің жай-жапсары парткомда қаралды. Мәні мен маңызы жөнінде ғылыми тілмен айтқанда, бұл партком хрестоматиялық дүние болды. Мәжіліске жобалау институттарынан, авторлық бақылау басқармасынан, күрделі құрылыс бойынша директордың орынбасары тағы да басқа негізгі бөлімдердің басшылары қатаң сынақтан өтті десек болар. «Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылып» отырғаны қашан тоқтатылады? Цехтарды жобалау кезінде мамандардың ұсыныстарының ескерілмеуі, одан кейін құрылыс-монтаж кезіндегі өрескел қателіктер, осының барлығына немқұрайлы пиғыл көрсетіп отырған директордың өндіріс жөніндегі орынбасарының тағы да басқалардың жауапкершіліктері қаралып, оның саяси мәнін ашып қатан сынға алынды. Бұның себебі мен салдары зауытта істейтіндердің бәріне белгілі шындық болатын. Ақиқаты басқада еді. Партком хатшыларының көбі болашақта партия кәсібімен айналысып карьера құруды жоспарламайтын. Неге десеніз, сол кездерде партия жұмысынан өткендерді саяси сауаты ашылғандар санатына қосып, өндірістегі жауапты басшы жұмыстарға жіберу дәстүрі болатын.

Әрине, сол уақытта зауыт директоры тағы да басқалары оны қолдап отырса, олардың аузын алу тек қана «Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүру болатын да, сол себепті де мәселені ушықтырмайтын. Оның үстіне сол кездегі партия саясатының басты міндеттерінің бірі "... өндіріс басшыларының абыройын көтеру арқылы мемлекеттік жоспарды орындау» деп зікір салатыны тағы бар. Сондықтан да партком хатшылары авария, тағы да басқа келенсіздіктер жіберілген сәттердегі мамандарды байыбына бармай, ат үсті шешім қабылдап, көбінесе жұмыстан босатып, сөгіс жариялап, жоғарғы жаққа «мен шара қолдандым» деп есеп беріп тыныш отыратын. Осындай бір-біріне кереғар шым-шытырықтар қаулап тұрғанда болған аварияға түпкілікті, жіті көз жіберіп, жан-жақты, ешкімді алаламай баға беру: зауыт коллективін дүр еткізді. "Наконец-то появился нормальный секретарь парткома», - деген ризалық пікірлерді күніне сан рет естіп жүрдік. «Куда он денеться, скоро его поправят будет он ручным как миленский» дегендер де жеткілікті болды. Әрине, бұлар «жапа шеккен» лауазымды қызмет иелерінің жандайшаптарынан көбірек естілетін, бірақ олардың үміттері ақталмады. Олардың сенгендері сол кездегі зауыт директоры О.И.Тищенко болатын. Бұл кісі шын мәнісіндегі үлкен ұйымдастырушы, адамдармен жұмыс істеуді терең менгерген, металлургия саласын бес саусақтай білетін қажырлы да қайратты әмбебеп адам еді. Үлкен өндірісте директоры мен партком хатшысының арасы үнемі жарқын, жайдары бола бермейтіні белгілі жайт. Сол себептен де «екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» дегенге сенгендер қатты қателесті. Екеуі бірдей бір арбаға жегіліп, бір бастағы екі көздей үлкен өнегенің үлгісін көрсетті. Ең бірінші комбинат басшылары жұмысшылармен қоян-қолтық араласты. Әрбір жұма сайын цехтарда болып, жұмысшылармен емін-еркін сұхбат жасады. Бұрын басшылардың атын ғана естіп, жүздесуді былай қойғанда, көре алмай жүргенде енді, міне, олар бас иіп алдарына келді. Басты мақсат адамдарды тыңдау, сын ескертпелерін орындау. Осындай әрбір кездесулерден кейін жұмысшылардың айтқандары жіпке тізіліп, комбинат, цех бойынша бұйрықтар шығарылып, олардың орындалуы қатты қадағаланды. Осындайда еске түседі, жаңылмасам 1974 жылы болар «Теміржол басқармасында» болған кездесуден кейін үлкен проблема шешіліп еді. Ол - темір доңғалақтарының табандарын жонатын арнайы станоктың сатылып алынуы еді. Ол кезде комбинаттағы жол торабының ұзындығы 328 км. құрайтын, 60-тан астам тепловоз, думпкар, шойын, болат, шоқ таситын ыдыстарды қосқанда барлығының саны 500-ден асып жығылатын. Соншамаларының доңғалақтарының табандары ұзақ қолданғандықтан

бүрленіп, білеуленіп кетеді. Бұндай жағдайда оларды қолдануға болмайды. Өйткені, бұл үлкен жол апатына әкеліп соғады. Сондықтан да оларды дер кезінде жонып, тазартып отыру керек. Осы жұмыс комбинатты үлкен шығынға батыратын. Шешімі - арнайы станок сатып алу қажет. Ол станок металлургия саласының жабдықтау жүйесінің тізімінде жоқ. Сондықтан бұған Нұрекең араласып, Партияның Орталық комитеті (Москва) арқылы осы күрмеуі қиын түйінді шешіп еді. Ұйымдастыру жұмыстары тек осыменен шектеліп қалған жоқ. Айына бір рет бригадирлерді, аға жұмысшыларды металлургтер сарайына шайға шақыру дәстүрге айналды. Одан кейін жылына бір рет инженер-техниктерді жинап, келелі әңгімелесу дағдыға айналды. Осының арқасында талай-талай күрделі техникалық, технологиялық түйіндер шешіліп жатты. Жұмысшылардың айтқандары орындалып, іске аса бастаған соң елдің сенімі артты. Жұмыс барысына жаңа леп, екпін пайда болып, творчестволық ахуал шарықтап, өз нәтижесін бере бастады. Осының арқасында комбинат жұмысы тұрақталып, жоспар орындалып, металлургтердің материалдық жағдайы түзеле бастады. Бірақ та негізгі мәселелер шешілмей жатқан. Ол металлургтердің әлеуметтік жағдайы болатын. Осы мәселені 1974 жылы Нұрекең жеке дара қолға алып, Советтер Одағының Коммунистік Партиясының Саяси бюросына хат жазып, ол хат сонда қаралып оң шешімін тапты. 3 жылдың ішінде әрбір жыл сайын 80 мың шаршы метр тұрғын үй, 1660 сәбилер сиятын екі балабақша, екі кәсіподақ училищесі, металлургия техникумы, институттың ғимараттары, спорт комплекс, т.т. жоспарға кірді. Осылардың барлығы іске асты. Жалғыз іске аспағаны институттың ғимараты еді. Оны 2003 жылы арнайы «Испат Кармет» пен «Самсунг» фирмаларына тапсырып, салдырып берді. Сол уақыттарда да көп талас тудырған, бүгін де көкейден кетпейтін бір сұрақ бар. Ел экономикасына елеулі үлес қосып отырған өндірісті ошақтың әлеуметтік-ахуалы ешкімнің қаперіне кірмегені ме? Теміртау қаласының тарихында сол кездегі Совет үкіметінің басшыларынан бастап (Л.И.Брежнев ол кезде КПСС секретарі 1959 жылы келіп кетті) келмегендері кемде-кем. Барлығы жиналып Назарбаевтың келуін күтіп отырған ба? Орыстың белгілі жазушысы Чадаев: «Отанды сүйоден де маңызды нәрселер бар, мысалы, ақиқатты сүйу» депті. Гәп қайда жатыр.

Кейінгі өмір тарихы Қазақстан халқының, қала берді бүкіл әлем назарында, бәріне белгілі. Егеменді еліміздің экономикасын алға сүйреп алып шыққандағы жанкешті жұмыс нәтижесін көріп отырып, оның қалың бұқараның ортасынан шыққандығына, олардың мұң-

мұқтажын, көкейкесті мәселелерін айтпай түсінетіндігіне тәнті боласын. Іркіліп қалмай, жұлықп тартпай, ақиқатты бұлтартпай айта білген Нүрекенді алқалы топ кара-құрым қалың ел хан көтерсе, Елбасы Қазақстанның бағын ашты. Ғасырлар еншісіне тие бермейтін осы жарасымдылық лайым жалғаса бергей.

2005 жыл

## Уақыт іздері

Мен Нүрекенді сонау 1960 жылдардан білемін. Алғашқыда Қазақ хорына қатысып, одан кейін қаладағы той домалақтарда көретінмін. Қай уақытта да жүрген жерін әзіл-думанға, күлкіге толтыратын. Сол кездерде Қазақстан Магниткасына келген қазақ жастарынан құрылған хордың басқарушысы әрі дирижері Алтын Көппаева: «Нұрсұлтан, сен осында келсен тыныш отырмайсың, сенің әзіл-қалжыңың жұмысымызға кедергі жасайды.... келмей-ақ қойсаңшы» деп өтінетін. Сол хорға қатысушы сүйген жары Сара апамызбен танысуға себеп болды. Әрине тек қана хор емес. Қазіргі Чайковский көшесіндегі, ҚарМет-ың поликлиникасының артында самаладай сайрап тұрған үйлер ол кезде жатақхана болатын. Жартысында қыздар, екінші жартысында жігіттер тұратын. Осы жатақханада Нүрекен мен Сара көрші тұрды. Бір қызық жағдай есіме түсіп отыр. Ол кезде ақын жазушылар, әнші-артистер жиі келіп тұратын. Қазақстан Магниткасы деген аттың өзі өнер адамдарын магниттей тартатын. Б.Байқадамовтың, Қ.Жармағанбетовтың сөзіне жазылған «Жарқырайды Теміртаудың оттары» әні өнер адамдарының бізбенен тығыз байланыста болғандығының нәтижесі еді. 1970 жылдардың басы болар. Теміртауға Надежда Лушникова бастаған екі-үш адам келе қалсын. Қаладағы шараларға қоса алдын - ала жоспарланып қойса керек, осы кісілерді ертіп, Тельман ауданына қарасты ылғи қазақтар тұратын Амангелді совхозына бару керек болып, мені, ерлі-зайыпты Үшкөмпір әйелі Күлпәш үшеуімізді кездесу барысында бір-біреуден өлең айтасындар деп ертіп алып Нүрекен басқарып жүріп кеттік. Кездесу аяқталып дәмге шақырған үйге алып келді. Жанылмасам үй иесі, сол совхоздың кәсіподақ ұйымын басқарады-ау деймін, аты жөні есімде сақталмапты. Қонақтардың келетінін ескертпегенбе, әлде басқадай бір жағдай болды ма, әйтеуір бізге тартқан табағында бір-ақ кесек ет бар екен. Бір үзім еттен ауыз тиіп, кезек батаға келгенде Нүрекен:

«

Надежда апай сіз суырып салма ақынсыз, жазушылар одағында аудармашысыз, мына дастарханға сіздің батаңыз сұранып тұр,- деді. Нүрекеңнің мезгеуін емеуріннен таныған Надежда апамыз:

Құдай-ау ақ қарасын, ақ қарасын

Қарашы-ау шаңырақтың қап-қарасын

Шаңырақта қақталған еттерін ай

Ет аспаған мыналардын беттерін ай,-

деп бетімізді сипап жүріп кеттік. Сол кездері жиі еске алушы едік, осы күні анда-санда күліп қоямыз.

1971 жылдын маусымы болатын. Үйленетін болып есім шығып жатқан. Қалалық партия комитетінің екінші хатшысы Н.Ә.Назарбаев шақырып жатыр деген соң айтқан уақытында кабинетінің табалдырығын аттадым. Амаңдық- саулықтан кейін, сені Қарағанды Метталургия комбинатының комсомол комитетінің хатшылығына ұсынып отырмыз, казір біріншіге (Н.Г.Давышов) кіреміз деп қарсы кабинетке алып барды. Қабылдау аяқталған соң, енді қалалық комсомол комитетіне барасың Алматыға билетің дайын, екі сағаттан кейін ұшасың,- деді. Енді не істеймін, қалыңдығыма түстен кейін хабарласамын деп уәде бергем. Ол кезде ұялы телефон деген атымен жоқ, ол түтілі үйге телефон орнату үшін құдайдың қолтығында отыру керек болатын.

Нүреке, осы жұмысты ертен әйтпесе одан ары күні істеуге болмай ма, үй болудың қамымен жүр едім деп жағдайымды айттым.

Құттықтаймын, тойына шақыратын шығарсын..., барамыз бірақ ол тойдан бұрын мына комсомол деген сенің ең сүйікті тоқалың болады соны ұзатып алайық,- деп күлдірді. Ол кезде партияның айтқаны екі қайталанбайтын дер кезінде орындалатынын біле бермеймін ғой. Соны біліп отырып ақырмай-шақырмай, әдемі әзілмен, тапқырлықпен орап өтіп нүктесін қойғанына осы уақытқа дейін таң қаламын.

Сол жылдары Нүрекеңе үйінен дәм татқызу қазақ азаматтары үшін үлкен дәреже болғанын жасырудың қажеті жоқ. Шақырғанға бармай дәмнен атап өтті дегенді естіген емеспін. Ал енді дәм тұздары жарасқан азаматтар қаншама? Әсіресе Жаман - Клара, Төлеубек - Клара отбасылары. Осы ортаға анда-санда мен де қонақ болып тұратынмын. Бүгінде сирек болсада аралас-құраласпыз. Нүрекеңнің істеген жақсылықтарын ауыздарынан тастамайды. Әрине реті келген жерде. ҚарМет-тің партия комитетінің хатшысы болған уақытында «Москвич» автомашинасын алып бергенін Жаман айтса, қашанғы шаң жұтып Домнада жүресің деп қалалық техникалық инспекциясын

басқартқанын марқұм Төлеубек ағамыз мақтанышпен айтатын. Осы ағамыз кезекті демалысында курортқа путевка таба алмай портком хатшысы Нүрекене барып, ақырында бұл сұрақ шешіліп, нәтижелі жұмысты сол кездегі дәстүр бойынша жуу барысында Нүрекен:

Ағатай, жолын болсын демалыста  
Жеңгемді ұмытпассын қуанышта  
Ұмытып кетсен дағы басқаны ойлап  
Қайынысы дайын тұрар сол уақытта

деп, суырып салғанын жыр қылып айтатын. Көптеген сьездерге барып, келгеннен кейін жаңа анекдоттармен бізді қарық қылатын. Бір таңқаларлығы оның ел аузында айтыла бермейтін әйтпесе өте сирек айтылатын қазақтың әзіл-оспақ, ашы мысқыл, сайқымазақ мағынадағы халық фольклорын көп білетіндігі еді. Халықтың даналығымен ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан осы фольклордың түр-түрін Нүрекеннің жетік білуі табиғи құбылыс. Ел басқарушысына қажетті өнердің «Бес қаруының» біреуі осы десек ақиқаттан ауытқымаймыз. Қалай болғанда да Тәуелсіз Қазақстанды Егеменді деп жариялап, оның Тұңғыш Президенті болып сайланып, елімізді бүкіл әлемге таныту бақыты Қарағанды Металлургия комбинатындағы домна пешінде жұмыс істеп сомдалып, шыныққан азаматқа бұйыруы бүгінде тарихтың үлесінде.

2012 жыл

## Елін сыйлаған Әкім

«Елдің атын ер шығарады...» дейді халық даналығы. Неше ғасырдан бері ұлтжандылықтың, ерлігімен ел бірлігін сақтаудың өлшемі болып келген, өміршен нақыл сөз «Теміртау қаласының әкімі Астана қаласының әкімінің орынбасары болып, жұмысын өзгертіпті» дегенде ойыма сақ ете қалды.

Тегінде қала басшылығына келген қай әкім болса да жақсы аты шығып, ел аузынан мақтау естуді көксейтініне күмән келтіруге болмас. Күмән басқада, жұмыс нәтижесі өз ұлы атанып отырған ұлттың атына сай абырой- атақ әпере ме? Осыған көңіл қояр ма екен?

Саяси рең беріп айтар болсақ, қол астында қала халқы бар әкім емес, бұл өзінің, қала халқының әкімі бар, - деп айта алатын дәрежеге жету мақсатын міндет тұта ма екен? Небір шаруашылық пен экономикалық әлеуметтік ахуалды алға жетелеп өндіретін де, кері тартып бүлдіретін де осылар емес пе? Қалай болғанда да ұлт атына тығыз байланысты.



Егемендік алғаннан бергі елдің есінде болар деген үмітпен үш әкімнің тындырғанына тоқталсақ, ең бірінші К. Мұхамеджанов пен Ә.Қарабалин еске түседі. Камалтин Ескендірұлы жақсы істерімен әсер қалдырса, Әли Әлібайұлы керісінше болды. Ал Ерлан Досмұхамбетов екі ай шамасында әкім болып істеп, жарқ етіп көрініп «міне, қазақ» деген сөзді жұрт аузына салып кетті.

Ауыз толтырып айтар сөзге ие болған, әрине Ахметов Серік мырза. Аталмыш әкімнің тұсында әлеуметтік-экономикалық жағдайымыз біршама жақсарып, елдің көңілі көтеріліп мәре-сәре болды. Қаланың рені өзгеріп, бұрын сонды болмаған қаланы абаттандыру жұмысы қарқындап, ел разы болды. «Есіктен кіре төр менікі», - деп адыраңдамай, жымыып күліп, төрге озып, орнына сай елге қызмет көрсетті. Келе сала қазақ азаматтарын шақырып алып: «Қазақша газет ашыңыздар» деп тапсырма беріп, бізді састырғанын да аса бір жылы ілтипатпен еске аламын. «Серг пен сөзге ұмытшақтау өлкеде» (М.Шаханов) ашылған «Теміртау» газетіне жанашырлар (жазылушылар) азайып, жетімсірей бастағанда редакция алқасының қолтығынан демеген де осы Ахметов мырза еді. Қазақ деген ұлттың ұлы екендігін лауазымды қызметінен жоғары қоятынының айғағы бұл. Екінші бірінің пешенесіне жазыла бермейтін мықтылық. Теміртау қаласы ежелгі қазақ жұртында тұрса да қазақтар - қазақ диаспорасы ретінде өмір сүріп жатқандығын бірден түсінген осы әкім болды. Теміртау қаласының басшылары барды-бар деп, жоқты-жоқ деп ашық айтқандықтан ешқашан жақсы атақ алған емес. Әйтпесе бір миллионнан астам халқы бар Алматыдан, жарты миллион халқы бар Қарағандыдан Теміртауда СПИД, нашақорлық әлдеқайда көп дегенге қайсының сенесіз? Осы теріс ұғымның тоңын жібіткен де осы Ахметов мырза. Көзбояушылықпен, әйтпесе жалған ақпарат берумен емес, нақты шараларды жүзеге асырумен, әрине. «Түсі игіден түңілме», - деген де аталарымыз ғой. Қай уақытта да биязы мінезімен, орнынан лып етіп, жеңіл көтеріліп қарсы алуымен, оның алдына барғандардың есінде қалары хақ. Қала алпауыттарын састырған да осы мінезі болар, сірә. «Испат-Кармет» ААҚ басшыларымен қоян-қолтық араласып, тонның ішкі бауындай болуы қаладағы оң өзгерістерге алып келгені белгілі. Тек қана жағымды мінездерімен барлық мәселені шешті десек қателесеміз, әрине. Сындалы саясат, ұстамдылық пен табандылық қажет мұндайда. Аталған қасиеттер басшылықтың үлкен мектебінен өтіп ысылған Ахметов мырзаға тән деуге толық негіз бар. Осыған дәлел ретінде қаладағы орыс тілді «Вечерняя газета» басылымы жүргізген сауалнамаға қатысқандардың 79 пайызы әкім жұмысына «жақсы» деген баға бергенін айтсақ та жеткілікті.

Дәл осы жерде шайтан түртіп әкімдердің ауысуы белгілі және үйреншікті жай емес пе, осының саған керегі не деген ой шарпып өтті. Тіксініп қалсам да қаламымды Өайта алдым қолға. Пәленің барлығы осы «белгілілік» пен «үйреншілікте». Қайбір әлеуметтік құбылысқа (ел тағдырын қолға алу қай уақытта да оңай болған емес) немқұрайлы қарап, бейтарап болу жақсылықтың нышаны емес. Бұның өзі сіздің азаматқа тән ар-намыс немесе рухани қанағаттану деген аталы ұғымдардан ада болғандығыңызды байкатады. Дәлірек айтсақ рухани бейшаралық бойыңызға дерт болып жабысып, әбден сіңіп, мендеп алғанның нышаны. Осы тұжырым қамшылап және демократия мен жариялылық салтымызға айналғанда өз құқымды пайдаланып, көкейдегіні ортаға салсам артықтығы бола қоймас деген ойға тірелдім.

Кейінгі кезде басшылар ауысып кеткеннен кейін соңынан «ит айтақтау» дәстүрге айналды десек болар. Ел азаматы И.Тасмағанбетовты да неше саққа жүгіртіп жатыр емес пе? Ертең Қарағанды облысының әкімі К.Мұхамеджанов кете қалса солай боларына күмәндану артық. Мен басшыларды, әсіресе әкімдерді сынамау керек деген ойдан адамын. Бұларға да бір-бір Бұқар жырау керек-ақ. Жақсы әкім деген сөз тосын естіліп, жұртты селт еткізерін де сезем. Өйткені, бұл сөзге бойымыз үйрене қойған жоқ әзірге. Дей тұрсақта «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», - демеуші ме еді. Сол себепті де Ахметов Серік мырзаның Теміртау қаласына әкелген соны серпілістерін тілге тиек етсек артықтығы бола қоймас. Қалай болғанда да С.Ахметов мырза қалада әкім болған уақытта елдің аузын тұщыпты. Ол шыққан белес келесі әкімдерге денгей, өлшем ретінде қолданып, сол белестен төмендемейінші деген ойға жетелесе істің ажа басқаны. Менің жазғанымды оқып отырған сырттағы адам: «пай-пай, мақтауын жеткізген екен, сонда оның бірде-бір қате басқаны болмап па?», - деуі заңды да ғой. «Ешқандай іс тындырмағандар ғана қателеспейді» деген қанатты сөз бар ғой. «Әттеген-айлар» болмады демеімін. Болды. Ең бастысы үнді ағайындармен жақсы қарым-қатышта бола тұрып, орыстанып кеткен комбинаттың басқару жүйесіне бір қазақ азаматын кіргізе алмады. Қаладағы ана тіліміздің жағдайы да барлық жердегідей мәз емес. Әрине, екі жылдан сәл көбірек істеген адамға барлығын тиянақты етпеді деп кінә артуға болмас. Қордаланып қалған экономикалық мәселелерді шешуге күш салды, оның нәтижесі де көзге ұрынып тұр. Қалаға келген әрбір әкім осындай іс тындырса Теміртау жұртшылығының бағының жанғаны.

Ел сыйлаған әкім деген жақсы ат әрине, елін сыйлаған әкім деген атқа не жетсін.

2004 жыл

# РУХ

(2 шілде 2001 жыл)

Қазақ деген халықтың бітім - болмысын, қадір - қасиетін, абырой - атағын анықтап, айшықтап тұратын ұғымдардың бәрі де қысқа да нұсқа. Діл, дін, тіл, ар-ұят, намыс, ұлыс, ру, ел - жұрт. Осы киелі, тылсым дүниелер шоғырланып, тоғысып, жымдасып бір бүтінге айналғанда РУХ деген күдірет жаратылады. Яғни ойға, ақыл, бойға қуат бітеді. Айтылуы да, жазылуы да тез, тосын ырғалып, шорт кесіліп, селт еткізіп теңдесі жоқ бір шерді іштен шығарғанын аңдамай да қаласың. Тегінде бұл сөздің қашан, қай заманда пайда болып, сіңісті болғанын кім біліпті. Басы ашығы қанша ғасыр тауқыметін көріп бақса да маңдайына әжім, таңдайына дерт, үніне серт дарытқан емес. Сонан соң екіншісі бірі емес ылғи бір мұзбалақтарға тән. Сол себепті де аздың, тіпті жалғыз адамның азығы болып қалғанда да, көптің таңдайын қақтырып, өнегесін жарқыратуда бірде - бір жаңылмай келеді. Жаңылдыратын күш табылмайтын да шығар. Қаламыздан шыққан рухы күшті талай адамдардың аты шартарапқа жайылды. Қазір де құр алақан емеспіз. Солай бола тұрса да тәуелсіздік алған он жылдың ішіндегі кейінгі төрт - бес жылдың бедерінде қазақы сүйетін рухани күшті лауазым иесі қазаққа зар болғанымыз шындық. Құдайға шүкір...бар екен. Қазіргі қала әкімі Серік Ахметов, жұмысқа кіріскеннен кейін қаламызда қазақ ісі сезіле бастады. Бұдан бірер жыл бұрын ат төбеліндей ақсақалдар қазақтың намысын жыртып, сол кездегі қала әкімінің босағасын тоздырғанда жігеріміз құмға сіңген судай болып еді. Енді міне хал - ахуалды дөп басып, алдына арнайы шақыртып: «Қалада қазақша газет ашамыз» дегенде жасыратыны жоқ абыржып қалғанымыз рас. Ұзағынан сүйіндірсін. Үркердей ғана санаулы рухы күштілер бас көтерсе жан - жағы жарқыраған жұлдызға толады.

Рухы биік адам ғана ұлтын сатпайды деп тегін айтпаса керек.

# Азамат

Әссе

1968 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтын бітіргеннен кейін Қарағанды металлургия зауытындағы Совет Одағында бірінші болып іске қосылатын конвертор цехына тура он бірінші қазанда жұмысқа кірістім. Арқаның ақырған аязына өктем жел косылып бет қаратпай тұрған күн еді. Көзге түртсе көрінбейтін боранда әзер дегенде жұмыс орнымды тауып «ух» деп отыра бергенімде «актовый залға жиналындар» деген өктем дауыстың екпінімен жиналған жұрттың арасына бардым да сүңгіп кеттім. Орта бойлы москалдау келген орыс: «Теміртау жұрты үсудің алдында, өйткені жылу орталығына қатарынан бес күн соққан қарлы боран көмір жеткізуге мүмкіндік бермей тұр. Дәл қазір көмір тиелген бір көш вагондар бізге қарай келе жатыр, соларды аман-есен жеткізу үшін сіздерді сол темір жол бойына апарамыз. Әрбір вагонның донғалағының астындағы қарды тазалап тұрасындар. «мынадай өмір бойы өнбейтін жұмысты қай ақымақ ойлап тапты екен» дейтіндеріне күмәнданбаймын, бірақ басқа амал жоқ. Қазір аяқтарыңызға пима, үстеріңізге желқағар беріледі асығыңыздар, уақыт тығыз. Менің аты-жөнім Грановский Владимир Федорович, цехтың бас технологымын және де партия ұйымының хатшысымын. Кейін осы пәтшағарды партия жарнасын ұрлағаны үшін жұмыстан да, партиядан да қуды. Автобуспен қанша жүргеніміз белгісіз. Әйтеуір тоқтадық. Басқарушымыз шығып кетіп біраздан соң қайта кірді де:

-Т-а-а-а-к, осындағыларымыздың барлығымыз жылы жақтан, Украинадан келгенбіз бізде мынадай боран жоқ, сондықтан... қолындағы қағазына үңіліп:

Смағұлов кайдасың?.. қай уақытта да «шаш ал десе бас алған» заман ғой, көп адамның керегі де жоқ екен, біз осы жерде боламыз адасып кетпе...

Екіленіп соққан желдің ысқырығынан басқа ештеңе естілмейді, рельстің үстіндегі қарды күреймін. Күректі көтеріп алып үлгермей орны қайтадан қармен жабылып жатады. Бірден ұққаным рельстен айырылып қалсам мынадай боранда басқа жаққа ығып кетуім де ықтимал. Сол себепті қар күреуді тоқтатып, қарды күрекпен сұққылап өзді-өзімді әуреге салудан басқа амал қалмады. Сөйтіп тұрғанда арт жағымнан біреудің қолы иығма тигендей болып, келесі сәтте тегеуірінді күш құшағына алып ық жақтағы оң құлағымның тұсынан: «менің аты-жөнім Коркин Александр Гаврилович «Қазметаллургқұрылыс» тресін басқарамын, сенің атың кім?», - деді.

-Тлеуберді.

Әп-сәтте атымды өз тіліне икемдеп ала қойды да «Тимурберлы, арт жағыннан бір состав поезд келе жатыр, телловоз ақыруын ақырып-ақ келеді бірақ боранның ысқырығын женер емес, абайла, деп мені құшақтаған күйі кері айналдырып, түсіндің бе?»- деді.

Енді ғана байқадым қолында таяғы бар еңселі ұзын бойлы, жұқалаң келген адам екен. Осындай үлкен бастықтардың боранды күні мынадай жерде жүруі өз басымды қатты таңқалдырды. Кейін бұл аңызға айналып, елдің бәрі ауыздарының су құрығанша айтып жүрді. Сөйтсек боранның бесінші күні А.Г.Коркин қол астындағы инженер-техникалық қызметкерлердің жүз шақтысын тандап алып таңғы сағат үштерде іске кірісіп бір көш (62 вагон) вагондарды жылу станциясына жеткізген ғой. Сол уақытта қала халқы: А.Г.Коркин сол күні қалалық партия комитетінің бірінші хатшысына таңғы сағат 10-00 да телефон соғып, «ұйқыңызды бұзғаныма кешірім сұраймын, жылу орталығына көмір жеткізілді» депті, - деген анекдотты шығарып үлгерген еді.

1971 жылдың жазында мен комсомол қызметіне ауысқан кезде ВЛКСМ орталық комитетінің хатшысы Федулова Алевтина келе қалсын. Ол кезде партия комсомол ұйымдарына әкелік камқорлық көрсетіп осындай лауазымды қызметтегі адамдар келгенде қала басшылары оларды қолпаштап көтеріп алатын. Осы әдетпен қала басшылары бастаған топ қонағымызды ертіп А.Г. Коркиннің қабылдауында болдық. Мақсат белгілі, сырт көзге комсомол ұйымының жұмысын үлкен өндіріс басқарушыларының аузынан естіртіп, олардың абыройын асқақтату.

Бүгінгі күннің мінберінен ой жіберіп саралап отырсам комсомол ұйымын ойлап тапқандардың ісіне қарадан-қарап разы боласың. Комсомол-партияның резерві, көмекшісі деген анықтамалар шын мәнінде аттарына сай еді. Комсомолдың тәрбиесінен өткендердің ел басқару ісіне сенімді түрде жолдама алып, лауазымы үлкен партия, совет органдарында басқарғандары да жеткілікті еді. Ең бастысы осы ұйым жастардың жарқын істеріне ұйытқы болып өзінің жарғысы арқылы жастарды тек қана жақсылыққа баулушы еді.

Ойым жалаң болмау үшін өз басымнан өткергенімді айтайын. 1960 жылы Қарағанды металлургия зауытына комсомолдық жолдамамен келіп жұмысқа орналасқаннан кейін комсомол ұйымына есепке тұрғанда олар маған біраз ақыл-кеңес берді.

Солардың бірі зауыт басқармасы жыл сайын мұғалімдерді жалдап орта білімі бар жастарды наурыздан бастап үш ай жеделдету курсына тегін оқытады. Мақсат: оларға жоғары оқу орнына ойдағыдай емтихан тапсырту үшін. Болашақта бұл зауытта тек қана

жоғарғы білімді инженерлер жұмыс істейтін болады, сені де жазып қоямыз, ұмытып кетпе, бұл комсомол ұйымының бақылауында болады. - деді. Көп нәрсеге мән бере бермейтін алаңғасар жас кезіміз ғой. айтқанындай ұмытып-ақ кетіппін. Келесі жылдың сәуір айының аяқталып қалған кезі болар, түскі тамаққа келе жатып асхана есігіндегі хабарламаға көзім түсіп шошып кеттім. Хабарламаның аяқ жағында «Смағұловтың жеке басының ісі» деп баттыйтып тұрып жазып қойыпты. «Жаным-ау, мен нендей қылмыс жасаппын, жұмыс нәтижесі жаман емес», мақтау алғаныма көп бола қойған жоқ , салым суға кетіп, ұрланып кіріп жиналыста отырмын таныстарымның барлығы маған иектерін қағып «не болды» дегенді меңзейді. Кезек келіп менің жеке басымның ісі жөнінде бастығым Шляхин Н.П. сөйлегенде кірерге жер таппадым. Жап-жақсы-ақ азамат деп бастады ол сөзін ,бірақ оқуға құлқысы жоқ.

-Тимуберлы, айтшы, сен жоғарғы білім алып осы зауытқа болашақта директор болсаң кімге жақсы? Ең бірінші саған, ел-жұрт ең бірінші сені айтады сонда деймін-ау сенің оқығаның маған керек пе?...

«Жерден алып, жерге салды». Өлімнен ұят күшті екенін сол жолы түсіндім-ау, сірә. Кейінгі екі жыл қатарынан жеделдету курсынан қалмай, білімімді толықтырып зауыттан жолдама алып, Алматыдағы политехникалық институтқа түсіп кеттім. «Жас Отан» қанатының комсомол ұйымдарымен салыстырғанда қай деңгейде екенін айта алмаймын, дей тұрсақ та «Жас алаш» деген ат сұранып тұр-ау сірә.

Иә сонымен А.Г. Коркин атшаптырым кабинетінде қабылдап «Казметаллургқұобылыс» басқармасының атқаратын жұмыстарының ауқымды екенін, биылғы жылы Қарағанды металлургия зауытының құрылысында 1,5 -2 миллиард сом құрылысмонтаждау жұмыстарын игеру керек екенін, ал осы міндет комсомол ұйымдарының ерен ұйымдастыру қабілетінсіз іске аспайтыны белгілі», деп басқа да Құлаққа жағымды тосын түйіндерді аға тартты. Әдетте Мәскеу жақтан келетін жастар ұйымының өкілдері мұндайда құйтырқы сұрақ қоюға құмар болатын, осы жолы ешкім суырылып шыға қоймады, Коркиннің мысы басты білем. Кезек түскі тамаққа келіп тост айтылып, алқалы топтың пікір алмасуына ұласты. Сөз кезегі маған келгенде Коркин екі-үш рет көз тастап қасындағы партия комитетінің бірінші хатшысына (Давыцов Н.Г.) мені иегімен нұсқап бірдеме деп жатты. Қабылдау аяқталып қоштасарда ұсынған қолымды алып тұрып: «Не забыл тот буранный день», - деп арқамнан қақты. Адамның қабілеті түпсіз терең, дархан дария ғой. кейде осы қасиеттерді адами тұрғыдан емес пендешілікпен сан-жаққа жүгіртіп осы бір қарапайым дүниені

таразыға салып, ақ-қарасын айырып алмай, қара дүрсін сүренге салатынымызды қайтерсін!? Албырт жаста адам қагілез. қас-қағым сәтте эйфорияға ұрынып, асып-сасып, көргенінді қадари қалыңа қарап әспеттемеймісін. А.Г.Коркин туралы ойымды пендешіл өз ортама жеткізгендегі көңілімнің су сепкендей басылуынан көпке дейін арыла алмай жүрдім. Сол уақытта көптің көкейінде әсіресе, лауазымы жоғары шаруашылықты басқарып отырғандардың барлығы да қоғам байлығын «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстап. игілігін тек өздері ғана көріп отыр деген ұғым қалыптасқан еді. Және де осы тұжырым негізсіз де емес еді. Өйткені шаруашылықты басқарып отырғандардың ел экономикасын арттыруда жауапкершілігі де орасан, сонымен қатар қыруар материалдық байлыққа да ие болатын. Үкімет қалтасын өз қалтасымен шатастырып алғандардың сазайын тартқаны жөнінде ақпарат құралдарында жарияланып жататын. Ал менің көргенім ет пен сүйектен жаратылған жұмыр басты пенденің тірлігі, ешқандай жасандылық жоқ, деген сенім санама сіңіп кеткендігі соншама осы күнге дейін еш уақытта ешқандай күмән пайда болған емес. Басқалардан шоқтығы биік атжақты жас салдаушадай жұп-жұмыр, көрсе көз тоятын аққұба адам. Басқалардан ерекшелеу, көрнекті тұлға болып көрінді. Аттай 11 жыл (1961 - 1972ж.) «Қазметаллургқұрылыс» тресін басқарып Қарағанды металлургия комбинатының технологиялық тізбегіндегі негізгі буындардың құрылысын жүргізіп іске қосып кетіп еді. Теміртау қаласындағы игілікті істері жетіп артылады. 1980 жылы қаланы қақ жарып өтетін Нұра өзенінің үстінен өткел салынып іске қосылуы «Советтер одағындағы ең ұзын өткел» деген әзілді бірге алып келіп еді. Мұның сыры А.Г.Коркин осы өткелдің қажеттілігін дәлелдеп 1956 жылы «Қазметаллургқұрылыс» тресінің партия ұйымының хатшысы қызметінде жүргенде жоғарғы жаққа хат жолдауында екен. 30 жыл араға салып жеткен жақсылықтың ұзын-ырғасы әзілге айналып қала жұртының есінде қалды. 1974 жылы іске қосылған, бүгінде «Мұз айдыны» деп аталатын үлкен спорт ғимаратын салдырған да осы азамат екенін айту керек. Карметкомбинаттың сол кездегі директоры П.П.Мишинді үгіттеп екеуі 600 млн. сомнан ақша бөліп Теміртау жұртына жасаған жақсылығын Қарағанды облыстық партия комитеті (Акулинцев В.К) «бөлінген қаражатты басқа мақсатқа жұмсағаны үшін» дегенді желеу етіп партиялық есеп кітапшасына жазылған қатаң сөгіс жариялап бағалаған еді. Ол кезде мұндай сөгіс өте қатерлі болатын. Реті келгенде айта кетейін, Қарағанды әуежайының ұшып-қону алаңын қайта жанартуды, «Победа» совхозындағы құс бордақылау фабрикасын да үкіметтің ақшасынсыз салдырған Коркин

болатын. Осыларды білетінім, металлургтер қауымының да осы аталған объектілерді салуға қатынасқандығына өз басым куә болғандықтан. Тағы бір айтатын нәрсе, сол кездегі өндіріс басқарған адамның психологиясы партия совет органдарын басқарғандармен салыстырғанда мүдде басқаша екенін атап өту. Материалдық саланың басты мақсаты қол астындағы адамдарды жоспар орындауға жұмылдыру. Бұл екіншісінің бірінің қолынан келе бермейтін шаруа. Сол екіншісі біріне «қай қоғам болмасын зәру» болғаны белгілі. Советтер уақытында осы зәрулік қолдан жасалатын, не көп бақылау көп, партиялық бақылау, халықтық бақылау, қоғамдық бақылау. Шаруашылықта басқарушы мамандарды тандаудағы ең басты қағида - жұмыстың өнімділігі болса, партия органдары тырнақ астынан кір іздеп, жеті атаннан бастап, түрткілеп, сұрақты шешудің тетігін облыс, республика, Мәскеуге дейін ұзатып салатын. Сенің қолындағы билікке басқа біреу араласып, ақтемдік жасағанды кім ұнатады?! Осы себептен де шаруашылықты басқарып отырғандар партияның кадрларды іріктеу саясатына оппозициялық көзқараста болатын. Ал енді әлеуметтік құрылымдардың тізгіні түгелдей А.Г.Коркин сияқты бір адамның қолына тигенде шаруашылық та дөңгеленіп жүре беретін. Осыдан да 1979 жылдың тамызында Қарағанды аймағын басқаруға келген А.Г.Коркин кейінірек белгілі болғандай, арқа өңірінің бағын ашты. Ең бірінші кадр мәселесіне келгенде ел күтпеген тосын шешімдерге барды.

Сол уақыттағы Егіндібұлақ аупарткомының екінші хатшысы болып қызмет атқарған А.Н.Беляев айтады:

А.Г. Коркин облысты басқаруға келгеннен кейін шамамен жарты ай өткен соң кезекті алқалы жиынға келгенімде өзім сұранып, ол кісінің қабылдауында болдым. «Сөздің емес, істің адамы» дегенді көп естігем, сол себептен сөздің тұрасына көшіп: «осы ауданда орыстардың некен-саяқ екенін, екінші хатшы деген дардай атыма Қарамай «жұмыссыз» отырғанымды ашық айттым. Ешкім орысша сөйлемейді, бірақ аппараттағылардың шетінен орыс тіліне жетік екендігін. сол себепті мен осы жерде артықпын және де бірінші, екінші, үшінші хатшылар да өз азаматтары болуы керек» деп бір-ақ тоқтадым. Айтуын айтсам да жүрексініп отырмын, неге десеніз облысты бұрын басқарған В.К.Акулинцевке де осы ойымды айтқанда: «Бұл үлкен саяси қателік болады», - деп сөзді бір-ақ кескен еді. Күтпеген жерден Коркиннің: «Келесі жетіде сізге өзім хабарласам» демесі бар ма. Тіл ортасы жоқ, алыс шалғайда жүрген орыс өкілі жалғыз сенбісін, «буынсыз жерге пышақты неге саласың», көп болса тағы бір-екі жылға шыдарсың енді», - деп өзімді-өзім жұбатып



келемін жол бойы. «Өзім хабарласам» дегені әрине артықтау болды, «болмайды» деп кесіп айтпай ма екен,... білеміз ғой көңіл жықпай шығарып салудың әдісін деп қарадан-қарап шала бүліндім. Салым суға кетіп Егіндібұлаққа жетіп, әдеттегідей күнделікті күйбенге араласып, барлығынан күдер үзіп, сабама түскеніме де бір жетідей болып қалған. Ауыл шаруашылығында әсіресе күз мезгілі қауырт шак қой, «Комсомол» совхозында егін алқабында жүргем, бір уақытта «сізді Коркин іздеп жатыр» деп рация зарлап қоя берсін. Ойпыр-ай «өзім хабарласам» дегені рас болды-ау, шын мәнінде істің адамы екен ғой... Құстай ұшып сол күні Қарағандыға жеттім, кешкі сағат 8-де мені қабылдап, ол кісі: «облыстық ауыл шаруашылық бөліміне бас маман болып баратын болсаң ертеңнен бастап жұмысқа кірісесін, пәтер мәселесіне келістім, шешіледі», деп қысқа қайырды. Осыдан кейін облыстағы қазақ аудандарға екінші хатшы ғып орыс азаматтарын жіберу тоқтатылды. Ешкім ештенені ешқайда бөліп әкеткен жоқ. Қазақстандағы Совет үкіметі де құлаған жоқ. Анда-санда ойға шомамын, Коркиннің жасаған осы батыл қадамы Совет үкіметінде бұрын-сонды болды ма екен деп. А.Н.Беляевтің бұл сұрағына жауабым жоқ, ал 1980 жылдың күзінде бүкіл СССР кара металлургия саласында тұңғыш рет Қарағанды металлургия комбинатының директоры болып ұтты қазақ азамат - Акбиев Махмудтың бекітілгені бұрын-сонды болмағаны рас еді. Меткомбинатты басқаруға лайық қазақ азаматтарының бұрын-сонды болмағандығынан емес, СССР экономикасына қомақты үлес қосатын алып өндірісті орыстан басқа ұлт өкілдеріне басқартпайтын жазылған заң болмағанымен, бұлжытпай орындалатын саясаттың күдіреті қалың мұздай сіресіп тұрған уақыт еді. Сол мұздың көбегесін сөккен АТ.Коркиннің батырлығына осы уақытқа дейін қайран қалып, одан бетер сүйсінумен келемін.

Басында біраз өзгерістермен басталған 1979 жыл аяғында менің басыма аздап бұлт үйіріліп еді. Теміртауда екі қалалық аудан ашылатын болып кадр мәселелері шешіліп жатқан қызу кез болатын. Солардың ішіне мен де ілігіп Гагарин ауданының (ескі қала) атқару комитетін басқарасың деп қолқа салсын. бірден бас тартып, «Жіберсеніздер Металлургия ауданына (жаңа қала) жіберіңіздер, онда маған бәрі таныс, ең бастысы металлургия комбинатын жақсы білемін, түбінде шыққан ұяма оралуыма да жеңіл болады» деп отырып алдым. Ол кезде мен қалалық партия комитетінде өнеркәсіп пен жол қатынасы салаларын басқаратын едім. Бастықтардың көздері шатынап: «Сен партияның «айдауына жүріп, айтқанына көнбейтін кімсің» мұндай ұсыныс бір-ақ рет болады, бас тартқандарға партия сенімінің есігі

жабық, сен өз болашағына өзін қиянат жасап отырсың» деп қокан-лоқы көрсетті. Айтқанымнан қайтпадым. Сол-ақ екен құдды бір қылмыс жасаған адамдай мені көрсе теріс айналатындар табылды. Сасатын ештеңе жоқ, «екі қолға бір күрек» деп комбинаттың кадр бөлімімен сөйлесіп қойдым, тек онтайлы сәтті күту керек. Құдай айдап дәл осы уақытта облысты басқаруға Коркин келе қалсын. Барлығы түбегейлі өзгеріп, ақырында көктен іздегенім жерден табылып, Қарағанды металлургия комбинатының партия комитетінен бір-ақ шықтым. Тілеуінді берсін, Александр Гаврилович!, деп іштей айқай салдым. Бүгінде лауазымы биік ел экономикасының тұтқасын аймақтарда ұстап отырғандардың қатарында қол астындағылардың апшысын қуырып, негізсіз, ойланбай шешім қабылдап, көптің берекесін алатындардың бой көрсетіп қалатыны жасырын емес. Осындайда көбінесе менің ойыма А.Г.Коркин сақ ете қалады. Әлі есімде 1985 жылдың наурызының 4 жұлдызы болар. Комбинаттың технологиялық станциясы - ТЭЦ-ПВС кенеттен тоқтап қалсын. Ілешала бүкіл комбинат тоқтады. Агломерат, кокс, шойындар деңгейін айтпағанда болаттың жылдық жоспары 6 млн. тонна да, ал тілкемдікі 4 млн. тонна болатын, яғни күніне 2-2,5 млн. сомның өнімі. Мұндайда әр жерден келген ақылгөйлердің қаптап кететін әдеті. Сол кездегі бүкіл Совет одағын билеп тұрған орталық - Москвадан 4-5 адам келді, Алматы, Қарағандыны айтпаса да белгілі. Көрінбеген жалғыз А.Г.Коркин болды. 5 күннен кейін барлығы іске қосылып. комбинат технологиясы ырғақты жұмыс істей бастады. Аптаның кезекті жұмасында әдеттегідей 300-ден астам адам қатысатын очный рапортқа (апталық бас қосуға) А.Г. Коркин келді. Жиынның өткізу тәртібін бұзбай, аяқталар алдында сөз алды. «Жұмыстың арпалысқан қауырт шағында кедергі болмайын» деп келмедім. Жұмыс барысын сырттай біліп отырдым. Ал бүгінгі келгендегі мақсатым - бес күн тоқтап қалған уақыттағы жиналған мемлекеттік қарызды тез арада қайтару үшін менен қандай көмек керек? Сіздерге көмек бере алатын облыстық басшылардың барлығын алып келдім, осында отыр. Комбинат директоры Ақбиев жолдастың Соколов Сарыбай кен байыту комбинатынан 50 мың тонна окатыш бөлу жөніндегі сұрағы бойынша Москвамен сөйлесіп жатырмын, шешіліп қалар деген үміттемін», - деп сөзін аяқтады. Кентөбе кен орнынан Талды станциясына кен таситын 50 машина бөлінуі де осы арада шешілді. Осындай іскерліктің нәтижесінде мемлекеттік қарыз наурыздың аяғында өтеліп еді. Әрине, бұл бүгінгі басқару жүйесі мен экономикалық проблемаларды шешудегі тәсілдерге үлгі болмас та, бірақ та халық мүддесіне, өз істеріне адалдық тұрғысынан келсек қолда тұрған билікті пәрменді

қолдану қабілеті құттарлық. Қазір өз қолымыз өзімізге жетіп, ешкімге жалтақтамай тізгін қолға тигенде дәл осындай адалдық лауазымдық қызметтерде отырған кейбір өз қандастарымызға дарымауы өкінішті. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық өршіп тұрғанда.

Ұшы-қиырсыз арқа төсінде осы азаматтың жарқын істерінің ізі сайрап жатыр, сол себепті де солардың барлығын жіпке тізіп шұбата бергенді жөн көрмедім. Өзі де дақпырттықты жаратпайтын. Ел аралап жолға шыққанда сонынан шұбатылып өз машиналарымен еріп жүретіндерді «аттарынан» түсіріп, бір-ақ автобуска мінгізіп алуы «өзінде бармен көзге ұратындарды» құрықтап, қарапайым халықпен осылардың арасын алшақтатпау амалы екені сөзсіз. Қазір ғой бәрі керісінше болып отырғаны.

Қалай болғанда да А.Г.Коркин туралы әңгіме Теміртаудағы 1959 жылғы құрылысшы жастар көтерілісін айналып өте алмас еді. Дәл сол уақытта А.Г.Коркин Теміртау қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланғаны белгілі. Қазақстан егемендік алғаннан кейін 1990 жылдардың екінші жартысынан бастап көптеген тарихи ақтандақтардың беті ашылып, ел жұртқа белгілі бола бастады. Солардың қатарына Теміртаудағы жастар ереуілі де қосылып, оның себеп-салдары жөнінде әртүрлі тұжырымдар айтылғанымен, шындықтың беті ашылмады. Өйткені зерттеушілердің негізгі мақсаты көтерілістің саяси астарын табу болатын, ол табылмады. Осы оқиға жөнінде менің таным-түсінігім басқаша, өйткені мен сол 1959 жылдың 29 тамызында басталған ереуілдің алғашқы күнінің куәсімін. Ертеңінде, яғни 1959 жылғы 30 тамызда жазғы демалыс аяқталып окитын жерім - сол кездегі Семей облысы Шар ауданына жүріп кеткем. Қай нәрсенің болмасын бас-аяғына дейін қатыспаған соң белгілі ғой, тартына бересің. Осы күні келтіріліп жүрген деректер, мысалы, «тәртіпсіздікті жою кезіндегі оперативтік іздестіру шаралары мен тергеу нәтижесінде 174 адам ұсталды, келеңсіз оқиғаны ұйымдастырғандары үшін 17 адамды КГБ тұтқынға алып, ал милиция әртүрлі айыптармен тағы да 19 адамды ұстапты» дегендеріне дауым жоқ. Ал «оқ атылды» дегендеріне күмәнім бар. Менің көзім көрген 29.08.1959 ж. дүкенді тонау кезінде ешқандай оқ атылған жоқ. Ал түсінігім басқашаға келсек, ереуілдің саяси астарының жоқтығы. Бүгінгі Бейбітшілік пен Республика даңғылдарының арасында шамамен 2-3 шаршы км. жер алқабы ол кезде палаткаларға толы. «Палаточный городок» деген атқа ие болып, тек қана Советтер одағының басқа республикаларынан (Ресей, Украина, Белоруссия) келген құрылысшы жастар тұратын. Олардың арқа төсінде қоңырқай жаз, ақырған аязында сол күрекелерде өмір сүруін бүгінде көзге

елестету қиын. бірақ ақиқаты осылай еді. Ақшанқан палаткалардан тұратын қалашыққа іргесіндегі төбенің етегіне бірнеше цистерна орнатып, оны сумен толтырып отырды. Алайда, жазда осы цистернадағы су күннің қызуынан жылымшы болып, тұтынуға жарамсыз жағдайға жететін. Жазғы каникулға Теміртауда тұратын апа-жезделерімнің үйіне демалуға келгенде осы палаткаларды қызық көріп аралап жүріп, жаңағы цистерналардағы сумен ауыз шаямын деп ұрттап жіберіп, іле-шала жиіркеніп түкіріп тастағаным әлі есімде. Осыған шыдаған жастарға кінә қою қиын болар. Жарты ғасырдан астам уақыттағы уақиғаны еске түсіріп отырғанда көп нәрсе ұмытылған болар да, бірақ сол күндердің куәсі болған бүгінде көзі тірілердің көбі жастар ереуілінің нақты көрінісі сол бірінші күні, яғни 29.08.1959 ж. болғанын растайды. Әрине ереуілдің бүге-шігесі менің тұжырымдарыммен тәмәданады деуден аулақпын. Бір нәрсе мені ойлантады. Ол - сол кездері құрылыс басқармасында, қалалық партия, комсомол, кәсіподақ комитеттерінде жауапты қызметтер атқарған адамдардың бүгінде көзі тірі. Бірақ олар жұмған аузын ашпайды. Неге? Бүгінгі заманда кімнен, неден қорқады? Әлде басқа гәп бар ма? Осыларға жауап іздей отырып бүгінгі ресми деректерде көрсетілген фактілер жалған болар деген де, - ой келеді. Сол кездегі саясаттың әмірі бойынша Совет одағында кемшіліктер болуы мүмкін емес еді ғой. Сонымен қойшы, осы ереуілдің бүге-шігесін толық білсе тек қана Коркин Александр Гаврилович біледі және де ашық айтуға қорықпайды деп шешіп, нартәуекел деп 2005 жылдың қазан айында Москваға үйіне телефон шалдым.

- Баяғыдай адамды дауысынан тану қабілетім жойылды. Атыңды айтқанда есіме түстің. Менің телефонымды кім берді, сен Астанада жұмыс істейтін боларсың, онда теміртаулықтар бар шығар қатынасатын шығарсындар, - деп сұрақтарды қардай боратты. Қойған сұрақтарына толықтай жауап алғаннан кейін:

- Сенің хабарласып тұрғаның мені таңқалдырғанын несіне жасырайын. не сұрамақсың сұра, - деді.

- Александр Гаврилович, 1959 жылғы құрылысшы жастар көтерілісі жөнінде алып—қашпа, өсек-аяң көбейіп кетті...

- Түсіндім, ар жағын айтпай-ақ қой. Дәл бүгін менің айтқаным ел сене қояр ма екен? Айтарым сол 1959 жылдың күзінде қай ай екені есімде жоқ, Қазақстан Орталық партия комитетінің осы мәселеге арналған Пленумында аса көрнекті, өте толық, белгілі жазушы сөйлеген. Сол сөздің мәтінін қолына түсірсен барлығының беті ашылады. Хабарласқыңызға рахмет, теміртаулықтарға сәлем де, деп байланысты шорт үзді.

Көнілімнің су сепкендей басылып қалғанын несіне жасырайын. Біраздан кейін сабама түсіп, суыртпақтап саралай бастадым. Суреттеріне қарасам сол уақыттағы атакты жазушылардың толықтау болғаны Мұхаң (Әуезов) мен Сәбең (Мұқанов) екен... Екі Фабендерді (Мұстафин, Мүсірепов) комақтылар қатарына қоса алмадым. Мұхаң коммунистік партияның мүшесі болған емес (естуім солай) яғни ол кісінің Пленумға қатысуы екіталай, басқалардың реті кисынсыз. Осы себепті сөз сөйлеген Сәбең деген шешімге келдім.

Бірақ Сәбеңнің сөзін тауып алу қолымнан келмейтін болғандықтан несіне тырышпанам, Алматыда тұрсам бір жөн, деп жылы жауып қойғанмын. Содан үстіміздегі 2012 жылдың наурызының үшінші жұлдызындағы «Қазақ әдебиеті» № 10 (3277) газетінде атакты ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің С.Мұқанов творчествосына арналған «Шамырқанған шындық» атты көлемді мақаласын оқып отырып, «Қазақстан Орталық комитетінің Теміртау оқиғасына арналған ХҮІ Пленумы 1959 ж. 23 қазанда өтті», - деген сөйлем көзіме оттай басылды. Әрине, Тұрсекең (Кәкішев) аталған пленумдағы саяси ахуалды Сәбеңнің азаматтық позициясы тұрғысынан талдаған, сонымен қатар Теміртау ереуіліне қатысты да анық ақпарат берген.

Енді осы мақаладан үзінді келтірейін:

*«... Теміртау жұмысшылары Кеңес заманында ереуілге шығып, қарудың күшімен басылған-ды... Көтеріліс атаулы жайсыздықтан, күзелістен басталады ғой... Сәбең Теміртау жұмысшыларының аштық-жалаңаштыққа қарсы ереуілінің себебін түсіне келіп, қалың қазақ малшыларының жәй-күйімен салыстырады. Малшылардың хал-жағдайлары олардан төмен екенін көзі көріп жүрген Сәбең осы Пленумда сөйлеуге бел байлаған «С большевистской прямой заявляю это» деп қамшыны басып-басып жіберіпті... В нашей стране труженики так плохо не живут, как в отгонных отарах. Там просто адские условия...»*

А.Г. Коркин 1979-1986 жылдары Қарағанды облысын басқарған уақыттарда Егіндібұлақ өңірімен танысу барысында Социалистік Еңбек Ері Біләловтың үйін, қора-қопсысын, ауласын кеңейтіп, судай жанартып бергені 1959 жылғы аталған Пленумдағы Сәбең сөзінен сақталған «сарқыт» екеніне еш күмәнім жоқ. Сонымен Теміртау ереуілінің негізгі себебі аштық пен жалаңаштық екен, сонда Коркин қалай аман қалған? Осы сұраққа жауап берер алдында Александр Гавриловичтің сол жылдардағы еңбек жолына үнілсек, 1959 жылдың маусымынан тамызға дейін ғана, яғни екі-ақ ай қаланы басқарған да, бұрынғы қызметі «Қазметаллургұрылыс» тресінің партия комитетінің хатшысы болып қайта оралғанын көреміз. (Теміртау қаласы мен Қазақстан Магниткасының жылнамасы. Қарағанды 2010 ж. 107-108 беттер) Алдын-ала айтар болсақ А.Г.

Коркинді аман алып қалған сол кездегі басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер. Осы тұжырымымызға дәлел болар бір мысал келтірейін. «Советтік Қарағанды» газетінің - бүгінгі «Орталық Қазақстан» -1957 жылғы 16 сәуірдегі санында жарияланған сол кездегі Теміртау қалалық Советі атқару комитетінің төрағасы Ғали Мүсәлімовтың көлемді мақаласында «Ведомстволықтың, көпсатылық тосқауылдардың қолайсыздығынан біздің қаламыздың төрт кәсіпорыны одақтық үш министрлікке, ал екі құрылыс басқармалары екі министрлікке бағынады, Қазақ металлургия зауыты СССР Қара металлургия министрлігіне бағынатын болғандықтан, мұнда өндірісті, өнім орналастыруды жоспарлағанда қаладағы кәсіпорындардың қажетті еске алынбайды, сол тәрізді облыс пен республикамыздың да қажетті жері еске алынбайды. («Тұғыры биік Теміртау» авторлары Е. Лұқпан, Аманжол Ақын, Смағұлдың Тлеубердісі, Қарағанды 2005 ж., 45-бет) дегенін айтсақ та жеткілікті болар еді. Осы әкімшілік жүйе Совет Одағының ақтық демі біткенше сақталып келіп, ақырында сол жүйенің көрінің қазылуына бірден-бір себепші болғанын айту керек. Екіншіден, Коркинді сақтап қалған өзінің іскерлігі, жанкештілік жұмысы, жұмысшылар, партия мүшелерінің арасындағы орасан зор абыройлылығы. Бүгінде көзі тірі 75 жасқа келген Гончарук Анатолий Сергеевич есіне алады. 1956 жылдың маусымында Украинаның Черкасск облысынан комсомолдық жолдамамен Самарқаға келіп түстік, (бүгінгі кірпіш зауытының маңайы) бұл жер бұрынғы саяси сотталғандардың тұрған жері екен. Барактардың ішкі қабырғасын ақтап, біздерді де сонда қойдай тоғытты. Бір жеті болды ешкімнен хабар-ошар жоқ, тым-тырыс. Содан барлығы жиналып ортамыздан мені сайлап бастықтарға жіберді. Кімнен сұрасам да «Коркинге бар» дейді. «Ол кісі кім?» деймін. Партком хатшысы. Жұпынылау кабинетіне кіріп барсам адамдар толып отыр. Солармен жұмысын бітірген соң «жақын отыр деген ишарат жасап, қолымен өзіне жақын орындықты нұсқады. «Апыл-ғұпыл... свет жоқ, су жоқ жақын арада магазин де жоқ, ешкім жұмысқа шақырып жатқан жоқ, азын-аулақ ақшамыз бітті...» барлығын жайып салдым. Аты-жөнімді, қайдан келгенімді сұрап алды да, телефон арқылы бір адамға келіп кетуін өтінді. Несін айтайын, екі күннің ішінде жұмысқа да орналастық, мамандық алатын жеделдетілген курстарға жазылып, ең бастысы «подъемный» алып дастархан жайып:

- Құдай тілегінді бергір Коркин деген азаматтың денсаулығы үшін көтерейікші, - деп сөзімді аяқтай бергенімде Коркиннің өзі кіріп келсін. Сасып қалсам да есімді тез жиып, «мен осы кісі туралы тост көтеріп жатырмын» дегенде жиналып отырғандар бірден сілтідей

тынып, келесі сәтте Ур-р-аға ауысты. «Жилстройкұрылыс» басқармасының комсомол ұйымын басқарғанда да, бригадир ретінде де талай оперативкаларда, алқалы жиындарға қатыса жүріп А.Г.Коркиннің сондай қарапайымдылығына, ұстамдылығына, іскерлігіне, ең бастысы жұмысшы қауымның жағдайын жіті қадағалап отыратынына сүйсінетінбіз. Сол жылғы қыркүйектің ортасы болар, «Қазметаллургстрой» тресі партия комитетінің хатшысын сайлау кезінде сайланған делегаттар «Коркин, Коркин» деп тұрып алыпты деп естідім. Дәл солай болатынына менің де ешқандай күмәнім болған емес, өйткені А.Г.Коркиннің бүкіл болмысы қарапайым еңбек адамына деген қамқорлыққа толы еді, - деп сөзін аяқтады. Теміртауда көп жылдары комсомол, партия қызметтерінде болған, бүгінде қаланың ардагерлер кеңесін басқарып отырған Нина Тимофеевна Вахитова да «Коркінді трестің жұмысшылары сұрап қайтарып алған» деуден бір жаңылған емес.

А.Г.Коркиннің атына жақсы лебіз әкелмеген екі жағдайдың, ел қатарлы, қыр-сырына қанықпын. Біріншісі Қазақстан коммунистік партиясының орталық комитетінің екінші хатшысынан Қарағанды облысы партия комитетінің бірінші хатшысы болып ауысуының, себебі. 1979 жылы жаздағы Ақмола шеруінің алдында, бір жетідей бұрын А.Г.Коркин болашақта ашылатын неміс автономиялық облысының ортылығы болмақшы Ерейментауға келіп, басқарушы органдардың қай жерге қоныстанатынын белгілеп, өзімен бірге алып келген Қазақстан үкіметінің оншақты министрлеріне «салынатынын салындар, жөңдейтінін жөңдендер» деп бір ай уақыт берген ғой. Осыдан ел құлақтанып кетті, «Коркин құпияны сақтай алмады» деген айып тағып Қарағанды облысына ауыстырылды. Осы күні «құпияны сақтай алмаған» Коркиннің шапшандығы болмаса сол кезде неміс автономиялық облысы құрылып кетуі бек мүмкін еді-ау деген де ой келеді. «Жақсыдан шарапат» деген емес пе. Жақсы лебіз әкелмеген екінші жағдай - ол Коркиннің шешімімен 1979 жылы Қарағандыдағы екінші қазақ интернатының жабылып қалуы. «Орысша оқымаса нан тауып жей алмайды» деп балаларды қазақ мектебіне бермей, өзімізге өзіміз өгейлік жасағанымызды бетімізге басты-ау. Осындайdan нәтиже шығара алсақ қой.

1986 жылы қазан айында Қарағанды облысын алты жыл басқарған (1979-1986 ж.ж.) А.Г.Коркиннің жұмысы ауысып, СССР көмір өнеркәсібі министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалды.

Теміртау қаласының құрметті азаматы, еңбегі сіңген Еңбек ардагері, Егеменді Қазақстанның бірінші дәрежелі «Достық» (2010),

Советтер одағының Ленин, «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту», Октябрь революциясы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған А.Г.Коркин 2011 жылдың қыркүйек айында Мәскеу қаласында 84 жасында дүниеден озды.

2001 жылы «Алтын қазына» баспасынан шыққан Б.Қалдыбайдың «Сөздік» деген көлемді еңбегінде «азамат» деген сөздің «еңбекқор» деген мағынаға да ие екенін келтіріпті. Сол еңбекқор А.Г.Коркинге Теміртауда бола ма, Қарағандыда бола ма, бір көрнекті белгі қойылса нұр үстіне нұр болар еді.

2012 жыл

## Директор

*Әр ортаның үлгі етіп, өнеге тұтатын, қара тартып алда жүретін шоқ жұлдыздары болады. Олар бірен-саран, көп болса үркер санындай ғана. Бұлар қай уақытта да серкелер, топ жарғандар, айтқандары сыйымды, жарасымды кесіп айтып, іс тындырып, еселеп айтып дүйім жұртты елітетіндер. Теміртау қаласының тарихында дәл осындай шағын топтың алғашқы қарлығаштары өткен ғасырдың елуінші жылдарының бірінші жартысында бой көрсетіп еді. Солардың бел ортасында басқалармен бірге болат қорытуда біте қайнасқан, кейін (1980-87ж.) Қарағанды металлургия комбинатының директоры болып СССР қара металлургиясында атағы шыққан, өз аймағының көсемі - Ақбиев Махмуд болатын. 1968 жылы институт бітірген мені конвертор цехына жұмысқа жібергенде цех бастығы - Ақбиев Махмуд дегенде «тегін адам болмас» деген ой түйіп едім.*

Ол уақытта қалыптасқан жүйе бойынша институт бітіріп келген жас мамандар міндетті түрде қарапайым жұмысшыдан бастайтын. Бригадирім - Кузнецов Владимир отыздан жана асқанына Қарамай өте толық, аккөңіл, сөзшең жігіт екен. Бірден лапылдап сөйлеп, мені сыртымнан білетінін айтып, сөз арасында «Запорожстальдан» квартира үшін келгенін, Махмуд Ақбиевтің өзі мені тізімге қосқан екен, - деді.

- Сұрағым бар. Айтып тұрғаның қандай тізім және де Ақбиевті қайдан білесің, тағы да мені сыртымнан білемін дегеніңе танқалып тұрмын.

- Таңқалатын ештеме жоқ, Ақбиевтің орынбасары екеуміздің тікелей бастығымыз мені шақырып алып, сені сырттай таныстырған және де сенің алты ай ішінде бүкіл цехтың технологиясы мен жабдықтарын игеру кестесін жасауын тапсырған. Комсомолдық



жолдамамен келіп, үш жыл жұмыс істеп кейінгі жарты жылда бригадир болып істеген екенсін, енді кестені өзіне ыңғайлылап өзін жасап алатынына сенімім мол. Ал Махмуд Ақбиевичке келетін болсам..., сен кейінгі бес жылда оқуда болғаннан кейін біле де бермессін, әсіресе ол кісінің алты ай бойы Запорожстальда болғанын. Бірақ осындай адамды сендердің білмеулерің мүмкін емес. Қазақтардың ішінен негізгі цехты басқаратын осы кісі ғана дейді ғой.

- Ол кісіні білмейтінім рас, жас аралығымыз да алшақтау - 10 жылдан көбірек болар, сөз әлпетіне қарағанда Запорожьеде жақсы қарым-қатынаста болғаның ғой сірә?

- Жоқ, сырттай көргенім болмаса бетпе-бет келіп жүздескен адам емеспін, жұмыс бабымен ол кісімен араласқан таныстарымның айтуынан білемін.

- Тізім жөнінде айтпадың ғой.

- СССР қара металлургия министрлігінің бұйрығымен Ақбиев Запорожье меткомбинатына тәжірибе алмасуға жіберіледі. Цехта әрбір жұмыс орынын игеруге он бес күннен бір айға дейін уақыт белгіленген арнайы кесте бекітіліпті. Білетіндердің айтуынша осылардың барлығын ұсынып, іске асырып жүрген Ақбиевтің өзі екен. Өйткені бұған дейін конвертор арқылы болат балқыту тек осы зауытта ғана игерілген. Шынымды айтсам сол бекітілген кестенің толық орындалатына ешкім сене қойған жоқ. Цехтың басшысы бір ай шамасында жұмысшы болып істейді дегенде бәріміз қарқылдап күлгенбіз, ақырында біздің ойлағанымыз бекер болып, ол кісі тіпті болат қорыту процесінің негізгі мамандықтары - сталевар, дистрибуторщик машинисі болып ұзынырғасы екі жарым айдай істеп шықты. Ал енді барлық әкімшілік сатыдағы лауазымдардан өтіп кезек цехты басқаруға келгенде, цех бастығы В.Е Ливадный Запорожье меткомбинатының директорына «Ақбиев менен артық істемесе кем істемейді» деп ала алмай жүрген екі жылдық демалысына қол қойғызған ғой. Дәл осы уақытта Теміртауға келетін адамдардың тізімін жасай бастапты, әрине КСРО қара металлургия министрлігінің рұқсатымен. Бір күні ауысымдағы шеберім: «Теміртауға барып КСРО-да тұңғыш 250 тонналық конвертордың жобалық қуатын игеруге атсалысып, ең бастысы, 6-7 айда пәтер алғың келсе тізімге қосып Ақбиевке көрсетемін деді. Бірден дайын екенімді айттым. Әрине, менің әкетіп бара жатқан ештеме жоқ, азын-аулақ тәжірибем мен жастығым шешуші рөл атқарған болар, кейін тізімдегілермен сөйлесем барлығы да мен сияқты «өз бұрыштары» жоқ, әке-шешенің, әйтпесе ата-ененің қолындағылар екен. Барлығымызды қызықтырғаны 5-6 айда пәтер береміз дегені. Бұл өңіміз түгілі түсімізге кірмеген

жағдай болатын» деп сөзін аяқтады. Шынында солай болды да, келесі жылдың, яғни 1969 жылдың көктемінде Украинадан келгендерге түгел пәтер берілді, 2 бөлмесіне мен де іліктім. Махаңменен бірінші кездескенім де осы қауырт шақтарда болды. Цехтың бастығы шақырып жатыр деген соң айтқан уақытынан сәл ертерек келіп қабылдау бөлмесінде отырмын. Қобалжудамын, өйткені менің тәжірибемде цех бастығы ұрсуға бар, мақтау үшін өзіне шақыруы өте сирек құбылыс. Оған институтқа дейін осы комбинатта істеген 3 жылғы тәжірибем қуә. Сол 3 жылда цех бастығында оның өзі шақырып екі рет болдым, екеуінде де жылы сөз естіген емеспін. Бірде аглофабрикада үлкен күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, нәтижесі бойынша 50 сом сыйлық алдым. Айдың ақтық жалақысы бойынша 235 сом ақша алдым. Алуын алсам да секем алып нормиравщикке келіп, «ақшаны маған артықтау беріп жіберген жоқсындар ма» десем «қуанбаймысың» деп күлкіге айналдырды. Ақыры менің күмәнім расталып, келесі айда жалақымнан 75 сом ұсталыпты. Нормировщикке келсем: «ойбай кешір қателесіппіз» дейді. Сотқа берем дедім де шығып кеттім. Бар-жоғы айына қолға тиетін 150-160 сомның 75 сомы ұсталып отырғанда көңіл-күйдің қандай болатыны белгілі ғой. Өткен айдағы ұмытылды. Оның үстіне кінәм болса бір сәрі, айтыла салған сөз де тәйірі. Әйтпесе сотқа берейін деген ойда да жоқ. Келесі күні цех бастығы шақырып жатыр деген соң келсем бірден айқайға басты.

- Боқмұрын, сен көктен түсіп пе едің, мен саған 50 сом сыйақы жазып жүрсем, қателескен,... сотқа беретін болсаң жұмыстан қуыласың...

Мынадай коқан-лоққыға жыным келіп:

Мені жұмыстан шығару жөніндегі бұйрықты дәл қазір қолыма беріңіз, осы жерден сотқа бір-ақ тартайын, - дедім.

В-о-о-н отсюда...

Көп созып қайтейін, ақырында ай сайын 10 сомнан жеті ай бойы салық төлегенім бар. Осылар еске түскенде қобалжымағанда қайтерсің? Ақбиев мені не себепті шақырып жатыр ешкіммен ұрсысып, ешкімге ғайбат көрсеткенім жоқ, өндірістегі жағдай бір қалыпты, бүлінген ештеме жоқ әлде ұмытып отырмын ба деп қанша тырыссам да ағаттық жіберген жерімді есіме түсіре алмай отырғанда «кіріңіз» деген өктем дауыстың пәрменімен цех бастығы кабинетінің табалдырығын аттадым.

- Здравствуй...

Сәлемімді аяқтатпай «жоғары шық» деді қазақша.

Бетім ду ете қалды. Жақындай келе байқадым, сырты суық екен, тіксініп қалдым. Отырған пошымы нық, құдды бір қас шебердің

қолынан шыққан құдіреттей құйылып тұр. Түрі қара түстен қоюлау, әлде одан ашандау ма? Әйтеуір қараторыға жатқыза алмадым. Шашы біркелкі теп-тегіс қысқа құйылған, маңайдан әрі көмкеріліп ерекше бір жинақылықты, ұқыптылықты аңғартқандай, оймақ ауыз ба қалай...?

- Сен жазған өтінішінде жасы келген шешен екеуіңді көрсетіп үш бөлмелі пәтер сұрапсың. Оған цехтың кәсіподағы екеуіне бір бөлмелі де жетеді деп шешіпті. Сенің өтінішіндегі түптің түбінде үйленемін деген емеуірініңді олар қайдан танысын, - деп бір жымыып алды. Сол себепті мен «2 бөлмелі пәтер берілісін» деп түзеттім. Басың жас, 3,4 бөлмелі пәтерге де қолың жетер әлі. Сен үшін бүгінгі мақсат - конвертор арқылы болат балқытудың технологиясын, оның өте күрделі жабдықтарын жақсылап игеру болар. Комсомолдық жолдамамен келіп үш жыл жұмыс істеген екенсің, бүгін инженерсің, айтпақшы, сырттай естүімше сені ақынжанды дейді ақындардың айтқанына сеніп, отпен ойнап жүрме, одан сақтану керек. Солай екен деп қорқуға да болмайды. Не қорқу керек, не жұмыс істеу керек, екеуінің басы бір қазанға... Телефон шыр ете қалған соң трубканы алып маған басын ізеді. Айналасы 2-3 минутта үлкен өмір белесінен өткендей болдым. Орысша амандасқанды қай сайтан аузыма салды екен, ұят болды-ау. Қарапайым адамның жағдайын ойлап, оған қамқор болатын да цехтың бастығы болады екен-ау, бұлар туралы менің бұрынғы түсінігім қате болды-ау барлығы да адамына байланысты болады десеңші деп, - өзімше жаналық ашып келемін. «Не қорқу, не жұмыс істеу керектігі» сол сәтте санама сіңіп үлгермесе де мынадай адамның аузынан тегіннен тегін шықпаған болар-ау, - деймін өзіме-өзім. Осы сөздің мағынасында батылдықпен тіпті бар ғой кейде көзсіз батырлық жатқанын және де осы қасиеттер Ақбиев Махмуд атты азаматтың өмірлік ұстанымының басты құралы екенін дәл сол кезде, әрине, білгенім жоқ. Батырлықтың құралы қара күш болса, батылдықтың құралы терең білім болар-ау. Қандай да бір тығырыққа тірелген уақыттарда аспай-саспай барлығын көріп келіп отырғандай дөп басып ұтымды шешім қабылдауы талайлардың мысын басып отыратын. Осы қасиет, әрине, көктен түсе қалған жоқ, аянбай еңбек етіп үздіксіз ізденістің берген нәтижесі. Осынан иландыру үшін Маханның өндірістегі өмір сатыларын көктей шолып өтсек те жеткілікті. 1952 жылы Москваның болат және қоспалар институтын бітіріп келгеннен кейін Теміртаудағы қазақ металлургия зауытындағы мартен цехының шеберінің көмекшісі. шебер, ауысым инженері, бастығы. цех бастығының орынбасарына дейін көтерілген. 1958 -1964 жылдардың ортасында қазақ металлургия зауытының партия бюросын басқарып, одан Қарағанды металлургия зауытының партия комитетінің хатшысы,

Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланған. 1964 жылы Совет одағында бірінші болып Қарағанды металлургия комбинатында іске қосылған конвертор цехының бастығы. бас болат балқытушы, техника, өндіріс бөлімдерінің бастығы болып, 1978 жылы бас инженер, ал 1980 жылы директор болып тағайындалады. Осыларға көкірегіне табиғат сыйлаған дара дарынды қосыңыз.

1983 жылдың наурыз айының төртінші жұлдызында комбинаттың негізгі технологиялық стансасы ТЭЦ-ПВС кенеттен істен шығып қалды. Іле-шала бүкіл комбинат тоқтады. Күніне 2,5-3 млн. сомның өнімін беретін алып өндірістің дәл осылай тығырыққа тірелуін түсіндіру мүмкін емес еді. Жөндеу жұмыстары аяқталып, комбинаттың аяқ алысы түзеле бастаған кезде, өздеріне шаң жұқтырмай жергілікті жердегілердің әрбір қадамын бақылаумен ғұмырларын өткізетін Совет Одағының қара металлургия министрлігі коллегияға комбинат директорын Москваға «сілкілеуге» шақырды. Көп жылдар біздің комбинатта істеп сол уақытта аталған министрлікте бөлім басқаратын А.В. Лобастов айтады:

- Министрлікке Қарағанды металлургия комбинатынан келген, жан-жағымыз «қазактар» деп атап кеткен бес-алты адам не істерімізді білмей күйзеліп жүрміз, Махмуд Ақбиевич не айтар екен, ақталатын қандай да бір техникалық себеп табылар ма екен? - деп.

Кадр бөліміндегілерден сыр тартып көрсек мырс етіп күліп, адырайып шығарып салады. Министрдің кадр жөніндегі орынбасары Я.И.Брежнев бүкіл Совет одағын билеп отырған адамның туған інісі. Содан қойшы-ау коллегияның күні де келді. Президиумға көтеріліп келе жатқан коммунистік партия орталық комитетінің хатшысы В.И.Долгихті көріп жеті ісініп, жеті рет суынған шығармын. Ісінгенім бұл адам советтер одағының бүкіл ауыр өнеркәсібін басқарады, сол себепті де бүгінгі келуі бекер емес, мүмкін... аузым бармайды. Екіншіден осындай лауазымы үлкен адамның бұл алқалы жиналысқа қатысуы бүкіл қара металлургия саласында ақаулықтардың асқынуы деген сөз. Суынғаным бұл кісі - Норилск металлургия комбинатының бұрынғы директоры, атақты металлург, дәл осындай жағдайларды басынан талай өткізген шығар-ау, деп әлдебір түсіністіктің ауылын жақындатқым келеді.

Осы, тағы да басқа ойлар миымда шырмалып отырып, сөз Ақбиев Махмуд Ақбиевичке беріледі дегенде есімді жидым. Зал сілтідей тынып, өлі тыныштық орнады. «Бәрінін де ойындағысы, ойпырай, Ақбиев не дер екені?» белгілі. Махмуд Ақбиевичтің қолында қағазы бар, бірақ оған қарап оқып тұрған жоқ. Бет-әлпетінен ешқандай

қобалжу байқалмайды, аспай-саспай нық сөйлейтін әдетімен өте таза орыс тілінде төгілтіп тұр. Адам қабілеті осындайда сөз саптауынан білінеді ғой. Ойындағысын басқаларға күмәнсіз жеткізу үлкен таланттың белгісі. Осы жолы да шешендікке асқан батылдық қосылып жарқ ете қалды. Бірден отырғандар, әсіресе басшылар елең ете қалды. Ал осы жерде алдын-ала айтатын бір қызық бар. Қызық емес-ау трагедия Махмудтан кейін сөз алған «Оңтүстік күбір» зауытының директоры Махмудқа еліктеп, бір екпінмен мүдірмей сөйлеймін деп, сөзінен жаңылып, не айтқанын өзі де түсінбей, басқаларға да түсіндіре алмай ақырында жұмысынан босап қалды. Мен енді Махмудтай айта алмаспын, ойымда сақталып қалған кейбір тұжырымдарын өз сөзіммен қысқаша айтып көрейін.

«Қаражаттың бөлінбеуінен дер кезінде шешілмеген проблемалар осындай келеңсіздіктерге алып келетіні белгілі. Сапқан тауарларымыздың әрбір сомынан он бес тиыны ғана бізге тиетіні де сіздерге белгілі.

Министрліктің энергетика жөніндегі басқармасы сізге, Серафим Александрович, (Колпаков С.А - сол кездегі Советтер одағының кара металлургия министрі) біздің комбинаттағы энергетика саласында шешілмей жатқан проблемалардың бар екенін айтпаған тәрізді.

Осы сұрақ Қазақстан орталық комитетіне (Назарбаев) Советтер одағының үкіметі атынан өтуге мәжбүрлеп еді. Біздің ұжым болған апаттан тиісті сабақ алды. Бес күнде пайда болған мемлекеттік қарызды осы наурыз айының аяғына дейін толық қайтарамыз. Ғаламаттың ғаламаты президиумда опырған «дөкейлердің» біреуі Махмуд Ақбиевке сқрақ қоя алмады, Махмудтың асқан білімділігі олардың мысын басты білем.

Әлбетте директор деген лауазымға қызығып та, қызғанып та караушылар қай уақытта да артып жыртылған. Есілтіп өсек айтып, болмағанды болдыртып аңызға айналдырып қоғамдық пікір тудыратын да осылар. Алайда Махаң артынан ешқандайда бір бейпіл өсек сөздер ермеді. Оның жөні де бар еді. Өйткені бұл кісі әралуан пікір қоздыратын шенеуніктер ортасынан аулақ, қайнаған өндіріс ортасында болды. Тіпті қазақтың аста-төк тойларына да өте сирек бас сұққанымен көп отырмайтын. Солай бола тұра қазақтың қасиетті дәмінен ешнәрсені жоғары қойған емес. Бір-біріне дәм татқызатын ортасы да бөлек еді. Зиялыларға тән талғампаздық болар-ау шамасы. Талғампаздық болғанда да тарихи тағылым, тектілік, дәстүр сабақтастығы деген ауызекі айтыла бермейтін тұңғыық та терен ұғымдардың айналасында ой өрбітіп, ұлттық құндылықтарды

дәріптейтін ортаны қалыптастырып оны сақтап қалу мақсатындағы талғампаздық еді. Және де осы ортаның адамдары өз істерінің хас шеберлері, мамандары болатын. Осындайда еске түседі. Қаламыздағы Қарағанды металлургия комбинатының аса ірі ауруханасында нейрохирургия бөлімін ашқан қолы өте шипалы, кейде әулиелікпен шектесіп жататын жарқын істерімен атағы шыққан Әнуарбек ағамыздың үйінде үш-төрт сыйлас адамдарына жайған дастарханның басындамыз. Солардың бірі - Махан. Комбинаттың бас инженері болып тағайындалғанына көп уақыт бола қоймаған. Қазақстанды менсінбейтін, жерсінбейтін келімсектердің пайдасынан зияны көп болып комбинат тығырыққа тірелген кез еді. Сол уақыттардағы Москваның кадр саясатына таңқалмастан басқа амал жоқ еді. Галемин деген маскүнемді техникалық бөлімінің бастығы етіп тағайындап, көп болмай оны жұмыстан қуып, орнына Ю.О Раев деген денесінің оң жағы семіп (паралич) қалған жарымжан адамды тағайындауын қалай түсінуге болады? 1970 жылдардың басында Д.Н Злугольников деген не өндірісте, не өмірде көргені жоқ дәлдіріш біреуді әкеліп бас инженер етіп тағайындауын ешкім де құптамаған. Негізгі цехтың бастықтарының ауысуы тым жиілеп, комбинат директоры да орнықпай қойған Батыс Сібір зауытынан П.П. Мишин дегенді алып келіп директор етіп тағайындап, Совет Одағы Жоғарғы кеңесіне депутат етіп сайлатса да комбинаттың аяқ алысы түзелмей-ақ қойған. Ақырында барлығынан зығыр болған Москва амалсыздан жергілікті мамандарға күдікпен қараса да иек арта бастаған.

Иісі бұрқырап, жұтқыншақты қыттықтап үйме табақ ет те келген. Ұсынған басты қолына алған Махан қалыптасқан дәстүр бойынша бұл рәсімді шебер атқарып, ой керуенін атойлатқан.

Мал етін мүше-мүшелерге бөліп, олардың иелерін анықтап оны ұлт тәрбиесінің негізгі діңгектерінің бірі дәрежесіне дейін көтеру үшін қандай даналық керек болды екен? Мал етін бұзғандағы қазақтың шеберлігіне қарап отырып, әлем хирургиясы біздің дәл осы әрекетімізден бастау алғандығына күмәнданбаймын. Әнуарбек қолының шипалылығы осы айтқандарымызбен астасып жатыр. «Әнеке сен отырғанда бастың бас жағына барарда мұзға тағасыз түскен аттай тайғақтай беремін, бауырым бастың миын өзің алып беремісің» деп осы үйге күйеу болып келетін қонақ күтуге қолқабысын тигізіп жүрген Амандыққа берді. Ас үйден тарс еткен дыбыс естілгенге қарағанда басты балтаменен шапты білем. іле-шала айырылған басты ұсынып тұрып: «Маха, басыңызда ми жоқ», екен демесі бар ма. Тәлім-тәрбие жүйесінде алатын орны ерекше «ұят» деген ұғымның өмірдегі көрінісі қай уақытта да қара түнектегі бой тітіркететін найзағайдай жанынды

күйзелтіп, сананды абдыратып, тығырыққа тірейді-ау. Түйсігінді тұралатып барып дәрменсіздіктен қаның қайнап басына шығып, бетінді қызартып, еңсенді түсіреді яғни аңғалдықтың сазасын тартасын. Барлығымыздың аузымызға құм құйылып, не дерімізді білмей мелшиіп отырдық та қалдық.

- Амандық бауырым-ау, менің басымда ми болса комбинат баяғыда жұмыс істеп кетер еді ғой.

Дүр-р-р ете қалдық. Пай-пай, шіркін-ай... бәрекелді... Күдік сейіліп, шат-шадыман, шалқып асып-тасып дүркіредік-ау. Қысылып қымтырылғаннан ешқандай да белгі қалған жоқ, құдды ештеме болмағандай, қайта жерден «ат басындай алтын тапқандаймыз». Жақсыдан шарапат екен-ау. Ақбиев болып жазылады. Ақ деген түбіре би сөзінің қосылуы талай парасаттылықтардан, ізгіліктерден хабар беріп тұр. Тектілердің тұқымынан болды ғой.

М.Ақбиев комбинатқа директор болып тағайындалғанда комбинаттың басқару саласында істейтіндердің бірсыпырасы әсіресе ат төбеліндей қазақ азаматтары қобалжуда болды. Оның себебі бұрынғы директор О.И. Тищенко металлургияны бес саусағындай білетін, үлкен ұйымдастырушы, әлеуметтік салаға жіті көңіл бөліп «Восток» саябағын, «Металлург» стадионын, «Жастар» жүзу бассейнін салдырып үлкен абыройға ие болған азамат еді. Комбинаттың басқару жүйесіне нәр, Теміртау қаласына өң берген Тищенконың өнегесі Махаң директор болғанда жалғаса ма, қалай болар екен? Тищенконың көлеңкесінде қалып қоймас па екен? Осы сұрақ қала тұрғындарының, бара берді облыс, республика басшыларының көңілдеріне түйткіл әкелгені сөзсіз болар деген сенімдемін. Үш-төрт күннен кейін бүкіл комбинат шу ете қалды. Кезекті аптаның дүйсенбісінде (директордың қабылдайтын күні) Ақбиев жеке басының сұрақтарымен келген қырыққа жуық адамды қабылдап барлығының шаруасын шешіп беріпті, - деп. Қырық жеті мың адам істейтін алып өндірістің директоры мың-сан сұрақтарымен келгендердің барлығына ат мінгізіп, иығына шапан жаппағаны белгілі, ең бастысы, саясаты терең, мәдениеті жоғары, үлкен психолог екенін танытып, аталы сөзбен де адамдардың көңілін тапқаны белгілі. Реті келгенде айта кетейін, 1985 жылдың желтоқсанында Социалистік Еңбек Ері, металлургия ақсақалы Алтынбек Дәрібаев қайтыс болғанда 5000 сом бөлуі бұрын-сонды ел естімеген ерлік десе де болар. Адал еңбектегі «Бірге өсіп біте қайнаскан» деген осындай-ақ шығар. Еңбек адамына деген үлкен құрмет көрсетудің үлгісін ұсыну осындайда Махаң сынды тұлғалар арқылы бой көрсететіні табиғи құбылыс. Сол жылдары металлургтер дем алып дендерін сауықтыратын 350 адамды

бірден қабылдайтын «Самал» саяжайын, (1983), қала тұрғындарының ем алатын сүйікті орны Металлургтер даңғылын (1984ж.) салып берді- Көкшетаудағы Шучинск курортының үш қабатты үйін күрделі жөндеуден өткізіп есесіне бір қабатын тек қана металлургтерге алып бергенін осы күні біреу білсе, біреу біле бермейді.

Осы жерде бір уақыт сөзді Ақбиев Махмудтың өзіне берсек:

- Менің 35 жыл өмірім Қарағанды металлургия комбинатында өтті. Еңбек жолымды шебердің көмекшісінен бастап, кейінгі жылдары (1980-87 жылдары) осы алып өндірісті басқардым. Бір ғана домна пешінен басталған зауыттың көп салалы үлкен комбинатқа айналуы менің көз алдымда өтті және де мен оған айтарлықтай үлес қостым. Әсіресе ескірген мартен пештері арқылы болат балқыту процесіне негізделген комбинат жобасын реконструкциялау ерен еңбек еді. Өндірістегі біздер мен ғалымдар қосылып әлем металлургиясында қолданыс тапқан болат балқытуда оттегі арқылы конверторлау (өзгерту) тәсілін ұсындық. Осы тәсілді 250 тонналық балқыту агрегаттарымен іске асыру еңбек өнімін 30 пайызға көбейтіп, бүкіл технологияға кететін күрделі шығындарды азайтуға жол ашатын еді. Осыны көзбен көру үшін мен Францияға (сол уақытта бұл өте сирек еді) іссапарға қол жеткізіп, ақырында Москвада қажетті құжаттарға қол қойғызым. Осылардың арқасында комбинат ең озық технологиялы зауыттардың алдыңғы қатарына қосылып мемлекеттік жоспарды артығымен орындауға мүмкіндік алып еді.

*Ең бастысы реконструкциядан кейін өте сапалы болат балқытуға қол жеткізіп КамАЗ автомашиналарының арқалығы жасалатын болат жолағын (лонжерон) шығаруды игердік. Осы жұмысты ойдағыдай жүзеге асырған біздерге 1980 жылы Қазақ ССР-нің мемлекеттік сыйлығы берілген еді.*

Әу бастан біздің комбинат Соколов-Сарыбай темір кенін қорытады деп жобаланған болатын. Бірақ та 1980 жылдардың басында Одақ басшылары оны түгелдей Магниторск меткомбинатына беруіне байланысты бізге Лисаков жерінің темір рудасы бұйырды. Мұнда темір пайызы аз, оның үстіне фосфор қоспалары көп, ендеше осыларды азайтып, руданы байыту керек. Осыдан «Лисаковск проблемасы» пайда болды, яғни оны шешудің ғылыми-техникалық жолын табу керек. Ғалымдармен біздер - металлург мамандарының ізденісі тамаша нәтиже беріп бұл да шешілді.

Осы жеңістің орасан зор маңызын айтып жеткізу қиын, өйткені Лисаковск кен орнының байлығын ең озық технологиямен Қорыту мүмкіндігін пайдаланған жағдайда алдағы талай жүз жылдықтар барысында осы кенді игеру Қазақстанның гүлденуіне толық кепіл бола алады. Мысалы мұнай қоры ғалымдардың айтуынша



енді бір 50-ақ жылға жетеді екен. Сол себептен де осы ғылыми-техникалық жаналық Совет одағында өте жоғары бағаланып, 1984 жылы бір топ азаматтарға СССР-дің мемлекеттік сыйлығы берілді, солардың ішінде А.Конаев, М.Ақбиев бар.

...1986 жылы желтоқсан уақиғасының зардабы басқа да ұлты қазақ басшылармен бірге мені де айналып өтпеді, 1987 жылдың наурызында комбинатқа жандайшаптарын ертіп Г.В.Колбин келді. Ешқандай да бір кемшілік табылмаса да бір айдан кейін мені жұмыстан босатты... «Теміртау, кітап-альбом 2006 ж. 182-183 беттер». Осы жерде аз-кем іркіліс жасап Махаң айтқан жайды «Құрыш қала» газетінің № 2 (02) 2011 жылдың екінші желтоқсанындағы санында: «Әлі есімде 1987 жылы көктемде сол Колбин Қарағанды металлургия комбинатына келе қалсын. Сырттай естуімше «адам баласына көп ұқсамайды екен» деген лақап. Енді осыны көзбен көріп, қайран қалғанбыз. Маймыл түріне де, айтқан сөздеріне де. Қалада 2,7 пайыз қазақтар тұрады екен, соған қарамастан ЖТОО-ның (ВТУЗ) қазақ азаматы басқарады, онысын былай қойғанда оқытушылар мен профессорлар алқасының 40 пайызы қазақтар болуын мен түсіне алмаймын. Комбинатта қазақтар 2 пайызға жетпейді. осы алып өндірісті де қазақ азаматы басқарады. Осы, бұдан да басқа сынаржактылықты дереу түзету керек. Қай халықтың саны басым, сол халықтың өкілдері басқаруы қажет. Бұл социалистік демократияның негізгі принципі» деген еді. Сол тұғырнаманы бізге түсіндіріп, біз түсініп үлгермей, ЖОО-ның басқаратын Н.КИШмухамедов, комбинатты басқарып отырған МАқбиев сынды азаматтар, осы жолдардың авторы да жұмыстарынан босатылып еді», - деп менің де еске алғаным бар еді. Көкірегі ояу, көзі қарақты оқырмандар басқасын бағамдай берер.

Махаң өнегесі туралы жалғастырып айта беруге болады. Барлығын теріп, жіпке тізіп шығуды мақсат етпегендіктен өз пайымдауымша айтпасқа болмайтын, үлгі етіп ұсынарлық, көрген, куә болған жағдайлардың тағы да бір-екеуі еске түсіп отыр.

«Үкімет аппараты - озбырлық аппараты», - дегенді сылтау етіп тексеріп, сенің жұмысына баға беріп, ақыл айтуға шеберлердің саны бұрын да, бүгін де артып жыртылатыны ақиқат. Қара металлургия министрлігінің темір жол басқармасының белді қызметкері сондай бір комбинатты тексерудің нәтижесін алқалы жиынға мәлімдеп тұрып Қазмұхамбетов деген фамилияға тілі келмей, қақалып-шашалып, ақырында «вообщем, товарищ не местный», - десін. Ол кезде орыстың заманы еді ғой, қатысып отырған 150-дей адамның Ақбиевтен басқасының біреуінің қаперіне кірген жоқ. Осы жиынды басқарып

бағасын беруге арнайы Москвадан келген министрдің орынбасары С. Кугушин «баяндамашыға сұрақтарыңыз, әйтпесе ескертпелеріңіз болар», - деп әдеттегідей сыпайлық танытқан. Ешкім қозғала қойған жоқ.

- Сұрақ жоқ, ескерту бар, - деді Махаң.

- Иә, иә, Махмуд Ақбиевич.

- Комбинатта істейтін 47 мың адамның барлығы жергілікті халық, бөтен адамдар тек қана тексеруге келген комиссия мүшелері: зал гу-гу, қарқылдаған күлкіге толы қарық болды да қалды. Кугушиннің өзі жаман сасып, жөппелдемеде аузына сөз түспей, ақырында тексеру нәтижесін ешқандай талқылаусыз алқалы жиынды таратты.

Сол кездегі көрініс менің есімде әлі де қаз-қалпында сақталып қалған. Үндемей-ақ қоюға болар еді-ау. Әрине болар еді, бірақ ондай мінез Махана жат қой. Табиғат берген мінез. Қай кезде де елі мен жерінің мүддесін биік қою ұстанымы, ауытқымайтын позициясы. Қайынның қарсы біткен бұтағы. Тағы бір өнеге. 1980 жылдың аяғы. Сол кездегі Одақты шулатқан аққанылтыр өндірісін іске қосу жақындап, жан алысып, жан берісіп жатқан кез. Күн жақындаған сайын құрылысшылар мен цех мамандарының арасында дау-дамай күшеюде. Өйткені монтаждалып жатқан теңдесі жоқ өте нәзік автоматика жүйесінің бөлшектері талан-таражға түсуде. Осыған тосқауыл қою үшін комбинат адамдары күзетке шығу керек. Комбинат адамдарының, айтатыны: «біз оларды қабылдап алғамыз жоқ, яғни біздің балансымызда жоқ нәрсені қалай күзетеміз?» Ақырында осы мәселе Қарағанды облыстық партия комитетінің бюросында қаралып Махаң есеп берді. Обкомның бірінші хатшысы А.Г. Коркин атақты құрылысшы, 17 жыл бойы «Қазметаллургқұрылыс» тресін басқарған Махаң екеуі бірін-бірі жақсы білетін сыйлас адамдар. Қанша сыйлас болғанымен ел, мемлекет мүддесі үстінде бір-біріне ырық бермейтіндердің қатарынан еді. Екі тау соғысқандай болып бар болмыс сарапқа салынды. Көп жылдар бойы Коркинмен бірге құрылыста істеген трестің парткомының, Теміртау қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, сол сәтте облыстық партия комитетінің хатшысы болған А.И. Иванов қайта-қайта Коркинге сыбырлап әлденені айта берді. Осыны байқаған Махаң Коркинге «сізге беріліп жатқан ақпараттарда нақтылық аз», - деді. Иванов сыбырлаған сайын Коркин өршелене түседі. Сондай сәттердің шегіне жеткен уақытта Махаң «Это клевета» деп шорт қайырды. Бюро мүшелері селк ете қалды, Коркин қайраты мен парасаттылығы бірдей ақылгөй адам ғой,

сол сәтте: Махмуд Ақбиевич, екеуміздің таныстығымызға қанша жыл болды, - деп сұрақ қойды.

- Александр Гаврилович, 20 жылдан асты ғой.

- Көрдін бе, мені қойшы, мына бюро мүшелерінің не жазығы бар? Оларды да клеветник қылдың ғой. Ертең қара металлургия министрі И. П. Казанец келе жатыр. Сол кісінің алдында ұятқа қалмайық десең, бүгінгі сұрақтың жауабын іздейсіз. Министрлер келеді, кетеді, сіз өз орныңызда қаласыз, сізден басқа ешкім шешпейді Махмуд Ақбиевич. Ертеңінде Казанецті алып Коркин комбинатқа келеді. Әуелі министрмен амандасқан Махаң Коркинге бұрылып, созылған қолдар қабысып екеуі бір-біріне жылы шырай танытты. Кешегі ет қызуында болған әттеген-айларды бір-біріне кешіріп жатқаны болар,- деп топшыладым.

«Жақсы адамның ашуы шәйі орамал кепкенше» деген рас екен-ау. Бүгінгілер ел деген, жер дегенде Махандар сияқты табандары таймайтын қайсарлық көрсетсе Қарағандыдағы «Бесоба» шағын ауданында үй құламас еді ғой. Дәл бүгін экономиканың қыр-сырын жіліктей шаққандар әлем дағдарысының себебін іздеп шарқ ұруда. Әрине себептері де табылар, табылған күнде де сол себептердің шығар басында адам тұратынына мен кепілдеме берем.

Соныменен Ақбидің ұлы Махмуд туралы шағын эссе-естелігімді осы кісінің өз сөзімен аяқтайын. «Нарықтың реформасы шоқ басқаннан басталды, әлі де жалғасуда. Шетел компаниялары қанша үлкен, белгілі болғанымен қазақтардың мүддесін дәл өзіміздей қорғамайды. Сол себепті қай салада болмасын ең бірінші өз азаматтарымызға сенім артуымыз керек, оларға ыңғайлы жағдайлар жасап, аяқтарынан тік тұрғызып, шетелдіктермен бәсекелесуге жарату керек. Сонда ғана біз әлем экономикасымен иық тірестіреміз».

2012 жыл

## Екі сөйлемеуші еді

Адам ретінде өте сабырлы, көпке силы, жағымды, досқа адал, бір тоға, қызметте қабілетті, аспай-саспай тыңғылықты іс тындыратын Бағдат Мұқашұлы Рахимовтың өмірден озғанына сегіз жылдың жүзі болыпты. Ортамызда тірі жүрсе 70 келер еді, дүрілдетіп тойлар едік-ау...

Бұл енді өзді-өзімізді алдарқатқанымыз ғой... Өткен ғасырдың екінші жартысында 2,7 пайыз ғана қара көздер тұратын ел

экономикасының күре тамыры болған Теміртау қаласында қазақ азаматтарының небір жақсылары мен жайсаңдары шоғырланып еді. Солардың бел ортасында Бағдат Мұқашұлы да болатын. Қазақстан Магниткасы дегенде ылғи да металлургтер аталып, құрылысшылар қауымы шет қалып жатады. Шынтуайтына келсек комбинатты да, қаланы да салған сол кездегі бүкіл Совет Одағының түпкір-түпкірінен комсомолдық жолдамамен 1957 - 1958 жылдары келген құрылысшы жастар болатын. 1959 жылы келген қазақ жастары да еңбек жолдарын сол құрылыста бастағандары аян. Бұрнағы жылдары 1959 жылы қалада болған оқиғадан саяси астар іздеп әуре-сарсаңға түскендер мардымды ештеңе таба алмады. Табылуы да мүмкін емес еді, өйткені арқаның қақаған қысында палаткаларда қыстауды өзгерту үшін бүлік салудан басқа амал да жоқ еді. Бұның өзі Теміртауға «қағылған - соғылғандар жиналған» деген қоғамдық пікір қалыптастырды. Осы уақытқа дейін анда-санда е.е.е... сол қаладан екенсің ғой деген кемсіту естіліп қалады. Осындай азды-көпті тарихы бар қаланың табалдырығын Бағдат Мұқашұлы 1967 жылдың күзінде Қарағанды политехникалық институтын бітіргеннен кейін аттап, сол кезден бас мердігер «Казметаллургстрой» тресінің «Коксохиммонтаж» құрылыс басқармасына бірден шебер болып еңбек жолын жалғастырады. Талай сатыдан өтіп, 1977 жылы Теміртау қалалық партия комитетінде құрылыс бөлімін басқаруға шақырылып, 1978 жылы - екінші хатшы болып сайланады. Осы жылдарда Қарағанды металлургия комбинатында Совет Одағында теңдестері жоқ ақ қаңылтыр цехының құрылысы қарқын алып, жетінші кокс батареясын іске қосу мерзімі жақындап, арпалысып жатқан шақ болатын. Қаланың ең бір көркем, сәулетті жері болып жоспарланған Нұра су қоймасының жағасын қуалай бой көтеретін «За» мөлтек ауданының құрылысы, тағы да басқа толып жатқан әлеуметтік нысандардың жүзеге асуына қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қазақша атықанда «басымен» жауап беретін. Осы «басымен» дегеннен шығады, жоба бойышша 20 мыңдай адам тұратын тек қана 9 этажды үйлер салынатын ауданға ауыз су мәселесі қаралып, жобада айтарлықтай қате жіберілгені анықталып, жоба бақылаушысына жобаға өзгеріс енгізу керек демеі ме мәжілісті басқарып отырған екінші хатшы. Оған жоба маманы: «ол мүмкін емес, өйткені жобаға бөлінген қаржы толықтай игерілді», - десе керек.

Сонда Бағдат Мұқашұлы:

Сен қайда отырсың?

Екінші хатшының кабинетінде.

Онда біліп қой «екінші екі қайталамайды», - депті.

Ұшқыр ой, ұтымды сөздің ғұмыры мәңгілік болса да нәтижесі

нысанаға дөп тие бермейтін. Оның үстіне партия шаруашылыққа емес саяси ахуалға басты назар аудару керек деген қағиданы қайта-қайта нығарлап, қарама-қайшылықтарды өрбітіп, байлап-матап ұстап отыратын. Қалай дегенменен коммунистік жүйенің әдістері мен іс жүргізу пошымы қанша қатып қалған десек те. Бағдат Мұқашұлы сияқты іскер азаматтардың пәрменімен түгел болмаса да, кейбір осындай күрмеуі қиын түйіндер шешіліп жататын.

Сол 1978 жылдың аяғында құрылыстағы партия ұйымдарын нығайту мақсатында «Казметаллургстрой» тресіне жіберіліп, партия комитетінің хатшысы болып сайланады.

Осы лауазымды қызметте істей жүріп бар күш-жігерін бастапқы партия ұйымдарының жұмыстарын жақсартуға, олардың пәрменділігін арттыруға жұмсайды. Сол уақыттағы үлкен құрылысшылар ұжымының алдында бүкіл Совет Одағының экономикасына елеулі үлес қосатын, жана технологиялы, яғни сапасы өте жоғары ақ қаңылтыр цехында құрылыс-монтаждау жұмыстарын өте жоғарғы деңгейде көтеру міндеті тұр еді. Салыстырмалы түрде аз уақыттың ішінде партия активін топтастырып, жұмысшылар арасында социалистік жарысты ұйымдастыра білді.

Партия комитеті қаңылтыр цехы комплексінде айына екі рет партия тобының жетекшілері және саяси хабарламашылардың қатысуымен жедел кеңес-семинар өткізіп тұрды. Мұнымен қоса партия комитетінің мүшелері комплекс торабында жұмыс істейтін құрылыс орындары партия ұйымдарының хатшыларымен алдын ала жасалған кестеде көрсетілгендей, күн сайын жұмыс орындарын аралап көріп. ондағы жәймен көзбе-көз танысып, қажет болған жағдайда қолма-қол шешім қабылданып, оны жүзеге асыруға бүкіл инженер-техникалық қауым жұмылдырылып дер кезінде іске асырылып отырды.

1981 жылы 14 қыркүйекте комбинаттың ақ қаңылтыр цехы құрылысында КСРО Минтяжспецстрой, Минмонтаж спецстрой КОБОК (ВЦСПС) ұйымдастырған бригадалық мердігерліктің ұйымдастыру тәжірибесін тапсыру бойынша Бүкілодақтық мектептің ашылуында құрылыс тресінің Рахимов Б.Б. басқарған партия комитетінің ықпалы орасан, зор болды. Осының нәтижесінде мұнда алғаш рет толық көлемде толассыз орталық мердігерлікті, апталық - тәуліктік жоспарлауды қолдану енгізілді. Осындай жан алысып, жан беріскен, үлкен деңгейдегі ұйымдастыру қабілетінің арқасында 1982 жылдың бірінші қыркүйегінде қалайыланған 1400-1 станында кешенді сынақ жасалып тіркеледі, алғашқы ақ қаңылтыр алынды, ал сол жылғы 19 желтоқсанда осы цехтың бірінші кезегінің құрылысы аяқталып,

отанымызға жылына 445 мың тонна ақ қанылтыр өндірілетін алып қондырғы іске қосылды.

1981 жылдың ақпанында өткен КПССтың 26 съезіне делегат болып сайлану сөз жоқ Бағдат Мұқашұлының жұлдызды шағы - еңбегінің жанғаны, бақтын қонғаны болатын.

1982 - 1988 жылдарын қаладағы Гагарин ауданында бірінші хатшы болып, 1988 - 90 жылдары Теміртау қалалық атқару комитетін басқарды.

1990 жылы Қарағанды облысының әкімі аппаратына ауысып, кыйуы кеткен экономиканы жандандыруға өз үлесін қосты.

Көзі тірісінде жиендерін көріп кетті. Өзінің атын шығаратын Сәкені жоғарғы оқу орнын бітіріп, жұмыс істеп жүр.

Артында бар оналар деген осы да.

2011 жыл

## Нағыз қазақ

**Қарадан қарап отырып, анда-санда қаланы аралап кететін дерт пайда болды. Қалай келгенімді өзім де байқамай, аяғым жетелеп барған жерде міндетті түрде біреудің аты жазылып қалғандай іздеймін. «Жастар» жүзу бассейнінің жанында неше түрлі дене шынықтыруға арналған қозғалмалы мүсіндердің жанына қалай барғанымды білмей қалып, соларға көз жүгірткенім болмаса, көңілім қобалжып, басқа дүниеге ауа берді. Есіл-дертім стадион, бассейнге ауып, Теміртаудың тарихындағы айтарлықтай орын алған сол бір уақыт ағымы көз алдыма келе қалды.**

Иә, иә... «Едгин - Караганда - корпорейшн»! Осы бір тосын, бұрын естіле бермейтін сөз тіркесі сол кездерде айырықша, бүгінде қала жұрты ыстық ықыласпен еске алатын Қарағанды металлургия комбинатының сол жылдардағы директоры О.ИТищенконың дуалы аузынан шығып еді-ау. 1978 жылы салына бастаған спорт кешенінің құрылысы барысында, кезекті оперативка аяғында құрылыс басшыларының біреуі «Облыста шаруаларым болғандықтан ертеңге жұмыстан сұранайын деп едім» деп мәймөңкелемей ме? Сонда жарықтық О.Тищенко:

- Сіз «Едгин - Караганда - Корпорейшн» президентін білесіз бе? Сол кісіден сұраныңыз, менің өзім де сол кісінің рұқсатынсыз ешқайда аяқ баспаймын, -депті.

Атағы дардай директордың өзі қолпаштап, абыройын асқақтатып отырған Едгин Қуанышбек Еламанұлы ағамыз тегін адам емес еді. Қала жұртшылығының демалатын сүйікті орнына айналған,

айналасы ат шаптырым спорт кешенінің салынуы сол кезде Қазақстанда бірінші болуы былай тұрсын, Кеңес одағының ауызға ілінетін орталықтарының еншісіне тие бермеген. Осы спорт кешенінің құрамында 15 мың адам сиятын стадион, жүзу бассейні, велотрек, мергендік тир бар. Оның ішінде ең ірі құрылыс, әрі күрделісі «Жастар» жүзу бассейні еді. Оның бірінші кірпішінен бастап басы-қасында болған сол кездегі комбинаттың «Денсаулық цехының» бастығы осы Едгин Қуанышбек ағамыз болатын. Бас-аяғы бір жылдың ішінде бой көтерген жүзу бассейні сол кезде одақ бойынша үшінші орынды иеленгендігі оның қандай болғандығын көр-се-теді. Ванналарға төселген плиткалар арнайы Чехославакиядан, ал электротабло секілді құрал-жабдықтар Венгриядан алдырылып еді. Осының бәрін айтуға оңай. Ол кезде шетелден бір нәрсені ала қою деген шын мәнісіндегі құдайдың қияметі болатын. Сол қияметті ойлап тауып, мойнына артып, шешуін де үйлестірген осы ағамыз. Осындайда еске түседі ғой. Бүгінгі қалалық мәдениет сарайы (ол кезде металлургия мәдениет сарайы) салынып болып, ең бастысы - 200 мың сом тұратын Германиядан әкелінген алтыннан жалатылған шымылдықтың құнын төлеу шешілмей тұрған. Ол кезде Қуанышбек ағамыз Қарметтің кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары қызметінде, спорт пен мәдениеттің дамуына жауап береді. Мен осы өндірістің комсомол комитетін басқарамын. Қаланың партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Г.Давыдов шақырып, бәріміз мәдениет үйінде тұрмыз. Мәселе 200 мың сомды кім төлейді? Қуанышбек ағамыз істелген жұмыстарды тәпшіштеп айтып болған уақытта қатарымызға сол кездегі қалалық өндіріс тауарларын сату мекемесінің директоры Л.И.Нумалова келіп қосылды. «Сіз не істеп жүрсіз?» деген басшының сұрағына «Сіз шақырады деген жеделхат алдым» деді. Осы кезде Қуанышбек ағамыз сөзге араласып:

- Николай Григорьевич, Қарағанды металлургия комбинаты сарайдың жабдықтарын түгел сатып алып бергенін білесіз, оның ішінде сахнаны айналдырып тұра-тын механизмның өзі неге тұрады? Ал мына шымылдық металлургия саласының жабдықтау жүйесінің тізіміне кірмей халық тұтынатын тауарға жататын болғандықтан комбинат ақша төлей алмай отыр. Осы себепті осы сұрақты шешетін тек ғана Нумалова Лидия Ивановна болғандықтан сіздің атыңыздан шақыртқан мен едім,-деді.

- Дұрыс істегенсіз, бұл сұрақ шешілді,-деп нүкте қойылып еді.

Ал енді стадионның доп ойнайтын алаңына төсейтін шымды 130 шақырымдай Корнеевка деген елді мекеннен тауып алуы үлкен

бір хикая. Теміртаудың айналасында шым жоқ па? Бар, бірақ шөп тамыры саяз. Мәселе қайда жатыр. Жалпы, Қуанышбек ағамыз бір нәрсені ойлап таппаса көңілі көншімейтін. Сондықтан да Едгинмен қала спорты егіз. Қайық есу, оның академиялық түрі, хоккей, жасөспірімдердің аула клубы осылардың барлығы осы кісінің төл балалары. Бір ғана «Болат» қайық су базасының мектебінен 150-ден астам спорт шеберлері өсіп шыққан екен. 1955-1963 жылдары Кеңес Одағының спорт қоғамының орталық кеңесіне мүше болып сайлануы Теміртау қаласындағы спорттың бағын ашса, спорт Еламанұлының жұлдызды шағын жарқ еткізді. Сол уақыттардан бері Едгиннің жұлдызды сәттері сөнген емес десем біреулердің қытығына тиіп, біреулердің мүмкін күлкісін келтірер. Қалай болғанда да шындық осы. Шындық болғанда бар ғой, тіпті ағамыздың жетпіс жастан асып кеткен шағында да жасөспірімдердің аула-лық клубтарын қайта жаңғыртудағы ерен еңбегін ол кісінің жұлдызды сәті демеуге ешкімнің аузы бармайды. Өйткені бұл жұмыс басы бүтін дүниелер быт-шыты шығып қирап, «бас-басына би болып, елдің сиқын бұзып» отырған заманда басқаларын былай қойғанда, Үкіметтің қалтасы бос, әрі тесік болғандықтан шарасыздық танытып, қолдарын кімге жарын білмей отырғандағы серпіліс болатын. Осы серпіліс ұлттың мүддесі үшін десек асыра айтқандық емес. Өйткені ұрпақ тәрбиесі қайда, қай елде болмасын, ең басты көкейкесті мәселе. Оның үстіне... иә, оның үстіне кезінде өмірге келген аулалық клубтар жас ұрпақты саналы да салауатты азамат ретінде тәрбиеге баулитын тамаша үрдіс болып қалыптасып еді. Ұрпақ тәрбиесіне аса зор мән берген Кеңес қоғамы үшін бұл таптырмас жүйе еді. Олай болса осыны неге жаңғыртпасқа? Аяғын тәй-тәй басқан Егеменді Қазақстанның болашағына жіті көз жіберіп, көргені бар көсем, сөйлеп кетсе шешен, жетпістен асса да тұғырынан түспеген дария қарттың жойқын да жарқын істері ұлттың рухын көтеруге арналғаны күмән келтірмейді. Бас-аяғы бір-екі жылда қалада қырықтан астам аулалық клуб жасөспірімдерге есік ашқан. 2000 жылы ашылған алғашқы «Актив» аула клубы футбол, хоккей сияқты балалар ерекше жақсы көретін ойын түрлерімен қатар қазақтың төл ойындары тоғызқұмалақ, асық сияқты ұмытылған ойын түрлерін қолға алған. Ұрпақ тәрбиесінде осындай орындардың қаншалықты маңызды рөл атқаратынын жақсы біліп, тәуелсіз қоғамымызға лайықты, жана сипатпен қайтадан жаңғыртқан.

«Мен ең бай адаммын. өйткені 4000 немерем бар» деп әзіл айтуында да ұлт болашағына деген асқан мейірім жатқанын сезу керек. Даналық, даралық, іскерлік деген мақтаулардың тоғысатын кезі де осындайда. Спортқа байланысты Қуанышбек ағамызбен болған бір



қызық жағдай еске түсіп отыр. Қарағанды металлургия комбинатының комсомол комитетінің хатшысымын. 1970 жылдардың басы болар. Жаңылмасам, 1 мамыр мейрамының қарсаңында велосипедпен жарыс өткізудің қамымен кәсіподақ комитетінің төрағасы В.М.Стринжаға кірдім. Ең бастысы, ақша, т.б. мәселелердің барлығы шешіліп болған соң ол кісі: «Сен менің орынбасарым Николай Романовичті тауып ал, екеуің бір қабатта отырасындар» деді. Отырған кабинетіне барсам, Қуанышбек ағам отыр. Николай Романович көрінбеді.

- Жай жүрмісің?-деген сұрағына:

- Тағы да бір келермін-деп шығып кеттім.

Мұнан соң тағы да бір-екі рет барып едім, Николай Романович орнында болмады. Шыдамым таусылып, «В.М.Стринжаның өзінен сұрайын» деген кабинетіне кіре бергенде Қуекеңмен кездесе қалып, бір-бірімізге ықылас білдіріп қол алыстық.

- Виктор Матвеевич, сіздің орынбасарыңызды екі күн болды таба алмай жүр-мін, ол кісі командировка әйтпесе қысқа уақытқа демалыс алып па еді?-дедім.

Стринжа таң қалғанын жасырмай, маған бірер секундтай қарап отырып, жаңа ғана Николай Романовичпен менің есігімнің алдында қол алыспадыңдар ма?..

«Сүйген ұлдың аты көп» деп бекер айтпаған. Сөйтсем, біреулер «Қуеке» десе, екіншілері жәй ғана «Еламанович» деп. ал орыс, басқа ұлттың адамдары «Николай Романович» дейді екен. Осы Николай Романович нағыз қазақ еді. Баяғыда «Проводы русской зимы» деген үлкен науқанның болғанын бүгінгілердің көбінің біле бермейтініне кепілдеме беремін. Білетіндері ұмытқан шығар. Сол кездегі КСРО құрамындағы ха-лық-тарды ұлтсыздандыру саясатының айқын көрінісі екені белгілі. Біздің жарқын болашағымызда тек ғана «Советтер ода-ғы-ның азаматы» деген бір-ақ халық болады деп жар салып, ұран тастап әуре-сарсаңға түсірудегі идеологиялық құралдардың пәрменділерінің бірі болатын. «Русская зима» деп «көкеннің» аты кім екенін анық естіртіп айғақтайтын. Осы шараны өткізуге арналған үлкен алқалы жиында басқалары екі иығын жұлып жеп суырыла сөйлеп жатқанда ағамыз жұмған аузын ашпайды ғой. Қарағанды металлургия комбинатынсыз мұндай шара қалай өтпек? Ол кезде Қуекең осы алып өндірістің кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары.

- Николай Романович, сіз неге үндемейсіз?-деген сол кездегі калалық партия комитетінің бас идеологы Н.Т.Вахитованың сұрағына:

- Вы проважаете русскую зиму, а у нас казахов зимы нет,- деген ғой.

Ол кезде мұндай батылдыққа бару үшін ең құрығанда адамда екі бас болуы керек болатын. Парасаты өте жоғары адамдардың қолынан келетін батырлықтарының, батылдықтарының табиғи сырын қалай түсінеміз? Бұл құбылыстың жауабы әрі онай, әрі қиын. Онайлығы - ең бірінші адамның санасының тәуелсіз болуы керек екенін білеміз. Қиыны-осыны біле тұрып тәуелсіз бола алмауымызда. Сана тәуелсіздігі екінің біріне бұйыра бермейді, санаулы тұлғаларға ғана дариды. Кезінде мен «Теміртау тұлғалардың мекені» деген сөз тіркесін бірін-ші болып айнылымға енгізіп едім. Мәселе енгізгенде емес, тұлғалардың мекені екенін байқамау мүмкін емес екендігінде. Байқайсыздар ма, Н.Ә.Назрбаев, С.Н.Ахметов, Т.Әубәкіров, А.Г.Коркин, М.Ақбиев, К.Мұхамеджанов, Н.Ишмухамедов, Қ.Е.Едгин, еңбек ерлері бір төбе.

Осы уақытқа дейін жүрегімізді су еткізіп, құйка тамырымызды шымырлататын 1941 жылы әке-шешесімен Теміртауға көшіп келгенде Қуанышбек ағамыз небәрі он бір жаста екен. Қаланың құрметті азаматы. Қалдырған ізі сайрап жатыр, тындырған істері комақты, күрделі. Қаланың комсомол комитетінің бюро мүшесі ретінде 1959 жылы 3000 қазақ жастарын қарсы алу, қабылдау, оларды игі істерге жұмылдыру әркімнің мандайына жазбайтын бақыт. Сол бақытқа ие болған Қуекен көптің бірі емес, үркердей топтын қосында болғаны хақ. Комсомолдық жолдамамен келген жастардың көбісі басшыға қажетті мінез бен қасиеттердің ұшқынын Қуанышбек ағамыздың сол кездегі қимыл, серпілісінен алмағанына кім кепілдік береді?

Иә, қала көркі адамдарына ұқсайтынын жаңа ғана байқағандаймын. Қазақ мінезді даладай кең, дарқан Теміртаудың көшелерінде жоғарыда аттарын атаған ұлт азаматтары аралап жүргендей көрінеді де тұрады. Кезінде осы тұлғалармен бірге жүргендіктен болар, бір ой мазалай береді. Ол - қаламыздың тамаша су қоймасының қабағында орналасуына байланысты. Осы жағажайды қала халқының игілігіне жаратудағы талпыныстардың барлығына куәмін. Солардың біреуі де мәселені түбегейлі шешкен жоқ. Төтесіне көшсем, көл жағасын мәуелі баққа айналдыру керек. Меңзеп отырғаным, Астанадағы Есілдің жағалауын қалай құлпыртты, оны олқы көрсеніз аты әлемге әйгілі Ресейдегі Петербургтың жағажайы тұр Президентіміз бен Үкімет басшысына ретін тауып құлақтандырса. Бүгін шағын қалаларға комақты қ а р ж ы н ы Үкімет аямай төгіп жатыр. «АрселорМиттал Теміртау», «Алаш» электрометаллургия, цемент зауыттары бар деген сияқты. Көріп отырсыздар, мүмкіндіктер бар ғой. Осы жағажай жөніндегі ойымды қала әкімінің алқалы жиынында Құлаққағыс еткеніме бір жылдың маңайы болып қалды, ешқандай

сыбыс естілмейді. Бұндай күрделі жұмыс бір күнде бітпейтіні белгілі, тым құрымаса басын бастап кетсе ғой. Осындайда нағыз қазақ - Едгин Қуанышбек ағамды іздей бастаймын.

## Дос туралы

Өзінің білімімен, парасаттылығымен, ой өрісінің ауқымдылығымен өшкенімізді жандырып, жоғымызды іздеп тауып, оны ел игілігіне ұсынуға атсалысқан топтың ішіндегі шоктығы биік тұрған елеулілердің бірі, белгілі ғалым-жазушы, көсемсөз шебері, филология ғылымының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің журналистика факультетінің кафедра менгерушісі Ақселеу Сыланұлы Сейдімбек. Ол осы күндері 60 жасқа толып отыр. Әрине, бұл жас орда бұзар отыз, камал алған қырық та емес, дегенменен өткеннің емес, жеткеннің тойы. Айналаң толы. өрісін ұлғайып, шаңырағын биіктеп, кереген кеңейіп, іргең қымталып, кемерінен асқан кеменгерліктің тойы. Оның үстіне аты алты алашқа байлығымен емес, байыптылығымен, ұлықтығымен емес, ұлтжандылығымен, айғайымен емес ақылымен, бойымен емес ұшқыр да ұтымды ойымен белгілі болған Ақселеу тойын шын мәнісінде бүкіл қазақ елі тойлап жатыр.

Ақселеу Сейдімбек "Ақиық" (1972), "Қыр қияялары" (1977), "Тауға біткен жалбыз" (1979), "Аққыз" (1981), "Кеніш" (1979), "Серпер" (1982), "Күнгір-күнгір күмбездер" (1981), "Күй шежіресі" (1982), мерейтой алдында жарық көрген "Қазақтың күй өнері" атты кітаптардың авторы. Баспасөз бетіндегі күн құрғатпай жарияланып жататын мақалаларын қоссақ, оның қырық жыл бойы жазған-сызғандары бір арбаға жүк болары хақ. Жазушы ретінде Ақселеудің айтар ойы жинақы, қарапайым, тілі жатық, сөз саптауы оңтайлы. Өз сөзімен айтқанда, "қандай да болсын күрделі ойды қарапайым тілмен ұғынықты етіп жеткізуге тырысқан жан. Алайда ойдың жосығы әсте қарабайырланбауы керек" (Ақселеу Сейдімбек, "Қазақтың күй өнері" 14-бет). Міне, осы айтқаным өмір бойы қаперінен шығарған емес. тағы бір қаперінен шығармайтын бойтұмары - өте бай қазақ дәстүрі. Ақселеу нені жазса да, қалай жазса да одан ата-баба ілімінің исі аңқып тұрады.

Ақселеудің азамат ретінде де, журналист ретінде де, жазушы-ғалым ретінде де бір адамдай Теміртауға енбегі сінді. Сонау 1970 жылдары "Лениншіл жас" газетінің біздің облыстағы меншікті тілшісі болғанда сол кездегі өрімдей жас, бүгінгі ел Президенті

Н. Назарбаевтан бастап, басқа да көптеген жігерлі жастарды елге танытты. Бұл очерктер кейін "Кеніш" деген атпен жеке кітап боп басылды. Осы кітап үшін ол Қазақстан Журналистер Одағының лауреаты атанып, бірінші сыйлықты иеленді. Ал облыстық "Орталық Қазақстан" газетінде жауапты хатшы болып істеген кездерінде Теміртауда қазақша газет шықпайтын болғандықтан, осы аталмыш газеттің ішінен айына бір рет шығып тұратын "Теміртау жұмысшысы" атты арнайы бетті ашуда оның ықпалы пәрменді болды. Осы талпыныс нәтижелі болып, былтыр қаламызда "Теміртау" газеті ашылғанда да Ақселеу біріншілер қатарында сәт-салар тілегенінен оқырман қауым хабардар болар. Оның "Зер-де", журналын басқарып тұрғанда республикада алғашқылардың бірі болып металлургия терминдерін қазақшалауға қосқан үлесі тағы бір төбе.

Мен Ақселеумен өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында таныстым. Ол кезде мен Қарағанды металлургия комбинаты комсомол комитетінің хатшысы болатынмын. Оның мені сырттай қаншалықты білетінін қайдам, ал мен ол туралы жиі естуші едім. Күндердің күнінде жұмыс орныма бойы биік сары жігіт кіріп келе жатты. Оған көзім түскен-нен-ақ, "құдай-ау, нағыз даланың ақ селеуінен аумайды екен" деген ой келе қалды басыма.

- Бүкіл Теміртауда қазақша сөйлейтін жалғыз-ақ шаншардың қуы бар деуші еді, сол сен емеспісің, - деп сөйлей кірді. Орнымнан тұра беріп "шіркін-ай, қазақ деген халық ат қоюға қандай шебер" деуім мұң екен, қарқылдап күліп, құшағын жайды.

- Сол күндерден бастау алған ыстық ықыласымыз әлі де жалғасып келеді. Соның айғағы ғой, қарашаның 23-ші жұлдызында арнайы шақырылып, Ақселеудің Астанадағы мерейтойына қатыстым. Конгресс Холлда өткен той қазақтың "Үш нояны" аталып кеткен бір жылдың төлдері Төлен Әбдік, Дулат Исабеков, Ақселеу Сейдімбекке арналды. Оған Үкімет басшысы Иманғали Тасмағамбетов бастаған мәртебелі топ, ұлт зиялылары, қара-құрым ел қатысты. Атақты сөз зергері, жазушы-сенатор Әбіш Кекілбаев нояндар шығармашылығы жайлы баяндама жасады. Қарағанды өнірінен арнайы барған делегация Ақселеуге жағасы ақ құндызбен көмкерілген шапан мен бөрік және темір тұлпар сыйлады. Теміртау жұртының атынан қала әкімі Ахметов Серік Нығметұлының қомақты жоралғысын мен тапсырдым. Айтып ауыз, көріп көз тоймайтын ғаламат бір той өтті. Ақселеу жайған дастарқанға бар қазақтың игі жақсылары түгел қатысты. Қазақы қалжың, жарасымды әзіл, ойнақы сөз, ұшқыр да ұтқыр ой, тамсандырып тандай қақтырған тапқырлықтар, ата-баба салт дәстүрі тойдың тұздығы болып, қатысқандарды рахат сезімге бөлеп,

марқайтып-ақ тастады. Мен бір-ақ мысал айтайын. Тойда Ақселеуге қынабы алтындалған қылыш сыйланды. Сол қылышты ол халқымыздың біртуар ұлы, атақты әртісіміз Асанәлі Әшімовке тарту етті. Неткен мәрттік десенізіші?!

Өз басым Ақселеуді нағыз сері деп білемін. Өйткені, оның қашанда жинақы, әсем киімі, бет-әлпетіне әр беріп тұрған сақал-мұрты, алтын-күміспен оқаланған көздің жауын алатын шақшасы, сазгерлігі, ағаштан оймақ оятын шеберлігі, зергерлігі, бәрі-бәрі оның бойындағы сал-серіліктің айғақтары. Осы ретте оның ел ішіне кең тараған "Сарыарқа", "Дәурен-ай", "Ақтамбердінің толғауы", "Алтын асық", "Арарай", "Арман-ай", "Тағиғай" сияқты әндердің авторы екендігін де айтып өткеніміз жөн. Сондай-ақ қазақтың ән өнері туралы Жәнібек Кәріменовпен бірлесіп жүргізген сегіз телехабары баға жетпес рухани қазынамызға айналғаны қашан?! Сонда "Ақселеу тамсанады, Жәнібек ән салады" деген қанатты сөз де ел арасына тарап кеткен-ді.

Ақселеу Сейдімбек "Ықылас күйші" (1983), "Әнші Жәнібек Кәріменов" (1993), "Абайдың Ескендір поэмасы" (1994), "Асыл қазына" (1996), "Зергер" (1998), телефильмдеріне және Асанәлі Әшімовтің "Қозы-Көрпеш - Баян сұлу" (1993) атты екі сериялы көркем фильміне түскенін біреу білер, біреу білмес.

...Қарашаның 27-ші жұлдызында тағы да кездестік. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, жерлесіміз, ақын Кәрім Сауғабаев дүниеден озғанда көңіл айтып, топырақ салуға келіпті ол. Ұлтжанды, дәстүрге берік, досқа адал Ақселеу осы жолы да ақынмен қоштасуға келген дүйім жұртты сүйсіндіріп, разы етті.

Мен де досымның адалдығына, азаматтығына сүйсініп, қазақ халқының мерейін асырған шығармаларымен сусындата бер бізді демекпін.

2002 жыл

## Халық емшісі

Марқұмның суретіне қарап, біраз отырып қалыппын. Көзден ғайып болса да, бейнесі көңілде қалған етене жақын жан еді-ау... Япыр-ай, ел-жұртын терең күрсіндіріп, жақындары мен туған-туыстарының, жора-жолдастарының және әріптестерінің қабырғасын қабыстырған 1998 жылдың маусымынан кейін де біраз жыл өтіпті-ау.

Әнуарбек ағамыздың қазасы тосыннан, күтпеген жерден келді. Қолы шипалы, атақты дәрігер қас-қағым сәтте мәңгілік көз жұмады

деп кім ойлапты. Талай адамдарды өлім аузынан алып қалған. көзі тірісінде аты аңызға айналған дәрігердің өзін-өзі сақтай алмауы қанша үйреншікті болса да, сонша тосын, түсініксіз... Ет пен сүйектен жаралған жұмыр басты пенденің жаратылысынан бастап неше ғасырдан бері жалғасып келе жатқан адам болмысының осы бір беймәлім құбылысынан Әнуарбек ағамыз да ада бола алмады. Мүмкін басқаша болғанда тұма талант ағамызға біткен атақ-абырой, кейде әулиелікпен шектесіп жататын жарқын істері оған бұйырмас па еді деген де ой келеді.

«Жазмыштан озмыш жоқ» дегеннің жаны бар. Өйткені мұнда пенде болмысы, түйсік-танымының озбырлығы мен осалдығының өлшемі, мөлшері жатыр. Әрине, бұл өлшем өтіп кеткен, қайта оралмайтын жалғанның қас-қағым сәт жарығына берілген өлшем. Көзі тірісінде білінбейтін, сезілмейтін, қолға түспей, жанарына ілінбейтін құбылыс болғандықтан болар бұл. Небір даналық пен даралықтың, дарқандық пен даракылықтың, мәрттік пен мансапқорлықтың деңгейіне «опасыз жалған-ай» деп айдар тағып қойса да місе тұспайтындығымыздан-ау сірә.

Тегінде ерте ме, кеш пе бір келетін өлім адамды қорқытпайды, жанға бататыны оның тосындығы, жөнсіздігі, ақылға сыймайтындығы. Әсіресе, Әнуарбек ағамыз сынды ел жақсыларына «кезектің» тез жететіні қинайды. «Құдайға да жақсы адам керек» деген ғой. Таласым жоқ, бірақ олардың ғұмыры неге қасқағым болады екен? Дей тұрсақ та ағамыз пайғамбар жасында дүниеден өтті. Бұл жас оның көзі тірісінде адамдарға істеген айтып таусылмас жақсылықтарының өлшемі болар! Ардақты ағамыздың емші ретінде халыққа жасаған жақсылықтарын ел жақсы біледі. Қызметі де лауазымды, оны үкіметтің елеп-ескеріп марапаттауы да кем болған жоқ. Білікті маман ретінде талай-талай алқалы жиындарында қазақ мамандарының абыройын кетерді. Сонау 1971 жылдары Теміртауда бұрын-сонды болмаған нейрохирургия бөлімін ашуының өзі неге тұрады?! Аттай 38 жыл бір мекемеде істеудің өзі мықтылықты көрсетпей ме? Әріптестері С.С.Мартынов, А.М.Иванова, Г.А.Маралова сынды тағы басқа мамандардың тоғысқан сол 1970-1980 жылдардың аяғына дейінгі дәуір - КарМеттің метсанчесті болып дүрілдегені ел есінде болар.

Артта қалған ұрпағы туған-туыстары, жалпы сол ортаның адамдары үшін ресми аталмаса да Әнуарбек ағамызға көпшілік берген «Халық емшісі» деген атақ қымбат.

Жатқан жерін жарық, топырағың торқа болсын, абзал аға!

2003 жыл

## Адалдыққа табынайық

Әбекен-Аманбек Сыздықов хан да, қара да ат басын тіреп, аяқ суытатын Теміртау қаласының іргетасын қалағандардың жуан ортасында бой көрсеткен адам. Яғни, қала халқына көрсеткен еңбегі шаш-етектен. Тебіндеп мұрт шыға бастаған шағынан осы қалаға келіп, жетпіс жасқа толар-толмаста орнын үңірейтіп, жарық дүниемен осында қоштасты.

Қарағанды металлургия комбинатының партия комитетінің хатшысының орынбасары, бас директорының кадр жөніндегі орынбасары, осы өндірістің кәсіподақ комитетінің төрағасы, Теміртау қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Металлургия аудандық атқару комитетінің төрағасы болып елге қызмет көрсетті.

Әбекенді асында оны еске алып, сөз сөйлегендер ол кісінің атқарған қызметін емес, адамшылығын, адалдығын сол себепті ертұрманы бүтінделмей кеткенін тілге тиек етті.

Бүгінгі күні тапсырылған жауапты іске адалдықтың, тазалықтың, яғни ешкімнің де ала жібін аттап өтпейтін әулиеліктің аяқ асты болғанын сөз етті. Социализм дәуірінен қалған дүниеге ие болып, оны ұқсата алмай отырғандығымыз да назардан тыс қалған жоқ. Тірісінде жақсы болған адамның арты да өнегелі ғой. Көптің сөзінен көңілге түйгеніміз - бүгінде адалдық ауылының алыстығы болды.

Дәл қазір мемлекеттік идеология керек пе, әлде ұлттық идея керек пе деген пікір тайталасы жүріп жатыр. Екі үрдісті қолдайтындар да, қолдамайтындар да жеткілікті. Қарабайыр айтсақ, ит жығыстың үстіндеміз. Өз басым ұлттық идея жағындамын. Тек қана оны жаңадан, тың, өзектен өрбіту керек дегенге қарсымын. Тамырсыз, негізсіз дүние тұл. Әрине, оның зияндысы, пайдалысы бар. Оны екшелеп, талдап, тандап алуға біліміміз де, тәжірибеміз де жетеді. Өткеннің барлығын керексіз ету, сыпайы айтқанда әбестік, қайта қандай бір асыл маржандары болғанын несіне жасырамыз. Қай заманда да, әсіресе қазіргі уақытта идеология дейміз бе, ұлттық идея дейміз бе солардың актық нәтижесі ұтымды. Нәтижеге жету түпкі мақсат. Ал осыған алып барар жолды, бағыт-бағдарды, тіпті сүрлеу, соқпақ іздеп, арам тер болудың қажеті жоқ. Ол - сонау ықпалым заманнан белгілі, халқымыз аңыз, ертегіге айналдырған небір жақсы мен зұлымдықтың таразысы болған адалдық. Халық мүддесіне адалдық. Сондықтан, адалдықты ұлттық идеяның туы етіл желбіретіп. айдарынан жел ескізсек. талай мүдделі мақсаттарға жетеріміз сөзсіз.

Сөз арқауына себеп болып отырған Әбекеннің адалдығы - туа біткен қасиеті. Дей тұрсақ та, коммунистік партияның тәрбиесі

шынықтырып, шындады. Сол компартияның өз ықпалын өктем етудегі тәрбие жұмысының кейбір тәсілдерін неге жандандырмасқа. Бәріміз де сол тәрбиеден өттік. Өкініштісі, сол адалдықты өмір серігіне айналдыра алмауымызда. Бұл бүгінгі билік басындағыларға қатысты. Лауазымды қызмет иелерінің барлығы бірдей емес, әрине, бірақ өнеге алып жақсылықтарын аузымыздың суы құрып аңызға айналдыратындарымыз аз. Бүгінгі күннің шындығы да, қатерлісі де осы.

Кейде қиял шарықтап кеткенде осы адалдыққа арнап бір монумент орнатса ғой деген де ой келеді, Несі бар, «Аяз би әлінді біл, құмырсқа жолынды біл», - деп жыртық тымағын босағасына іліп қойған ағамыздың мүсіні Адалдықтың символы болуға жарамай ма? Жарағанда қандай! Тек қана адалдықтың ба? Ел басқарудағы теңдесі жоқ даналықтың да ғаламаты емес пе! Қиял қанша тәтті болса, сонша өмірден алыс. Сондықтан да аңыз өміршең, яғни рухани азығымыз. Рухани азықсыз, кампиған қарынды мақсат тұтқан елдің болашағы жоқ. Әлем тарихындағы небір мемлекеттік құрылыстардың негізі ел басқарған хандар, шаршы топта сөз бастаған билер мен шешендер, қиын-қыстауда қол бастаған батырлардың үлесінде екен. Әділ болып, халқына қызмет еткендердің аты ұмытылмайды. Күні бүгін жадымызда...

Иә... бәріне де уақыт таразы. Тілге тиек еткен Аманбек Медетұлы Сыздықов өз ортасында екінің бірі емес, адалдық ауылының қадірлі, төрде отыратын қонағы болатын. Әрбір ортада халқына жанкешті қызмет көрсеткен талай жақсыларымыздың аты ресми түрде аталмағанымен, есімдері ел аузында. Асқа қатысқан көптің тілеуі Теміртаудың бір көшесін Аманбек Сыздықов атымен атау. Қала әкімшілігі осы көптің ұсынысын оң, қабақпен қарсы алады деген сенімдеміз.

Табынсақ адалдыққа табынайық, ағайын!

2000 жыл

## Есімін елі ардақтар ақын Кәрім САУҒАБАЙДЫҢ қазасына

Жарық дүниеден Кәрім ақын өтті. Ел атынан сөйлейтін, елдің жырын жырлайтын, мұң-мұқтажын жоқтап, туған жерін қастерлеп, оның киелілігін, сұлулығын ең бірінші өз еліне, одан әрі басқаларға айғақ еткен арқалы ақын өтті. Кәрім Сауғабайдың дүниеден озуы сөз жоқ қазақ мәдениетіне ауыр тисе, оның туған жері Балқантауды



ойсыратып кетті. Ақын өліміне сену қиын, оған бой ұсынып, үйрену де мүмкін емес. Басқаша болғанда қазақ халқы «асылым», «ардақтым» деген ұғымдардан ада болған болар еді. Кәрім екеуміздің туған жеріміз Едірей тауының баурайы болса да, өте сирек кездесетінбіз. Сол кездесудегі азды-көпті сұхбатымыз ақындық дәстүрдің әрі қарай жалғасуына ауыса беруші еді. «Ауылдағының аузы сасық» болып, ертұманының бүтінделмегеніне мән бермедік. Туған жердің азып-тозуына полигонның, әсерін қынжыла айтып, оның үстіне елде тоғышарлық пен дүние қоныздықтың дендеп бара жатқанына ашынушы еді.

- Ақындық пен өнер дәстүрі кейінге қала тұратын болар, — деуші еді марқұм. Осы тұжырымын естіп тұрып ақын табиғатының даралығымен қоса қиялилығына да тәнті болғандай болушы едім. Жок, ондай емес екен, қателесіппін. «Артым не болар екен» дегені-ау, сірә.

Сонау ХІХ ғасырдағы Кемпірбайдан (1834-1895) ақындық өнер жарты ғасырға жуық үзіліп қалып, жетімсірегенде ел аузын тұщытып Кәрім шығып еді. Кәрім арқылы Балқантау әнге қосылып, осы өңір алты алашка, шартарапқа тағы да бір паш етіліп еді. Оның бакилық болуы ел мен жерді тағы да жетімсіретіп кетті.

Бір кезде аруақ қонып, нар шөккен, Қыдыр дарып, бақ қонған өлкенің жетімсіреуі дәл бүгін емес. Семей полигонының зардабы бар, оның үстіне «жығылғанға жұдырық» болып әкімшілік тәуелсіздігінен айырылды. Шарасыздықтан жылы орнын тастап, ел үдере көшіп, ата-баба қоныстары иесіз қалды. Осыны көріп-біліп отырған қалтасы қомақты, қонды ел азаматтарының не ойлаған ойлары бар екен? Бар болса бір шаң беріп қалатын уақыты болып еді. Өйткені, қайтадан дербес аудан құру облыстың да, үкіметтің де қолында емес. Ауқатты ел марқасқаларының қолында. Қолда барды Балқантау өңірінің экономикасын арттыруға жұмсаса, өзін-өзі билеу оп-оңай шешіліп тұр. Көпке топырақ шашудан аулақпын, кешігіп жатқан жақсылықты әлі де ел күтуде екенін айтуымыз керек. Әзірге қол ұшын беріп жатқандар - адал достар, ел дастарқанынан дәм татқандар. Кәрімді жерлеу рәсіміне өзінің досы, белгілі ғалым, публицист, жазушы Ақселеу Сейдімбек арнайы келіп, топырақ салды. Қолынан келетін көмегін аямайтынын білдіріп, ел басқарып отырған азаматтар, Қарқаралы ауданының әкімі Н.Омарханов мырзаға, мәслихаттың хатшысы А.Тәшенов мырзаға Егіндібұлақ орталығындағы мектептерінің біріне Кәрім атын беруді ұсынды. Мен осы сәлемді жеткізушімін. Екіншіден, Кәрімнің мұрасын жинап, қайта бастыруға ықпалын тигізетінін де жасырған жоқ. Алайда, көз көргендер, достары марқұмның семьясының ерекше атсалысуы керек екенін айту ләзім. Ақын тағдыры ойлантпаған, толғантпаған

жерде елдіктің, ерліктің мәнісі жойыла-ды. ел аты көмескі тартып. беймәлім күй кешеді. «Ердің атын ел шығарады, елдің атын ер шығарады» дейді халық даналығы. Осыны естен шығармасак, айтар өтінішіміз, опық жейтін өкінішіміз де азаяр еді.

2002 жыл

## Бірге есейгендер

Жанас, Мағрипамен бірге тумасақ та, біте қайнасып келе жатырмыз. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяғы, алпысыншы жылдарының басында болған таныстық бүгінгі күні кейде өзіміз де түсіне бермейтін етене жақындыққа ұласты. Содан бері бір-бірімізді ордалы жерде төрден, олжалы жерде сыбағадан, жорғалы жерде жолдан қалдырмай, торқалы тойларда топ жардық. Уақыт өте келе мандай тер селі арнасынан асып-тасып кемерінен шыға бастағанда Жанасты бастық ғып тағайындасын. Зәреміз ұшты, «мына жазғаннан айырылдык-ау», деп. Сөйтсек бәрі бекер екен. Сол қалыптарын өзгертепті. Қонаққа баруымыз бұрынғыдан да жиілеп, көбінесе өздері де арнайы шақырғанда көңілдерін қалдырмадық. Қалтамыздан шығып бара жатқан жоққой. Аз-мәз әзілге салғанымыз болмаса, бәрі шындық. Шындақ болғанда «...асы барда беріп жүріп ел танығандығымен» қатар, тыңғылықты еңбектің нәтижесінің жемісінде Қарағанды металлургия комбинатының, Егеменді Қазақстанның тәй-тәй басқан қадамдарынан бастап, өсіп-өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқанында. Былтыр Қазақстан Магниткасының 50 жылдығына ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өзі келіп Жанастың кеудесіне «Барыс» орденін қадады. Биыл да құралақан емес, «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен марапаталды.

Өмірде, күнде қызық, күнде той емес, күнгеі мен теріскейі болады. Бұрнағы жылдары тағдыр деген дүлей күш сендерді сынға салып сүріндіргенде, еңкейсендер де еңселерінді түсірмедіндер. Балаларың, немерелерің дем берді. Салиқалылықпен, сабырлылықпен жөндіндер. «Әрбір күннің өзінің таңы бар» деген екен дана халқымыз. Бүгін Жанасты 70-ке, Мағрипаның 65-ке толғандағы қол ұстасып 40 жыл бірге өмір сүрген ғұмырдың таңы атып отыр. Алдағы күндердің шапағатын сендерге ешкім көпсінбесін.

## Ел үшін еңбек еттім ерінбестен

*Бойындағы адамгершілік қасиетін, бітімі мен білігін жаны сүйген мамандығымен ұштастырып, ақ желеңді абзал жан атанып, ұзақ жылдар бойы қаламыздағы денсаулық сақтау саласының дамуына және науқастанған тұрғындардың құлан-таза сауығып кетуіне үлес қосқан жандардың ортасынан ойып тұрып орын алған дәрігер Гүлжан Әждарқызы Маралова бүгінде 70 жасқа толып отыр. Осыған орай замана ағысы, оның ішінде жанға медет болудың жай-жапсарына үңіліп, мерейтой иесіне бірер сұрақ қойған едік.*

- Гүлжан Әждарқызы, сіз екі ғасырдың куәсісіз, ғұмырыңыздың елу сегіз жылын өткен жиырмасыншы, ал он екі жылын осы ғасырда жалғастырып келесіз. Айтыңызшы, осы уақыт аралығында дағдарысыңыз бен таңқалысыңыздың қайсысы басым болды?

- Мен расында да екі ғасырдың куәсімін, жиырмасыншы ғасырдың 50-60 жылдардың орта шенінде орта мектепті бітіріп, 1964 жылы Қарағанды медицина институтының емдеу факультетіне оқуға түсіп, оны 1970 жылы үздік бітірдім. Сол жылы Теміртау қаласындағы медициналық-санитарлық учаскеге ординатор болып орналастым. Екі жыл өткен соң емдеу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалдым. Сол қызметімді 2007 жылға дейін істеп, зейнетке шықтым.

Медицина саласы қызметкерлерінің еңбегі құрметті әрі жауапты екенін жақсы түсінемін, өйткені өмір мен өлімнің белдесуіндегі кімнің жеңіске жететіні көп жағдайда дәрігердің білімі мен білігіне байланысты. Қандай қиын жағдай тап келсе де, дәрігер асығып-аптықпай, өз парызын өтеуге, яғни адам жанын арашалап қалуы тиіс. Міне, осындайда жылдар бойы жинақталған тәжірибенің мәні аса зор болмақ. Әрине, мен өзіме дейінгі, алдыңғы буын аға-апалардың көрсеткен көмегінің көп болғанын айта кеткенім жөн. Мысалы, Әнуарбек Ілдебаев, Мария Михайловна Иванова, Кап Бронно Петрович, Зеленский Валерий Федорович және тағы басқаларды атап айтуға болады. Бұл аталған азаматтар білгендері мен тәжірибелерін үйретуден, тәжірибе бөлісіп, кеңес беруден жалыққан жоқ. Сондықтан олардың алдында өзімді қарыздар санаймын, басымды иемін.

Дегенмен, өмір жолымда талай қызықты да қуанышты, күнгейлі де көлеңкелі тұстар болды. Сонау 1990 жылдардағы нарықтық қыспақ, дағдарыстар ешкімге жеңіл тиген жоқ, халықтың тұрмыс-тіршілігі, көрген тауқымет-тартыстары баршаға аян. Сол күндердің үшқыны медицина саласына да кері әсерін тигізді. Стационарлардағы науқастардың жағдайы өте нашар болды, ауырған кісілерге дәрі-дәрмектің тапшылығы, қымбатшылығы оңай тиген жоқ. Сырқаттарды құр сөзбен емдеу мүмкін емес, дағдарыстың әсерінен

науқастарға кол ұшын беру өте қиын болды. Менін дағдарысым деп бөле-жармайын, барлық қазақстандықтарды қамтыды емес пе? Таң қаларлықтай, жанынды жадырататындай шуақты күндер аз болды, дегенмен үміт алға жетеледі, болашаққа деген сенім құштарлығы зор болды.

Ғасыр асардағы қиямет-қайымға қарамай, егемендік қуаты танқалдырды. Мен үнемі «Осы қазақ деген халық шыдамдылықтан жаратылған ба, әлде даналықтан ба?» деген ойға қаламын.

**- «Бір қолымен бесікті, екіншісімен дүниені тербеген» әйелдің асыл қасиеттері мұндай қиын кезеңде бәсеңси бастаған жоқ па?**

-Ана деген атауға ие болу әрбір әйел затының арманы деп білемін. Осы ана деген ұлы ұғымды, аналық қадір-қасиетімді ардақтап, бар күшімді, саналы өмірімді жұмсағаным рас. Жұмыс реті де осыны талап етті. Дәрігерлердің адами қасиеттері мен адамға деген махаббаты ауруларға дем беріп, жылы да сыпайы сөзбен дертке дауа болуының өзі бір ғанибет. Дәрігер мамандығының қызығы мен қиындығы қатар жүретіні, өмірге деген құштарлыққа жетелейтіні - алдындағы науқастың өзін секілді адам екенін жете түсінуге итермелейді. Әрине, ол үшін бойындағы әйелге тән қасиеттерің мен адами рухынның биік болуы, мамандығыңды сүю - адал махабатың мен адамдарға деген абыройлы қасиетінді сақтауға міндеттейді. Мен бар өмірімді, күш-қайратымды, білімім мен іс тәжірибемді туған халқыма арнап, қырық жылдай еңбек еттім. Мұны теміртаулықтардың көздері көрді.

Қазақ әйелдері иманды, өрелі, сыпайы, ер адамның алдын кесіп өтпейтін, парасатты ұрпақ тәрбиелейтін болса екен деп тілеймін. Ел ішінде жақсы да, жаман да кездеседі, ғой, мен. Өсекшіл, ақымақ, қызғаншақ, парықсыз әйелдерді аяймын.

**- Гүлжан Әждарқызы, саналы ғұмырыңызды Теміртау жұртшылығының денсаулығын сақтап қалуға арнаған жансыз, талай оқиғалар есіңізде қалған шығар?**

-Талап пен ынта, аянбай еңбек ету менің «хоббиім» болды десем артық айтқандық емес. Несін жасырайын, отбасы-ма көп көңіл бөлуге уақытым болмады, жұмыс-жұмыс деп жүріп, зейнетке шықтым. Менің еңбегімді бағалаған ел-жұртыма ризамын, жоғары санатты және КСРО-ның үздік дәрігерімен, кеңес заманында одақтың көптеген қа-лаларында оқып, мамандығымды жетілдірдім. Мен үшін халқымның алғысынан асқан атақ пен абырой жоқ.

Мына бір оқиғаны айтып берейін. Дәрігер болып істеп жүрген алғашқы жылдары Вдеген 22 жасар азамат өте ауыр халде емдеу бөліміне түсті, оның бүйрегі ауыратынын анықтап, ұзақ уақыт

емдедім. Кейіннен оны ата-анасы Мәскеуге апарып тексертсе. ондағы ғалымдар диагноздың да, емдеудің де дұрыс екендігін айтыпты. Сол мезеттен бастап, сол отбасы осы күнге дейін мені қадір тұтады. Мұндай жағдайлар қырық жыл ішінде қаншама?! Ол менің мамандығымның кемелденген кезі болатын. Бұл да менің енбегімнің зая кетпегенінің белгісі.

**- Бүгінгі таңда ақ желенді абзал жан атанған дәрігерлердің тоны теріс айналып кеткен жоқ па? Бұған не айтарыңыз бар?**

- Менің түсінігімше, бұрын дәрігерлердің болмыс-бітіміндегі пәктік пен ақ желеннің ақтығы, тазалығы аса бір керемет үйлесім табатын. Бүгінде дәрігерлер киетін ақ желең тамақ дайындар алдында мойынына іліп алатын алжапқыш сияқты көрінеді кейде. Заманның ағымы солай ма, адамдарда адами қасиеттер өзгерген бе? Дәрігер жанның арашасы, өмір мен өлім беттескен сәтте, сын сағатта мандай теріне шомылып, өзінді ұмытағын кездер болады. Өмірге араша түсу онай шаруа емес, ол үшін мамандық иесі болу аздық етеді, оған қоса білім мен тәжірибе, батылдық, қиыннан қиыстырып жол таба білу секілді жайттар да ауадай қажет. Бұған заман талабына сай дәрі-дәрмектер мен техникалық құрал-жабдықтарды қосыңыз. Бүгінгі дәрігерлердің білім сапасы, тәжірибесі айтарлықтай емес-ау деген ой келеді. Себебі, ақшалы оқу, сатып алған диплом күмән туғызады. Осылардың өрістеуі ақ желеңнің ішін қуыс қылып тұр-ау...

**-Әңгімеңізге рахмет. Жасыңызға жас қосыла берсін!**

## Қосағымен қоса ағарғандар

Адымды аттап нық басып, қол ұстасып жұптасып жетпіс жас деген белестің үстінен қол бұлғағандар шоғырлана бастады. Жақсылық ғой, әрине. Сыйластарының самаладай тізіліп, жарқырап отырғанына не жетсін. «Тең-теңімен, тезек қабымен» емес пе? Оның үстіне бұлар тұнып тұрған тарих қой. Қарағанды металлургия комбинаты, яғни Теміртау қаласының, арқа өңірінің шежірелерін жасағандардың қатарында. Бұл жәй әншейін сылдыр сөз емес. Кешегі өткен кенестер одағында жылына 3 млрд. сомның өнімін беретін облыстар саны жаңылмасам отыздан сәл-ақ асатын. Солардың жуан ортасында Қарағанды облысының шоқтығы биік болатын. Ал енді сол үш млрд.-тың 1,7 млрд.-ын жалғыз металлургия комбинаты беретін. Осы көрсеткіштер айтуға ғана онай, ал өнімді шығару от-жалынмен арпалысып күніне екі шелек тер төгетіндердің үлесінде. Солардың алдыңғы шебінде жалын тарғып атқа мінген Әскербек жездем мен оны

«біссімiллә» деп қолтығынан демеп, ат шылбырын қолына ұстатқан Көкен апамыз екеуі қосылып, 140 жасты жасап отыр.

Жездемiзбен танысқанымыздағы суыртпақтап отырып білгенiмiз «Жамбыл облысынанмын» деген қысқа қайырым болды. Металлургия деп өзегі өртеніп бара жатқан түгі болмаса да, «Қазақстан Магниткасы», «Комсомолдық жолдама» дегенді құлағы шалып, сонау, тым алыстан естілер ішкі үнге жанұшыра құлақ түрер әдет тапқан, әрі-бері, бей-жай күйге түскен. Осыны білдірмей, «жасым жетпей қала ма» деп оған төрт-бес айды қостырып та жіберген. Осы бір албырттықты анда-санда еске түсіргенде «апам түсіне түскен болар» деп қалжыңдаймын. Сонда «Иә» де «Жоқ» та демейді, бет-әлпетін түгел қозғалтып күлетін әдетіне кезек береді.

Ақырында жұлдызды шағы туып, комсомолдық жолдамамен 1959 жылы Қазақстан Магниткасына келіп тынды. Суырылып көзге түспеді. шешенсіп шеберлік танытуға да асықпады. Бәрін де жүйесімен, ретімен жасауға барын салды. Айқайлап, араздасып жататындардан бойын аулақ ұстады. Ортасының көшбасшысы болды, талай қарамүйізділермен иық тіресіп, үзенгі қағысты. Өз шамасын жетік білумен дараланды. Жүрер жерін, сөйлер сөзін білді. Өзінен кішілерді «бауырым, балдызым» деп еркелетті. Қырық алты жыл бір жерде абыройлы жұмыс істеп, үкіметтің марапаттауынан кенде болмаған жездемiз, сол баяғы Әскербек... Әсекен...

Көкен апамыз туралы сөз қысқа. Еркек затын құдай санайтын қазақтың байырғы бәйбішесі. Анда-санда реті келгенде Әй, бәрі де иелерінің арқасында екенін ұмытпандар» деп құрбыларының, келіндерінің мысын басып тастайтыны бар. Тұңғышы - жездемiз, бағып-қағудан жалықпайды. Кей-кезде осы апа-жездем бір анадан туғандай да болып көрінеді. Сол уақыттарда махаббат пен сыйластықтың қайсысының бұрын сүйектеріне сіңіп кеткенін білмей дал боламын. Жездемiзден үлгі алып, апамыз да өмір бойы бір жерде қызмет атқарып, құрметті демалысқа шықты. Бүгінде орталарыңыздағы төр, сыбағаның сүбелісі де өздеріңіздікі. Абырой-атақтарын аса берсін. Алдымызда қара тартып жүре беріңіз. «Қосағыңмен қоса ағар» деген де осы шығар.

## Наркескен

Көргеніңді, білгеніңді ауызша айту бір басқа да оны қағазға түсіру құдайдың қияметі екен. Осы әңгімені марқұм Ақселеу Сейдімбеков 1993 жылы өз үйінде (Алматы, С. Қожамқұлов көшесі)

отырғанда менің аузымнан естіп: «дүние ай, осыны ешқандай өзгеріссіз өзің айтқандай етіп жазсаңшы,»-деп еді. 2000 жылы дәм тартып үйімде отырғанда Илья Жақанов ағамыз да осы тақылеттес ой салған еді. Содан бері талай жыл өтті, талай қолыма қалам алғаныммен тартына бердім. Мәдидің рухы мысымды баса берді-ау сірә. Не нәрсеге де төреші - уақыт. Біссімллә...

Арба үстінде молдас құрып отырған Сары Қамит жан -жағына жиі-жиі жалтақтап ізлегенін таппай тағатсызданып қозғалақтай берді. Әлден уақытта оң қолымен көзін көлеңкелеп алдағы қыраттарға бір сәт сығрайтып көз тоқтатқан бойы «Әй, сен шаншармысың, -деді де менің жауабымды күтпей опырылып оңға бұрыла беріп «құдай- ау, біздің үйдің орын қай жер еді;- деп өзіне сұрақ беріп, ә..., ана..., иә...,иә, иә, осы жер, дәл осы жер,»- деп жерден жеті қоян тапқандай болды. Бір кезде осы жерде ел мекені болған екен - ау дейтіндей мысқалдай да белгі біленбейді. Дым құрыса «ит сарып, шөп өспей» қалған жерді көзім шалар емес. Қыс қыстауы болатын жерге ұқсамайды. Әлде жаз жайлауындағы кигіз үйдің орны шығар-ау. Солай болғанда да ауыз судан алыстау екен деген ой келді. Жасының келіп қалғанына қарамай көз ілесіпейтін қимылмен арбадан лып етіп секіріп түсіп шапаны желбіреп он шақты қадам аттап барып етпетінен жата кетті. Екі иығы солқылдап жатыр. Келесі сәтте аударылып, шалқасынан түсіп аяқ - қолдарын жайып жіберіп «жарықтықтарымай» деп аһ ұрды. Екі көзінен моншақтап аққан тамшылар самай арқылы құлақтың жықпылдарына жетіп сініп жатыр. Сәл уақыттан кейін жинақы көтеріліп, еңсесін тіктеп... «Біссіміалә» деп бастап құранды ұзақ оқыды.

Арбаларды бері бұр, осы жерде түнейміз. Атаңа нәлет «көртопырақ» (гуртуправляющий) екі жылдай осы жұмысқа жолатпай қор қылды емеспе? Әйтпес жыл сайын Қарағандыға мал айдап бара жатып жол-жөнекей осы жерге аунап-қунап аруақтармен сырласып көңілім жәй таппас па еді. Келмегелі көп уақыт болды, көп нәрсе көмескі тарта бастаған ба...? Уһ, алай бойым сергіп қала ма деп едім, керісінше ауырлап барам қалай...

Жүктерді түсіріп, шәй қамын жасап жіберші деп жантая кетті. Жүріс - тұрысы жинақы, бет-әлпетінен ешқандай өзгеріс байқалмайды, аяқ астынан не болып қалды» деп секем ала бастадым. Әсіресе ешкімді жолатпай жүктерді өзі ғана тиеп, өзі ғана түсіретін дағдылы ісін маған тапсырғаны күдігімді арттыра түсті: жүкті түсіргенде неден бастаушы еді, - деп біраз ойланып оңтайлана бергенімде «Мосыны түсір», деген Құс Сәлудің ту сыртымнан сыбырлаған дауысы анық естілді. Осы шалдар жын ба, шайтан ба,

қалай ғана ғайыптан пайда болды деп ой түйіп мосыға қол соза бергенімде «ығыса бер, мен қуды іздейін» деп аса бір ептілікпен жүктердің арасына салалы саусақтарын жүгіртіп, таппаған соң, екінші арбаға қалап қойған қиды аудара бастаған.

Әй.., түбің түскір, ол қай уақытта да менің жанқалтамда жүретінін білмеуші ме едің? Күн ашық, желсіз, басқа да тамыздықтар бар емеспе?

Құс ұйқылы саққұлағым - ай, осы жерге келгенде сенің қисайып қалатынынды біліп оның емі шәйді тездетейін деп ем ғой. Саған жақсылық жасайын деген мені де ұрып өлтіретін адам табылсайшы?

- Мына баланы сен жіберіппе едің?

Мен жібермегенде ше, көкпен түсті деп отырмысың. Сенің осында келмегеніңе бірталай жыл болды, онсыз да келген сайын сенің көңілің нілдей бұзылатынын біліп кім біледі.

- Кім біледі..? менің сүйегіме түсуге асығып жүрмісің?

Олай - бұлай болып менен бұрын «аттанып жатсан» сүйекке түсу қайда қашар дейсің, әзірге сол сүйегінді аман-есен сақтап қалудың қамы ғой. Мосы да құрылған екен қуды әкел, менің де сақинам ұстай бастады.

Е...е...е, өзімнің қамым десенші, деп белінен теріден тігілген шақша іспеттес кішкене дорбасын шешіп алып бір шөкім аппақ ұлпаны ұсынды. Құдай-ау, мынау не, мақтама? Мақта қай уақытта тамыздық болып еді? Көкейімде пайда болған осы сұрақты бірден сезген Сары Қамит:

Қу қайынға бітіп, шодырайып тұратын шөп. Қайынды қағып жібергенде «қу» жерге түседі, осының ішінде мақта сияқты ұлпа болады, табылмайтын тамыздық. Әсіресе жаңбырлы, боранды күндері. Екі шақпақ тасты бір біріне соғыстырып тоса қойсаң от бірден тұтанады. Осы күні сіріңке бар, жанбырлы, боранды күндері онымен от тұтатудың өзі бір қиямет, сол себепті де шақпағым жақсы... айтпақшы, сен шаншармысың, -деп бастапқыдағы сұрағын күтпеген жерден тағы қайталады.

Иә.

- Қайсысың?

Әибике, төртбекпіз.

Ім...м.м бәйбішенің балаларымыз де ..., төртбектің қайсысың?

- Тінібекпіз, кенжесіміз, отау иесіміз.



Әй, мына батада бірдеме бар жап - жас болсада нық сөйлеп, тақылдап тұр ғой, - деп шәй қамымен жүрген Құс Сәду сөзге аралысты. Қарабураны осы балаға қисаншы, кім біледі..?

Әй, осы сенің сөзіңнің мәтелі-ай, бірақ осы жолғын көңіліме қонып тұр, шынында да, кім біледі -ау.

Барды - жоқты, көрген білгенді түгендеу басталып Балқантау өңірінің тарихының кіріспесіне бойлап енді кіре бергенде; -шәйға келіндер, онашада шөлімізді қандырып алайық, малшылар да келіп қалар деген Құс Сәудің дауысы әңгіме желісін шорт үзіп жіберді. Қидың қып - қызыл шоғына ызылдап қайнап тұрған шәй құйылған кесені екі ұрттап кезектесіп ұсынып шөл деген «жыланның» басын қайтарғанша менің біраз уақыт күте тұруыма тура келді. Екеуінің түрлеріне, әсіресе Сары Қамиттың түрі қарақошқылданып әжім салаларына маңдайдан аққан тер тамшылары толғанда бет - аузы кілкілдеп ісіп кеткендей түрін көргенде жаның түршігіп, келесі сәтте күлкі қысады. Бір - бірімізге ләм - лим демейміз, құдды бір ұрыссып қалған адамдаймыз. Мен бір кесе шәй ішкенше олар екі - үш кесені төңкеріп тастайды.Әлден уақытта көңдері жібіді білем, сендердің ата қоныстарың Едрей ме еді,- деп тыныштықты Құс Сәду бұзды.

Сол таудың айналасы ғой мына жағы Үшқараға дейін созылып жатады.

Мәдиден бірдеме білесіңбе?

Ақсақалдардан естігенімнен еміс... еміс..., бір - екі ауыз өлеңі есімде.

Ойпырай, дым құрмаса бір ауызын айтып көрші, деп лып етіп шапшаң қимылдап қанжығасында жүретін домбыраны кигіз қабынан алып маған ұсынды.

Едрей басың биік, шөбің сұйық

Ойнайды бауырында жалғыз киік

Түскенде сен есіме қайран елім

Төсекте жата алмаймын ішім күйіп.

Айтқаным ұнамады ма, екеуі де үнсіз қалды.

«...Айтып көрші» дегеніне қарағанда асқан әнші болды - ау шамасы. Тегін адам қанжығасына домбыра байламайды ғой. Арқаның көк көдесіне тиген ат тұяқтарынын мақпал тырсылы естіліп үшеумізде тез көтеріліп малшыларға беретін шәй қамына кірісіп кеттік. Шәйға дейінгі сөз әлпеттеріндегі тосын да. жұмбақ сұрақтардың мәнісі қашан ашылар екен, - деп тағатсыздануым үдей түсті. Токтаған жерге бір түнеп, ертеңгі шәйді ішіп болған соң Сары Қамит бұйыра, сөйледі.

Түскі тамақтарың осы жерде болады. Екі жұп болып топтасып, кезектесіп келіп кетерсіңдер сондықтан да аса

алыстамандар. Сәду, мына бала менімен болады, - деп мені иегімен нұсқады, жәнеде бүгін қонатын жердің ошағын қарай салшы, жұрнағы бар ма екен?

Быттыр бар болатын, кім біледі..?

Ендеше күмәнінді сейілтпін қайт.

Шаруашылыққа байланысты үкімдерін тегіс тындырып болғансоң «атынды ертте» деп маған бұйыра сөйледі. Айтқанын орындап атты жаяу жетектеп өзіне жақындадым.

Ал шаншар, сен анау төбелерді көріп тұрмысың, - деп, тұрған жерімізден мөлшермен бір жарым, шақырымдай алдымызда жатқан сиыртандай бұйраттарды нұсқады.

Иә.

Сенің «иә»дегеннен басқа сөз ауызына түспейме? деп бір мінеп алды да: «Көріп тұрсаң сол жақтағы шоқтығы биігіне барып қайт, басына сол жақ етегінен шық, жан - жағына көз тастап жақсылап тұрып барлап қайт. Асықпа.

Осылардың неменеге маған бауырлары езіле қалды, нені айтып, нені көрсетпек, төбенің басына басқа жақтан шықсам ше, нені барлап қайтуым керек, - деген сұрақтар қаулап, өзіммен - өзім болып айтқан жеріне барып таң қаларлықтай ештеме көре алмай, жол - жөнекей жуа теріп жеп, біразын ақсақалға әкеп бердім.

Ертерек келсең өзім де сені жуаға жіберем бе деп отыр едім жақсы болды, көп рахмет. Ыдыс - аяқтарды дайындай бер, малшылар да келіп қалар.

Ей құдіреті күшті жаратқан ием, мына шалдар мені жындандыратын шығар. Бір нәрсені жұмбақтап, әлденеге емеуірін танытып, барып кел, біліп кел деп, - жібереді де «не көрдің, не білдің,» -деп сұрамайды. Түскі тамақтан кейін ыдыс - аяқтарды жинап жүргенімде: «ошақтағы қоламтаға бір - екі ки тастап, шәй қоя сал, кәзір Құс Сәду келеді деді де,» - орнынан тұрып арбаның алдындағы өзі астына салатын бөстекті алып отырған орнына жайғасып, жан - жағына көз жіберіп ұшар құстай қомданып, жөткірініп алды. Өне - міне дегенше Құс Сәду де жетті. Осының барлығына таңқалып үнсіз қарап қалған маған жаныма отыр дегенді ыммен жеткізді. Екі шал тағыда не дер екен, - деп жандарына жайғаса бастадым. Екеуі де малдас құрып еңкейіп көздерін жұмып алған, Сары Қамит еріндерін жыбырлатып отырма қалай, аздаған үнсіздіктен соң иә.., деп басын көтерді.

Біраздан кейін жылжымыз. Кеткім келмей, кимай отырмын. Екі жылдай келмегеннен соң болар. Бұрын - сонды шаншарлардан қосылған мал айдаушыларға дәл бүгінгідей осыны

айтуға құмартпаппын, оның үстіне мына шоқыға қарап отырсам сол күнгі оқиға көз алдыма келе қалады.

Иә..., сол жылы есімді біліп қалған кезім еді.

Көктемнің белгісі ескек жел соғып, қалың қардың қолтығы сөгіліп бір - ақ күнде қар суы дала жықпылдарын, сай - саланы толтырып әуре - сарсанға салды. Бір жұмадай уақыт өтер - өтпестен жер қарайып, бәйшешек қылтып көріне бастады. Осы бір көктем құбылысы біздің ауылды жайлауға үдере көштірді. Қардың қалыңдығынан Матақ булағының аяқ жағын су алып кеткендіктен арнадан әріректеу барып көш тоқтап, қазықтар қағыла бастады. Ауыл байлары - Итболдының Нұрлыбегі мен Тұрлыбегі Матақ жазығын қорғап байыған дейді білетіндер. Әсіресе Қоянды жәрменкесі ашылар алдында мал айдағандарға жәйлім беріп, отты жерлердің пұлын арттырады екен. Сол себепті де қысы жазы жер қорғап басы артық мал жібермейді екен. Қыстың қатты аяздарында Матақ жазығын Қара бура қорғайтынын бала болсақта сезетінбіз. Өйткені бура бұрқ- сарқ етіп сол жазыққа қарай желе жөнелгенде ауылдағылар азынаулақ малдарын қарсы жаққа айдайтын. Жарықтық осы бура керемет үлкен еді. Ат үстіндегі тымақты адамның бойы өркешіне әзер ілінетін. Қыста күніне бір - ақ рет суарып тұзды - кермек суды жақсы ішеді деп суға тұз қосып жататынын талай көретінбіз. Бүгінде жұмыстың ең үлкені - осы бураға шарбақ салудан басталды. Бура құтырған уақытта оған шарбақ шыдаушы ма еді тәйірі шарбақты қиратып, тұсауды үзіп, лағып кеткенде арты дауға айналып жататыны үйреншікті жағдай еді. Сондай күндердің бірінде күн көкжиектен қамшы бойы көтеріле бергенде көз жетер жерден бір атты көрінді. Қоянды жақтан шыққанына қарағанда қалың шаншарлардан болды ғой десті үлкендер. Әдеттегідей шабалап үрген иттермен бірге біз де жүгірдік. Біздің жүгірісіміз жылдам ба әлде жолаушының жүрісі шапшаң болды ма, әйтеуір ара - қашықтығымыз тез арада қысқарып, таяқ тастам жерден ат үстіннен еңкейе келіп ішіміздегі ең кішкентайымызды іліп алып алдына отырғызды да тоқтамай жүріп кетті. Өзі бір қызық адам екен, біздің сәлемімізді алып, «бәленшенің ауылы осы ма?» - деп сұрамаушыма еді? Іле - шала бізде ауылға жүгірдік. Байлар үйінің алдында жиналып қалған адамдардың арасына «сүнгіп» кетіп, сығылып алға шықсам жолаушы ат үстінде отыр. Бұнысы несі - ей? Келген жолаушыларымен жөн сұрасып, мәре - сәре, сампылдасып жататын ауыл адамдарына не болған? Бәрі де үрпісіп, ләм - лим демей үнсіз тұр. Өлі тыныштық. «Қыпша бел қайда?» Жолаушыға қарасам...ойпырмай сырты суық көз жанары қандай өткір еді, адамды бірден тіксінтіп, тұқыртып тастайды екен. Біздің адамдарды

осынысымен арбап алғандай. Жұқалау, жеңсіз жарғақ тон қысқа да онтайлы екен, әдемі тігілген басындағы бөркі, киген киімдерінің барлығы дене бітіміне жасарып - ақ тұр. Атының түсі де таңқаларлық - көкпенкөк. Алдыңғы сол аяғының тізесін тұмсығымен сүйкелегенде байқалым құлақтарының түбі жіпсі бастапты. Онысы несі екен деген ой жылт ете қалды. Көңілінді ынтықтыра беретін бірдемесі бар. Әлден уақытта Нұрлыбек пен Тұрлыбек келіп аттарынан түсіп жақындай бергенде жолаушы ат үстінде отырған күйі ана екеуінің алдын орап сөз бастап кетті.

Қыбыр еткенді көріп, тықыр еткенді естіп жатамыз. Сендердің Қара бураларыңды алғашқы естігенде «ойпыр - ай біреулердің обалына қалмаса жарар еді», - дегенімді естіп: «бұлар бес бошанды қашанға дейін жетегінде ұстай бермекші,» - депсіңдер. Бес бошан жетегімізде ешқашан жүрген емес, анда - санда келіп ақыл - кенес сұрап кететіндері болады. Осыны көпсініп қыңырлықпен қисық сөйлеп шаншар әулетіне қыр көрсетіп өз ұпайларыңды арттырмақ болыпсыңдар. Ешкімге қиянат жасамай ешкімнің ала жібін аттамай шаруашылығын дөңгелетіп, жақсылармен иық тіресіп, үзегі қағысып жан - жағына дос - жарандарын жинап өсіп - өніп отырғандарды көрмейсіңдер, көргілерің келмейді. Осы жазықты Матақ батыр қалмақтардан қорғап еді, сендер енді өз қазағыңнан қорғап, айналанның өрісін тарылтып Матақ батыр аруағына қара жамылдырдыңар. Менің туажатым осы жерде Қара буранның астында тұншығып өлді. «Алдыңа келсе атаңның құнын кешірген» қазақ едік, сорымызға қарай адамнан абырой, сөзден қадыр қашқан заманға тап болдық қой. Сендердің біреуінді ат құйрығына байласам ешкім қолымды қақпас еді. Бірақ Матақ батырдың аруағы тағыда қара жамылмай ма? Аруақты силамасақ кім болғанымыз? Опасыз жалған - ай, жақсылық істеу үшін адам баласына жат тағылықтың босағасын аттағалы тұрмын. Дүлей күштің иесі - мақұлықпен арпалысқа түспекпін. Не ол, не мен. Кім үшін? осыны түсінетін қайсысың барсын? Ертең тал түсте мен анау көрініп тұрған сиыртандай бұйраттардың сол жақтағы шоқтығы биік төбенің етегінде боламын. Мен көрінгеннен кейін Қара бұраны маған жібересіңдер. Жазым болсам менің құнымды ешкім сұрамайды. Осыған ауыл адамдары сіздер куәсіздер, жәнеле оған шек қоймаймын, шек келтіретінім өз ортам, көлденең пайда табуға дайын тұратындар бас көтере қалса осы күні орыстың зан - зәкүнінің ең басты куәсі де, куәгері де мына Қолхатты сендерге беремін деп, - бір парак қағазды қолдарына ұстатып жүріп кетті. Дауыс жетер жерге ұзап барып, ат басын бұрыла: «Қара бұраны жібермесендер өз обалдарың өздеріңе,» - деп дауыстады. Екі

байдың өндері боп - боз, көздері шарасынан шығып кеткен, бет бұлшықтары жыбыр - жыбыр етіп, дінкелері құрып тұрған жерлеріне отыра кетті. Амалсыздан басқаларымызда тізе бүктік. Ауыл адамдары бір - бірене қарап, мына мылқау үнсіздікті бұзуға шамалары келмей қысылып - қымтырылып отырғанда бірінші болып есін жиған Нұрлыбек болды.

Ертең Қара бұраны жіберсем ол Мәдиді өлтіреді, одан кейін шаншарлар мені өлтіреді. Бұраны жібермесем Мәди мені өлтіреді. Құдайдың жазғаны осы болар. Көзімнің тірісінде жаназамды өзім шығартып, қонақ асымды беріп кететін болдым. Кешке үйімізге келіп осыған куә болыңыздар. Адамдар тарай бастады.

Ата, Мәди кім?

Данышпан Қазыбек бидің ұрпағы.

Батыр ма?

Болғаны ғой.

Кешке жақын бай үйіне барайын деп үйден шыққан атам әдеттегідей маған: « Жүре ғой айналайын» демеді. Салым суға кетіп далаға шықсам достарым да менің кебімді киіпті. Бұрын ылғида сылтау тауып аталарымыздан сытылып шығуға дайын тұратын біздер, бүгін сол кісілердің тізесінде отырмағанымызға бірінші рет өкінген шығармыз. Қай уақытта ұйықтап қалғанымды білмеймін, таңертен оянсам жанымда ешкім жоқ, жалғыз қалыппын. Жан ұшырып тұра жүгірдім. Аброй болғанда тал түс бола қоймапты. Тура қара бураның шарбағына тарттым. Достарымның көбі осында екен. Шарбақтың алдында белдерін бекем буып шоқпар іліп, қолдарына қайың құрық ұстап екі жігіт тұр. Көздерінің қызырып, шүңірейіп кеткеніне қарағанда түні бойы көз ілмегендері көрініп тұр. Әріректе үлкендер жиналған, молда құран оқып отырма, әлде зікір салып отырма әйтеуір даусы да, кимыл - қозғалысы да біртүрлі түсініксіз. Қара бураның төрт аяғына бірдей шідер салыпты, ауызы буулы күйіс қайтаруға шамасы келмей көздерінен ұшқын атып тұр. Дәл осындай жақын жерден көрмеген екем, бұрынғыдан әлдеқайда зор көрінді. Шегір көзінен адам шошырлық, бас сүйегінің өзі кешігірім марқадай, азуына ілінген жан иесі астапыралла... бірақ бұлар «қолға» түскендерін тұншықтырып өлтіреді дейді, - ғой. Көп жылдар кейін сол бір ұсқынсыз алып бейнені көргенде қорқыныш дегеннің не екенін бірінші рет сезінгенім есіме түседі. Ауыл адамадарының тай - тұяғы қалмай әр жерге шоғырланып топ - топ болып жинала бастады. Еркек атаулының барлығы Қара бура шарбағының маңайында.

Ағайынды екеулері көрінбейді ғой?

Барлығын тәтпіштеп тапсырыпты, бірақ далаға шықпайды ғой деймін. дүние шыр айналып, шегесі босап, киюы кетіп тұрғанда онай деймісін.

Бастан бақ тайғанда адам именшек келеді деуші, - еді бұрынғылар...

Ойпырай, ел арасы бүленетін болды ғой, ешқандай амал табылмағаныма? Мүмкін емес қой? Әйтеуір еледі екен, одан да буранның қарнын жарып жіберіп, өзі басын иіп Мәдиді неге тосып алмайды, кешегі мәжілісте қайсыларын болып едіңдер?..

Мәжіліске қатыскандар әлі сол үйде, ақсақал сәл ығыса беріңіздер тағдырдың тәлкегі деген осы болар, батырдың көрінетін уақытты болып қалды, бұраны босатайық, - деп Қыпшабел іске кірісті. Осы кісінің шын атын ешкім білмейтін шығар, екі иығына екі адам отырғызатындай алып адамның екі иығы сонша жалпақ болса белі сонша жіңішке еді. Қыпшабел демеске амал жоқ - ау. Буранның төрт аяғын босатып, тұмшалаған арқанмен жетектеп алға қарай оза берді. Соңынан ұшқыр аттар мінген қарларында құрық қолдарында шокпар бес - алты жігіт бөлініп екі жақтан қапталдап ілесе жүрді. Құдай - ау, дәл сол бір сәтті күтіп тұрғандай сонодайдан атын көлбедетіп Мәди де айтылған шоқының етегіне ілікті. Сол - ақ екен Қыпшабел «баяғыда қатпа жабысып қатып қалмадың қатып қалғыр деп, қарғап - сілеп бір - екі рет сілкіп - сілкіп жіберген арқанды тастай салды. Қара бура «босатты ма босатпадыма» дегендей жан - жағына көз тастап басын төмен салып жерге жеткізер - жеткізбестен денесін тулақтай сілкіп, көз ілеспейтін қимылмен құдды бір басын аспанға лақтырғандай қайта көтергенде тұмшалаған арқан быт - шыпы шығып аузы арандай ашылып ашы дауысы құлақ тұндырды. Астафиралла... бір алла жар болсын... мына дүлейден аман құтылу... әй қайдам... не болар екен? Сол уақытта Қара бура Мәдиді байқап қалып тесіле қарап қалған еді. Ол да тұрған жеріне қағылып қалғандай қозғалмады. Тірі жан мен мақұлықтың арбасуына куә болып біз тұрмыз. Мақұлықтың аты мақұлық қой «жемтігін» көрген соң желе жөнелді. Қыпшабел бастаған топ та желе жортып арт жағынан ара - қашықтықты сақтап ілесіп барады. Қара бура жүрісін тез үдетіп барып, кілт тоқтап тосын мінез көрсетіп «сендер қайда бара жатырсындар» дегендей ақырып жіберді. Аттар қатты шошып, лағып кете жаздап бірақ жігіттер оларға ырық бермеді. Мәдидің аты да, өзінде ешқандай сыр бермеді. «Мәди атын тастай керен, су қараңғы соқыр етіп арбап тастаған ғой, - деген сәуегейлік естілді. Ақырып айбат шеккенін «қаперіне алмаған көз ұшындағы қараға» жылы келді ме немене Қара бура барып салып желдей есе жөнелді. Артымыздан «қайтындар» деп айғайлаған

дауыстарды құлағым шалғанда ғана байқадым ауыл балаларының жартысы жүгіріп келеді екенбіз. Әдейі бізге ортадан жол ашқандай Қыпшабел жігіттері екіге бөлініп қатарласып аттарына қамшы басты. Біз де жан ұшырып келеміз. Әне - міне дегенше Қара бура шоқының басына жетіп те қалды. Бастапқы баяу жүрісін өзгертпеген Мәди шоқының басына көтеріліп тура келе берген бураға артын беріп атының басын әрі бұрды. Өлді - ау, деп біз ойлап үлгермей, бірдене деп айғайлаған Қыпшабелдің дауысы жұтылмай жатып Мәди артына бұрылып атының сауырына ұмтыла берген бураға қамшысын бір сілтеп қалып ат тұяғымен шанды бұрқ еткізіп көзден ғайып болды. Қас - қағым сәт өтпей бура теңселіп барып жерге сылқ етіп құлап түсті. Қанша ұшқыр аттар мінгенмен дәл осы сәтте Қыпшабел жігіттері шоқының етегіне ғана ілігіп Қара бураның «шаруасының» біткеннін көріп сүйіншілеп ат бастарын кері бұрған. Екпінімізді бәсеңдетпей өңмендеп жеткен жалғыз біз болдық. Жарықтықтың кара құсы қак айырылып кеткен екен апандай аузы ашылған бойы жер қауып мойыны қайырылып теріс құлапты... Сөз аяғын күтпей орнымнан ұшып тұрып атыма жүгірдім. Есілдертім тезірек қыраттың басына жету, мен екі - үш қадам аттап үлгермей, Сары Қамит әй, шаншар», - деп, ақырып жіберіп: «отыр орныңа» деген ишарат жасап сөзін жалғастырды. Сол күнгі көргенім күні бүгінге дей көз алдымда. Бірақ... «бұл қалай болды», - деген ой анда-санда жылт етуін қоймай есейгеннен кейін жиі мазалайтынды шығарды. Сәті түсіп жол - жөнекей баяғы шоқының басына бір келгенде аттан түсіп кішкентай тастақ саяз жыраның үстіне тізе бүгіп отыра беріп шоршып ұшып тұрдым. Ұсақ тастарды қолыма алып қарасам үшкірлігі, қырларының өткірлігі пышақтың жүзінен кем емес. Тастақ жердің ені бір адымдай да, ұзындығы үш-төрт адымға жетер-жетпес. Яғни Мәди тура келе жапқан бураға артын беріп бұрылғанда өзі тастақ жерді баспай арғы шетінде болғанда, бураны сол тастақ жерден өтуге мәжбүрлеген. Сонда деймін- ау осының барлығын зерттеп, қай уақытта үйлестіріп қойған? Табанына тас батып бастапқы қарқынын әжептәуір бәсеңдетіп, созылған мойынның қауқары да шамаланып ұмтылған бураның басына дәл қарақұстан сегіз өрім бұзау тіс қамшыны сілтеген. Өмірмен өлім арпалысы қас қағым сәт болғанда мүлт кетпей дәл тигізу....ә...пай...пай...пай! Неткен көзсіз батырлық, қандай тапқырлық. Кейде ой келеді. Осы шоқы болмағанда Мәди бураменен жекпе - жекке шығарма еді? Шығар еді деймін өзіме - өзім шығады...басқа да әдіс - айла табар еді. Мылтықпен неге ата салмаған? Қазақта болмаған малды мылтықпен ату қаперіне кірмеген болар. Мәди сияқты адамдар дала құиасымен біте қайнасқан тұз тағылары ғой. Қыранның бақыты

өзінің ары үшін қырқысып өту емеспе? Құдай Мәдиге ең бірінші шайлықпас жүрек, терең ақыл, қайтпас қайрат, берген. Тектілердің тұқымы ғой, - деп иығынан мыңбатпан жүк түсіргендей сілкініп, көзі нарттай жанып: сол төбеге тесіліп қарап үнсіз отырып қалды. Сәл уақыттан кейін «ал шаншар саған ұлықсат, танертең барып кел деп жібергенде мән бермеген тастақ жерді Мәди атам өз пайдасына қалай жаратқан дегенді пысықтамақсың, біліп отырмын. Барып қайтқаның дұрыс, менің шешкен түйініме өз пайымыңды қосып өмірбақи жадында сақтайсың. оның үстіне аруақты атаңның ізі жатыр емеспе, тәу етіп қайт», - деп сөзін аяқтады.

P.S. «Есімді біліп қалған кезім еді» дегеніне қарағанда Сары Қамит ақсақал 5- 6 жаста болған. Тіпті жеті жаста дейікші. Сонда Мәди сол жылы неше жаста болған? Туған жылы 1880 жылы. Осындай көзсіз батырлық ең жас кезі - 25 жасына лайық десек (әрине 25 жастан ертеде, кеште болуына ешкім күмәнданбайды)  $1880+25=1905$  ж. жазда болған. Сонда Сары Қамит ақсақал  $1905 - 7 = 1888$  ж. туған болады. Әңгімені 1957 жылы жазда айтты. Яғни Сары Қамит  $1957 - 1888 = 59$  жаста болды. Ол кезде біздер үшін 59 жастағы адам өте кәрі болып көрінуші еді ғой. Менің долбарым нобайға келеме деймін.

## Үкім

Есіктен кірер-кірместен: «Қайран сөзім қор болды-ау жоғарғы соттың өзінде» - деп шешіне бастады. Шалының сөзін ести сала-ақ «бұл құдайға не жаздық» - деп көзінен жасы құйылып, ышқынып дауыс салды бәйбішесі.

Қой, қайдағыны бастама... о несі-ей... басымыз түгел, баланың болашағы алда, небәрі 23 жаста, не көрінді? Дүниенің тұтқасы тек милицияға тіреліп қалып па? Мүмкін дәл осы кезден кетіп қалғаны дұрыс шығар. Сонша таусылып, атар таң, шығар күніміз таусылмасын де. Сырт киімдерін шешіп, жеткен жері сол болды ма диванның есік жағын ала бере еденге төселген бөстектің үстіне отыра кетті.

Осы баланы милицияның оқуына жіберме деп зар қақтым, болдың ба? Сен қай уақытта да... Шалына көзі түсіп кетіп айтайын дегенін шорт кесті. Отыз жылдан астам отасқан отағасының сырына қанын ол, оның оң қабағы керіліп, сол қабағы білеуленіп, төмен түсіп, қауу күйге еніп, әлдеқайдағы бір нүктеге кезін қадап отырғанын көріп жыл болды. Шал ауыр күрсінді, бойы дел-сал. Денесін құлды бір тулақтай сілкіп-сілкіп тастағандай.



Бір жарым жылдың ішінде аудандық, қалалық, облыстық соттармен, ара-арасында милициядағылармен тайталастарда ештеме өндіре алмаса да сергек жүріп, сырт көзге ешқандай сыр бермеген. Жоғарғы сотқа жүгінгеннен кейін де өте ширақ еді. Бірінші отырыста жоғарғы соттағылар облыстық милицияның заңгеріне шүйіліп: Сендер жұмыстан шығарған адамдардың бәріне «кір келтірді» деген айып тағасындар ма? Осы сөзді заң айналымына енгізген біз болатынбыз, сондықтан оны бізге дәлелдеп әуре болмай-ақ қой. Бір жарым жыл жұмыс істеген жас маманды тәрбиелеудің орнына сыныққа сылтау іздеп жұмыстан шығарсандар ертең милицияда кімдер істемек? Елбасы да жастарды тәрбиелеуге зор көңіл бөліп отыр, - деп қадап айтып істі кері қайтарған. Бәрекелді..., «қара қылды қақ жарған» деген осындай-ақ болар деп көңілі өсіп, марқайып қалып еді. Ақырында соңғы үміті үзіліп бір уыстай болып, мүжіліп отырғаны мынау. Не болды, қалай болды, - деп өзіне-өзі күбірлеп сұрақ қойды. Неге қас-қағым сәтте барлығы өзгеріп шыға келді? Жоғарғы сотта да әділдік болмады-ау. Енді қайда барам. Әкем байғұс соғыс уақытында кінәсіз сотталды, өзім де кешегі қайта құрудың айбалтасына іліктім, жалғыз ұлдың ісі мынау - жазықсыз жапа шегіп отыр. «Тұқым қуалайды» дегенді құрт ауруына байланысты айтушы еді, мынаны не дейміз? Дел-сал болып тарыдай шашылған ойларын жинақтай алмай дал болды. Әй ... тоқтай тұр, соттың жоғарғысы да бірдене дәметкен болды ғой. Иә... иә, солай болды «Келісіндер» деп бір жеті уақыт бергендегісі «Келіп кет» дегені болды ғой. Е...е, осыны маған кім айтып еді? Иә..., бәрі де сол айтқандай болды. Баласын жұмыстан шығарып жібергеннен кейін, бұрын милицияда көп жылдар абыройлы қызмет атқарған, бүгінде зейнеткер өзінің ескі танысымен ақылдасуға барған. Мән-жайды естігеннен кейін ол: - Бәрі де дұрыс, ешқайда барып әуре болма, - деген.

- Түсінбедім?

- Түсінбейтін не бар, жұмыстан шығарылған жалғыз сенің балаң ба?

- Жоқ, жаңылмасам бес-алты, баламның басқарушылары жәбірленушінің арызын жасырғандықтарынан.

- Байқап отырмын, сенің балаңның кесірі соларға тиіп отыр.

- Сен не деп отырсың?

- Аптықпа түкке тұрмайтын нәрседен талай адам жапа шегіп отыр, осының барлығы сенің балаңның шалалығынан. Балаң ғой сол түні қызды зорлады деп ұстап алып келген күдіктілерді босатқан. Неге десеніз жәбірленуші қызбен бірге, басы-қасында болған оның құрбысы «бұлар емес» деп үзілді-кесілді бас тартқан. Дұрыс істеген оның үстіне

сол түнгі қылмыс туралы ешкім де білмейтін, білулері де мүмкін емес еді, солай ма солай. Осыны біле тұрып балаң неге тергеу қағазын сақтап қалған?

- Не істеу керек еді, жоғалтып жіберу керек пе еді?

- Міне, міне дәл солай. Сен жаңа түсініп келе жатырсың. Егерде балаң солар туралы өзі қағазға түсіріп алған мәліметтерді сақтап қалмағанда құда да тыныш, құдағи да тыныш болар еді.

- Астағфиралла, есің дұрыс па? Сол мағлұматтарға сүйеніп олардың сол түнгі жас қызды әуелі зорлап, содан кейін өлтіргенін анықтады емес пе?

- Барлық пәле сол қылмыскерлердің ұсталуында болып отыр. Ойланыңызшы, ұсталмаса не болар еді? Шалдың ашу шақыра бастағанын байқап, қолын бір-ақ сілттеді де екіленіп сөйлеп кеткен.

- Білемін, енді қалай, білеміз... барлығын бүлдіретін сендер сияқты ақ жүректер. Біқдам заманнан адамдардың түбіне жетіп келе жатқан осы адалдықты іздеу екенін сендер түсінбей-ақ қойдыңдар. Сонда деймін-ау оны тапқандарың бар ма? Айтшы көне? Адалдық дегеннің алдамшы дүние екенін, бұл жалғанда басқа да құндылықтардың бар екенін түсінбей-ақ қойдыңдар сендер. Өзің сияқтылардың аз екені ештемені аңғартпай ма? Әлде сен де адал болып әулие атанғың келе ме! Бол, оған қарсылығым жоқ. Бірақта адам болып өмірге келген соң «аз ба, көп пе» деген ғұмырың баянды болсын десең «тазы болып түлкінің аяғынан шал». Сенің көзің ашық емеспе, өз ортаңа лайық абырой-атағың да бар. Сөйте тұра түкке тұрмайтын нәрсеге миың жетпейді. Есінде болсын милицияда адал болғандар не сотталады, не жұмыстан қуылады. Қылмысты кеш ашқаннан, жылы жауып қойған өз басыңа пайдалы. Қылмыстарды ашу деңгейі төмендеп кетсе басына пәле жабысады, өйткені, күнделікті болып жатқан үлкенді-кішілі қылмыстардың барлығын дер уақытта ашу мүмкін емес, ең ұтымдысы олардың аз тіркелуі. Осындай тәсіл жүйеге айналып, іске арқау болып отырғанда түлкі бұлаң айла керек. Менің де айтып отырғаным осы. Дәл сол түнгі кезекші бөлімнің бастығы тіркемеген тергеу қағазын сенің балаң сақтап қалмағанда, оны қойшы-ау облыстан келген комиссияға бере қоймағанда ешқандай пәле жабыспайтын еді. Болды... болды, жоқтаушысы бар емес пе, - демексің ғой. Ол өлім адамзат тарихындағы ең бірінші, әйтпесе ең соңғысы емес шығар, талайын көрдік қой. Уақыты келгенде өтініш қабылданып, жүйеге түсіп бәрі де орнына келер еді. Қылмыс ашылар, ашылмас ол басқа жағдай, бірақ балаң бастаған бес-алты адамдар өз орнында отырар еді бала-шағасын асырап. Осы айтқанымның барлығы, сенің философиялық тілінде айтсақ салдар ғана, себебі

басқада. Қазақ оны баяғыда айтып кеткен яғни «көргеннен көзақы алмауы». Түсіндірейін. Занды орындаудағы айла-тәсілдерді меңгеру ойына келмеген. Жан-жағына жіті қарап, айналасындағылардың қулық-сұмдықтарын зерттеп, зерделеуеу, яғни, балаң бір күндік жұмыстармен күні-түні салпақтап еш нәрсені қаперіне ілмей жүре берген. Әйтпесе бір жарым жыл деген талай тәжірибе жинақтайтын уақыт. Осы уақытта ылғи «өртті сөндіре бермей, оның алдын алып» өмір сүрудің жолдарын анықтап, ат бауырын кесетін биік жыңғылдардың арасынан аман өтетін сүрлеу соқпақ жолдарын іздестірмеуінде. Сондықтан да балаң кінәлі. Әрине балаңа кешіріммен қарауға да болар еді. Бірақ қарамаған. Яғни көрсеткіш деген «құбыжық» мұрша бермеген деп түсіну керек. Осы салыстырмалы түрде меже саналатын көрсеткішіңізді бүкіл әлем қолданады. Батыс пен Еуропадағы осы «пәлеге» көзқарас басқа.Өйткені оларда адам құқығы бірінші орында. Сенің балаңды жұмыстан шығармас еді олар. Басқаша болғанда сенің балаңның құқы шектелген болып саналады. Олар осындай жағдайда, әруақытта да таразының басын тең ұстайды. Бізде басқаша, тіпті аққұла «шаш ал десен, бас алады». «Құбыжық» деп жәй айта салғам жоқ, өйткені, бізде оны оп-оңай қолданатын қолшоқпарға айналдырып алған. Керекті, керексіз жерде ыңғайына онтайлап өз пайдаларына қарай сілтей салу - негізгі жұмыс тәсіліне, пәрменді құралға айналған. Ал енді бір пайданың басы қылтиып көрінгенде ше..., оны айтпай-ақ қояйын. Осы себепті мұндайда аяушылық болмайды, аядың ба өз басың кетеді. Сотқа шағынатын шығарсын, ештеме өндіре алмайсың. Басқаларға сабақ болсын деп балаңды ақтамайды. Ақтап алам десең қалың қалтаңнан шығаратын уысың қомақты болсын. Мен айтарымды айттым және де жаңалық ашып отырғаным жоқ, бәрі біледі, білмейтін, түсінбейтін сендерсіңдер - ақ жүректер ғана. Кейінірек қонақта кездесіп, «естіп жатырмын» айтқаныма құлақ аспапсын мұның енді Абайдың айтқанындай болды.

- Абайдың қай айтқанын айтып тұрсың?

- «Мыңмен жалғыз алыстым», - дегенін.

Баяғыдан таныс, дәмдес адамның мына айтқанына сенер-сенбесін білмей, әп сәтте қаны басына шауып әлде қорланғанын, әлде күйінгенін айыра алмай есенгіреп барып жын соққан адамдай қарқылдап күліп алды. Оны білгеніңе де шүкір, бірақ дауысындағы кекесін түбінде сендерге жақсылық әкелмейді. Қиюы кеткен мына заманда бұрмаламаған, қорламағандарың қалмаған екен, құдай бір зауалын берер.

- Көзге керінбейтін, қолға ұстамайтын елес болып қала беретін ұстанымдармен елді иландыра алмайсың. Қолыңда барға қара тобыр қай уақытта да тәуелді, - деп еді.

Келді..., келді айтқаны, - деп күрсінді. Әкеннің аузы... былжыр неме, тым құрыса пара алып жоғарыдағылармен ауыз жаласқанда ғой осыған ұрынбас ек. Атағымыз да шығар еді, «түйені түгімен жұтқандармен» иық тіресіп, үзенгі қағысар ма едік, кайтер едік, - деп баласына кіжінді. Астағфиралла..., не деп кеттім алжыған шығармын..., тосын келген өз ойынан өзі шошып кетті. Әлден уақытта жұтқыншағына бір түйір тіреліп, біреу буындырғандай е.е.е деп зорға шыққан кемсеңдеген дауысымен бірге көзінен жас шығып кеткенін өзі де байқамай қалды.

- Эло-о, тындап тұрмын.

- Әй қатын, сен осы телефонды ышқырына байлап жүремісің, қай уақытта хабарласам қақылдап тұрғаның. Шалың қайда?

Әй қатып қалғыр, қатып қал, сен екенсің ғой шалым қысылып Қыстыбайдың парызын өтеп жатыр. Немене қыз ойнаққа барушы ма едіңдер, - айта берсенші.

Әлгі молла құда келіп қалған шығар, кіріп шығайық деп едім.

Барлығы дұрыс болды ма екен. білдің бе?

Білетін несі бар, жоғары сот қолдап отыр, жазғандарын оқыдық емес пе? «Бұларға не болды», - деп тағатсызданып отырған шығар.

Әйтеуір дұрыс болсын де, өзінің қызметі не болды екен?

Әзірге белгісіз-ау деймін, бірдене беретін болар, баласының ісі дұрысталса болғаны да.

Басқалармен хабарластың ба?

Айттым, сағат кешкі жетіде сол үйдің алдында кездесетін болдық.

Бұлар студенттік өмірден жұптары жазылмай институтты бітіргеннен кейін бір-бір шүйкебасты қолтықтап осы қаладағы алып өндіріске жолдамамен келген. Институтқа түскеннен кейін жатақхананың бір бөлмесінде бес бала кездесіп, дәстүр бойынша дастархан жайылып бір-бірімен жақын танысқаннан кейін басқаларынан ересек жігіт сөз алған.

- Таныстық, білістік дегендей, - дұрыс болды. Бүгіннен бастап өз ортамызда мені «ақсақал» дейсіңдер, өйткені, мен орталарындағы ең үлкені екенмін. Сені моллеке дейміз, өйткені арақты татып алмайды екенсің, бойын аласалау екен сені Лал Баһадур Шастри дейміз қысқаша Лал болады. Болашақта сен де ел басқарып қаларсың... кім

біледі? Қалған екеуіне үніліп карап отырып беті бұжыр, жасына карамай енкіштеу қобыранқы отырғанға сенің бет әлпетіңнен содырлылықты байқаймын, бір үйдің кенжесі емеспісің деген сұрақты қойған.

Иә,- деген жауап алған соң онда сені «кенже» деп атайық. Түбінде бір шатақ шығара қалсаң «Әй кенже» деп әрі еркелетіп, әрі үлкендігімізді білдіріп өктемдік айтуға қолайлы болу үшін.

Шатақ шығаратын ол емес, менмін өйткені, мен Адаймын деген бесіншісі.

Есік жанындағы кереуетте орналасқаныңа карап өзімде батырлардың әулетінен боларсың-ау деп топшылап едім, қателеспеппін. Бірақ «кенжеге» карағанда сенің батырлар елінен екенің біліне бермейді. Дегенмен пәледен аулақ атынды аталарыңның атымен атайық. Сырттағылар да именіп жүрсін. Соныменен бұл мәселені тәмамдадық, менің айтқаныма алып-қосарларың бар ма деген сұраққа жауап болмаған соң, қомданып, бойын түзеп олай болса ең бастысына көшейін,- деген. Ең бастысы осы отырған бесеуіміз аман-есен оқуды ойдағыдай аяқтап, диплом алып шығуымыз керек. Екіншісі бір-бір ұрғашыны қолтықтап кетулерің міндетті. Алдын ала айтып қояйын болашақ келіндерді ең бірінші менің сынымнан өткізесіңдер.

Жеңемізді кім сынайды?

Жеңгелерің аман-есен сыннан өткен, балалымыз.

Е..е.е дескен қалғандары. Содан бері өздері бір «ру» - болып ара катынастары үзілмеген. Жұмысқа кіріскеннен кейін «ақсақал» баласы барын желеу етіп, үйлі-барандылар тұратын жатақханадан бір бөлмеге ие болып, барлығының басын қосып, әдеттегідей бірінші болып сөз алған. Бес жыл бұрын ойнап айтсам да ойымдағыны айтып едім, бәрің де құп алып, «бес жылдық жоспарды» орындап, жұбымыз жазылмай келеді. Үлкен өндірістегі аяқ алысымыз да жаман емес. Мына келіндерді көріп сендерден бөтен қуанып отырмын. Өздерің білетін үлкеніміз шал-кемпірге сіңіп кетті. Содан да болар, әлде абысындарынан қалып қоймайын деді ме әйтеуір қоярда қоймай дегеніне жетіп, жеңгелеріңнің де аяғы ауырлап жүр. Аянбай төккен терім зая кетпегеніне өзім ризамын, - деп күлдірген. Ал бүгінгі әңгіме арқауы басқаша. Басымыз жас, көрер қызығымыз алда деген сенімдемін, өсіп-өніп жетілерміз. Сол уақытта осы бір ауыз бірлігімізді нығайта түсу үшін балаларымызды қосып құдандалы болайық, «жақыннан дорбаласайық». Сөйтіп үш рудың басын қосайық. Ниетіміз дұрыс, құдайдың құлағына шалынсын деп ырымын жасайық. Ол былай. Жасым үлкен болғандықтан қай уақытта да мен үлкен құда

болам. Бүгіннен бастап менің атым «үлкен құда» болады. Сендердің аттарына да құда деген сөз қосылады. Бір-бірінді «Кенже құда», «Молла құда», «Лал құда», «Адай құда» дейсіндер. Басқалары қабыл алып, бас изескен. Алайда балаларының тандауы басқа болып, бір-бірімен құда болу мандайларына жазылмаса да осы уақытқа дейін сол құда деуден бір жаңылған емес. Сол құдалар айтылған уақытта молла құданың табалдырығын аттаған. Есіктен кіре бере құлаққа ұрған танадай меңіреу тыныштық пен әлде бір салқындықтың әлпетін байқап барлығы да істің ақтық нәтижесін айтпай-ақ түсінген. Үрпийсіп қалған әйелдер жағы ас үйге, еркектер жағы төрге озған. Үй иесінің түрін көріп «Үлкен құда» көзі шатынап, екіленіп шыға келген.

Сен осы қазақтың «бұйырмайтыннан дәмектен дерт табады, болмайтыннан дәмектен мерт табады» деген мақалды білемісің? Әрине білесің, білгенде қандай, осы мақалды біз сенен естіп үйренгенбіз. Сенің бұл өмірден әділдік іздеп сағым қуып, сандалып жүргеніңе жыным ұстап отыр. Оның үстіне бұл жағдай бірінші рет болса бір сәрі. Талай басың жарылып, аузы-мұрнынан қан кетті. Өз басыңа өзін пәле тілеп алмасаң көңілің көншімейтін сорлы. Сен сол әділдікті іздемей «күн түспейтін жерінді» қысып жәй жүргенде ғой баяғыда анау жоғарыда отырар едің. Біздерге де жаман болмаған болар еді. Әрине, сенің шапағатың тимеді деуден аулақпын, тиді. Жалғыз бізге ғана емес, әсіресе жастардың дені разы. Сол уақытта өз қандастарымыз: ол бізді алалады деп саған жала жапқаны да сол баяғы сенің адалдығың мен әділетті болам деген бос тыраштанудан болғаны есінде болар. Қызметінді жоғарылатып Алматыға алып кетейін деп отырғанда тағы да осы әдетіңе басып елге күлкі болғаның күні кеше. Өз білгенінді өз пайдана жарата алмағаныңды талайлар бетіңе басты. Қаперіңе кіріп шықпайды. Ел алдында көсіліп, сөйлеп Цицеронды аттан, сөз патшасын тактан түсіріп, елді ұйытқанда кереметсің сол оқыған, тоқығаның керек уақытта өз басына дарымай неге лағып кетеді? Адалдық пен әділет қазақ қиялына тағылған бойтұмар. Осы жөнінде ертеден қалған, бүгінге жеткен нақыл сөздердің барлығы елес қана. «Қара қылды қақ жару» мүмкін емес, тіпті көзге елестету қиын. Өткенде барлығымыз жинап алып келген әжептәуір ақшаны ұсынғанда: «пара берген не сұмдық», - деп азар да безер болдың. Қырық жылдан астам достасып туыстан артық болған біздердің айтқанымызға құлақ аспаған соң... Сенің мүжіліп отырған мына түрін біле-білсең балаңның жағдайынан емес, «әлін білмеген әлектін» кебін кигендіктен. Әйтпесе сенің балаңның жағдайы екінің бірінде. Білмей істелген қателіктер қай уақытта да кешіріледі. Ал жөн-жоралғысыз реті, қисыны келмейтінін көріп, біліп тұрып бет бақтырмайтындардың

алатын сыбағасы осындай болады. Өкінішке орай, сол сыбаға саған бұйырғанына ешқандай-да таңқалып отырғам жоқ,- деп орнынан тұрып есікке беттеген.

Мылқау мезгілдің меңіреу тыныштығына жалғыз қалған шалдың ауыр күрсінуді қосылып, онсыз да қарауытқа бастаған іңір уақытының түнеруін қоюлатып жіберді.

## Күрмеу

Өмірде талай кездейсоқтықтар болады. Қайсібірі есіне түскенде қарадан-қарап ұласың, кейбіреуіне күлкің келеді. Өмір бойы ұмтылмайтындары да болады. Баяғыда біз жоғарғы оқу орнында оқығанда «Диалектикалық материализм» деген ілімде «кездейсоқтық пен қажеттілік» (случайность и необходимость) деген категориялар болатын. Соған құдайдай сенем. Бастан кешіргендіктен болар. Иә, сонымен ... 1968 жылы қазақ политехникалық институтын (Алматы) бітіргеннен кейін Қарағанды металлургия зауытында металлургия жабдықтарын жөндейтін цехта шебер болып жұмыс істейтінмін. Аты айтып тұрғандай зауыт цехтарында біз барып жөндеу жұмыстарын жүргізбейтіндері некен-саяқ. Сол себепті де зауыттың бүкіл технологиясына қанықпыз.

1967 жылы бірінші жұқарту цехы іске қосылғаннан кейін зауыт темір кенін қабылдап, өндеуден бастап сататын дайын тілкем шығаратын толық циклды металлургия өндірісіне айналған. Бірақта зауыт мемлекеттік жоспарды ылғи да орындай алмай елдің берекесі кетіп тұрған. Өндірістің «тамырын» ұстаған небір білгіштердің сөздері бір жерден шығып, негізгі себептердің бірі деп аварияның жиі болуын атаған. Құдайдың күдіреті-ау, сол авариялардың көбі міндетті түрде мейрамдардың алдында, әйтпесе дәл сол мейрам күні болатын. Әлі есімде 1969 жылы наурызының жетісінде өндірісті дайындау цехындағы стрипер кранының істен шығуы дәл менің ауысуыма келе қалмасы бар ма. Қырсыққанда қымыран іридінің нағыз өзі болды. Ертең халықаралық әйелдер күні, оның үстіне мына кран бір қырсықтың қырсығы. Барлығымыз жабылып аша алмай жүрген ешқандай техникалық құпия жоқ. Бір-бірінен бес метрдей жоғары тұрған екі редукторды жағайтын бес метрге жуық төртбұрышты білік бар. Осы «ағы өшкірді» ұясына кіргізу құдайдың қияметі. Өйткені ол май-май, немен байласаң да жылпылдап тұрмайды, қолмен қоя салатын дүние емес, салмағы 300 кг жуық. Ең бастысы бұл кран тоқтап қалса, домна, мартен пештері өкпе ауруына шалдыққан адамдай

«жөтеліп», жүрістері баяулай бастайды. Сол себепті берілген сегіз сағатта жөндеп бітіру керек, басқаша болғанда басын саудаға түседі.

Дереу іске кірісіп, қарасақ ақауы астыңғы редукторда екен - «жарасы» жеңіл, бірақ та ол үшін жаңағы білікті алып, редуктордағы ақауды жөндегеннен кейін қайтадан оны ұясына кіргізу керектігі аздап еңсемізді түсіріп жіберді. Редуктордың жұмысына көп уақыт кеткен жоқ, негізгі жұмыс - темір білікті орнына қою. Үйреншікті тәсілдердің барлығын қолданып, нәтиже шығара алмадық, тығырыққа тіреліп еріксіз үнсіздікпен үзіліс пайда болған. Бригадир Миронов мені түртіп, сырт жаққа иегімен нұсқап: «Зауыт кең байтақ, артта домна, мартен алда сөгіс және берілмейтін сыйлық», деді. Сонда ғана байқадым кранның екінші шетінде 25-26 метрдей қашықтықта цехтың бастығы мен тағы да маған бейтаныс бір адам тұр екен. Сырттай бақылап жүр екен ғой деген ой жылт етіп үлгірмей, Еи-и-и деген дауыс ойымды бөліп жіберді. Еи-и-и бар болғырлар әкеліндерші мен татарша байлайын деді Аққадіров - ортамыздағы жалғыз татар жігіті.

Бұл жолы да болмады, кендір арқан жыжып шығып кетті. Білгенімізді қайта-қайта қайталағаннан басқа ештеңе қалған жоқ. Дәрменсіздіктен болар, жәнеде татар жігітінің әрекетінен кейін, нем кетіп бара жатыр, - деп: маған беріндерші қазақша байлайын деп кендір арқанды қолға алғанда бүкіл бригада күлкіге кенелді. Күрмеп байлап, жігіттерге қатты тартқызып, тельфердің пультын қолға алып баяулап көтерткенде арқан жиырылып барып, сығымдалып білік асылып тұрып қалды. Барлығы шу ете қалды. Қас қағым сәтте істің ойламаған жерде тындырылғанына өзім де таңмын. Сағатыма қарасам кешкі сағат жеті болып қалған екен. Жанымызға келген цехтың бастығы: Жарайсындар жігіттер, үлкен абройға ие болдындар, мені де аман сақтап қалдындар, деп қушығештенді. Мейрамның алды ғой, тапқырлықпен үнемдеген төрт сағат сендердікі. Жанымда тұрған зауыттың бас инженері Зильберштейн Михайл Борисович жетіде селектор өткізетін болып асығып кетті, сендерге рахметін айтты, бригадаға 500 сом ақша бөлді. «Жасасын казакша түйін», - деп ұрандатты Миронов. Айтпақшы деді цех бастығы сенің аты-жөніңді де жазып алды. Бір жетіден кейін жексенбі күнге бас инженер өзіне шақыртты. Қолында бір метрдей кендір арқан бар «ат шаптырым» кабинеттің ортасында менің ұсынған қолымды алып тұрып; Көрсет, - деді. Көрсеттім. Виртуозно: Мынауың өзі теңіз түйіні ғой, иә... иә нағыз теңіз түйіні (морской узел).

Осының теңіз түйіні екенін бұрыннан да білетінмін жәнеде осы теңіздегі қым-қиғаш шаруашылықтың бір қыры қазақ өмірінің «қысқа жіп, ұзын түйінімен» астасып жатқанына таң болып: кім



кімнен үйренді екен?, - деген ой анда-санда жыт еткені болмаса дәл бүгінгідей қажеттілік тудырады деп кім ойлапты.

- Сен өнертапқыш ұсыныс жаса, және де түйінді байлау тәсілін негізге ал, не деген керемет, қалай ғана оп-онай орай саласындар, ә? Оны ешкімге апарма, маған алып кел, өзім қол қоямын. Өткендегі ерлігіне жүз елу сом сияқы жаздым, кәсіподақ комитеті қол қояды, ертең кассадан аласың.

Сен жас мамандар кеңесінің төрағасы екенсің ғой. анада уақытым болмай жиналыстарыңа бара алмап едім, жақсы болды, екеуміздің танысуымыз сәтті жағдайдан басталды, бәрі дұрыс болады деген сенімдемін. Тартпадағы папканы алып шығып, ашып бір парак қағазды алып, маған ұсынып: мынау не?, - деді. Жас мамандар кеңесінің төрағасы болып мені сайлағанына бір айға жуық уақыт болған. Бұл қоғамдық негізде жұмыс істейді, саяси жағынан комсомол ұйымына тәуелді, басқасын зауыттың бас инженері басқару керек. Осыдан жарты ай бұрын комсомолдың Орталық комитетінен (Москва) «Балтық жағалауындағы (Финляндия, Швеция, Дания, ГДР, Польша) елдердегі В.И.Лениннің жүріп өткен ізімен» атты круизге бір жас маманды жіберіңіздер деген жеделхат келген. Зауыт комсомол комитетінің хатшысы Иващенко В.Ф. екеуміз отырып үш адамның атын атап хат жазып бас инженерге жібергенбіз. «Қазақстаннан тек қана қазақтар бару керек», - деп ана үшеуін сызып тастап менің фамилиямды жазды да телефон тетігін басып қалып: кәсіподақ комитетінің төрағасымен ... дей бергенде аржақтағы әйел дауысы: ол кісі сіздің босануыңызды күтіп осында отыр, кіргізейінбе?

- Кірсін.

- Алексей Федорович, кәсіподақ еңбек тәртібін бұзғандарды тәртіпке шақырушы еді, сіз өзіңіз бас болып бұзасыз, деп қалжындап қол алысты.

- Михайл Борисович сізбен кеше келісіп едік қой.

- Иә, солай екен ғой. Мына қағазға қол қой.

- 600 сом дүниенің ақшасы ғой ...?

- Бүкіл қазақ елінің атынан бара жатқан адамның тамағы тоқ, көйлегі көк болу керек екенін ...

- Мақұл, Михайл Борисович, мақұл...

Екі күндей мас болған адамша елтіп жүрген шығармын. Үлкен лауазымды қызмет иесінің, оның үстіне басқа ұлт азаматының «Бүкіл қазақ елінің атынан ...» дегені есімнен кетер емес. Өркениет ауылынан алыста қалып қойған қалада ұлттық сезімді оятатын кездейсоқтықтың дәл менің басыма келіп дөп тиіуіне, бүгін ойлап қарасам, ол кезде таң қалғаннан басқа шара да жоқ екен ғой.

Менің өкінішіме орай ол кісіні көп ұзамай басқа жаққа ауыстырып жіберді. Технология өзгеріп бүгінде стриппер краны жоқ. Қарағанды металлургия зауыты деген атта жоқ. Бұрын басқалар басқарса бүгін басқалар иемденіп отыр зауытты. Қазақ күмеуінің тегеуіріні де шаң берер емес.

2009 жыл

*Ана тілім ардағым*

## Кезектен тыс «Қазақ тілі» қоғамының конференциясында жасалған баяндама

Теміртау қаласындағы «Қазақ тілі» қоғамы Қазақстандағы «Қазақ тілі» қоғамымен түйдей құрдас. Осының өзі көп нәрсенің аңғартады. Яғни, қаламыздағы қазақ азаматтары өзінің тағдырының, болашағының тек қана қазақ тілімен байланысты екенін терең де, түбегейлі түсінгендігін көрсетеді. Бұған ешкім күмән келтірмейді ғой деймін. Бүкіл Қазақстанды білмеймін бірақ Орталық Қазақстанда біздің қалада бірінші болып «Қазақ тілі» қоғамын құрғаны белгілі. Бір ғаламаты бізге ешкім еш жерден нұсқау берген емес, өзіміз бастадық, өзіміз құрдық, өзіміз жауаптымыз. Егерде бір нәрсе істелмей, шешімі табылмай жатса, реті келмесе, келтіре алмасак ол біздің кінәміз, қала қазақтарының кінәсі. «Келісіп тіккен тон келте болмас», «Көп түкірсе көл болады», «Көптің көзі көреген», деген халық мақалдары біздің бірлігіміздің қалыптасу жолындағы ғасырлар бойы тырнақтап жинаған тәжірибесі. Яғни, халқымыз тарих жолында неше түрлі опық жеп, әттеген-ай деп сан соқтырған өмір соққысынан кейін қорытылып шыққан, күрделі табиғи жаратылыстың толғауы ретінде шыққан ащы зары, тұжырымы осы. «Қазақ тілі» қоғамын құрғанда осыны әрбір қазақтың дейтін азамат есіне алып, ойланған болар. Ойланып-толғанып бұрын-сонды төл, бірақ көмескіленіп, ұмытылып қалған сара жолын, шырғалаңы көп, ащы да тәтті өмірін еске алып, не болдық, не болып бара жатырмыз деп, шығар жолдың тәсілін іздегендегі тапқаны, бүгінгі дүбірлі заманның аяқ алысына ілесу керек дегенге алып келгені көбімізге аян.

Осы бір тұжырымға бел байлап, «иә сәт», деп іске кіріскенімізге бір жылдың төбесі көрінді «Бисмиллә» деп жиналып, қоғам құрдық, одан кейін жоспарымызды, барар бағытымызды белгіледік. Ел болып, көп болып белгіледік. көпке аян еттік. Бір адамның ойы болғанмен, бір адамның ұсынысы болғанымен көп қолдап, қабыл алды. Көп болып бата берді. Бізге де арқау болған осы көптің қолдауы. Көп қолдаған соң тайсалмай, қаймықпай іске кірістік. Бұрын жүрмеген соқпақпен, кей кезде көзсіздікке барып, биік жартасқа соғылған асау толқындай өктем кіріп, кішірейіп кейін серпілген де уақыттарымыз болды.

Артымызда сеніп тапсырған ел болған соң, жұрт болған соң именбедік. айылымызды жиғамыз жоқ. Осының барлығы шындық, бүгінгі ақиқат. Ешкім, ешкімге міндет қылып аманат артқан жоқ, бүгінгі қазақ деген халықтың тағдыры, оның тілі, діні бар болмысы күмән келтірген соң «уа құдайлап» ұран тастадық. Дей тұрсақ та үш

айдан кейін жиналғанымызда, баяғы әдетімізге, қыңырлыққа, қырсықтыққа бастық. Сайланған төрағасына дау айтылды. «Қайтадан сайлау керек, ештеме өнбей жатыр, біз сенбейміз» деп ашық хат жазылғаны естеріңізде болар. Үлкендер сөйлеп, көп болып қолдадыңыздар сенім, арттыңыздар. Осы сенімдеріңіз бізге екінші рет қанат бітірді, өрленіп тағы да іске кірістік.

Ал бүгін ше? Бүгінгі хал-ахуалымыз қалай? «Жығылсам жер көтереді, жықсам ел көтереді» деген мақал бүгінгі күннің тақиясына сиып тұр ма, жоқ па? Кімдерге кезіктік, кімдерден нәр алдық, даналық көрсеткендері бар ма? Жоқ әлде аяқтан шалды ма? Осыны бір анықтап алайықшы.

Өздеріңіз көріп, сезіп те жүрсіздер бүгін тындырылған істерден гөрі, дау-дамайымыз көбейіп барады. Әлде өскендігіміз. әлде өшкендігіміз бе кім біледі, әйтеуір «Қазақ тілі» қоғамының айналасындағы түсінісбестіктер ең бірінші бір нәрсені бөліп ала-алмай жатқандықтан емес, сол бөлісетін «дүниені» таба алмай жатқандығымызда. Яғни, тілдің, діннің керек екенін ешкім жоққа шығарып отырған жоқ, бірақ осы болмысымызға ең бірінші көзқарас, одан кейін оны қабылдауымыз әртүрлі. Әрине, қабілет, түсінік, сезім, оған өмірдегі өткен жолдың, ортаның не саяз, не терең болатынын ұқсас, қанша адам болса, сонша тұжырым болатыны ежелден белгілі қағида.

Оның үстіне «бетперде ғана, адам оның аржағында» деген сөзді ойға алсақ, талай-талай тоқтамға келуге болады. Құдайға шүкір. жаңағы айтылған сөздің астарын емес, айна қатесіз дәл өзін тануға мүмкіндік туып отыр.

Осыны айтып отырғаным еріккеннің ермегі емес. «Қазақ тілі» қоғамы шаңырақ көтергеннен бері оның қоғамымыздағы алатын орны, алға қойылған максаттары туралы алып қашпа тұжырымдар айтылып жүр. Қоғамның аясы тар, сол себепті қазақтардың аузы тұшмай жүр, көкейкесті мәселелер шешілмейді дейтін, ауқымды көзқарас қалыптасуда. Пікір-талас тудырып жатқан осы позицияның ақ-қарасын анықтау бүгінгі күннің міндеті емес. Бірақ бір нәрсені ашып айтқым келеді. Ол - 73 жыл бойы небір тарихи шырғаланнан өткен, соның салдарынан бүгінгі мүшкіл халге жеткен ана тіліміздің аясы, отбасы, ошақ қасы екені рас. Сол себепті де бір кезде қазақша сөйлеп қалмақтарды ықтырған Қазбек бабамыздың тілін, Абайдың, Ақанның (Байтұрсынов)тілін. небір дүлдүл жыраулар Ақтамберді, Базар, Майқы т.б толып жатқан бабаларымыздың тілін қайтадан қалпына келтіру құдайдың қияметі. Оны біреу түсінеді, біреу түсінбейді, адыр-бұдыры көп ұзақ жолға біреу шыдайды, біреу

шыдамайды. Шыдамы жетпегендер қоғамның аясы тар деген тұжырымда да, қарсыластары тілді екінші рет өмірге алып келуге атсалысып, тіл тірілмесе халық болмайтынын түсініп асқан сабырлық көрсетуде. Зер салып саралап, ақылға келсек «Қазақ тілі» қоғамының аясы тар деген сенім - негізсіз. «Қазақ тілі» қоғамы құрылмай жатып оның аясын тарылтып, дәл қазірден бастап кінә қою өскендіктің емес, өспейтіндігіміздің белгісі.

Саяси партия деген не, қоғамдық негізде істейтін ұйым деген не дегенді түсінбегендіктен талас туып, ақыры осы конференцияға алып келді. Қалалық қоғам жұмыс істемей жатыр, деп жар салып жүргендердің ұйым жөніндегі түсініктері басқа. Олар бүкіл Қазақстан болып жиналған құрылтай съезінің шешімдерін қабылдамайды, біздің өз программамыз болу керек дейді. Біз әлеуметтік, экономика мәселелерімен айналысуымыз керек дейді. Сол себепті белсенді топ сіздердің алдарыңызға бүгін өз программасымен шығады.

Ал менің айтарым Республикалық «Қазақ тілі» қоғамының жарғысымен мұқият танысқан адамдар, талай нарға жүк болатын жұмыстар бар екенін небір көкейкесті мәселелердің шешуі айтылғанын анықтар едік. Астанадағы ғұламалар да қазақ деген халықтың намысын бір кісідей түсініп оны қорғай білетін азаматтар.

Бірінші шілдеден бастап «Қазақ тілі» мемлекеттік тіл болып табалдырық аттады. Осы заңды жүзеге асыруға атсалысу кімнің тақиясына тар келіп жүр. Осы күнге дейін Қарағанды металлургия комбинатында цех, бөлім, өндіріс аттары қазақшаланбаған, аударылғандары ығни қате. Ынталы топ құрып Абленов жолдасқа осы жұмысты неге дұрыс жолға қоймасқа. Коксохим, агломерат т.б өндірістерде бастауыш ұйымдары не себептен құрылмай жатыр, тіпті өзі басқарып отырған ұйымда осы уақытқа дейін жыл жоспары неге жоқ, осының барлығын қалай түсіндіруге болады. Заң орындалмай жатыр деп кімнің жағасын жырттындар, қай орынның табалдырығын тоздырдындар? Осыған қажымас қайрат, білімділік, іскерлік керек емес деп кім айтады? Дәл бүгін заң орындалмай жатыр деп белсенділік көрсетуіміздің сыры неде? Оның сыры бесенеден белгілі. Заң орындалмай жатыр деп мысалы, Сосковец О.И (сол кездегі Қарағанды металлургия комбинатының директоры) мырзаға барғаннан, елдің көзіне түсіп, белсенділік көрсетіп барлық пәлені қалалық қоғамның төрағасы Смағұловқа жаба салу әлдеқайда қауіпсіз де, оңтайлы. Ал енді ашып айтайық «Қазақ тілі» қоғамы заңның орындалуын қадағалай алмайды, оған оның құқы жетпейді. Өйткені, ол қоғамдық негізде жұмыс істейді. Атсалысу құдай жолы. Аспанды шарлай бермей, жерге түссек. осы атсалысу оңай «жау» емес. Бүгінгі біздің істеп жатқан

жұмыстарымыздың барлығы да осыған бағытталған. Осы бағытымыз, біреуге ұнар, біреуге ұнамас, біреуді қанағаттандырады, біреуді қанағаттандырмайды оның жөні басқа. Маған да қатысты сөз айтылмай жатқан жоқ. Бүгінгі отырыстың ұйымдастырушыларымен бірінші қоғамның төрағасы ретінде маған сенімсіздік көрсетті. Сондағы қоятын кінәлары қандай? Жалғыз ауыз сөз. Жұмыс жүрмей жатыр, жоспар орындалған жоқ. Шынын айтсам қоғам жұмысын бұдан да мардымды, тезірек жүргізуге болатынын өзім де білемін. Күндіз бала-шағаны асырап жүрген жұмысында болып. қалған уақытта қоғам жұмысына көңіл бөлген сон белгілі ғой. Біреуді табасын. біреуді таппайсын. Оның үстіне қоғам жұмысына байланысты мәселелер бір адамның қолында тұрған жоқ, оның тағдыры көп болып кенескен жерде, (қалалық сессия исполком мәжілісі, президиумның мәжілісі) шешіліп жатыр. Ал енді осындай орындардың жиналуы күнде емес, жетісінде де бір рет емес, айына бір-екі-ақ рет. Оның үстіне қойған сұрақтарды шешуге келгенде кейбір жауапты қызметтегі адамдардың аяқтан шалып, буынсыз жерден пышақ салып, отырып алғандарын көрсеніздер. Солай бола тұрса да, осы күнге дейін жанағыз жолдастардың алдында ықпадық, тайсалмадық, қойған неше түрлі қыңыр сұрақтары жауапсыз қалған жоқ. Әзірге жеңіп, келеміз, жеңілгіміз жоқ. Бірақ көп уақытты алып жатыр. Мысалы, қоғамның есебін ашу үшін алты ай жүрдік. Көмек береміз деген Республикалық қоғамның вице-президенті Айтпаев жолдастың тірлігі де осы жұмысты тездете алмады.

Ал қазақша мектеп ашу ше? Осы бір келелі мақсатты бастағанымызға тоғыз айдың төбесі көрінді, әлі де айтыс-тартыстың үстіндеміз. Осының шешімі бір ғана нәрседі. Ол - қала қазақтары қазақша мектеп керек десе ашылады, жоқ десе ашылмайды. Сондықтан да қалалық «Темиртауский рабочий» газетіне мақала жаздым, бәрін түсіндірдім, қазақтардан ұсыныс күтеміз дедім, көмек сұрадым. Тіпті той-томалақта кездескендегі сөздердің арасында осы мәселе талай сарапқа түсті. «Көпке топырақ шашпа» дейді қазақ мақалы, құдай одан сақтасын, бірақ қаладағы бір қазақ осы күнге дейін «мектеп керек» деп жұмған ауыздарын ашпады. Басқа-басқа, қалалық партия комитетінде идеологияны басқарып отырған Әбдіәкімов т.б. ағайындардың ат ізін салмай қойғанына таңмын. Ал енді үстіміздегі жылдың шілдесінде Қазақ ССР-нің «Тілдер туралы» заңы өз күшіне енді. Жер-жерде үлкен мереке болды, ал бізде тым-тырыс. Әрине, ең бірінші бұған мен кінәлімін. Кінәмді мойындап ештен де кеш жақсы деп «Темиртауский рабочий» газетіне сұхбат жарияланды. Дәл осыдан он күндей бұрын Әбдіәкімов Ә. (сол кездегі қалалық партия

комитетінің хатшысы) жолдасқа кіріп: «Заң күшіне еніп жатыр, СССР, КазССР халық депутаттары бар, солардың лебізін газет арқылы елге жариялайық» деген ақыл қостым. Ондағы ойым қазақ тілі тағдыры туралы тек қана қазақтар айта бергенше, басқа ұлт өкілдерінің де үн қосқаны дұрыс болар еді деген ізгі тілек қой. Айтқаным қабылданғанымен іс аяқсыз қалды. Осындайда еріксіз тілге жанашыр, яғни тағдырына жанашыр ағайындарды адам аңсайды екен, жан-жағыңа қарап жалтақтай береді екенсің.

Ал енді біз не тындырдық, не нәрсеге қолымыз жетті? Жоғарыда айтқанымдай есеп аштық. Қазір есебімізде 80 мыңға жуық ақша бар. 25 мыңды атқару комитеті, 50 мың сомды Қарағанды металлургия комбинаты берді. Мүшелік жарнадан түскені небары 1580 сом. Оның өзі комбинаттың он цехынан түскен ақша.

Қаладағы өндіріс, мекеме орындарымен шартқа отырдық. Тек Казметаллургстрой тресіне үш рет баруға тура келді. Бірінші рет есептері бөлек монтаждау мекемелерімен болса, екінші рет құрылыс комплексінде, үшінші рет парткомның хатшысы, трест басқарушысымен жеке-жеке сөйлесуге тура келді. «Кісідегінің кілті аспанда» дегендейін үш рет барсақ та еш нәтиже болмады. Карбид өндіріс бірлестігіне де екі-үш рет баруға тура келді, олар шартқа қол қойғанменен қоғамға беретін ақшаның мөлшерін күні бүгінге дейін айта алмай отыр. Ал Қарағанды металлургия комбинаты біздің шартты еңбек коллективінің мәжілісіне тек 27 қыркүйекте қарады. Кейбір жолдастар осы мәжіліске қатысты небір қитұрқының куәсі болды. Егер де комбинат директоры болмаса 50 мың түгілі 5 тиын да бермес еді. Осыны тәттіштеп айтып тұрғаным, кейбіреулерге бұл баланың ойыншығы болып көрініп жүр. Егер сонда отырған орыс ағайындардың біреуі: «Қазақтар мүшелік жарнасын төледі ме, қанша қаржы жиналды» деп сұрай қалса не боларын кім біледі, абырой болғанда ешкім ондай сұрақ қоймады. Біз есеп ашқаннан кейін тағы да қалалық орыс газетіне мақала жазып сбербанкпен шартқа отырғанымызды, мүшелік жарнаның қай жерлерде, қалай тапсыруға болатынын айттық. Бәрібір көбіміз әлі де үнсізбіз. Тек қана Ермек Жұмаділов деген ағамыз жедел жәрдем қазақтарының басын қосып жарнасын тапсырып, оның үстіне өзі жазған мақаласының қаламақысын қоғамның есебіне аударды. Осындай жанашырлар көбейе бергей. Қазақша мектеп ашу мәселесі хақында атқару комитетінің мәжілісі болды. Бұл да айтыс-тартыссыз өткен жоқ. Неше түрлі қисынсыз сұрақтар берілді. Тіпті сендер тек қазақ балалары үшін неге үш тілде оқытатын мектеп ашпақсындар дегенге дейін барды. Қазақша, орысша. шет тілінде оқытатын мектеп ашуды талап етуіміз,



болашағынан қорқып қазақтар балаларын бермей отырғандығында. Ал, егер қазақша мектепті бітірген балалар үш тілде сайрап тұрса ғаламат болмай ма? Осы жөнінде бармаған жеріміз, баспаған тауымыз қалмады. Қыркүйектің басында осы жұмыспен әдейі қалалық оқу - ағарту бөлімінде қаламыздағы тек қана қазақ мұғалімдерімен кездестім. Сөздің бисмилләсі - қазақша программа жоқ. Сол жерде мынадай шешімге келдік. Қаладағы қазақ мұғалімдері программа жасайды, сол үшін оларға қоғам 3000 сом ақша бөледі. Бірінші болып осы шартты орындағандарға сыйлық ретінде үйіме шақырып шәй беремін дедім. Келістік. Әрине, программа жасау оп-оңай дүние емес шығар, дегенменен де бір хабардың жететін уақыты болып еді. Сол жиналыстың барысында жап-жақсы келісіп отырып, ақырында бір қарындасым тұрып алып «қазақ мектебін аша алмаймыз» деп шалқамнан түсірсін. Бірнәрсеге таң қалдым. Сондағы отырғандар жаңағы өз әріптестеріне «сенікі не дұрыс, не бұрыс» деп бір ауыз сөз айта алмады. Осы уақытқа дейін керекті жерінде «бар» деуді, керексіз жерде «жоқ» деуді үйренбеген қазағым-ай деуден басқа не дерсін. Өткен оқу тоқсанында мектептерге барып, ата-аналарды жинап ашық әңгіме өткіземіз деп отырғанда белсенді топ құйындай соғып, бұл жұмыс басталмай қалды. Бірақ сондай орындалмайтын жұмыс емес, көп болып өткізу керек.

Осы ретте айта кететін басты мәселе: ол қазақ мектебі қай жерде ашылуы керек. Қалалық оқу бөлімі 8 мөлтек ауданда салынып жатқан жаңа мектепті алындар дейді. Өз басым оған келіспей жүрмін, себебі ол қаланың шетінде, балаларға да, ата-аналарға да жету оңай болмайды. Сол себепті Ленин көшесіндегі 3 «а» ауданға қарсы тұрған 9 мектепті сұрап отырмыз. Тоғыз жолдың торабында, қай жақтан болса да жетуге мүмкіндік бар. Ертең осы бір мәселеге үн қосып тілек білдірер болсаңыздар осы бір басты мәселені естеріңізден шығармауларыңызды қалар едім.

Ең бастысы барлық ұйымдастыру жұмыстары биыл бітірілуі керек. Егер де мектеп ашу керек деген шешімге келсек, ең бірінші мұғалімдерді іздеуіміз керек қой. Ол жайбарақаттықты көтермейді.

Биыл №10, №26 мектептерде қазақша бастауыш кластарды ашылды. Атқару комитеті, оқу бөлімі және «Қазақ тілі» қоғамы мен бірлесіп жасаған жоспарда 1995 жылға дейін 15 бастауыш сыныптары ашылмақ. Егер қазақ балалары сыймай бара жатса оған да дайынбыз. №48 (КМС), №256, №68 (МЖС 186), №70 (КМК, 216), №33 (156) және де №41 (ГорОО, 206) бала бақшаларында қазақ топтары ашылды. Тіпті комбинат қазақ бала бақшасын ашып берейік деп отыр. Тағатсыздық тудыратын нәрсе, ол - № 28 бақша күрделі жөндеуден өткізген сон

болатын дүние. 1995 жылға дейін қалада 41 балалар тобы ашылмақ. Ең бастысы біз өз өсімімізді өзіміз шектемес болғаны.

Алда күрделі жұмыстарды атқаруды керек ететін проблема - 1957 жылға дейін осы қалада шығып тұрған «Теміртау жұмысшысы» атты газетті қайтадан шығару. Осы бір абыройлы жұмыспен шұғылданғанымызға төрт-бес айдың мөлшері болды, тоқ етері үстіміздегі жылдың тоқсанында қалалық сессияда шешілетін болды. Қыркүйекте осы мәселе арнайы қалалық советтің президиумының мәжілісінде қаралды. Бір сағаттай уақытқа созылған пікір-таластан кейін, қазақша газет қалада ауадай қажет, оны шығарушылар болып қалалық совет, қалалық партия комитеті, және «Қазақ тілі» қоғамы бекітілді. Жоғарыда айтқандай қалалық сессияда бұл мәселеде шешілер, бірақ сол газетке жазылу басталғанда қаладағы қазақ деген азаматтардың бірде-бірінің қалмай жазылуын қамтамасыз ету тағы да алдымызда әбжыландай оралып тұр. Алдымызда оралып тұр деп қиналыс білдіргенімнің төркінін түсінетін шығарсыздар. Дәл бүгін ежелдегі қазақ деген халықтың мүддесін жан ұшырып қорғап келе жатқан «Қазақ Әдебиеті» газетіне, биылғы наурыздан бастап шыққан, соған қарамай тіліміздің, дініміздің намысын қорғап, бүкіл қазақ елін дүр еткізген «Ана тілі» газетіне, кейінгі үш-төрт жылда нағыз жауынгер, айтар ойы бар, айшықты дүниелерді алдымызға тартып, сусынымызды қандырып жүрген «Орталық Қазақстан» газетіне жазылу барысы кімнің де болса қарнын ашырады. Осының бәрін көріп отырған біздерге, қаламызда қазақша газет ашылған уақытта, оның тағдырын тағы да ат төбеліндей 5-6 адамға беріп қалғандарымыз еш нәрсені білмегендей, естімегендей болып шетте қалып қоямыз-ау деген ой мазалай береді. Дәл осылай болса газетіміз ашылған күні жабылады.

Осы ретте айта кететін тағы бір мәселе ол - қалалық газетте айына бір рет шығып тұрған «Замандас» атты арнаулы беттің тоқталып қалуы. Басында шығарушылар алқасы екпінді кіріскенімен негізінде маман болмаған соң соңы сұйыла бастады. Бірақ одан бізді Өтен Ахметов құтқарған болатын. Өтекең қызметі жоғарылап кетіп қалды да, бұл жұмысты Қарағандыдағы «Фараби» кооперативі жүргізді. 4-5 айдың шамасы болды, ол да бас тартты. Бұрында бізді толғандырып жүргендіктен негізінде арнайы бетке бір тілші керек екенін тиісті мекеме алдына қойып та үлгергенбіз. Ақырында облыстық полиграфия бірлестігінің бастығы Малик Имашұлы ағамызбен келісіп, «бір адамды сендерге беремін», деген нық айтылған уәдесін алдық, ол хатқа түсті. Сорымызға қарай дәл осы баспасөз туралы заң шықты да, әркім өз күйін, күйттеп, оның үстіне қағаз

қымбаттап баспасөздегі ағайындардың әлі де есенгіреп отырғанын жақсы білесіздер. Сол себепті де қалалық орыс газетінің есебіне бермек болған арнайы беттің тілшісін алу аяқсыз қалды. Бүгін сыныққа сылтау іздеген ағайын осының байыбына бармай «сенің істегенің осы ма» деп бетіме басуды әдет қылып алды. Дегенменен дағдарыста отырғанымыз жоқ, сол арнайы бетті шығаруды жалғастырамыз ба деген сенім бар. Өйткені, біз қазақша газет шығаруды талқылағанда ең бірінші ол 1992 жылдан бастап шығады, ал 1991 жылдан бастап бүкіл ұйымдастыру мәселесімен айналысатын бір белді, ысылған, тәжірибесі бар журналист жұмыс істей бастайды. Осы мәселе шешілсе арнайы бетте шығып тұрары сөзсіз. Биыл тек қоғамның ұсынысымен ғана №1,3,24 мектептерде орыс және басқа ұлттардың өкілдеріне арнап қазақ тілін оқытатын кешкі кластар аштық. Істеген барлық жұмыстардың түгелі жоспарға енуі мүмкін емес. Күнделікті жұмысты санап сан жеткізбейміз. Жиналған ақшадан 1000 сом бөліп зейнеткерлерге, студенттерге, жалғыз басты адамдарға «Ана тілі», «Орталық Қазақстан» газеттерін жазғызып бердік. Араб тілін оқығуды жолға қойдық. Наурыз тойын өткізуді бастап, аяғына жеткізуге атсалыстық. Екі жыл болды баспасөз назарымыздан тыс қалған емес. Биыл да өткіздік, бірақ әлі де ойлағандай нәтиже бермей жатыр. Ал енді шұбыртып соза бермейін, айтарым: осы айтылған, тындырылған жұмыстардың көбі жоспарда болатын, естеріңізде болар. жазғытұрым горкомның үлкен залында жиналып, сонда жоспарды өздеріңіз бекіткенсіздер. Тек арнайы тоқтала кететін бір жәй - «Қазақ тағамдары» атты бір отаудың шаңырақ көтермеуі. Осы мәселені біз атқару комитетінің алдында үлкен-үлкен жеті талаптың ішіне кіргізгенбіз. Айтыстық, тартыстық ақырында шешілді, бірақ біз ойлағандай емес, халықтың да көңілінен шыққан жоқ. Асханаларды басқаратын Манап Бейспеков деген інімізбен келістік. Асхананын бастығында, бас аспазшысын да аспазшыларды да баламалы түрде мандайынан шертіп-шертіп жүріп тандап аламыз дедік. Ет мәселесімен қоғам айналысатын болды, тіпті Манап інімізбен совхоздарға барып келуге дейін келісіп қойдық. Сонымен жоспардан артық түскен ақша: асхана, совхоз және қоғам бөлісіп алатын болдық. Жан-жағын мәуелі бақ жасайтын болып келістік, қойшы әйтеуір келіспеген дүние қалған жоқ. Содан бір күні жайдың оғындай хабар дүңк ете қалды. «Достық» атты «Қазақ тағамдары» деген ашылады-мыс. Басқасын өздеріңіз білесіздер. Елдің айтуына карағанда аспазшылар ылғи өзбек ағайындарымыз көрінеді, қазақ деген халықтың иісі де сезілмейді. Осы бір түсініксіз дүниенің бетпердесін Манап ініміз ашар деп ойлаймын. Осы ретте «Ұлттық орталық» жөнінде. Өз республикамызда тұрып

қазақ ұлттық орталық ашу, үй ішінен үй тіккенмен бірдей. Орталық ашамыз деп жар салып жүргендер жаңалық ашпайды, Теміртау қаласына кіре бергеннен-ақ «қазақ» деген халықтың бар екенін бесенеден белгілі ететін жұмыстар жасау керек десе сөз басқа. Өткен сессияда «Қазақ тілін» іске асыру программасы қаралып бекітілді. Осы бір құжатқа мен 17 ұсыныс жасадым, соның бірі етегімізде жатқан Самаркандское су қоймасын «Ботагөз» деп атын өзгертейік деген ұсыныс жасадым. Өкінішке орай комиссияда болған үш қазақ келісе алмай ақыры іс аяқсыз қалды.

Өткен жылдың 30 қазанында, құрылтай бюроға бес адам сайланған болатынбыз. Смағұлов, Серимов, Абдақимов, Базарбаев, Изекенова. Серимов дейтін орынбасарым жоғалып кетіп, осы жылдың тамыз айында үйіне барып әзер тауып алдым. Базарбаев жолдасқа кінә қоймаймын, қаланың бірінші хатшысы онсыз да жұмысы жетіп жатыр, анда-санда бір барғанда қолдан келген көмегін аяған жоқ. Абдақимов жолдас бұрын да асып кеткен ештемесі жоқ еді қалаға хатшы болып сайланғаннан кейін онын да мазасын алмадық. Бізді ел сайлап еді, қоғамға үлес қосайық деп ешкім белсенділік көрсеткен жоқ. Бүгін алдарыңызда Изекенова екеуміз ғана тұрмыз. Қалғанын өздеріңіз саралай берерсіздер. Ең бірінші құрылтай жиналысында, осы төрағалыққа өздеріңіз білесіздер, ешкім қызығып, белсеніп шыққан жоқ болатын, қайта ат тондарын ала қашқан. Мен де осы «ауруды» сұрап алған жоқпын, ел болып атаған соң жұмысты қолға алғанбыз. Істелген жұмыстарды айттым, бірақ белсенді топ астыртын жұмыс істейтіндей қылмыс жасағамыз жоқ.

Ал енді қандай жұмысты тындыра алмадық. Ең бірінші жер-жерлерде қоғамдар құрылмады, тек қана Қарағанды металлургия комбинатында май айында бастауыш ұйым құрдық. Карбид, Казметаллургстрой тресі, ВТУЗ-дағы жігіттермен талай сөйлестік бірақ нәтиже шықпады. Белсенді топ бұл жұмысқа кірісіп, 30-ға жуық қоғам құрылды. Қалай болғанда да оларға рахмет айтуымыз керек.

Бюро болып бірде-бір рет жиналып кеңеспедік, ол менің қателігім. оны білмегендіктен емес, ең бірінші есеп ашып, қаржы жинау мәселесі қоғам тағдырын шешетін болған соң сонымен айналыстық Енді қаржыдан ақша бөліп қосалқы түрде жұмыс істейтін адамды алып, жүйелі түрде бюро шақыруға болады. Яғни, шаңырақ көтерілгеннен кейін, түстік мал жинау керек, ал ол ағайынның ақылсыз болмайтын дүние. Ең бастысы жарғадағы дүниелер орындалмай жатыр, оның барлығын тізіп жаппайтын, істеймін деген, адамға бір ғасыр емес екі ғасырға жетерлік жұмыс бар. Егер қателік деп санасаныздар өздеріңіз білесіздер, мен қалалық қоғамның өз

программасы болу керек дегенге келіспеймін, ал жылдық жоспар болу міндетті. Жыл жоспарын жасауға әлі кіріскеміз жоқ, өйткені, алдағы қалалық сессияда келелі мәселелер шешілмек, ол көп жағдайды анықтайды. Оны ешкімнен жасырайық деп отырған жоқпыз, дәл былтырғыдай ел талқысына түседі. Бірақ кейбір басты мақсаттарға тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын.

Ең бірінші қазақ мектебінің тағдыры шешілуі керек - бұл біздің болашағымыз. Қазақша газетті қолға алдық, оның ойдағыдай аяқталуына тер төгуге тура келеді. Қайтар жол жоқ. Оның үстіне қоғам жұмыс істемейді деп жүргендеріне кінә қоюға болмайды, өйткені. Істеген жұмысымызды жариялап отыратын күнделікті басылым керек. Одан тек газет қоғамның жұмысын ғана басып отырады деген ұғым тұмайды ғой деп ойлаймын. Ең басты жұмыс қазақ тілін өмірге енгізу, оған атсалысу. Бір ғана мысал. Біз кооператив ашуға дайын отырмыз. Адамдарды таптық, қазақша сауатты жазатын қазақтарды таптық, содан кейін аудару мәселесімен қоса шұғылданамыз. Спонсорларды тауып алдық. Өйткені, жазатын сыр неше түрлі бояулар керек, ал оларды дәл қазір бізге «ала ғой айналайын», - деп отырған ешкім жоқ. Осы уақытқа дейін неге ашпадыңдар деген сұраққа айтарым: бас сұғатын орын болмады. Енді баспанамыз бар, тек бел шешіп сыбанып кірісу керек.

80 мың сомдай ақша бар дедік, осыны азайтып алмай көбейтуіміз керек, оның жолдары саналуан. Бірақ мысал. Мен комбинаттағы «комбинат питанияның» басқарушыларымен келістім. Олар өз қаржыларына қазақ тілінде шыққан видео кассеталарды табады сосын маған видео кассеталарды сататын болып келісті. Біріншіден, тойларды түсіріп оны мәңгілікке қалдырсақ, әрине ақшасына, екіншіден халқымыздың тамаша ән-күйлердің мысалы, «Отырар Сазының» концертін жазып алып оны елге сатып, әрбір үйге сыңғырлатып қойсақ ғаламат болмай ма. Түскен ақша «Қазақ тілі» қоғамының қорын көбейтпесе азайтпайды. Басқа да толып жатқан ойлар бар, қазақ тағамдары жөніндегі ойымды айттым. Оның тек қана иінін қандыру керек. Қоғамға да пайдалы, ең бастысы қала тұрғындарына қызмет көрсету. Тағы бір болашақты дүние - ол қазіргі бұйымдарын жасауды қолға алу. Комбинаттың модельный цехында ағаштан оймақ оятын, асқан шебер жігіттер бар, солармен біріге отырып, осы бір ғаламаттың негізін қалау. Егерде сәті түсіп оның шешімі тездетілсе тіпті жақсы. Ежелден халқымыз арық айтып, семіз шыққан ғой. Оның үстіне, бүгінгі қайта құрудағы жұмақты басына орнатып, Жиделі-Байсын апарамыз деген көпірмелерден ел шаршады, жалықты. Сондықтан айға қарап мөңірегенше, нақты бір жұмысты аз да болса, атқарған жөн дегенге саямын.

Ал мен бар нәрсені ашық айттым, бүгіп қалғаным жоқ, кейде ашынып та айтқан болармын. Оның себебін түсініп отырған боларсыздар, ежелден алауыз қыркысқан казакпыз, бізде қайда барушы едік. Әлі де айылымызды жиятын түріміз жоқ, бүгінгі отырыс та осының нәтижесі. Бүгінгі мына дүбірлі заманның аяқ алысына қарап ойласаныз, тарих донғалағы екінің бірін, ақ-қарасына қарамай үлкен кара жолдан лықсытып, шығарып жатыр. Өйткені бүгінгі заман, тарылып тұр, ешкім-ешкімге мұрша беріп жатқан жоқ. Кейінгі кезде дайын асқа шақырусыз келіп, «есіктен кірмей төр менікі» дейтіндер көбейіп барады. Осында белсенді топтың мүшелерінің бірі - Сейдолла Жүзбаев деген жігіт, өмірімізде бір-бірімізді бірінші көргеннен-ақ дүрсе қоя беріп, бара-бара «сіз жаздым, жаңылдым» деп айтуыңыз керек деп қокан-лоқы көрсетті. Және екі сөзінің бірі: «ақша керек». Көкірек құртын жеп жатқан тек ақша ғана болу керек, бірақ сол үшін байыбына бармай, бір көрген адамды жау қылып алу керек пе? Ойлаған ойын айтып, сабырлы, салмақты келіп, керек дүниесін сұраса біздің қарсы болатынымызға көзі жетіп пе? әлде иіскеп білді ме екен? Қалай да болса осындай жап-жас адамдардың жөні жоқ ышқынғаны жақсылыққа апарған емес, апармайды да. Ондай адамдарға жұмысты сеніп тапсыру да қиын болар. Белсенді топты бастап елді дүрліктіріп жүрген Абленов Асылхан да шынын айтсақ «өз сөзімен» айтқанда, елдің қамын ойлап жүргендердің бірі. Бірақ елдің қамын ойлау, ердің еріне ғана берілетін сыбаға. Асылханның өзі «Смағұлов менен көмек сұраған емес», депті. Шынында да мен одан көмек сұраған жоқпын. Өйткені, комбинатта бір Асылхан емес он Асылханның белін қайыстыратын жұмыс бар. Осы Асылхан жақында бір отырыста қоғамның атын өзгерту керек, «Қазақ тілі» болмау керек деп зәремізді алғаны. Сөйтсек, Сухонин деген азамат Асылханға қоғамды «Қазақ тілі»деп атағаннан елдің бәрі шошиды деп сендіріпті. «Қорыққанға қос көрінеді» емес пе, Асылхан шошып қалса керек, оны іле-шала бізге жеткізіп, осыны өзгерту керек деп дәлелдей бастады. Ал енді осындай Қайраткерлер көбейіп барады, көлденен көк аттының сандырағын қабыл алып, құдайындай сенсе солар бір күні ҚАЗАҚ деген сөзді ұмылу керек деп шықпасына кім кепілдеме береді? Ал енді осы екі азамат белсенді топты басқарып жүр. Ертең осыларға қазақ тілі Қоғамының тағдырын табыс етсеңіздер «Қазақ тілі» көркейе ме, жоқ әлде мүжілген жауырындай қуарып қала ма? Осы мәселе мына келіп отырған азаматтар сіздерді. ең бірінші ойлантуы керек!

Зер салып тындағандарыңызға көп рахмет.

1990 жыл

## Қарағанды облыстық «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына арналған алқалы жиында сөйлеген сөз

Ел деген, жұрт деген әрбір қазаққа «Қазақ тілі» қоғамының құрылуы қай жерде болмасын елеулі, дүбірлі оқиға болып отыр. Бір кезде өзіміз тілеп алған аурудың емі табылып, қыспақтан шығаратын сәуле жылт етіп даңғыл жолға алып баратын сүрлеу тапқанымызға қуаныштымыз. Тек осы қуаныш ұзағынан болғай. «Аузы күйген үрлеп ішеді» ғой, сондықтан да әлі де күдік бар, сенер-сенбесімізді кей кезде біле бермейміз.

Осының барлығы бүтінгі дүбірлі заманымыздың аяқ алысына шек қойғандық әйтпесе одан күдер үзгендік емес, себеп басқада. Ол қай заманда да халқымыздың аяғын тұсаған, бірлігіміздің әлі де болса иінің қанбағандығы, ынтымақтастық деген арқаудың шикілігі екенін жасырмай айту керек. Осыдан халқымыз қанша зардап шекті, небір зобаланды басынан өткізді оны айтып жеткізу қиын болғанымен, нәтижесі айдан анық. Ол - ана тіліміздің бүтінгі хал ахуалы.

Бүтінгі қазақ тілінің жағдайын сөз еткенде өзімізге шаң жұқтырмай, пәленің бәрін басқадан іздейміз. Ал шын мәнісінде біздің ортамызға кім келіп кедергі жасап еді? Барлығы да өзімізден, яғни біздің қанымызға сіңген ала ауыздығымызда, бір-бірімізді көре алмауымызда, атақты айтыскер ақын Әселханның сөзімен айтқанда «қазақтың қылтамағында». Қарсы шығып жар салып жүргендерде өзімізден. Кешегі, бала бақшаларында қазақ топтарын ашуды, балаларға қазақша үйретуді ұлтшылдық деп айып таққан «Правда» газетінің тілшісі Есілбаев өзіміздің қазағымыз, қазақ тілінің керегі жоқ дегендер: инженер Нығметшин, дәрігер Айтмағамбетовтер де қазақтар, өткен жылдың 28 желтоқсанында семьяны жоспарлау мәселесіне арналған телехабарда экологияның ауыр жағдайына байланысты бала тууды шектету керек, қазақтарда бала көп, семьяны алдын-ала жоспарлау аса қажет, - деп үзілді-кесілді пікір айтқан Денсаулық сақтау министрлігінің бас маманы Мұстафеев те қазақ.

Балаларымызды қазақша оқытсақ ертең күн көре алмайды дегендер де өздеріміз емес пе? Бұрнағы жылдары Қарағандыдағы қазақ интернатын жауып тастағанда да сол кездегі облысты басқарып отырған А.Г. Коркин жолдасты кіналадық. Өзіміз өз болмысымызға опасыздық жасап жатқанда Коркинге не жазық?!

Ал не орыс емес, не қазақ емес, үлкен қызметтегі, тек өз камын ойлап, тізгінді тартып жібермей қасақана аяқтан шалатындар ше? Олар да өздерін қазақ санатына қосатындар, қазақ деген атты

бүркеніп. нан тауып күн көріп жүргендер. Бұл кешегі біртуар, кимас асылдарымыздың бірі Ғабен Мүсірепов айтқандай «Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» дегенде осыларды айтса керек.

Тілімізді жоғалтып, қазақ деген халықтың болашағы бар ма, жоқ па? деген сұрақ күн тәртібіне қойылғанда, ел қамын ойлаған жақсы-жайсандарымыз көрсоқыр ұлтшылдармен, нигелистермен ашық айқас алаңына шыққанда осы бірліктің жоқтығынан біз тағы да бұғып қала бердік.

70 жылдардың басында бізге Сәкен Жүнісов ағамыз келіп, келелі әңгіме барысында халқымыздың ежелгі «Бір сұлтан таққа мінсе, қырық сұлтан атқа мінеді» деген мақалын қазіргі жағдайға лайықтап «Бір қазақ атқа мінсе, қырық қазақ жаяу қалады» деп айтып жүрмін деп еді. Сол жаяу қалған қазақтар қолдарынан іс келетін, ел қамын ойлайтындар ғой, қазақ, орыс, украин деп бөлмейтін, өзгенікін жатсынбай, өзінікін құрметтейтін азаматтардың ел қамынан тысқары қалып жатқанын көріп жүрген адамнан ғана осындай зар шықпақ.

Ал енді «ерте ерте ертеде ешкі құйрығы келте» заманнан бері ешқайда бармай, ешқайдан келмей, ата-бабаларымыздың қаны тамған, өсіп-өніп, туған жерімізде отырып, өз тілімізді қорғайтын «Қазақ тілі» атты қоғам құруымызды қалай қабылдауға болады. Қазақ деген халықтың намысына тисе керек еді.

Намыстанудың ауылы алыстау ма деймін. Өйткені, бізде «жел қай жақтан соқса соның ығына қарай жалырыла құлайтын» солқылдақтық басым.

Халқымыздың ұлылығын, даралығын, дархандығын, батырлығын, бауырмалдығы тағы-тағы толып жатқан басқа да жақсы қасиеттерін сіздер де мен де жақсы білеміз. Өкінішке орай осы қасиеттеріміз бүгінгі алдымызда тұрған апааттан алып қала алмады. Енді болмағанда, қазақша кітап оқитындарды саусақпен санап, қызыл кітапқа жазар ма едік, қайтер едік. Осының себебі сол бір баяғы ынтымақтықтың, бірлестіктің жоқтығы.

Еңдеше бүгін келер күніміздің есігін айқара ашқалы тұрғанда сол пәлекет туралы ашылып баса-баса айтайықшы, көлгірсімейік ағайын, жылатып айтайық. Жақсы мәрт мінездерімізді бізден ешкім тартып ала аламайды ол бізбенен мәңгілік бірге. Қазақ тілі қоғамы елдіктің, бірліктің жыршысы болсын десек өзге емес, өзіміз туралы шындықты айтайық.

Сөз соңында бір-екі ұсыныс:

1. Ғабен Мүсірепов айтқан өгейлерден құтылып, ортамызға іріткі салатындарды анықтап ұлтына қарамай ортамыздан аластату



керек. Бұл біреулерге безбүйректік, немесе қатыгездік болып көрінуі мүмкін, бірақ нигелистерді қойдай қоздатқаннан тапқан пайдамыз белгілі.

2. Біз бүгін өз тарихымыздан өзгенің тарихына, мәдениетін, әдебиетін мың есе жақсы білеміз. Бұған өз басым рахметтен басқа айтарым жоқ. Бірақ мынау қайта құру заманында, мәдени-ағарту, саяси, бұқаралық, идеологиялық бөлімдерді басқарып отырған қазақ тарихынан, салт, дәстүрден хабары жоқ басқа ұлттың өкілдеріне рахметімізді айтып, өз ұлтымыздың ұлағатты адамдарына басқартқанымыз жөн. Біріншісі орыс болса, екіншісі қазақ болу керек деген көрсоқырлықтан біржола ада болатын уақыт жетті. Осы шаралар ауызға айтуға жеңіл болғанымен, оны іске асыру құдайдың қияметі. Сондықтан осы талпыныстарды іске асыратын республикамызда заң қажет десек артықтау болар, бірақ заңға бергісіз шара болу керек. Мысалы республикадағы үлкен-үлкен өндіріс директорларын жинап ашық айтылуы керек. Өйткені, өндіріс бастықтары кадр мәселесін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отыр.

3. Қазақтар балаларын қазақша мектепке бермеуінде қанша сынасақ та негіз бар. Сол себепті біз Теміртау қаласының атқару комитетіне мынадай талап қойып отырмыз. Ол - тек қазақ балаларына арнап үш тілде яғни қазақша, орысша, ағылшынша оқытатын мектеп ашу. Республика министрлігінен осы шара қолдау тауып, бұйрықпен бекітілсе нұр үстіне нұр болар еді.

1990 жыл

## Іске асырамыз ба, әлде ат салысамыз ба?

Тіліміздің іргесі бұзылып, керегесі сөгіліп отырғанда барып есімізді жинап алдық. Бірақ әлі береке жоқ, «Асатпай жатып құлдық» дегендей іске кіріспей жатып конференция шақырыппыз. Өкінішке орай бұл отырыста да шешендіктің, даналықтың, тапқырлықтың арқауы болып шешілмей жатқан сұрақтарды тағы да жұрт алдына кесе көлденең тартудан аспаған. Басқаша болуы мүмкін де емес шығар. Өйткені, тындырылған ештеме жоқ. Тіл туралы заңның қабылдануы, әр жерде қоғамдардың құрылуы, одан кейін конференция өткізу тіл тағдырын шешпейді. Ең бірінші «Тілдер туралы заң» орындалуы керек те, «Қазақ тілі қоғамының жарғысы» әрбір қазақтың жүрегін жарып шығу керек. Осылар әлі де өмірден алыс жатыр. Сол себепті де көбінесе сөзбұйдалыққа салынамыз, неше түрлі қарарлар, шешімдер, тоқтамдар қабылданып, іле-шала ұмытылып жатады. Осы уақытқа

дейін өз басым түсінбейтін бір нәрсе (басқаларды білмеймін) ол - заң шыққаннан кейін оны қадағалайтын мекемелердің сыбанып кіріспеуі. Сонда отырған ағаларымыз, ұлағатты басшыларымыз заңның орындалу барысын жіті карап, не істеу керек, қалай іске асырамыз дегенді күн тәртібіне қойып неге жол сілтемейді? Біз провалық мемлекет болып қалыптасуға аяқ басып отырған жоқпыз ба? Ойларымды топтастырып, жақында қалалық прокурорға сөз салдым. Берген жауабының ұзынырғасы: «соттың ісі» - делді. Біреуді соттау үшін де оларға іс қозғау керек қой деген сұрағым: Біз бұл мәселемен айналыспайтын шығармыз, сірә, - деп жауап берді. Ешкім ешкімді сотқа берейін деп отырған жоқ, бірақ түбінде заң орындалмағаны үшін кім болса да жауап беру керек емес пе? Осыны кім атқарады? Партия ұйымдары бұған кіріспейтін болды, советтер әлі күш ала алмай жатыр, сот ешкімге бағынбайды, заңды қадағалайтын да «біз емес» дейді. Сонда қалай? Заң органдарында отырған ағайындар үндемей қалғандарына жол болсын. Конференцияда айтылатын, шешілетін, басар жерімізді, асар тауымызды анықтап беретін заң мекемелерінің өкілдерін сөйлету керек еді. Олардың біреуі де қатыспаған болу керек, қатысса да жұмған ауыздарын ашпаған.

«Қазақ тілі» қоғамының бесінші бабында «Қоғамның негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңын» жүзеге асыру. Қоғам қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде кеңінен қолдануына қажетті жағдай жасауға атсалысады», - делінген. Айтарым: Заңды жүзеге асыру бір басқа да, атсалысу бір басқа. Қазақ тілі қоғамы - ерікті қоғамдық ұйым болғандықтан заңды жүзеге асыра алмайды, қоғамның құқығы жетпейді. Ол тиісті мекемелердің (прокуфотура, сот) жұмысы. Ал қоғам қолдан келмейтін жұмысты өз мойнына артып алғанда, бүгін белі бүгіліп отыр. Осындай жағдайда өткізілген конференция өз міндетін атқарып, алға қойған мақсатын толық орындайды деу, үлкен қателік.

Ал атсалысу құдай жөні. Бірақ жұмыс істеп те жарытпаппыз. Конференция материалдарын («Ана тілі» газетінің 12 нөмірі) оқып отырып ауыз тұщығарлық ештеме таппадым. Себебі белгілі істерді жүзеге асыру құдайдың қияметі. Мысалы, мен жыл басынан Ө.Айтбаевпен бірнеше рет сөйлесіп А. Сейдімбеков пен Ж. Кәрменовты Теміртауға жіберіңіз деген тілек айтып, содан нәтиже шығара алмай келе жатырмын. Қоғамның вице-президенті «байтақ республикамыздың түпкір-түпкіріне баруымыз керек қой, әсіресе Теміртау сияқты өндіріс оты маздап тұрған жерге» - дегеннен аса алмай келеді. Ойымыз - тіл университетін ашып оның бірінші сабағын

аты аталған адамдар өткізсе деген тілек. Ал енді осы тілек. қиын тілек пе? Орындауға болатын тілек емес пе?

Теміртауда қоғам құрылғанан бері (30.11.1989ж.) әжептәуір жұмыстардың басы қарайып қалды. Балалар бақшасында 9 группада қазақ тілі оқытылып, үш қазақ группалары ашылды, үстіміздегі жылы тағы да 5 группа ашылмақ. Үш мектептерде қазақша бірінші сыныптар тұңғыш рет есігін ашады, тіпті шаруашылық басшыларынан қазақ бала бақшасын, енші бөліп берсек деген де ұсыныстар түсіп жатыр.

Келесі алда тұрған үлкен міндет 1991-1992 жылдары қалада тұңғыш қазақша мектеп ашу. Қоғам атынан қалалық атқару комитетіне хат жолдадық. Олар келісімін беріп, оқу бөлімімен жұмыс істеп жатырмыз. Жұмыс барысында талай-талай артыс-тартыс болады, біреу түсінеді, біреу күрсінеді деген ғой. Ең қиыны, қазақтар балаларын осы қазақша мектепке бермейтіндігі. Себеп анық - балаларының болашағынан қорқады. Сол себепті ақылдасып, ашылғалы отырған қазақ мектебінде үш тілді бірдей оқыту керек деп таптық. Яғни, сабақ қазақша жүрсе, онда орыс, ағылшын тілдері түбегейлі (углубленно) өткізіледі де, сабақ орысша жүрсе, қазақ, ағылшын тілдері түбегейлі жүргізілуі керек. Егерде қазақ мектебін бітіріп шыққан балалар үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) сайрап тұрса ғаламат болмай ма?

Қалалық көп тиражды газеттерге осы жөнінде мақала жазып қоғамдық пікір туғызып жатырмыз, оған басқа ағайындар келісе қоятын ынғай білдірмейді. Жақында осы мәселе атқару комитетінде қаралып, жеме-жемге келгенде қазақ мектебіне берілетін орында «бұрын оқып жүрген орыс балаларын қайда жібереміз, олардың жазығы не деген сұрақтар жан-жақтан қардай борады. Жауап таппай қысылып жатқамыз жоқ, орынды, салмақты жауап айтып, әзірге алған беттен қайтпадық.

Шешімін күтіп отырған ауадай қажет, шұғыл қолға алынатын мәселенің бірі - газет мәселесі. Қарағанды облысының Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Шахан сияқты қалаларында дербес ана тілімізде шығатын газеттер керек-ақ.

Теміртауда 1957 жылға дейін «Теміртау жұмысшысы» атты газет шығып тұрған. Осыны қайта қарап, үкімет тарапынан нақты шешімдер белгіленсе және осыған республикалық «Қазақ тілі» қоғамы мұрындық болса өмірге теке келіп, текке кетпегендігімізді толық дәлелдер ек. Біз де қол қусырып қарап отырғамыз жоқ- Бір жылдан асып кетті, қаладағы «Темиртауский рабочий» газетінің ширек бетін алып айына бір рет «Замандас» деген атпен шығарып келеміз. Бірақ осының өзі сұйылып барады. Біріншіден, өзі жарты форматты газеттің ширегіне нені жазып қарық қыласыз. Екіншіден, соны

шығаратындар қолдары бос емес, жұмысбасты адамдар. Бір адам арнайы шұғылданбағандықтан жағдай белгілі ғой. Тым құрыса осы бетке бір тілші қосалқы түрде алғызамыз ба деген жұмыспен шұғылданғалы жыл көрінді, нәтиже шықпай жатыр. Тегінде оған да қол жеткізерміз, бірақ онымен сұрақ түбегейлі шешілмейді.

Әрине, біз жер-жерге хағ жазып анау керек, мынау керек деп елге жұмыс тауып беріп, қол қусырып отыра беруімізге болар еді. Өзіміз уқалайтын терінің пұшағы болғандықтан жұмыс істеп жатырмыз. Тек дер кезінде астанада отырған ағайындардың демеп жіберетін кездерін өткізіп алатынына өкініштіміз. Араб тілін оқитын топ ашып, онда 70-ке жуық адам дәріс алып жүрген олар жақында өз тілектерімен Алматыға барып жұма намазына қатысып қайтты. Өндіріс орындарымен, қаладағы мекемелермен шарт жасасып жатырмыз. Басты мәселе аудару мәселесі, ілеспе аудару, қазақ тарихы, мәдениеті жайында лекциялар, әңгімелер өткізуге т.б. толып жатқан ана тіліміздің күнделікті дамуына ағ салысып жатқан жай бар. Жиналыстарда, сессияларда ана тілінде сөйлеу бой көрсетіп келеді. Оларды сауатты түрде орысша жеткізу де біздің мойнымызда.

«Ана тілі» газетіне жазылуды ұйымдастырдық. Мардымды болмағанмен істін басы басталды. Жоспар көп, көп болып жұмылсақ тындырылмайтын іс жоқ. Сол себепті Астанада өткен конференция бола ма, басқа жиналыс бола ма, жер-жерде істеліп жатқан нақтылы істерге ден қоюлығын қалап алар едік. «Ана тілі» газеті де жер-жердегі қоғамдардың істерінен хабар беретін айдар ашса қуанар едік.

1990 жыл

## Давайте поразмышляем

Всегда чувствуешь неудовлетворенность, а порой даже обиду, когда твой хороший знакомый, стоящий с тобой на одной идейной позиции, искажает действительность. Вдвойне обидно и не понятно, когда этот человек является исследователем нравственных принципов.

С автором статьи, «Каким будет завтрашний день» («Темиртауский рабочий», 24.01.91 г.) Д.Оськиным знаком давно. Мы часто спорим на разные темы, но всегда сводимся на том, что решение всех проблем сегодня лежит через нравственно-возвышенное отношение между людьми. Прочитав его статью на этот раз, не поверил. Неужели...

Ну что же.... Давайте поразмышляем, поспорим, ведь всегда «в споре рождается истина», хотя общественно-политическая ситуация в стране иной раз вынуждает сомневаться в правильности этой народной мудрости.

Совершенно согласен с утверждением автора статьи в том, что закон надо внедрять в жизнь правильно. Далее он пишет: «К сожалению, есть в нашем городе люди, которые хотят в одночасье решить эту сложную языковую проблему. Они не хотят принимать во внимание исторически сложившиеся обстоятельства». Что-то я не слышал, чтобы «кто-то в нашем городе официально утверждал, что закон можно внедрить в одночасье, тем, более не принимая во внимание историческую действительность. Разве только Дмитрий Васильевич знает? Тогда надо конкретно назвать. А неопределенность, намеки, извините, нынче не в моде.

Ставлю большой вопросительный знак после Ваших предложений, таких как: «Кто-то решил детский сад № 28 целиком отдать казахским детям...». Неужели же мы ради благородного дела будем использовать неуютные средства? «Выше я уже говорил о законах, которые принесли только вред стране.... Размахивать законом не к чему» и т.д. Во-первых, о каких неуютных средствах идет речь? Прежде, чем мысли выносит на суд общественности, надо же разобраться. Так вот поясняю. Садик №33, а не №28, отдать казахским детям предложило, а не «решило», руководство детского сектора Карметкомбината, а не «кто-то». Хвала им! Однако, мы же в обществе придерживаемся того, что если это произойдет, то только по желанию родителей, и не так как вы говорите «носить младенцев с одного конца города в другой», а в близлежащие к этому садику микрорайоны. Если она не захотят, никто их не заставит. Так что никто не решил нечего. И к тому же этот садик в настоящее время находится на капитальном ремонте. Дети же, которые ходили сюда, размещены, в частности, в садике «28 — они находятся рядом. И ваши опасения относительно «русскоязычных мам, которые будут страдать», напрасны.

Руководство детского сектора Карметкомбината предлагает данное решение после выяснения всех «за» и «против». Не надо представлять, уважаемый Дмитрий Васильевич, что только Вы один в городе заботитесь о подрастающем поколении. Другое дело, под разным предлогом не хотите показать, что Вы против открытия казахских садиков, как это делал, открыто собственный корреспондент «Правды» в Казахстане тов. Есильбаев в свое время. Так что все это давно знакомо.

Можно ли поставить в один ряд Закон «О борьбе с алкоголизмом» и Закон «О языках» и их последствия? А что за выражение «Размахивать законом не к лицу?». Можно ли, действительно, размахивать, разбрасываться тем, чем не положено?

Однако перейдем к главному. Главное то, что мы идем к правовому государству. А это означает уважение каждого из нас, прежде всего закона, правовых норм.

В правовом обществе слово «национальность» функционирует как термин и не более. Межнациональный же вопрос возникает там, где попираются права человека. Мое, причем не отъемлемое право требовать, что бы мои дети учились на казахском языке, ходили в казахский садик. Не придирайтесь к слову «требовать», поскольку, когда страна полностью станет правым государством, никто ничего не будет требовать, а просьбы и пожелания будут исполняться без оговорок, согласно закону. Если кто-то в городе спросит: почему все садик и школы на русском языке? Это тоже было бы попираем прав человека. Ибо мое личное решение - обучать своих детей на русском. Если же я захотел обучать своих детей на казахском, почему это должно исключаться: почему сразу возникают разные намеки, оговорки и даже противостояния? Почему мы вдруг начали делиться на «русскоязычных»?

Уважаемый Дмитрий Васильевич, средства мы избираем самые, что ни на есть демократичные, ни от кого не скрываем ничего, ничего не собираемся решать в одночасье. В том, что казахи забыли свой родной язык, не виноват никто : ни русский, ни кореец и т.д., а виновата система. Другое дело, когда все мы оказались в неустроенной квартире межнациональных проблем, всем бы думать и действовать сообща о ее ремонте, не забывая ни о ком. Однако, когда сообща решили восполнить пробел для лиц коренной национальности, появились непонимающие, даже противники. Я, как гражданин Страны Советов, ко всему этому отношусь с пониманием, сдержанно. Хотя мы столкнулись с неподготовленностью, поспешностью, порой забегаем вперед в осуществлении задуманного. Однако это не должно отразиться тенью на все святое, что дала политика перестройки.

И когда автор обсуждаемой статьи, посетив «несколько раз заседание «Қазақ тілі», приходит к умозаключению, что «оно замкнутое», это означает, что у Д. Оськина не осталось сил переосмыслить происходящие перемены. А когда читаешь такие строки, как «неужели его члены думают решить напга общие проблемы за спиной русскоязычного населения», извините, это вносит раскол в отношения между людьми, живущими в нашем городе.

«...Но обязательно ли всем нам в совершенстве знать казахский язык?» - спрашивает автор. Во-первых, это право каждого, а не одного Оськина. Скажу для сведения, что только по инициативе общества «Қазақ тілі» с прошлого учебного года открыты три специальных вечерних класса по изучению казахского языка для всех желающих. Они сегодня работают в школах № 1, 24, 3. 1

Общество «Қазақ тілі» является общественной, самостоятельной организацией, действующей на основе Конституции Казахской ССР. Мы ставим перед собой гуманные цели, ничьих прав не ущемляем, не ищем политики противостояния. Наши двери открыты для всех. Хотите, придите - пожалуйста. Хотите нам помочь - будем рады. На вопрос автора, «каким будет завтрашний день», смело отвечаю: завтрашний день будет для всех нас равноправным, разноречивым, придет время, когда на оперативках его участники будут говорить на разных языках, понимая друг друга, и это будет не исключением, а обычным явлением. Уверенность в этом дает мне то, что именно такое равноправие царствует во всех правовых государствах мира.

А мы с Вами, как известно, взяли курс к правовому государству. Давайте же конкретными делами поможем становлению этого сложнейшего процесса, не подвергая сомнению каждый его шаг.

1991 жыл

## Теперь тремя языками

По инициативе городского общества «Қазақ тілі» в отделе народного образования Темиртауского горисполкома рассматривается открытие школы на казахском языке с углубленным изучением русского и английского языков начиная с 1991-1992 учебного года.

Предлагаются разные варианты. Первый их них - смешенное обучение, т.е. начальные классы, обучат на казахском языке сформировав их из числа детей с казахских групп в яслях - садах города, а также детей желающих обучатся на родном языке. Старшие классы - с пятого по одиннадцатый - на русском языке с углубленным изучением казахского и английского языков. И постепенно, в течении 5-6 лет полностью перевести школу на обучение на казахском языке с полной программой. Это требует собрать всех детей коренной национальности, а их в городе более 1700, в одну школу, что вызывает ряд неудобств. Для всех, особенно для детей начальных классов, будет

проблемой добираться до школы (гороно предлагает новую школу на 8-ом мик-не). Не каждый сможет сопровождать своих детей в школу, а потом забирать их даже в том случае, если будут открыты спецмаршруты, что также рассматривается в горисполкоме.

Второй вариант - во всех школах города по возможности (по количеству детей-казахов) открывать начальные классы на казахском языке.

Предлагается также открыть три казахские школы - одну в старой части города, вторую в соцгороде, включая сюда четвертый и восьмой микрорайоны, и третью - где ни будь в центре остальных микрорайонов, включая Восточный район. В этом случае предстоит решить непростую проблему - создания педагогического коллектива.

За какой вариант «Қазақ тілі»? Общество за то, чтобы открыть все же казахскую школу с таким расчетом, чтобы детей начальных классов со всех школ города переводить в эту школу для дальнейшего продолжения учебы на казахском языке с углублением русского и английского языков. Причем эту школу открывать не на восьмом микрорайоне, а в 9 школе, в центре города, чтобы облегчить доставку детей из разных жилых массивов.

Преймл шество этого варианта в том, что появляется казахская языковая среда. что. безусловно, повысит эффективность обучения родному языку и создается стабильный педколлектив. При этом некоторые проблемы остаются, однако решается главная проблема - впервые в истории города дети-казахи смогут учиться на своем родном языке.

Сама идея открыть казахскую школу с углубленным изучением русского и английского языков родилась на объективной реальности, т.е. лица казахской национальности не желают обучать своих детей на казахском языке. Это связано с тем, что на предприятиях, в организациях, учреждениях, ВУЗах, техникумам, ПТУ города и области, да и в республике (кроме сельских) нет казахской языковой среды. Поэтому мы в обществе «Қазақ тілі» пришли к выводу: если дети коренной национальности будут владеть тремя языками - казахским, русским, английским после окончания средней школы, то приток детей-казахов в эту школу увеличится.

Мы при этом, ни в коем случае не создаем искусственное подталкивание, как и не хотим сдерживать желание многих вернуться к родному истоку.

Поэтому держим с Вами совет. Ждем ваших предложений через газету.

1990 жыл



## Асылдарымызды мерейтойларда ғана еске алмайық

Егер біз болашаққа, кейінгі ұрпаққа асыл мұра тастап кетеміз десек, ең бірінші оның ғұмырлығын, мәңгілігін ойлауымыз керек. Бірақ мысал. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін біз жер, су, ауыл, қалаларға ежелгі тарихи аттарын, қайтардық. Бара-бара қалалар, ауылдар көшелеріне алаш азаматтарының аттарын бердік. Ел қатарлы Қарағанды өңірі де «көштен қалмай» Тәттімбет, Мәди, Қ.Аманжолов т.б. асылдарымыздың аттарын совхоздарға беріп, тіпті, Егіндібұлақ ауданы Қазыбек би ауданы аталды. Осы бір қызу науқан кезінде «Орталық Қазақстан» газетіне мақала жазып, өз ойымды ортаға сала отырып, осы жұмыстың түбінде ғұмырының қысқа болатынын айттым. Етек алған еліктеу кезінде ешкім құлақ аспады. Совхоздардың жағдайы белгілі, әсіресе, бабамыздың атындағы аудан жуықта қысқарады деп қанша күмәнданғанмен, сенбеп едік. Нефедов, Бектұрғанов сияқтылардың саяси сауатсыздығынан болған нәрсе ақыл-ойдың, таным-түсініктің аумағына сия қоймас. Және де осы жетесіздердің сарқытын ішкендердің талай-талайы әлі де басшылықта отыр. Олардың не істеп, не қоятынына кім кепілдік береді? Осыны мықтап естен шығармаған мақұл.

«Аузы күйген үрлеп ішеді» ғой, сондықтан. «Азия Транзит» газетінің осы жылғы №2 санындағы «Құнанбаевты «тіркеуге» алмаған қала Сәтбаевты есігінен сығалатар ма екен?..» деген Аманжол Ақынның мақаласын оқығанда, қарадан қарап отырып ойға қалдым. Осы қалалар мен көшелерге адам аттарын беру қайдан келген үрдіс? Атадан балаға мирас болып қалған десен, аты-шулы бабаларымыздың атында небір жердің, судың, таудың аттары жоқ. Ақтабан шұбырынды... заманында атақты үш бидің бас қосып, кенес құрып, ел тәуелсіздігін сақтап қалған жері — Ордабасы деп аталады. Неткен кеменгерлік! Сонда ел болып, жұрт болып, үш бидің белдеріне бір-бір төбеден неге байлап жібермеген? «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабамы-сың» деген қазақта мақал қалған Абылайханның атында алақандай ғана «Абылай алаңы» бар. Исі алашқа белгілі басқа да небір дүлдүлдердің аттарымен аталатын жер-су, тау аттары бар ма? Бірен-саран атаулар болуы да мүмкін, бірақ жалпылама емес қой.

Соған қарамай, бабаларымыздың аттары елдің аузында, халықтың жүрегінде бүгінге дейін сақталып келді. Неге? Өз басымның топшылауы мынаған саяды. Қазақ халқы қай уақытта да өз даналарының аттарын елдің рухын сақтауға, көтеруге арнаған. Рухы

күшті халық өз елдігін, тәуелсіздігін сақтап, ешқашан тарихын, ұлыларын ұмытпаған. Жауға шапқанда «Абылайлап», «Иә, Қазыбек бабам, қолдай көр!», «Иә, Аруақ!» деп ұранға, сенімге айналдырып күш-жігер жинаған. Осы бір тағлым бүгінге дейін қазақтың дегеннің қанында бар. Сол себепті ол кісілердің атын атасак, халқымыздың болашағына алып барар жолда бірден бір пәрменді ықпал ететін тендесі жоқ рух ретінде қолдану керек. Оны да орынды жерінде ғана. Бұлай болмаса, аруақтардың кәріне ілігіміз мүмкін. Қасиетті деген сөз кез-келген сәтте, ауыз-екі, жол жөнекей, жөні жоқ жерде атау үшін емес, тым қысылған сәтте ауызға алғанбыз. Тек осылай ғана қастерлегендіктен, ғасырдан-ғасырға рені бұзылмай, аталарымыздың аты халық жүрегінде сақталып келеді. Ана сүтімен біткен осы қасиетті, кешегі «күдіреті» күшті Коммунистік партия да жоя алмады.

Бұдан мен бабаларымыз атының, мәңгілігіне қарсымын деген ой тұмау керек.

Мен бүгін бар, ертең жоқ, күмәнді дүниеге қарсымын. Оның ішінде біртуар асылдарымыздың атына көше беру - мен үшін баланың ойыншығы болып көрінеді. Сөз арқауы болып отырған Қанағанның (Сәтбаев) атында Жезқазған өңірінде қала бар, Алматыда баяғыда ғылыми зерттеу институты болатын. 100 жылдық мерейтой ЮНЕСКО аумағында тойланатын болғандықтан, Үкімет тарапынан игі істер қолға алынып, қауырт, қызу жұмыстар істеліп жатқандығынан хабардармыз. Әрбір қала, ел орны ағамызды дәріптеп жатса, бұл ғұлама ғалымның маңдай терін текке төкпегендігі емес пе?! Теміртау қаласына аталмыш ғалымның сіңірген еңбегі мол, шынына келсек, металлургтер қаласының дүниеге келуі осы кісінің арқасында. Өйткені, 1939-43 жылдары болашақ металлургия алыбы тек қана осы жерден орын тебу керек деп, оның экономикалық тиімділігін дәлелдеген де осы ағамыз екені баршамызға мәлім. Сондықтан да, Теміртауда ғұлама ғалымның мәңгілік ескерткішін жасау керек. Әлемге аты белгілі адамның атына да, затына да сай тек қана осындай құрмет көрсетілсе керек. Қала көркіне де жана рен пайда болар еді, яғни ғұмырлық дүние жасап, біздің де көңіліміз тасып, мәртебеміз өсері сөзсіз. Әрине, бұл үлкен іс, бұл үшін үкімет, қала басшылары ауқымды қаржы аударуы керек. Әзірге қалта тесік, жұтаң заманда оларға ауыз ашу — аспандағы айға қол созумен бірдей. Ал енді әлемге аян архитектуралық ескерткіш ретіндегі қалалар тарихына үңілсеңіз, меценатствоға жолыңасыз. Қазіргі уақытта небір байлықтың алпауыттары шығып жатыр деп естиміз. Сондайлар Теміртаумен Қарағандыда жоқ деймісің? Соларға қолқа салсақ болмай ма? Алматы да Сәтбаев қоры ашылған, соның жергілікті бөлімшесін ашып,

жылу жинап көрсе қайтер еді. Ең бастысы, осы игі істердің басына қолынан іс келетін, нарыққа бейім адамдарды тандап, тәуекелге бел буу керек. Басқа да көзі қарақты, намыс оты бар қазақтардың да қарап қалмасы белгілі, «көп түкірсе көл деген» емес пе? Ал енді Құдай жазып, ертең ескерткіш орнатыла қалса, ол қандай болу керек? «Асатпай жатып құлдық» дегендей, он екіде бір нұсқасы жоқ дүниені «саудалап» отыр деп ойлар оқырман. Еске түсіріңізші, Бұқар жырау абызымыздың «саңдалған» мүсіні кімге ұқсайды? Абылайдай аузы алты қарыс ханның кәрі сескендіре алмаған батыл, суырып салма ақын, ақылгөй шешенге ме, әлде, сүзектен тұралал қалған қауқарсыз қанбақ шалға ұқсай ма? Ол кісіні қазаққа таныстыру әбестік болар, дегенмен, ескерткішті көрген адам бабамыздан адасады. Ал енді ескерткіштің тұрған жеріне зер салыңызшы. Тоғыз жолдың тоғысқан торабы, ылғи да асығып-сасып, мұрындарынан шаншылып жүрген жолаушылар, атамызға біреу мойын бұра ма? Одан қалса, етегіне сүрініп, құлап жатқан маскүнемдерді көресіз. Осы ретте Мұханның Абайға тандаған жерін айтыңыз. Алғашқыда екінші Алматыдағы теміржол бекетінің (вокзал) алаңы ұсынылыпты.

Атақты жазушы оған келіспей, «бекет — жолаушылардың бірі келіп, бірі кетіп жататын жер, Абайға ешкім көңіл аудармайды», депті де қазіргі Абай атамыздың ескерткіші тұрған жерді өзі тандапты, 1960 жылдары біз сонда оқып жүргенде, ескерткіш тұрған жерден Көктөбенің жасыл дөңдері көрініп тұратын. Сонда ақын атамыз сол төбелерден асықпай-саспай аяндап түсіп келе жатқандай әсер алатынбыз. Қазір ғой жан-жағынан зәулім, аумақты ғимараттар салынып, қоршауда қалғаны.

Тағы бір айтарым, арқаның небір тарихи санлақтары бір-бірінен айырғысыз.

Жалпы, сол ғасырдың қазақтары тақия, тымақ, бөрік кимеп пе еді? Осыны да ойлану керек шығар. Болар іс болды, бояуы сінді дегендей қалай болса солай Бұқар бабамыздың ескерткіші қалқиып тұр, оған да тәуба! Қарағанды жұрты одан да сорақысын көрді емес пе? Құрманғазыдай күй күдіретіне ескерткіш орнатып, ертеңінде оның быт-шытын шығарып алып тастағанына да куә болдық емес пе? Жел қай жақтан соқса, солай қарай құлай салатын жас шыбықтай майысқақ атқамінерлеріміз тұрғанда, көретініміз әлі де алда болар-ау. Егер де осылар тақта отырғанда Қанағанның ескерткіші қолға алына қалса, келер ұрпаққа татымды деген дәмені де ұмытуымыз керек.

XX ғасырдың ақтық жылы Президентіміздің жарлығымен «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастық жылы» болып аталды. Ұлттық идея, идеологияны қалыптастыруға пәрменді іс екені даусыз. Осы

тұрғыдан айтсақ, біз асылдарымызды мерейтойларының қарсаңында ғана еске алып, от алып ұшамыз.

Елге ежелден белгілі, бірақ аты аталмай жүрген небір санлақтарымызды қашан еске аламыз? Мысалы, Кемпірбай, Шөже, Орынбай. Жазық шешен, Қалдыбай жожа, Бекболат би, Бертіс хан, Алшынбай. Байғозы батыр, Қаллеки, Жүсіпбек т.б. облыста осы мәселені ойлана жүрген жан бар ма екен? Әлде, бас-басына Президенттің жарлығы шығуын күтеміз бе? Осы мәселені алдына мұрат етіп қойып, жүйелі түрде жұмыс істейтін ұйым керек. Сонда келешек ұрпақ өз тарихын, ұлыларын ұмытпаса керек.

1999 жыл

## Ойлансақ қайтеді

«Хабар» телеарнасынан беріліп жүрген «Тіл» хабарын жүйелі түрде болмаса да, сәті түскен күндері көріп тұрамын. Өз басым құптаймын да, қолдаймын да. Ұлттық мүдде тұрғысынан аталмыш хабардың пәрменділігін арттыру мақсатында бірер тілек, ой-тұжырымдарымды ортаға салсам артықтығы болмас деген оймен қолыма қалам алдым. Хабарды жүргізушілер - Сағат Батырханова мен Дана Нұржігіт «Тіл» ток-шоуы деп атайды. Әлемдік электрондық ақпарат құралдарында осындай айдар тағылғаннан кейін дұрыс та болар. Дей тұрсақ та, атам заманнан келе жатқан бай тілімізде «Алқалы топ», «Алқалы жиын» сөздерін де жатсынбау керек. Әрбір саланың білікті мамандары, ғалымдары ана тіліміздің көркеюіне ат салысып жүргендерін көріп, марқайып қаласың. Яғни, бұл «алқалы топтың» әйтпесе «алқалы жиынның» алқа-қотан отырысы деп білемін. Қиын-қыстау кездерде халық тағдырын шешетін, тығырықтан шығар жол осындай алқалы жиындарда анықталмаушы ма еді. Сол себепті осы отырыстың мазмұны тартымды, керек десеніз бұл жиын - даралықтың, даналықтың мектебі болса керек-ті. Әзірге байқағаным, хабарға қатысып жүрген белгілі адамдардың сөйлеу мәнерінен өз ойын, тұжырымдарын, дәлелдерін жеткізуде аса бір ерекше сақтық та, асығыстық та байқалады, тіпті «айттым, бітті, кестім, үзілдінің» де төбесі көрініп қалып жүр.

2003 жылдың аяғында қысқартылған сөздерге арналған отырыста өз басым аса қадірлейтін Аманхан Әлім мен Қуандық Боқаевтың «колхоз», «совхоз», «СОКП» туралы пікірлерін естіп қайран қалдым. Тарихты бұрмалаудың талай көкесін көрдік те, куә де болдық емес пе? Гитлер мен Сталиннің атын тарихтан өшіріп

тастаймын дегенмен пара-пар болмысыз тірлік. Ал енді үстіміздегі жылдың 10-қаңтарындағы отырыста қойылған «рецепт», «витамин» тағы басқа сөздерге келетін болсақ, бұл өзі өз алдына үлкен, шешуі қиын, түйнекті мәселе. Жаңылмасам, әлемдегі «медицина» - медет сана (Әбу Әли ибн Сина) тілі - латын тілі. Одан біз неге қашамыз? Жалпы бүгін тілімізге сіңісіп, етене жақын, жатсынбайтын орыстардың, басқа да халықтардың сөздерін түгел қазақшаға аудару . ана тілімізге деген патриотизм аясына сия қояр ма екен? Мен - металлургтін. 1980-жылдардың аяғында осы саладағы терминдерді қазақшалауға атсалыстым. Сол уақытта байқағаным, металлургия терминдерінің басымы грек, латын, француз неміс тағы да басқа халықтарының сөздері екен. Солай екен деп, орыстанудың қолдану аясына орысшасын кіргізейік деген талпыныс жоқ, керісінше, ол терминдер орыс тілін байытып отыр деген түсінікте. Яғни, орыс тілінің игілігіне айналып отыр. Егемендік алғаннан бері қаншама сөздердің қазақша баламасы табылып, сөз қорымызды байытып сіңісті болып кетті десеңізші. Мысалы, тікұшақ (вертолет), ұшақ (самолет), ауыспалы инженер (начальник смены), жан сақтау бөлімі (реанимация). «Бабые лето» деген сөздің «Кемпіршуак» деген баламасын естіп, таң-тамаша болдым. Қандай ғаламат?! Осындай «жүрекке жылы тиер» баламалар аталмыш телехабардан табылып, өмірге жолдама алып жатарына сенімім мол.

1976 жылы атақты Ғабеннің (Мүсірепов) «АБВГЕ идің атқорасынан бастайық» деген мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетіне басылды. «Қай халықтың болса да, қоғамдық өсу-еркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады» дей келіп, - «Ана тілі дегеніміз - сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі» деп еді. Алты алашқа белгілі сөз зергерінің айтқанына күмән келтіретін қазақ табыла қоймас. Олай болса, тіл отырысы да мәңгілікке айналады деген сенімменен бірер ұсынысымды алға тартпақпын. Алғашқы айтарым, осы телехабар тек қана аудармамен айналысатын болса, аясы тарылып, көрермендерін жалықтырып алуы мүмкін. Сол себепті ортамызда кең өріс алып кеткен «сөйлеу - сөйлесудегі дөрекіліктерді» (Ғабен) өзгертуге, яғни тіл мәдениетіне де көңіл бөлінсе. Қабыл алса, «оралман» деген сөздің жөн-жосықсыз қолданыла беретінін ұсынар едім. Егерде ресми орындарға міндетті түрде арнайы термин керек болса, ол «көші-қон агенттігі» деп аталып жүр. Осы сөздің қолтығына қыстырылып тұрған «көшпенділер» деген сөз аузымызға түсе бермейді. Тегінде, «оралмандар», «көшпенділер» тағы да басқадай айдар тағудың не

қажеті бар? Қазақты қазақтан айыру үшін бе? Келесі айтарым, қазақ тілінің өз отауында өгей болуы себебі, «Тілдер туралы Занның» біржақты орындалуында. Тоны жібімей жатқан осы түйін хабарға арқау болса, мүмкін сен бұзылар...

2004 жыл

Қара орман қазақтың қарашанырағы - Қазақстан жазушылар Одағының 75 жылдық мерейтойына қатысу бұйырды. Осы творчестволық Одақтың жиынына қатысуым бірінші емес, бірақ егеменді ел болғалы алқалық жиынға бірінші рет баруым. Советтердің уақытында бұл ұйым құзырлы, қалтасы қалын, жомарт болатын. Ал қазір қоғамдық негізде жұмыс істейді. Бәріде өзгерген, өзгермегені - рухани әлеміміздің жүгін көтеретін қара нары болуы ғана. Одақтың бүгінгі төрағасы Нұрлан Оразалиннің баяндамасы тартымды, шақырылған жұрттың көңілінен шықты. Әсіресе егемендік алғаннан бергі Одақтың бастан кешіргендері. Осы өтпелі кезеңдегі ахуалға тоқтала келіп, баяндамашы: ... Әуелі ұйымның басы дауға түсті. Одақтың айналасында әңгіме өрттей қаулады. «Заман өзгерді, қоғам өзгерді, қазақ, қаламгерлері басын қосып отырған ұйым неге өзгермейді!? Өркениетті елдерде мұндай қоғамдық ұйымдар жоқ. Клубтық немесе шағын-шағын бірлестіктер айналасына топтасқан ұйымдар бар ... Сондай үлгіге көшу керек» дегендер болды. Екінші пікір айтушылардың сөзі анық - Одақты сақтау керек. «Одақ әдебиетіміздің киелі төрі» ... Уақыт төреші. Бәрін орнына қойды... Одақ тағдырын талауға салғысы келгендердің сөзі сүрінді -, деп көпті сілкіндірді. Қырғызстан жазушылар одағының төрағасы Омар Сұлтан Оразалиннің баяндамасын тамаша поэмаға тенеді. «Көкпар» аталатын үлкен суретті сыйға тартып тұрып: «Қырғыз елі түгелдей чоң (үлкен) көкпар тартып жатыр ғой» деп бүкіл залды күлкіге қарық қылды. Ал «Диалог Еуразия платформасының» тең төрағасы Харун Тоқак: «Біз ақын Мағжан Жұмабаевтың «Алыстағы бауырым» деген өлеңін арнаған, түркі жұртым деп қабырғасы қайысқан - Түркия елінен келдік дегенде менің көзіме жас келді. Арқа өңірі де құр қол келмепті. Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев ұтымды, қысқа да нұсқа сөйлеп: «Жазушылар Одағының іргесін қалаған С. Сейфуллиннің елінен ат арытып келген соң Одаққа ат мінгізуді жөн көрдік. Осы күні тұлпарлардың қаңқасы темірден болады ғой». - деп көптің ыстық ықыласына бөленді. Ұшқыр ой, өтімді сөз, жүрек жарды ыстық ықыластар жетіп артылды. ҚР.ҰҒА академигі Салық Зиманов: «Жазушыларсыз ғалымдардың, ғалымсыз жазушылардың өмірі

басқаша болатындай сезінетін» - дей келіп ... «Жоғарғы орында отырған Үкімет басшылары, министірлер қозғалмай, сол орталардағы қазақ тілінің тағдыры шешілмей тұрып, төмендегі мектеп, бала-бақша. тағы басқа жерлерде шешіледі деудің өзі бұл мәселені ұзаққа, ғасырларға созу, тілді жою деген сөз.» -, дегені жадында сақталып қалыпты. Мерейтой болған соң қонақтар да көп болды. Орта Азия елдерінің өкілдері басы бүтін түгел, Азербайжан, Татарстан, Башқұр, Ресей, Белорусия ... Шеттен келген қонақтардың дені жазушылар Одағын сақтап қалған Қазақстанға рахметтерін жаудырып жатты. Бірақ мысал. Ресейден келген үш жазушылар Одақтарының өкілдері сөз алғанда «Бөліну оңай, бірігу қиын екен» дегенді ашық айтты.

Соныменен Одақ «көйлегі» сетінеп барып, жыртылудан аман қалып, жазушылардың бастары қайтадан бір арнаға тоғысып жатқанымен, шешілмеген проблемалар көбеймесе, азаймаған. Әрине, көбінің шешімі Үкіметтің қолында, солардың көзі оң болсын деп тілейік. Ал оқырмандар қауымының құрт азаюы жалғыз ғана жазушылар Одағы емес, жергілікті аудан, қала, облыс әкімдеріне, бұқара халықтың ықыластарына байланысты. Кезінде, әсіресе, бұқара халықтың ықыласы жазушыларға ерекше еді. Бүгін сол қауымнан қауқар кетіп, жазушылар өріссіз қалды. Қоғамымыздың рухани бейшаралыққа ұрынып отырғандығының себептерінің бірі осы. Кезінде Советтер Одағы жазушыларды саясаттың рупоры ретінде пайдалана білді. Қазір ше? Басқаларға ретсіз «Аузымызды ашып, көзімізді жұма бергеннен» лықсып келіп жатқан рухани жұтандықтан басқаны өз басым көріп отырған жоқпын. Дегенменен аузымызды қу шөппен сүрте бермейік. Тындырылған істер бар. Көп нәрсе іске асып жатыр, болашақтағы жоспарлар да жеткілікті. Сөз соында бір ұсыныс айтпақпын. Қарағанды облысы Қазақстан жазушылар Одағымен меморандумға отырып, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің апталығын облыстарда жыл сайын өткізуді; облыс аралық секретариаттарға қор ашып беруді; жергілікті жердегі жас ақын-жазушыларға жан-жақты көмек көрсетуді арнайы атап, бүкіл Қазақстанға үндеу тастаса. Мен бірдемені сезсем, дәл бүгін арқа өңірінде осындай бір оңтайлы сәт туып тұр. Оны облысты басқарып отырған азаматтардың мәрттігіне, ұлыларын ұлықтай білетініне тәнті болғандықтан сенімді түрде айтып отырмын. Қалай болғанда да «Аруақ қонып нар шөккен, қыдыр дарып бақ қонған» арқа өңіріне лайықты және өнегелі іс болар еді.

2010 жыл

## Әңгіме термин жәйі

Республикамыздың шығысындағы кара металлургияның өріс алуы осы аймақтың экономикалық жағдайына ғана елеулі өзгерістер енгізіп қана қойған жоқ, көптеген әлеуметтік процестерге де игілі әсерін тигізіп отыр. Соның бірі металлургия атау-аттарының біздің ана тілі сөз қорын байытуы.

Домина, мартен, агломерат, кокс, конвертор сияқты сөздер күнделікті ауыз екі сөзге мерзімді баспасөз беттерінде тиянақты орын алды.

Қай уақытта болмасын техникалық жаңалықтарды қазақша уағыздау бірден аяғынан нық басып кетпейтіні бәрімізге мәлім. Кейінгі кезде Қарағанды металлургия комбинаты коллективінің қол жеткен табыстарын, жұмыстағы олқылықтарға көрсетіп баспасөз бетінде жиі жарияланып жүр. Осы жағдайға 1982 жылғы біздің коллективпен Қазақстан Жазушылар Одағының өзара творчестволық шарт жасауы едәуір ықпалын тигізді десек - ақиқатын айту.

Дәл бүгінге дейін мазмұны жағынан арнаулы мақалалар «өттеген-ай» дегізген жоқ. Дегенменен олқылықтар да жоқ емес. Бірақ айтқалы отырған олқылық газет тілшілеріміз өз ісіне салғырт қарап, жете мән бермегендігінен емес, бүгінге дейін дұрыстап қолға алынбай, шешілмей жатқан үлкен проблемалық мәселе болғандықтан.

Бұл металлургия саласындағы техникалық терминдердің қазақшаға аударылып, аттары аталып бір жүйеге келтірілмеуінде.

Осы себептен орыс тілінде бір ғана мағына беретін сөздер әртүрлі мағынамен және дұрыс аударылмай келеді.

Біріншіден - прокат деген сөзді қазақшаға аударуға келетін болсақ, газет тілшілері «прокаттын» баламасын таба алмай әр саққа жүгіртіп жүр. «Табактау цехы», «Ыстық прокат», «Салқын прокат», «Суық прокат», «Табак құрыш қақтау» т.б аудармалар. Осы жөнінде біреу пікір айтқым келеді. Тегінде «прокат» деген сөз қақтың жұқарту деген сөзімен пара-пар. Мұны прокаттың технологиялық процесіне үңілсек толық ұғына аламыз.

Екі біліктен (прокат валдары) түскен қысым арқылы екі білік арасындағы төрт бұрышты тұтас болат бірте-бірте жұқарады. Прокат өндірісінің көш басындағы «обжимной» деп аталатын цехқа слиток (кесілген қысық пирамида формасында е-2770 мм, қалыңдығы 795 мм, ал ені 1385мм болат кесек) келіп осы цехтан қалыңдығы 140-250 мм болып жұқарып шығады да «слябы» деп аталады. **Слябы** одан әрі бірінші прокат цехына түсіп 1700 станнан өтіп одан қалыңдығы 1,2мм дейін, ал осы қалпында екінші прокат цехына барып 0,5 мм дейін



жұқартылады. Сонда бұл жұқарту емес пе? Орыс халқы да нан жайғанда «раскотаю тесто» демей ме? Осы тұрғыдан алғанда «обжимной» цехында «раскатной рольгалье слитков» дейтін жүйе бар. Бұл да жұқару деген мағынаға негіз беріп тұр

Обжимнойды - бірде қысым, бірде қысу цехы деп аударып жүр. Жалпы алғанда қысым бүкіл прокат өндірісінің технологиясына тән процесс (обработка металлов давлением) Сондықтан обжимнойды - сығымдау деп аударған дұрыс бола ма деймін. Халқымыз комақты нәрсені кішірейту үшін қай уақытта да сығымдаған ғой. Сығымдаудың негізгі мақсаты бірінші - көлемін кішірейту, екінші - тығыздау, үшінші - қатайту. Осы тұрғыдан алғанда да болатты сығымдағанда оның беріктік (прочностная характеристика) қасиеті арта түсетіні белгілі. Олай болса сығымдау деген балама обжимнойдың формасы жағынан да, мазмұны жағынан да негізгі атқаратын мақсаттарын толық қамтиды деп ойлаймын. Ал слябьға келетін болсақ, ол - сықпа болып шығады.

Енді прокат қақтау жөнінде. Аталарымыз темір қақтады ма екен? Қақтаса тәсілі қандай? Қазақтар ет қақтаған, сүрлеген. Абай атамыз айтқан: «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» дегенде қақтаған деп қалай алынған? Осы екі ұғымдағы бір қақтаған деген сөздің түп-төркіні қайда? Бұл бір өз алдына зерттеуді талап ететін мәселе.

Прокат өндірісіне арналған мақалаларда колпаковые печи деген агрегатты «ыстық арқылы өндеу» деп аударып жүр. Мүмкін қақтау осының бірден бір дұрыс аудармасы болар.

Басын ашып алатын аударма «ыстық қаңылтыр» Қаңылтыр қандай тәсілмен алынса да оның техникалық анықтамасы - қалыңдығы (жұқалығы) 0,18 - 0,4 мм, ГОСТ - 17178-72 бойынша аз көміртекті жұқа болат. Ал сөйлемдерде кездесетін ыстық қаңылтырлы прокат цехындағы 1700 станның, - деу дұрыс емес. Өйткені бұл цех қаңылтыр шығармайды. Қаңылтыр шығаратын цех стан 1400 және осы цех 1982 жылдың аяғында ғана іске қосылды.

Сайып келгенде айтайын дегенім «прокатты» міндетті түрде аудару керек болса «жұқарту» деп аудару керек. Мысалы: бірінші жұқарту цехы, екінші жұқарту цехы т.с.с.

Енді осы жұқарту көп аудармаға жол ашып тұр. Мысалы: **Вальцовщик** - жұқартушы, **прокатчики** - жұқартушылар, **прокатное производство** - жұқарту өндірісі, рулон - жұқартылған орамдар т.т.

**Лист** - табақ деп аударылып жүр. Қазақ Совет энциклопедиясының 10 томында лист - тілкем деп аударылған, дұрыс, тамаша табылған балама.

Осы ретте терминология комитетіне айтатын ұсынысым бар. Көтеріліп отырған мәселе айналасында тиісті ізденістер жүргізіліп бір жүйеге келтірілсе әрине тек «прокат» деген сөздің маңында ғана емес металлургияда қазақшаға аударылып, сөз қорымызға қосылғанымен өз орнын таппай жүрген сөздер қаншама? Мысалы: «травление», «обезжирование», «очистка», «обработка» деген сөздер «өңдеу» деген бір ғана ұғыммен беріліп жүр. Осы келтірілген сөздердің кейбірі кезінде аударылғанда. Бірақ өкінішке орай олар жалпы халықтық тілге араласып, сіңіп кете алмай жүр. Екіншіден аударманың маңызсыздығынан ба деген ой келеді.

Аударманың маңыздылығы жөнінде бірер сөз.

«Коксотушильная башня» - көмір тұмшалану мұнарасы деп аударылған. Кокс сөндіру мұнарасы десек дұрыс болмай ма? Көмірді кокс пештерінде ауасыз қыздырып, пештен шыққанда жанып кетпесін деп суменен сөндіретіні - кокс алудың негізгі технологиялық процесі. Құрғақ сөндіру де бар. УСТК (установка сухого тушения кокса) немесе кокс алу мұнарасы деп аударсақ та жаңсақ кетпейміз.

**Ковш** - шөміш деп аударылған. Шөмішке таласым жоқ, дегенменен осы сөз құлаққа жағымды естілмейді. Ковштың дәлме-дәл аудармасы - ожау. Шөміш, ожау дегенде қомақты емес. Олай дейтініміз шойын таситын, болат таситын ыдыстар сыйымдылығы әртүрлі. Шойын таситын ыдыстар 100 - 140 тонналық та, болат таситын ыдыстар 300 тонналық. Осыған қарап шойын таситын ыдыстар, болат таситын ыдыстар деп деп аударса қалай болар еді. Ыдыс сыйымдылығы жағынан әртүрлі мағына бермей ме?

Тілшілердің назарынан тыс қалып жүрген (аударуға келгенде) агрегат **Миксер**. Сыйымдылығы 1000 тоннадан 2500 тоннаға дейін. Атқаратын негізгі міндеті - шойынды (сұйық күйінде) сақтау. Домна пеші тоқтап қалса болат балқыту пештері шойынсыз қалмасын деп әдейі арнап жасалған ыдыс. Яғни сұйық шойынды миксерге қотарып алады. Аталарымыз көп мөлшерге келгенде сұйық затты (су, қымыз, айран, сорпа) қотарып үлкен ыдыстарға құйып алмаушы ма еді. Сол сияқты.

Олай болса **миксерді** - қотару ыдысы деп неге алмаймыз.

Келтірілген терминдер бүгінгі таңда келешегін айтпағанда, газет бетінен жиі орын алып жүр. Осы тұжырымдар технологиялық процеске жүгіне отырып дәл аударудың жолын қарастыру. Түбегейлі зерттеген адамға басқа да **мазмұнды**, сүбелі аудармалар табылуы сөзсіз. Және мен тіл маманы емеспін. Орайы келгенде айта кетейін, осы келелі мәселеге тіл мамандары ат салысса нұр үстіне нұр. Мүмкін

металлургия өмірін жазып жүрген тілшілерге арнаулы бір лекциялар ұйымдастыруы керек болар. Осы да бір ойланатын жайт.

Қорыта келгенде негізгі айтпағым қашанда «қиыннан қиыстырған» ана тіліміз, бүгінгі ғылым мен техниканың қарыштап өскен уақытында өзінің байлығын, тіл орамдылығын, жан-жақтылығын әсерлетпей, қайта өрістете түсуі керек. Шешуін күткен осы мәселеге тіл, газет, журнал, өндіріс мамандары болып атсалысса ана тіліміз тек қана түрлене, толығырақ түседі деген тілек.

1982 жыл

## Ақындар айтысы

Жақында Қарағандыда өткен Бүкілодақтық ХІХ партия конференциясына арналған үшінші облыстық ақындар айтысы мәдени өміріміздегі елеулі оқиға болды. Осылай деп атын атап, түрін түстеуге толық негіз бар. Оған дәлел; айтысқа деген халықтың ынтасы, құштарлығы қарақұрым көптің ішінен жол тауып циркке өтудің өзі оңайға түспегенін айтуымыз керек. Оның үстіне «артық билет бар ма?» деп жар салғандар қаншама, бағасына да қарап жатқан жоқ, тіпті қолыңнан билетінді жұлып әкетуге даяр. Осының өзі-ақ халық қастерлейтін, сүйетін төл өнеріне деген айрықша ықыласты көрсетсе керек. Осындай асыға күткен айтыстан жоғымызды тауып, құмарымыздан шықтық па? Әрине, шөліміз қанып, жанымыз жәй тапты десек асыра айтқандық емес. Небір шаршы топқа түсетін өрен жүйріктер өсіп, жетіліпті, бұрынғы санлақтарымыз да толықсып шыңдала түскен. Әдейі шақырумен келген қонақтарымыз да үлкен өнер мерекесіне сән әкелді, айтыстың абырой-атағын асқақтатты.

Осындай өнер иелеріне, ұйымдастырушыларға алғысымызды айта отырып, кейбір айтыс барысында туған ойымызды ортаға салсақ деймін.

Бірінші - халқымыздың ғасырлар бойы тырнақтап жинап өз алдына жеке қастерлейтін өнер болып қалыптасқан «Алтыбақан», «Ән сайысы», «Күй сайысы», тіпті «Қазақша күресті» айтыспенен қабаттастырудың қажеттілігі. Егерде ұйымдастырушылар айтыстың шашбауын көтерем десе бұл үлкен қате. Алтыбақан дегенде шаңқай түсті және де жиналған жастарды елестету қиын. Дәстүрімізде алтыбақан кешқұрым уақытты, албырт жастықтың тағатыз сәтін, өнер сайысын еске түсіреді. Театрымыздың, эстрадамыздың қалыптаспаған уақытында осы алтыбақан өнері бірнеше өнердің жиынтығы ретінде белес беріп, уақыттың өзі екшеп бүгінге дейін жеткізген халықтың

асылы, ардақтысы. Небір аты әйгілі болған ақын, әншілер, сал-серілер басқа да өнер иелерінің тұсауын кескен осы алтыбақан екенін бүгінде ешкімге дәлелдеудің қажеті жоқ. Олай болса алтыбақанды еш нәрсеге қосақтамай, атына көлеңке түсірмей, қайта жаңғыртып тегін таныту керек. Қалай? Қазір жаздың уақыты. Паркте, басқа мәдени орындарда (сквер, үгіт алаңдарында) алтыбақан құрып, осы жерде өнер айлығын өткізсе. дәстүрге айналдырса тамаша бастама болар еді. Ақындарымыздың жауқазын жырларын, әнші, күйші, жыршылардың, тағы басқа да өнер санлақтарының жарысына куә болып отырғанда, айтыс ақындары бірін-бірі іздеп келіп (Сараны іздеп келген Біржан сияқты) неге қағыспайды. Осының бәрін жұрт тамашалап отырса нұр үстіне нұр емес пе? Басқаны былай қойғанда, уақытын өткізе алмай, сергелденде жүрген жастарға тәлім-тәрбие берудің бірден-бір оңтайлы жері осы емес пе? Әрине, айтар ауызға жеңіл, ұмытылып барып қайта оралған дәстүр, жалғасын табу үшін тер төгу керек және оған көпті көрген, дәстүрімізді қаз-қалпында жеткізетін аталарымыз, әжелеріміз, ағаларымыз бас көз болса істің оңға басқаны дей беріңіз. Сөз орайында айта кетейік. айтыс барысында өнер көрсеткен ақ жаулықты әжелеріміздің берері таусылмайтынына көзіміз жетті. Тұсау кесіп болғаннан кейін бір-екі балдырған тәрбиешілеріне барғысы келмей әжелердің омырауына тығыла түсуін көргенде ел қатты толқуда болды. Осының өзі-ақ жүрекпен ғана сезініп, түйсікпен түсінетін табиғи сиқыры бар мейірімді әп-сәтте таныта қою тек қана әжелеріміздің үлесіне тиген бақыт екенін сезінесін де көңіліңді шаттық кернейді.

Міне, өнер. Осындай өз орнымен, сәніменен, толық, түсінікті, мәңгілік есте қалатындай етіп көрсетсек қана ел алғысына кенелеміз, дәстүріміздің. болмысымыздың өміршендігіне өзінді де, басқаны да кәміл сендіресің. Солай десек те осы бір дәстүр жариясын көрсетуде азда болса асығыстық байқалады. Осы асығыстық өнер сайысында да бой көрсетті.

Кейбір өнерпаздар халық әндерін түрлендіреміз деп бағзы заманнан талмай жеткен, бүгін ел құлағына жағымды, жүрек қылын тербейтін әсем әуенді өзгертіп алғандары байқалады. Осындай әуесқойлық кейінгі кезде жиі бой көрсетіп жүр. Кінә кімнен? Үйретушіден бе. әлде үйренушіден бе? Кімнен болса да байбалам салудың реті жоқ, қайта кейбір «әттегенайларды» саралап, талдап келесіде кезекте тұрған өнер сайысына дайындықта нысанаға алу керек.

Әдейі тоқтала кететін жәй. Шәкәрімнің термесін «Сегіз аяқ» әнімен ұсыну хақында. Шындығына келсек, Ж.Елебеков арамыздан

кеткен соң «Сегіз аяқты» да ұмыттық бірақ Шәкәрімді Абайға телімей-ақ басқаша шешуге болар еді ғой. «Құлақтан кіріп бойды алар» халық термелерінің, жыршы шайырлардың әуендерін былай ығыстарғанда, облысымыздағы профессионал, әуесқой композиторларымыз бен музыканттарымызға ешкім ой салып «жүк» артпағаны көрініп тұр.

Қазақ атын әлемге паш еткен Абай жалғыз сұрайтындай көрінуші еді, енді міне, мына демократияның арқасында Шәкәрімді ақтап алып, Абаймен қатар қойдық. Бұл бүгінгі шындық. Осы екі ұлы ақындар көзі тірісінде бірін-бірі қайталамаған, ендеше біз осы бағытты мықтап ұстап рухани азығымызды жұтатпай, қайта орынды ретімен еселей түсуіміз керек.

Айтыс түрін түгел түгендеп, пионер айтысына дейін қамтығанда, ең бір қызық, жұрт асына күтетін «өтірік айтыстың» болмауы көбімізді таңқалдырды. Осы да асығыстың салдары емес пе деген ой туады. Әділқазылар алқасы да айтыстың соңына жетер-жетпестен божырап, билік тізгінін тек төрағасына бере салуы сынаржақтылыққа әкеп соқты. Сол себептен де айтыстың ең бір көрікті шыңы болған Қуаныш пен Қойлыбайдың айтысын «біреуі артық, біреуі кем айтты деп бөлмей-ақ қоялық, екеуі де жақсы айтты, тең айтты», - деп бағалаудан, көңілжықпастықтан ешкім ештеме ұтқан жоқ. Қазылар алқасы белгіленген екен, аяғына дейін әділ баға беріп, ақ-қарасын айыру керек, реті келгенде айта кетейік, қазылар алқасының мүшелерін белгілегенде де біржақтылыққа орын берілгені көрініп тұр. Осы қатарда болуға лайық облыс аудандары, қалаларындағы адамдарды былай қойғанда, тіпті Қарағандыдағы жоғарғы оқу орындарындағы ғылыми адамдар, Қазақ ССР-нің халық артистері, еңбек сіңірген артистері тыс қалып қоюы әділдік атты ұғымға сия бермейді.

Ал қауым жұрт осы айтыстан не күтеді? Ұшқырлықты, алғырлықты, естен кетпес сөз өрнектерін, әсем ән, әдемі сәнді, тіпті көсемдікті, кеменгерлікті күтеді. Өз басым осы жылғы сәуір айында Алматыда өткен республикалық айтыскер ақындардың бес жылға созылған сайысының қорытынды айтысының куәгері болдым. Сондағы өзіншілікті тілге тиек еткен қарсыласына Әселханның: «Күншілдік - қазақтың жазылмайтын қылтамағы» - деуі кеменгерлік дер едім. Бұрнағы жылғы Жезқазған, Ақтөбе облыс ақындары айтыстың беташарында көрші Жезқазған облысының ақыны:

Ұлытау ұлылығын рас болса,

Алатау бекер сенің биіктігің, - дегені де көптің есінде.

Өкінішке орай біздің айтысымызда осындай тосыннан туған кесек, адамды сергітіп, серпілтіп тастайтын ой өрнектері аз болды.

Ақындар көбінесе үйреншікті, белгілі күнде көріп жүрген жайды күйттеуден аса алмады. Бағыт-бағдардың аздығынан ба, жоқтығынан ба? Әлде тоқмейілсу, немқұрайлылық бар ма? Бес жыл бұрын басталған республикалық халық ақындар айтысының додасына жолай алмауымыз осы себептен емес пе екен? Қалай болса да жігі карап, күдікті үдетіп, бүгіннен бастап білек сыбанып іске кірісу керек. Үшінші облыстық ақындар айтысын жақсы дәрежеде өткіздік деп қол қусырып отыра берудің әсте реті жоқ Сонда ғана «Күй сайысы» емес күйді орындаушылар сайысы, «казакша күрес» болады деп, бірақ палуандардың жоқтығы айтыспенен қабаттаспайды. Осы өнеріміз өрісті болсын дегендер газет, радио, теледидар арқылы өз ойларын ортаға салып білікті мамандар ұйымдастырушыларға бағыт-бағдар беру керек, әділ бірақ жылатып айтатын сарабал, салауаттысы керек.

Сөз сонында айтысты өткізетін жер таңдағанда, ұйымдастыру комитеті дұрыс шешім таппағандығын айтқым келеді. Әрине, айтысты сүйетіндерді түгел қамтитын орын жоқ, бірақ көпті қамтитын орын болып тұрып, келген жұртты тар қапасқа қамауы үлкен олқы. «Көш жүре түзеледі»... деген емес пе?

1987 жыл

## Датым бар

Бүгінде қоғамымыз азып-тозып болды. Өкінішке орай осы жағдай тереңдеп, үнгіп бара жатыр. Тоқтайтын түріміз көрінбейді. Еріксіз Абайдың:

Бас-басына би болған өңкей қиқым,

Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын, - дегені еске түседі.

Абырой, атақ дегеннен жұрдай болып, ешкімді-ешкім тындамайтын халге душар болдық. Ойланбаймыз, толғанбаймыз «менікі дұрыс» деп ұра береміз. Ұрғылап-ұрғылап бөлінбейтінді бөліп, енші алып жатырмыз, жерімейтіннен жеріп шыркөбелек айналу дамыз. «Бөлінбеген, бөліспеген не қалды» деп ешкім артына қарамайтын дау дамайдың заманы туғанына біршама уақыт болса да есімізді жинауға мұрша жоқ. Осы бір келеңсіздіктер бұрынғы ССРО елінің еншісіне тиіп осыдан айырылып қаламыз ба деген күдік бардай құлдырауда

«Көргеннен көз ақы ал», - дегендей, жақсылық болса үйренбес едік-ау. менің ағайындарым осыған да еліктей бастапты. Басқаны қойғанда кейбір талас тудырмайтын, атам заманнан сіңісті, рухани азығымыздың тонын айналдыра бастадық.

Бұл ретте бүгінгі рухани бишаралықтың себебіне тоқталу мүмкін емес. Соның ішінде өз басымды қатты толғантқан, аяқ астынан шыққан бір талас жөнінде өз ойымды айтпақпын.

Ең бірінші Н.Т.Төкешов ағамыздың 5.11.1990ж. «Индустриальная Караганда», 29.06.1990ж. «Орталық Қазақстан», 01.11.1991 ж. «Казахстанская Правда» газеттерінде Қазыбек бабамыздың атын Егіндібұлақ ауданына беру керек деген ұсынысын алға тартыпты. Президентіміз Назарбаевқа да хат жазған. Содан 26.11.1991 «Орталық Қазақстан» газетінде Ж.Артықбаев інім де осы мәселеге толғанып жан-жақты қалам тербеген екен, айтатын ренішін де жасырмапты. 22.11. 1991 «Егеменді Қазақстан» газетінде С.Сматаев пен С. Шиманбай «Үш ұстын» деген мақаласында «... Осыған байланысты ең алғашқы кәделі қадамды келесі жылы туғанына 325 жыл толатын қаз дауысты Қазыбектің мерейтойын республика көлемінде дүбірлетіп өткізіп, халық ықыласының биік белгісіндей етіп, Егіндібұлақ ауданын Қазыбек бабамыздың атымен атасақ, көпшілік бұқараның көкейкесті тілегі жүзеге асар еді» депті. Сонымен ел құлақтанып қоғамдық пікір өрістеуде. Дей тұрсақ та осы мәселені көтеріп жүрген екі-үш адамдардан басқалары жұмған аузын ашпайды. Не дұрыс, не бұрыс демейді. Әліптің артын баға ма қалай? Мүмкін қасиетті бабаларымыздың ретсіз құлағын шулатпайық дейтін де болар-ау. Сонда біз аталарымыздың аттарын қалай, қай уақыттарда еске алуымыз жөн?

Аталарымыздың атын атасақ тек қана дара, дана туғандығын әсірелеу үшін емес, сол қасиеттерімізді халқымыздың болашағына алып барар жолда бірден бір пәрменді ықпал ететін тендесі жоқ құрал ретінде қолдану үшін. Оны да орынды, жарасымды, ретті жерінде ғана. Басқаша болса аруақтардың көріне ілігуіміз әбден мүмкін.

Қазыбек атамыздың атына байланысты бір аңыз еске түседі. Бабамыз намаз оқып отырып, мырс етіп күліп жіберіпті. «Күдайға құлшылық ете отырып, намазыңды бұзғаның не», - деген бәйбішесінің сұрағына атамыз: Мен сәждеге басымды ие бергенде жылқыға ұрылар түсті. Ұрылар да, жылқышылар да «Иә, Қазыбек бабам қолдай гөр» деді. Бірақ менің атымды ұрылар бұрын атаған соң соларды құтқарып жібердім. Менің атымды кім бұрын атаса, мен солардыкімін деген екен. Айтайын дегенім бізде «қасиетті» деген сөз кез келген сәтте, ауыз екі, жөні жоқ атау үшін анықталмаған. Керекті, қысылған жерде аузымызға аламыз. Тек осылай қастерлегендіктен ғана ғасырдан ғасырға реңі бұзылмай бабаларымыздың аты халық аузында сақталып келеді.

Дара болмай, екінің бірі болған соң оның қасиеті жойылатыны ежелден белгілі, бұлтартпас қағида. Ең бірінші осыны естен шығармау керек.

Сонда қалай, бабамыздың атын мәңгілік есте қалдыруға қарсымын ба? Қарсы емеспін. Мәселе ол кісілердің аттарының мәңгілік өшпейтінінде. Жердің, судың көшенің ауданның, совхоздың аттарын беруге болар, бірақ осыдан бабаларымыздың абыройы артпайды. Тіпті бар ғой дәл осылай ол кісілердің шашбауын көтеру артық. Олар халық жүрегінде мәңгілік сақталған. Қазақ деген халық жер бетінен құрып кетсе дауым жоқ. Басқа жағдайда керекті, керексіз аруақтардың құлағын шулату жақсы ырым емес. Үстіміздегі жылы Тәттімбеттің, Мәдидің аттарын совхоздарға телдік. Айтыңыздаршы, осы өнер адамдары соған зәру ме еді? Тәттекеннің сырлы күйлерін тындап отырған адам өзі түсіне бермейтін рахатқа батып, жан дүниесімен беріліп, есенгіреп жұтқыншаққа бір түйір тіреліп, көздің алды білеуленіп, тылсым тірлікті ұмытпай ма? Осындай әсерді «Тәттімбет атындағы совхоз» деген сөз тіркесі бере ала ма? Ал егерде Тәттімбет совхозында қой қырылып қалыпты, әйтпесе біздің қазаққа жиі кездесетін «Тәттімбеттің иттері-ай», анау «Тәттімбеттің оңбағандары» деген күнделікті ауыз екі сөз аталарымыздың абыройын арттыра ма? Менің көңіліме бір сұрақ ұялай береді. Неше ғасырдан бері ел аузында келе жатқан бабаларымыздың атын халық «мәңгілікке» қалдырып не бір жерді, суды солардың атымен неге атамаған? «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба» деген қазаққа мақал қалған теңдесі жоқ ханның атында «Абылай шаны» деген алақандай ғана жер бар. Неге, білмеген бе, осының сыры неде?

Жеке басымның топшылауы мынаған саяды. Халық қай уақытта да өз даналарының аттарын елдің рухын сақтауға, көтеруге арнаған. Рухы күшті халық өз елдігін, тәуелсіздігін сақтап, ешқашан ештемені ұмытпаған.

«Біздің халық ұзақ жылғы отарлық негізде небір асылы мен қымбатынан айырылды. Солардың арасынан біз бір ғана қасиетті дүниемізді таяу арада қайыра алмаймыз ба деп қорқамыз. Ол - халықтың рухы. Одан үлкен байлығымыз жоқ еді» депті Махатма Ганди. Ал осыны біздің қазақ айтпай түсінген, іс жүзінде жүзеге асырған. Жауға шапқанда «Абылайлап», «Иә, Қазыбек бабам қолдай ғөр», «Иә, аруақ» деп ұранға, сенімге айналдыруы тегін емес.

Өткен уақытта бабаларымыздан көз жазып қалсақ ол рухымыздың көмескі тартқаны. Басқалар өз алдына тәуелсіз ел болып жатқанда біздің бәз баяғы қалпымызды сақтап қалуымыздың себебі де



сол рухтың жоқтығынан, қай жақтан жел соқса солай қарай құлай салатын солқылдақтығымыздан, халқымыздың өз сөзімен айтқанда бар болса көре алмаған, жоқ болса бере алмағандығымыздан. Пәлені басқадан іздемеу керек. Бәрі де өзімізден.

Ең бірінші: Егіндібулақ, Баянауыл деп бөлмей осы аталарымызға Қарағанды қаласының бір тамаша жерінен орын беріп, барлығының мүсінін қаз қатар қойып, бір ғұмырлық дүние жасау керек.

Екінші: Туған жерінде ол кісіге ескерткіш қоямыз десе ешкім қолдарын қақпас. Қазір салынып жатқан Оңтүстік шығыс ауданы тамаша бір жотаға тіреліп тұр. Сол жотаның үстінде Қазыбек, Бұқар, Тәттімбет, Мәди, Алшынбай, Кемпірбай аты шықпай жатқан Жазық шешен, кешегі Қаллеки (Қалибек Қуанышбаев) Жүсіпбек т.б. мүсіндері бізге жол сілтеп тұрса етегіндегі үлкен алқапта қала жұртшылығы дем алатын мәуелі бақ болса оны келген-кеткендерге қасиетті, киелі асылымыз ретінде паш етсек нұр үстіне нұр. Егерде ел болғымыз келсе кімге де болса қай жерде болмасын аталарымыздың бірін бірінен төмендетіп, не асырып алаламауымыз керек. Қайта зиялыларымыз айтқанымыздың ұйтқысы болып, олардың тарихын жазып, кітап шығарып, драматургия саласында аталарымыздың өмірін арқау етсе, кино шығарсақ. Сөз ретінде айта кетейін жерлестеріміз Серік Ақсұңқарұлымен, Кәрім Сауғабай неге осы бір тың тақырыпқа қалам тербемейді. Ақсақалымыз Ә.Әбішев, ағамыз С.Сматаев үлгі көрсетті емес пе.

Үшінші: Бала бақшаларымызда бабаларымыздың тарихынан дәріс беріп, құлағына құйып, мектеп қабырғасында олардың асыл мұраларын программаға негіз етсек. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамы осының басы-қасында болса, бабаларымыздың тарихына үніліп, тірлік болмысын, халқымыздың өткен-кеткендерінен хабар беретін адамдарды іздеп тауып жер-жерлерге арнайы мақсатпен сапар шегіп, жас-кәрінің рахметін алса өркеніміз өспей ме? Осындай қыруар жұмысты алға, кезек күттірмес үлкен мақсат етіп, қойып іске кіріссек қана атадан батаға мирас болып болашаққа ата-баба тарихы шеру тартады. Сонда ғана мәңгілікке жол ашамыз.

Токсан ауыз сөздің түйіні мынау: адам ғұмырында өмір бойы жинаған бар абыройын не бір жарқ еткізіп көрсетіп, не бір лақ еткізіп төгетін сәттері болады. Осы уақытқа дейін қырқысып абыройымызды төгіп болдық. Қазыбек бабамыздың 325 жылдығын сөз жоқ тойлау керек. Мәселе қалай тойлауда. Құдайға шүкір тәжірибесіз емеспіз. Тәттімбеттің, Қасымның тойларын өткіздік Көргендер жақсы баға беруде. Дегенменен той олқысыз болмайды. Ең бастысы Тәттекеннің


де, Қасым ағамыздың тойында да елімізге аты шыққан дүлдүл ақындарымызды жинап айтыс өткізе алмауымыз өкінішті-ақ.

«Кенесіп тіккен тон келте болмас» дегендей, облыстық Совет карап отырған жоқ шығар, әлі де ақылдасар, сырласар, топтасар, сонда талай-талай саликалы ойлар, ұсыныстар айтылары сөзсіз. Тек сонда бірі артық, бірі кем демеі ескерілсе көптің көңілінен шығарымыз хақ.

Егіндібұлақ ауданының атын бабамыздың атымен атасак Қазыбек ауданы болып шығады. Ал халқымызда ол кісінің аты қаз дауысты Қазыбек. Бөле-жарғаннан не түседі. Орысша Казбекбиовский болып шыға келеді, осыдан не ұтамыз? Менің ұсынысым міндетті түрде аудан атын өзгерту керек болса, баяғы Балқантау деген тарихи аты қандай жарасымды болар еді.

Тегінде тау аты, жер аты, су аты мәңгілік. Ал адам аты, көбінесе, уақыт өткен сайын көмескі тартып, ұмытылатыны бар. Мына аумалы-төкпелі заманда осы Қаз дауысты Қазыбек деген кім деген сұрақ коюы әбден мүмкін. «Серт пен сөзге ұмыпшақтау заманда» (М.Шаханов) кім біледі? Н.С. Хрушев заманында Қарқаралы ауданына қосылып бір «қарқ» болмаппа едік. Ең бірінші Егіндібұлақ өңірінің халықтары осыны өздері шешкені дұрыс-ау. Референдум неге өткізбеске. Осының барлығын ойластырып, жілік шаққандай шағып, саралап тыңғылықты іс атқарып, жарқ етіп бір көрінейікте!

1992 жыл




1968 ж. 29-наурыз

Алматы қ., 2-курс,  
1968ж. 9-маусым







1980 жыл



Аубакир мен Меруерттің тойы



Талғат пен Жанара, 2000 жыл



2002 жыл





Сәуле, жұмыс орнында



2002 жыл




Тілеукең немерелерімен



Сауле немерелері: Томирис, Таймас, Жәңгірлермен бірге



Акселеу Сейдімбек, Қойшығара Салғара, Теміртауда қонақта



Илья Жаханов пен Аяла Ардакқызы, 2007 жыл



2006 жыл




Илья Жаканов, Смағұлдың Тілеубердісінің үйінде конакта






1 мамыр демонстрациясы, 1985 жыл



Рахимов Амантай, Тезекбаев Марат, Смағұлдың Тілеубердісі  
Студенттік жылдар, Алматы 1967ж.



1982 жылы қалаға келген тұңғыш шетел қазактарын ОНТЭИ-да қабылдауы



Солдан оңға карай: С.К. Досмухамбетов, А.Г. Коркин, Н.Ә. Назарбаев, И.П. Казанси,  
СССР (кар. металл министр), Т. Смағұлов, В.Г. Крамарев, В.М. Стринжа. Сөйлөп тұрган  
М.А. Акбиев



1984 жыл. Бір топ кыргыз жазушыларымен

## «Жетім өз кіндігін өзі кесер»

1991 жылдың жазында бізге Даниядағы «Коккериял механикал индустриаз» фирмасының мамандары келіп, Қарағанды металлургия заводында салынып жатқан әлемдегі ең бір сұранысы көп қалайыланған болат тілкемдерін шығаратын цехтын негізгі қалайландыру буынын олардан сатып алуға келісіп, шартқа қол қойдық. Әдеттегі қонақжайлылығымызбен қой сойып, басын меймандарға тартып, басқа да сый-сияпаттан құр қалдырғамыз жоқ.

Қонақтардың ішіндегі Америкадан келген маман адам көбінесе меніменен пікір алысып, өз елі жөнінде не білетіндігімді, жалпы менің АҚШ туралы ойымды сұрай берді. Берген жауаптарым қанағаттандырды ғой деймін жиі-жиі рахаттана күліп, арасында бет-әлпетінен ойлану мен таңғалыс құбылыстарын анық байқатып қалып отырды. Бір кезде ол маған «Сіз қазақша сөйлеп көне музыкалық аспаптарыңызда ойнап, әйтпесе ән орындап бере алар ма екенсіз» деп өтініш білдірді. Шетелдіктерді арнайы қабылдайтын қонақ үйде дайын тұрған домбыраны алып, бір-екі ауыз тілек айтып, қадірі-хәлімше ән орындадым. Бір сәтте ол мені жеке алып шығып, таза орыс тілінде «біз мәдениетті елміз, оны өзіңіз де біледі екенсіз мерейім үстем болды. Ынғайсыз болса да айтайын дегенім мен осы жаққа жүрерде қазақтар «тағы» дегеннен басқа мәлімет таба алмадым. Бүгін сізбен сұхбаттасып отырып, түсінгенімді айтсам: «Сіздер тағылықтың ғаламатын сезіне бермейді екенсіздер» - деді. Сөз мағынасы санама жетіп үлгермесе де «неге?» дедім басқа сөз аузыма түспей. «Мен өз елімді жақсы білсем бізге сіздер сияқты табиғи тағылық жетіспейді», - деді ол. Сол америкаидықтың айтқаны жадымда жатталып қалыпты. Әрине, оныд ойындағысы барлық АҚШ елінің көкейкестісі деуге болмас, бірақ сөз төркінінде бұлтартпайтын таңғалыс пен бұрын сонды естісе де көрмеген қазақ деген халықтың ұлылығына бас игендік барын сезіндім, сезіндім де шаттыққа бөлендім. Құдайға шүкір «табиғи тағылықпен» бүкіл әлемге мәшһүр боламыз деген ойдан арылмасам да дәл бүгін күдігім де жоқ емес. Бір сезім, бір күдік деген емес пе? Қүн өткен сайын бар байлығымыз қолға ұстаған мұз секілді еріп бара жатыр, күмән көбеймегенде қайтеді?

Біздің байлығымыз жөнінде көп айтылып, жазылып та жүр. Сонда да болса бір мысал келтірейін. Бұрынғы Қарағанды металлургия комбинаты күніне үш миллион совет акшасының өндіріс өнімдерін шығаратын. Сол кездегі шығарылатын аққанылтырдың бір тоннасының бағасы кеңес акшасымен 300 сом тұрса, бүгін 800

доллардан асып жығылады екен. Көптің санасына жете бермейтін бір шындық бар. Ол комбинаттың сол кездегі технологиялық деңгейінің өте жоғарылығы. Негізгі буындардағы басты қондырғылар Жапония Германия, Франция тағы басқа сол сияқты озық елдерден алынған Жалпы комбинаттың жобасын жасауға сол кездегі Кеңестер одағының алдынғы қатардағы жобалау институттары кірісіп, кейбір технологиялық шешімдердің тіптен жаңа болғаны соншама, осы уақытқа дейін әлемде тендесі бола қойған жоқ десек қателеспейміз. Сол комбинатты сатып алған үнді ағайындардың айтуы бойынша бүгін тілкемдер өтпей жатқан көрінеді. Өтпей ме, әлде өткізе алмай отыр ма? Өткізе алмайтындарына имандай сенем. Неге десеңіз, нарық заманының бәсекесі бар, оның үстіне Қазақстанның гүлденіп кетуін қаламайтын жымисқы саясаты бар, тағысын тағы... Үкімет басындағылар да осыны ойлап, әлемдегі нарықтық экономикалық жүйеде тәжірибесі бар «Испат Интернейшнл» тәрізді компанияға сатсақ тірелген тұйықтан шығармыз деп сенген болар. Бірақ... Мәселе осы бірақта.

Осы жылдың наурызында журналистермен жасаған сұхбатында басты қожайынымыз Иоханнес Ситтард мырза: «Біз 1996 жылы өндіріс көлемін отыз процентке арттырамыз», - деп еді. Бүгінгі тыныс-тіршілік арттыру емес, көбінесе дімкәсі бар адам тәрізді - жүргенінен тұрғаны басым. Осыны байқау үшін тіс қакқан, айтулы маман болудың қажеті жоқ. Бәрі де алақандағыдай мен мұңдалап тұр.

Жақында үлкен өндіріс бөлімдерінің бірінде болып, ескі танысым, әрі бұрынғы бастығыммен әңгімелескен едім. Ұсынған орнына отыра беріп, стол үстіндегі «Испат-Кармет» акционерлік қоғамының 1996 жылғы маусым айының техникалық-экономикалық көрсеткіштері» деген құжатқа көзім түсіп, аңтарыла бергенде кабинет иесі жалма-жан жаңағы қағазды аудара қойды. «Кешір, бұл құжатты бөде адамға көрсетуге құқымыз жоқ» деді ақталғандай болып. Қолыма қалам алдырып отырған да осы бір қас-қағым сәт. Формасы бұрыннан таныс аталмыш қағаздың бірінші жолы көзіме оттай басылып, жағталып қалды. Маусым айының жоспары 4525 млн. теңге, орындалуы 70,7%, жыл басынан 27537 млн. теңгенің орнына 20,0 млн. теңгедей ғана орындаған.

1990-1991 жылдарға дейін комбинат жылына бір миллиард Кеңес ақшасына тең келетін өнім шығаратын. Оны да құнсыз деп жар салып жатырмыз ғой. Алайда ол кезде 1 доллар 70 тиынға тең болса, бүгін 70 теңгеге баланып отырған жоқ па? Ендеше жоғарыдағы сандарды долларға шағып есептей беріңіз, бүгінгі 27 млн. теңгенің кешегі миллиард сомның тым құрыса ширегіне келер ме екен?! Ұтыппыз ба, ұтылыпмыз ба?.. Әрине, бұл шолақ есепке көбірек ұқсауы

мүмкін. Осы бір жайды комбинатта талай жыл істеген, оның қырсырына қанық мамандармен экономистердің алдына тартқанымда олар есептің нақтылығына күмән келтірмегенімен өндірістің күрт төмендеп кеткенін жасыра алмады.

Сонда деймін өзіме-өзім, бұлар үкіметке қанша салық төлейді? Жергілікті бюджеттің толықтырылуы 30 пайызға да жетпей ойсырап жатқандығының бір ұшы осында емес пе екен? Әрине, ол үшін көп нәрседен хабардар болу керек. Өйткені, дәлме-дәл экономикалық талдау жасау үшін бүгінгі «Испат-Карметтің» көрсеткіштерін қолға түсіру керек. Оны үнді ағайындар өздерінен басқа ешкімге білдірмей құпия ұстап отыр. Қазақстандағы жалғыз алып - қара металлургияның құтты ошағын қаншаға сатып алғаны да белгісіз.

Цехтардағы болған кездесулерде олардың айтатындары біреу: Үкіметпен келісім бойынша бұл құпия. Осыған сенсек үкімет біздікі ме, жоқ әлде басқаныкі ме деген сұрақ туады. Демократиялық, жариялылық заманында жасаған сауда нарқын өз халқынан неге жасырады? Шындықтың пердесі ашылмаған жерде өсек-аяңның да ере жүретіні мәлім. Біз үкіметке сенім артып отырғанымыз жоқ. «Біз» деген сөз тек, әншейін айтыла салған сөз емес, ол өзіміз ортасында жүрген көптің ой-түйіні Үкімет те біздің сенімімізге құштар емес-ау тегі. Сатарын сатты, енді өз күнінді өзің кер деп айғайлап-ақ жатыр. Айтар ауыз, естір құлаққа сөз жеткілікті. Сонда кімге сенеміз? Сенетініміз, қазақша айтқанда «қарғайын десем жалғызым, қарғамайын десем жалмауызым» - «Испат-Кармет» болғаны ғой. Сол «жалғызым» шілденің 27 жұлдызынан бастап қалаға ыстық су беруді тоқтатты. Себеп? Ақша төлемейсің! Жазда көлге барып шомылсақ та ыстық сусыз өмір сүре береміз ғой, ертең қылышын сүйретіп қыс келеді, сонда ақшаң жоқ деп жылу бермесе не болады? Мен жаңалық ашайын деп отырғаным жоқ, барлық қалаларда да жағдай осындай. Бұл тұңғықтың шешімі бар ма? Айтпағым «Испат-Кармет» төлеп отырған салықты қалаға қалдыруға болар еді, бірақ оны үкіметтен сұрау - көрде жатып «маған тамақ әкеліп беріндер» дегенмен бірдей.

Кейінгі бес-алты жылдардағы ақпарат құралдарының уағыздауынша «капитализмде адамгершілік басым» көрінеді. Бұл келіп отырған үнді ағайындар да сол капитализмнің пұшпағынан. Намысы бар, мәдениетті елдің ұрпақтары. Сондықтан тетік осыларда. «Құл болсақ та, пұл болсақ та» тағдырымыз осылардың қолында тұр...

Егеменді ел болып едік, етек-жеңімізді жинағанның орнына кескілеп сата бастадық. Біреуге жалтақтауымыз тағы да созылар ма екен? Сұрақ көп, жауап жоқ. Кім көңілімізді орнықтырады? «Құлдан да бір ауыз сөз» демеуші ме еді қазақ.

1993 жыл



## Ордабасыдан кейін...

Ет пен сүйектен жаратылған жұмыр басты пенденің құс тұмсығындай қысқа ғұмырында жинаған абыройын не бір жарқ етіп паш ететін, не бір лақ еткізіп, төге салатын сәттері болады. Қазақ тарихында осы екі құбылыстың бой көрсеткен кезендері асып жетерлік. Осыдан екі ғасыр бұрын әр ошакқа бір-бір хан сайлап, ыдыраған қазақ көлденең аттыға жем болып, азып-тозған, халық ретінде жер бетінен жоғалып кету қаупін туғызып, абыройын лақ еткізсе, іле атакты Төле, Қазыбек, Әйтеке бабаларымыз Үш жүздің басын біріктіріп, жоңғар шапқыншылығын тоқтатып, қазақ деген халықтың бар екенін дәлелдеп, тәуелсіздігімізді сақтап, жарқ етіп, тарих белесінің биігінен орын алды. Одан кейінгі өміріміз де қайғы мен шерге, мұң мен зарға толы. Сондағы бізге жетіспегені - бірлік. Айтуға онай, күнделікті сөз болғанымен, оның қасиетіне терен бойлап, мән-мазмұнына, ой-өріс жете бермегендік қазақ деген бейбақты әлі де теперішке салып тұр. Ел деген, жұрт деген азаматтың қабырғасын қайыстырып, белін бүктіріп отырған осы бір алалығымыздың алдын алу, бір қолдан жен, бір жағадан бас шығарып, ынтымақтастық, туыстық аулына аяқ басу, «бірлік» деген отаудың босағасын именбей аттау жолында, Президентіміздің бас болып небір сындарлы саясат үлгілері ұсынылуда.

Үстіміздегі жылдың мамыр айының 27-29 жұлдыздарында Шымкенттегі Ордабасыда болған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билерді еске алып, Үш жүздің басын қосып қана қоймай, Алаштың бел балалары өзбек, қырғыз халықтарының Президенттерін Ордабасына шақырып, достықты, туыскандықты нығайту шараларын жасау әркімнің қолынан келмейтін және әр кезде сәті түсе бермейтін десек асырғандық емес.

Араз болса екі би,  
Арадағы пысықтар,  
Терлеп текке сабылар.  
Өнердің алды - ынтымақ,  
Ынтымақты елдерге,

Сыртқы дұшпан не қылар, - депті атакты Бөкеш би. Жарықтық айтып-ақ кеткен ғой. Айтқанның жөні бір басқа, жарғақ құлақтары жастыққа тимей, ғұмыр кешпеді ме? Өтті. Кетті, Ордабасындағы әңгіме-дүкеннің ішінде қандай сөз қозғалса да айналып үйіріліп «Бірлік», «Ынтымақ» деген ұғымдарға келе бердік. Басқа жаққа бұрыла алмадық, бұрылтпады. Осындай келелі әңгімеде бір өрімдей жас жігіт: «Жүзге бөлінбейік дейсіздер, сонда бөліп жүргендер

кімдер?», - деді. Іле: «өзіміз» деген баяу да байсалды қатқыл үн естіді. Ол кісіні сөз тартуға батылым жетпеді. Тосын сұраққа дөп жауап берді. Бәріміз де үнсіз қалыппыз... біраздан кейін қайта дүр сілкіндік. Сол жерде тарихтың құйкалы жерлеріне үңгі бойлап, не бір дүлдүл, шешен, батыр, билер, хандардың айтқандарын еске алып, көсілдік-ау...

Ордабасыдан оралғаннан кейін де бір нәрсе ойымнан кетер емес, мазалай береді. Осы күнге дейін құлағымда ызындайды да тұрады. Ол -сондағы жас жігіттің тосын сұрағына берілген «Өзіміз» деген жауап. Шынында қазақ қай уақытта, қашан, кім келіп кедергі жасап еді? Барлығы да өзімізден, өзіміздің қанға сіңген алауыздығымыздан. Ол қай заманда да халқымыздың аяғын тұсаған, бірлігіміздің әлі де болса, иінінің қанбағандығын, ынтымақтастық деген арқаудың шикілік екенін жасырмай айту керек. Осыдан қазақ қанша зардап шекті, небір зобалаңды басынан өткізді, оны айтып жеткізу қиын болғанымен, нәтижесі айдан анық. Дүмбілез нәрсе қанша асқазанымызды бұзып, неше түрлі қоймалжың артымыздан ағып жатса да қоятын түріміз жоқ, қайта өрши түскен жайымыз бар. Кейінгі кезде азаматтармен бас қосуда мына бір заң басқа, заман басқа уақытта қолдарынан іс келетін жігіттердің жетіп-пісілер шақтарында елеусіз қалуы жиі айтылып жүр. Салдар, себебін іздеп, дауласып жатады. Қай уақытта да өзімізге шаң жуытпай, бәрін басқадан іздейміз. Бірақ, бесенеден белгілі бәйгеге қосыла алмай жүргеніміз бірліктің жоқтығынан екені ойымызға кіріп шықпайды.

Ордабасыда жас жігіттің қойған сұрағы есіме түсе береді. Иә, орынды сұрақ. Асылында осындай бас қосып, көңіліміз қошеметте отырғанда толып-таситынымыз, ертеңінде сабындай бұзылатынымыз тағы бар ғой. Бірлікті айтып қабыспай, білімділікті айтып-табыспай жатыр емеспіз бе?! Жас та болса, осыны мезгеді-ау шамасы сол жігіт.

«Бесеу бір болса - алыстағы келер, араз болса - ауылдағы кетер» дегеннің мәнісі осы уақытқа дейін түсінбей-ақ келе жатырмыз. Н.Назарбаев сол күні: «Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның - қазақ халқының - ұлымыз. Ендігі жерде бәріміздің де туған жеріміз біреу - ол жалпақ Қазақ даласы. Оның қай атырабының да тілегін бірге тілеп, тауқыметін бірге көтеруге, өзімізді-өзіміз көкіректен кері итеруге, сен анаусын, мен мынаумын деп алаламауға үйренуге тиіспіз. Осыдан үш ғасырдай бұрын бас қосқан, қазақ даласын қорғау жолында шәйт болған бабаларымыздың негізгі арманы осы», деп текке айтқан жоқ қой. Айтар ауыз, естір құлаққа сөз жеткілікті. Ел болып, жұрт болып нәтиже шығара аламыз ба, жоқ па, - оны тағы да уақыт көрсетеді.

Баяғыда ақпа шешен, ақиық ұлан Сырым батыр жасырақ шағында Бөкеш биден бата алуға барыпты. Сонда атақты қарт оған:

«Ел қамына бола тусан, балам, арқаң кара нардай жауыр болсын мінезің кара жердей ауыр болсын, өкпең жоқ - бәрі тұтас бауыр болсын» депті. Бата тозбайды дейді ғой. Осы бір аталы сөз бәрімізге жұғысты болғай.

1993 жыл

## Таңдай жібіткен тамшы

Бастан кешіріп отырған кейбір әлеуметтік құбылыстарға дер кезінде баға беру мүмкін емес. Ол болашақтың сыбағасы. Біраз уақыт өткен соң ғана адамдар мойнын бұрып, артына қарап: не тындырдық, жүріп өткен жолымыз шырғалаң болды ма, алде данғыл ма, қоржынымыз толық па әлде солық па деген сұрақтар қойып, өткенін саралап-сараптайтын әдет бар. Менің меңзеп отырғаным он бес-ақ жылдың ары-берісі. Әрине, бұл тарих деген мұхиттың бір ғана тамшысындай, ұзын-ырғалы шежіренің, қас-қағым сәтіндей уақыт.

Осыдан 15 жыл бұрын қала халқының үш пайызын құрайтын ат төбеліндей казактардың ұлтжандылары бастарын қосып "Құрыш" әдеби бірлестігін құрып, қазақ деген халықтың әдебиетіне бір тамшы тамдырып, таңдайын жібітіпті. Сол ұлтжандылардың басы-қасында болғанымды бүгін мақтан етемін. Мәселе сол кездегі сынар езу саясаттың салдарынан ана тіліміздің жаншылып, езіліп, ит қорлық көріп қынсылаған заманында осы бір жанкешті әрекетіміздің қаулап бара жатқан өртке қанатымызбен су сепкенмен бірдей болғандығында.

Көзін алартып сес көрсеткендер болса да қорқып-үріккен емеспіз, бір-бірімізді үнсіз түсінісіп, осындай батыл шешімге келіппіз. Алғашқы қадамымыз да жоралғысыз болмапты. Облыстық «Орталық Қазақстан» газеті сәттілік тілеп, тұсауымызды кесті. Мәдияр, Әмірәлі, Қасым, Серік, Ермек сынды қаламының желі бар азаматтар өз туындыларын жиі-жиі оқырмандар талқысына салып отырды. Ал Мұратбек Оспанов ініміз болса республикалық "Жалын" журналына бірақ шығып, мәртебемізді бір асырып тастады. Бүгінде қала жұртшылығына кенінен тарап кеткен "Қасымның әні" де осы бірлестіктің шығармашылық жемісі. Сөзі Қасымдікі, әні Ермек Сариндікі. Ермек қазір Қарағандының іргесіндегі Доскей ауылында мектеп директоры, танымал ақын.

Арқа өңірінде ең бірінші болып Қонысбай Әбілов, Мұқан Сағынбеков, Айгүл Түсіпбекова сынды саңылақ ақындарды қатыстырып, ақындар айтысын өткізу де осы бірлестіктің отырысында келісілген. Қазылар алқасын басқарған марқұм Жайық Бектұров:

"Облыс орталығында отырып, қолымызда талай мүмкіндіктер болса да мынадай қара құрым халық жиналған айтысты Қарағанды қауымы Өпкізе алмай отыр",-деп түйгені елдің есінде болар. «Құрыштың» Қазақстан Жазушылар Одағымен тығыз байланыста болып, солармен шартқа отырып, Одақтың талай мәжілістеріне қатысқанымыз, металлургтер өмірінен жазылатын шығармаларға бәйге жариялап, (қортындысын шығарып, істің нәтижелі болғаны да осы бірлестіктің Ықпалы еді. Әрине, сол кезде комбинатты Махмұд Ақбиев сынды біртуар азамат басқармағанда жігеріміз құм болары сөзсіз-тін.

Айта беріп тауыса алмаспын, бір өлеңнің ғана шығу тарихына Тоқтала кетейін. Шымшымаларымен көзге түскен Әмірәлі Аппазов бірлестіктің кезекті отырысында "Түтін" атты өлеңін ортаға салды. Табиғат қорғау тақырыбына жазылған екен. Қадари халымызша ойларымызды айттық. Көп кешікпей келесі бір отырыста Қасым да өз өлеңін оқыды. Оның да тақырыбы «Түтін» екен, Әмірәліге жауап ретінде жазыпты. Сонда мынадай жолдар бар:

Түтін біздің өскендіктің өлшемі,

Көтермесе кемітпейді ол сені.

Түтініміз бір бөлшегі жалынның,

Жалын сенің ырысыңның бөлшегі,..

Солдай достым, түтінді тек қорлама,

Түтін ортақ енбегіме, олжама.

Түтіндетіп тұрса біздің Теміртау

Шойын балқып жатыр деп біл домнада...

Бірлестік мүшелерінің осындай әзілмен шарпысуының нәтижесінде орамды, ойлы дүниелер де туындап жататын...

Бабалардың түтінін түтетіп, от-жалын болып алаулаған Тәуелсіз ел - Қазақстан аяғанда нық тұр, бүгінде. Теміртаудың туын желбіреткен "Құрыштың" да қанаты қатайып, топшысы бекіді. Иә, "теңіз тамшыдан" деп дана халқымыз бекер айтпаған болса керек.

1998 жыл

## Т а р и х и т а ғ ы л ы м

Екі жарым ғасыр бодандықта болып, жаншылып, тапталып, Құл болып, құлағы тесіліп, біреудің айтқанына көніп, айдауында жүрген, өз отанында, отауының төрі емес босағасы бұйырған, мөлдір бұлақтың суы емес, шалшықтың лайын жұтқан қазақ елі Тәуелсіздігінің 10 жылдық тойын тойлап отыр. Тәубе! Тәубе! Тәубе!

Осы бір «сорлы» қазақтың өткеніне үңіліп, көктей шолып өтіп шынына келсек, қазақ деген халықтың жаншылып жүріп жаңарғанын, егіліп жүріп есейгенін көреміз. Тақымымызға қылбұрау салып шынғыртқанда да шындалып, сомдалып бірлігімізді сақтап, тарих сахнасынан жоғалып кетпей жиі-жиі шаң беріп отырған ержүрек, жауынгер жанкешті суперэтнос екеніміз анықталды.

Атақты, тарихшы, академик М.Қозыбаевтың айтуынша біз үш жүз жылдай ұлы Отан соғысын бастан кешіріппіз, оның 150 жылын үзбей соғыспен өткізіппіз. Қазақ жерінде "Қалмақ қырған" жер атауының саны 300 ден асып жығылады екен. Ресей отаршылығы дәуірінде үш жүздей, ал кешегі Совет үкіметі кезінде 372 рет атқа қонып, қолымызға қылыш, қарымызға найза іліппіз. Осы намысы өр, өжеттік 1986 жылғы 16 желтоқсандағы жастардың алаңға шығып бас көтеруіне әкеліп соқты. Ал енді Алтайдан Дунайға дейінгі аралықтағы 92 баулы қыпшақтардың бүкіл әлемді тітіренткенін білеміз бе? Шоқан да: «Алтын Орда қазақ ордасы еді» - деген пікір білдіреді. Башқұрт тарихшысы Р.Құзеев Қазақ пен башқұрттардың арасында ғана жүз тайпа бірге сіңісіп кеткендігін айтыпты.

Аттың жалында, түйенің қомында жүріп әлем өркениетіне қосқан үлесіміз де қомақты. Биыл жүз жасқа толып отырған марқұм академик Ахан (Машанов) Ыдырыс (ғ.с.) пайғамбардың Мұхаммед (ғ.с) әкесі Ыбырайымның тұсындағы үлкен ғылыми олжаның еленбей келгенін, қола дәуірінде жер бетіндегі ең алғашқы шеге Шығыс Қазақстандағы Қалба тауынан алынғандығын, ғарыш жөніндегі "Эйнштейн теориясы" деп жүргеніміз Әл Фарабидің "Сәуле шашу" теориясы болып шыққанын үлкен халықаралық ғылыми форумда дәлелдеп бергенін, тындағандар толық мойындағанын айта келіп, кейбір еуропа ғалымдарын осындай тәуір дүниелердің түбірін өздерінен шығаруға трысатынын ескертіп еді.

Осындайдың бірі қара шешекке қарсы егілген вакцинаны 1976 жылы ағылшын ғалымы Эдуард Жаннер тапқан деген дақпырт бүкіл жер жүзінің медициналық институттарында оқылған. Ал оны өзіміздің Өтебойдақ Тілеуғабылұлы Эдуардтан 350 жыл бұрын айналымға түсірген екен. Осы атамыздың 17-ші ұрпағы Қытайдан келіп, Алматыда ғылымның экономика саласында еңбек етіп жүр.

Көріп отырсыздар қазақ ешкімнен кем де емес, артық та емес, әлем тарихының жуан ортасынан өз орынын ойып алып отыр. Кейбіреулер айтып жүргендей тәуелсіздік қазақ еліне өзінен өзі келе салған жоқ, аталарымыздың қаны, аналарымыздың жаны бостандық үшін құрбандыққа шалынды. Бұл ұлт, ұлыс болашағы үшін не ден болса да тайынбайтын жеңсем ел көтереді, жеңілсем жер көтереді

деген асқақ рухтың қайсарлығының нәтижесі. Осындай текті халық ертелі-кеш өз бостандығын алмауы мүмкін емес еді. Оған бүгінгі күніміз куә.

Кейінгі жылдары үстіміздегі ғасыр түркі әлемінің ғасыры болады деген қанатты ұғым қалыптасуда. Ауыздарына май, астарына тай.

Атақты Тұран мемлекетінің шаңырағын ұстап қалған қыпшақ (түрік) болса, сол түрік ағайынымыздың өріс басы Түлкібас (Алматы-Қарағанды темір жолы бойындағы станса) емес Түрікбасы болса енді ешкімге де жалтақтай алмаймыз. Бір ғана "Георгий күресінің құпиясы" атты кітабымен Орыс тарихының быт-шытын шығарған құмық ғылымы Мұрад Аджи «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында (N36-37, 17.09.99 ж.) «Қазаққа еңсе түсіруге болмайды - қарашаңырақта отырсыңдар. ...Даланың шынайы ділі, экономикасы Түркияда емес, қазақ жерінде, қазақ ұтында басымдау. Демек, Түркі мәдениетінің мәңгі топырағы, шынайы құнары, Дала рухы Қазақ елінің еншісінде... Демек, сіздер қазақтар біз үшін өз ділімізден адастырмайтын шамшырақ сияқтысыздар», - деп еді. Лайым айтқаның келсін. Құдайға шүкір, бойымыз тік, еңсеміз биік, басқан қадамымыз нық, керуен басы білікті.

Қоңтайшыны тосылтқан сөзіміз қай уақытта да айбынды, енді еліміз айдынды болсын деп тілейік.

2001 жыл

## Дінбасылардың құлағына алтын сырға

Ә.Аппазұлының "Теміртау" N21 (21) газетіндегі "Мәселе ақшада емес, адалдықта" деген мақаласы қолыма қалам алдырды. Мақала авторының айтқанына қосылып және құптай отырып қаламыздағы имамнан бастап оның "командасындағыларға" көптен көкейде жүрген түйгендерімді айтуға бел шешіп отырмын. Құдайға шүкір, ислам ілімінің бүгінгі ықпалына бой ұсынушылар баршылық. Оның себебі кешегі советтік жүйедегі бір жақты идеологияның қазақтың жадынан сырғытса да санасынан өшіре алмаған, жүректің терең тұңғиығында жатып тәуелсіздікпен бірге толқып шыққан асылдарымыздың бірі болғандықтан халықтың қимасымен табысып, егізімен қабысунда. Сол себепті де мұсылман діні бүгінде шын мәнісіндегі халықтық сипат алып отыр. Оны көрмеу, түсінбеу, сезінбеу, "көрмес түйені де көрмес" дегендей әбестік болар еді. Бірақ

осы жақсы белең алып келе жатқан әлеуметтік құбылысқа аты мен затына сай қаладағы бүгінгі дінбасыларымыз тарапынан ынта мен жігер бар ма? Мені мазалайтыны осы, жалғыз мені ғана ма? Талай-талай алқалы жиын, алқақотан отырыстарда қала халқының (қазақтарының) да басты уайымдарының бірі осы екеніне көз жеткіздім.

Ашық айтайық; еліміз егемендік алды, дініміз қайта оралды, ендігі қожа молдалардың үлесін ешкім тартып ала алмайды деген тоқмейілу өте қауіпті.

Ә. Аппазұлы аталмыш мақаласында қойған (жалғыз ол ма?) "Неге біздің жастарымыз басқа дінге өтіп жатыр?" деген сұраққа жауап іздесек, ең бірінші - мұсылман дінінің қаладағы қазақ қауымының толыққанды өмір салтына айналмауы, айналдыра алмауымызда дер едім. Яғни дініміз оралғаннан кейінгі жылдарда басты мақсатымызға жетуіміз үшін тер төгіп, шаршап-шалдығып жүрміз бе? Әй, қайдам?! Ісіміз тыңғылықты, өнегелі болсын десек жүгіміз ауыр, арқамыз жауыр болуы керек, сонда ғана ел назарына іледі, артыңнан қара құрым халық ереді. Бұл үшін мұсылман қауымның зиялылары бой көрсетуі керек. Олардың өнегесіне ел еліктейтін болса, мерейіміз үстем болады. Осыны тәттіштеп отырғаным "айды аспанға шығару" емес, қаламыздағы молдалардың осы абыройлы, жауапты ғибраты мол іске талпынысы қалай, оның үстіне олардың дені жастар емес пе дегенді ала тарту.

Ашығын айтсам, менің солардың уағыздауларына да, құран оқығандағы мақамдарына да көңілім толмайды. Аңда-санда теледидардан сөйлеген сөздерінен ешнәрсені түсінбейсін. Сөйлем құрастырулары шолақ. Біртуар азаматымыз Ғабен (Мүсірепов) "Тіл - сөйлеу, сөйлесу, оқып үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің бірде біріне көңіл аудармау ең үлкен қылмыс" депті. Белгілі жазушының талабы, әрі сын ескертпесін ең бірінші дін жолындағылар ту етіп жоғары ұстанғандары абзал. Өйткені, олар қашанда ел ортасында, төр де солардікі. Талай топырақты өлім, торқалы тойда кездесіп қалғанда сөз саптаулары елді ұйытып, иітпейді. Осындайда еске түседі. Теміртауда өткен ғасырдың 50-60 жылдарында атақты Қарамолла (шын аты Ахметбек) деген ақсақал болды. Асқан шежіреші, бұрынғылардың сөзін, нақылын мейілінше көп білетін дауысы қоныр да ашық, зор, көсіліп сөйлеп, төгіліп толқып отыратын.

Ел жағалай қонбаса  
Бетегеде бел ғарып,  
Үйрек қазы болмаса,  
Айдын шалқар көл ғарып.

Сортанға құйған сел ғарып.

Тындайтын кісі болмаса,

Гауһар, дүлдiл сөз ғарып, - деп бастап, отырған дүйiм жұртты бiр ұйытып алып, шарияғатты: Би-шешен, хандардың, бектердiң айтқан сөздерiмен дәлелдеп, небiр ақын-жыраулардың нақыл сөздерiмен нығарлап санаға құйып тастайтын. Ара-арасында "Ұа, аруақ", "Иә..", "Жарықтық-ай" деген қостау дауыстар естiлгенi болмаса тындаушылар сiлтiдей тынып, тылсым тыныштық орнайтын. Мақам, дауыс қандай едi..? "Бiсiмлә..." деп қоңыр дауысымен күнiрентiп құран оқығандағы әуен, саз әуез... пай-пай! Сол көз көрiп, қуә болған сұңғылалықпен сұлулықты айтып жеткiзе алмаймын. Үлкендердiң қолына су құйып, дастарханға табақ тартып жүрген бiздерге назар аударып: "Мына бокмұрындардан қожа шықса шығар, Совет үкiметiне де дендерi сау адамдар керек шығар (ақырында 70 жылдардың басында сүнет дәрiгерiн дайындау басталды), молда шығады дегенге сенбеймiн, заман басқа, заң басқа, бiрақ қанағатты болындар, қанағат пайғамбардың аты, Совет үкiметiнiң айтып жүрген экономика дегенi де осы қанағат қой". -деп бiр тоқтайтын.

Қанағат қарын тойғызар,

Қанағатсыз жалғыз атын сойғызар.

Ауыз суды тауысып,

Көш жерден мұзды ойғызар,- деп таклақтап, артық дүниенiң барлығы харам, iрiп-шiрiп жатқан байдың дүниесi де харам, өйткенi, пайғамбар үмбетiнiң қажетiне жарамаған дүниеде қадiр, қасиет боламайды. Бай адам бай емес, барға қанағат еткен адам бай деп отыратын. Бүгiнгi таңда осы асылымызды түлетемiз дегендерге құдайға шүкiр мүмкiндiк мол.

Ол үшiн ат арытып, айлық сапар шегу мiндеттi емес, iзденген адамға бәрi де қол созым жерде. Қазiр не көп, кiтап көп. "Бес ғасыр жырлайды", "Қазақтың би шешендерi", "Шешендiк сөздер", "Төле би", "Қазыбек Би", "Әйтеке би" т.с.с өткенiмiзден мол мағлұмат беретiн құдайға шүкiр баршылдық. Оның үстiне қазақ газет, жуналдарының қай-қайсысын алсаңыз да дiн мәселесiне ден қоюда. "Хабар-2" ұлттық телеарнасын былай қойғанда, "Қазақ әдебиетi" бұл мәселе жөнiнде алдына жан салмай келедi. Осы газеттiң 1999 жылғы №50 санындағы Шәкәрiмнiң 1912 жылы "Айқап" журналы арқылы берген бес сауалын қайта басып, оны қазақ зиялыларына ұсынуының өзi неге тұрады?

Көрiп отырсыздар, iзденген адамға сусындар бұлақ жеткiлiктi. Илуде-қағуда қаламыздың молдаларымен кездесiп қалғанда байқағаным осы қайнар бұлақтың басына олардың бiрде-бiрi ат шалдырмағаны көзге ұрып тұрады.



Соншама мол байлықтың пұшпағанына жармасқандардың сыңайын танытпайды-ау. Қазақ қазақ болғалы көп нәрсеге қанағат етсе де көп нәрсеге қанағаттанбаған. Солардың ішіндегі ең бастысы оқып, үйрену, білімінді арттыру. Ғылымның шыңына шыққандар "Әулие" атанып, халық оларды пір тұтып, басына барып, тәуіп еткен. Халықтың ықыласына бөленгендері соншама, ел олардың "басқан ізінен айналып", "садағасы кетіп", "жолына құрбандыққа шалынған". "Ақтабан шұбырынды, "Алқакөл сұлама" кезінде әр төбенің басында хандық құрып отырғандар өзара ымыраға келе алмай, ел тозғанда Төле, Қазыбек, Әйтеке әулиелер халықты біріктіріп, жауына сокқы беріп, қазақ елін сақтап қалуы айтқанымыздың айқын дәлелі.

Демек тәлім-тәрбие, өнеге алатын мол мұрамыз, пір тұтатын әулиелеріміздің ғибраты, өсиеті бар екен. Құдайға шүкір, бүгін ешкім ешнәрседен қолымызды қағып отырған жоқ қой. Сонда не жетіспейді? Көкейімнен бір сұрақ кетпейді. Имам өз жұмысын күнделікті саралап, бағыт-бағдарын анықтай ма екен? Ел не деп жатыр, еңбегіміздің пәрменділігі қандай, алдыменен өз көңіліміз тола ма, әлде толмай ма деген сұрақтар алқа отырысында қаншалықты талқыланады екен? Әлде... Ақпарат құралдары арқылы ел көзқарасын анықтап, жұмыс қарқынын қақпайлап отыруды үйреншікті әдетке айналдырса, талай тегершік ағытылып, жұмыс алға басар еді ғой.

Қаламыздағы мешітке пітір садақасын беруге менде бас сұқтым. Жас бала құран оқыды. Мақамына сүйсіндім. құдай қондырған дауысы, ырғағы құлаққа жағымды екен, разы болдым. Асылы осындайда бізге керегі - құранның құдіретті күшінің бізді сілкіп-сілкіп кір-қоқыстан тазартып, тәубеге келтіруі. Сонда ғана құдай үйіне имене кіріп, одан шыққанда еңсеміз көтеріледі. Осыны қала имамы терең түсінсе екен.

2001 жыл

## Тұлғалардың тұяғын басқан...

Қасиетті Егіндібұлақ өңірінің тумасы Тілеуберді Смағұлов бүгінде 60 жасқа толып отыр. Сонау 1961 жылы Теміртауға келіп, теміржол цехында еңбек жолын бастаған Төкең содан бері 42 жыл табан аудармай Қарағанды металлургия комбинатында істеп келеді. Осы уақыттар аралығында талай кәделі қызметтің жалынан ұстап, талай келелі істердің басын қайырған Тілеукен Смағұлұлы бүгінде ел ағасы деңгейіне көтеріліп, қаламызға танымал азамат болды. Сергіз

қырлы, бір сырлы сырбаз ағамен мерейтойы қарсаңында жолығып, сыр суыртпақтаған едік.

- **Тілеке, 60 деген жастың асқарына шығып отырсыз, құттықтаймыз, Өзіңіз айтпақшы, бұл жас өткеннің емес, жеткеннің жасы ғой.**

- Рахмет, айналайын.

- **Айтыңызшы, бүгінгі күннің райына қуанатын шақтарыңыз көп пе, әлде ренішіңіз көп пе?**

- Қай заманда да көптің көңілін табу мүмкін болмаған. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» тек қана қиялдың жемісі. «Коммунизмнен өтіп кеткенімізді білмеппіз» деп ел айтып жүргендей, бүгінгідей жұтандық болмаған кешегі заманда да наразылықтардың көкесі болды. Кеңес үкіметі аш қылған жоқ, тіпті байытты да. Тамақ тоқ, көйлек көк болса да ашындық, алайда ашынғанамызды айта алмадық. Жұқалап жеткізгендеріміз құрдымға кетті. Ал бүгін көпшілік қарынының ашқанына да, қадірінің қашқанына да наразы. «Бір елі ауызға екі елі қақпақ» қойып отырған ешкім жоқ, бірақ айтқаныңды құлаққа іліп жатқан да ешкім жоқ. Бай мен кедейдің, жарлы мен жалшының заманына қайтып оралдық. Көңіл толатыныны тәуелсіз ел болдық, бірақ қолбайлау көп. Нарық заманы тасқа тары, мұзға бидай еккендердің, жұмыртқадан жүн қырыққандардың заманы екен. Үкімет қарап отыр деп айта алмаймын, әйтседе, істеген жақсылықтары қанағаттандырып отырған жоқ. Тек шүкіршілікке ғана жеткізді. Өткен онжылдықтың әсіресе, екінші жартысындағы бастан кешкендерімізді еске алайықшы. Сол күндер мен бүгінгі күндерді салыстырсақ, шүкіршілік қой шынында. Ертеңімізге де қанағат айтар ем. Игілік деген жарықтық қас-қағым сәтте өзінен-өзі емес, еңбек ақы, мандай термен келетіні ықылым заманнан белгілі емес пе?!

**Жарлы мен жалшының заманы деліңіз-ау, бүгінгі жағдайымыз сізге шыныменен сонау XIX ғасырдағы ел ахуальнан елес беріп, ұқсастық табасыз ба? Ол кез бен бүгінгінің арасы жер мен көктей емес пе?**

- Шынына келейік, бұрынғының кедейінің өз шаруашылығы өзінде, басқаны былай қойғанда, құдайы қонақ келгенде соятын марқасы дайын тұрушы еді. Әрине, сұрақ төркінін түсініп отырмын. Алшақтық арасы зор болғанменен, аңсайтын дүниелеріңіз көп-ақ. Осы ретте Мұқанның (Әуезов) басынан өткен көпке белгілі жағдайды тағы да бір қайталасам артықтық болмас. Мұқанның «Абай» романы басында қоғамда үлкен пікірталас туғызып, сондай күндердің бірінде Алексей Толстой: «Мұхтар. шыныңды айтшы, романыңда суреттелетін казактың салт-дәстүрлерінің дәл сондай екені рас па?» деп сұрапты. Мұқаң «Бір өтірігі жоқ» деп жауап беріпті. Сонда Толстой басын шайқап, танданып тұрып: «Тогда на черта вам коммунизм?» деген

екен. Мұқан Абай дәуірін суреттей отырып, сол дәуірдің ақиқатын, ашы шындығын жазды ғой. Бүгін елдің аузынан түспей мақталып жүрген Құнанбайдың істеген «жақсылықтарын» паш етті емес пе? Жалғыз Құнанбайдың ғана ма? Ал енді Толстойдың сұрағына зер салыңызшы. Әлеуметтік не экономикалық хал-ахуалды сұрап отырған жоқ. Атақты жазушы, ғұлама ғалым сол кездегі қазақ халқының асқақ рухын, ар-ожданын, адамгершілік байлығын мензеп отыр. Осы категориялар «Абай» романында ғаламат суреттелген ғой. Осы күнгі жариялылық деп жаңалық ашып жүргендері қазақтан қалған «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мақалдың тұрпайы түрі. Басқаны былай қойғанда сол кезде қазақ сүйегінен өтетін сөзді өзі сұрап алып, айызы қанғанда ат-шапан айыбын төлеген. Бір ауыз сөзге тоқтап, үй есігіне құлып салмаған да біздің ата-бабаларымыз емес пе? Сол дана да дара қалпын бүгінгі күннің мазмұнына тұздық етіп құйса, қазақ халқынан асқан бай ешкім болмайды. Дәстүр жалғастығы, мына ғаламдандыру жүріп жатқанда әсіресе қазаққа керек.

**Тілеке, кезінде сіз ел Президенті Нұрағанменен қызметтес болған адамсыз ғой, осы жөнінде бірер ауыз айтып өтсеніз?**

- Ол рас. Комсомол, кейін партия қызметіне өзі ұсынып, жоғары орындар сол ұсынысын бекіткен уақытта өзі басы-қасында болды. Жұмыс барысында ешкімнен сөгіс атып, әйтпесе басқадай жаман атымыз шыққаны жоқ. Қайта құрудың кезіндегі мансұқтау, жаппай іске алғысыз ету көпке келген індет болды. Қазақ азаматтарына, ұлтжандыларға қырғидай тиді ғой сол қайта құру...

Қазір тағы да шүкіршілік етеміз, кадр мәселесі тез қолға алынып ел деген, жер деген азаматтар басқару жүйесіне тартылып, шаруашылық біршама ондалып қалды. Мен Президенттің саясатын қолдаймын. Ол үшін лауазымды қызметте болу міндет емес. Осындайда еске түседі, Рузвельт Америкаға Президент сайланып, өкімет басына келгенде оның досы Гарри Гопкинс достық көмегін ұсыныпты. Оған риза болған Рузвельт: «Таққа отырған адамға елдің барлығы аламын деп келеді, ал менің досым Гарри беремін деп келді» деген екен. Біздің бергеніміз - тәуелсіз Қазақстанның. Нүрекеннің тілеуін тілеу.

**- Зауыттың қожайыны үнділер туралы ел арасында алып қашпа сөздер көп. Біреулер олар құрғалды десе, екіншілері байығалды дейді. Сіз сол зауытта істеп жүрсіз ғой, осы тұрғыда қандай тұжырымдарыңыз бар?**

- Ашығын айту керек, үнді ағайындар бізді байығамыз деп келген жоқ, өздері бай боламыз деп келді. Бай болудың кеніші - металлургия комбинаты. Оны құртатын болса, олар байымақ түгілі қаңғып кетеді. Сол себептен «құрғалды» деу қисынсыз. Бұлар есептің

адамдары, үнділердің жанында «Шық бермес Шығайбайлар» далада қалады. Өндіріске, яғни өздеріне керек нәрсеге үрке қарап, қаражат бөлмейді не тым аз береді. Сол себепті де негізгі буындағы тендесі жоқ қондырғылар «құрт» ауруына шалдығуда. Себепсіз де емес шығар. Бұлардың ұстанғаны бір адамға 500 тоннадан өнім келу керек. Ол үшін бүгін комбинатта 15-18 мың адам жұмыс істеу керек. Оның үстіне ҚарМетИ-ді салуға берген 1,5 миллион АҚШ долларын, оған өзін-өзі ақтай алмай отырған «Оқжетпесті» қосып, қаланы сәулеттендіруге берген көмектерін есептесек, бізді бұлардың байыға қоюы неғайбыл екеніне көзіңіз жетеді.

**- Сіз ұлтжанды азамат ретінде Теміртаудағы тіліміз бен дініміздің қазіргі халіне қалай баға берер едіңіз? Әсіресе, мешіт, имамдар төңірегінде әңгіме өршіп тұрғаны өзіңізге мәлім.**

- Түсіндім. Менін бұл реттегі пікірлеріммен оқырман қауым таныс болар деп ойлаймын. Өйткені, осы газет арқылы «Дінбасылардың құлағына алтын сырға» (28.12.2001жыл) атты мақаламда көпшілікпен ой бөліскен болатынмын. Барлық мәселе дінбасыларында, жастары басқа дінді қабылдап, маскүнемдік пен нашакорлыққа, зинакорлыққа т.б. ұтымызда болмаған жат қылықтарға бой ұсынып жатса, қала мешітінің бас имамы мен оның көмекшілерінің дәрменсіздігі деп есептеймін. Ғасырлар бойы адамзат өркениеті жинаған тәжірибенің нәтижесі - «басшы болсаң, тұлға бол» дегенге саяды. Тұлға болып, айналанды ұйытып, үйіріп, елді аузына қарата алмадың ба, онда билікке араласпаған жөн. Айырықша айтарым, Теміртау қаласы тұлғалар мекені. Осыны дәлелдеп жатудың қажеті болмас. Біздің қалаға келіп қандайда бір шаруашылықтың тұтқасын ұстаймын десең, ойлан. Ойланғанда да мықтап ойлан. Қара басының қамын ойлаған адамның пайдасынан зияны көп тиелі кашанда.

**- Сіз өнерден де құралақан емессіз, әншілігіңізге қоса ән шығаратыныңыз да бар. Неге жүйелі жазбайсыз?**

- Сылтау айтып қайтемін, бізде әдеби орта болмады, басты тежеу осы болар сірә. Реті келіп жатқанда айтайын, әдеби ортаны құру «Теміртау» газетінің қолында тұр.

**- Әңгімеңізге рахмет. Жаңа ғана өзіңіз айтқан тұлғалардың тұяғын басқан азаматсыз, Төке. Алпыс деген кейінгіге ақыл айтып, басалқа болар кемел жас қой. Ендеше ортамызды толтырып, жарқылдап жүре беріңіз аға. Тойыңыз тойға ұлассын.**

2003 жыл

## Тектілердің шежіресі

Үстіміздегі жылдың қантарының 30-шы жұлдызында Қарағандыда болған «Қаракесек шежіресі» кітабының бірінші томының тұсаукесеріне қатысып, марқайып қайттым. Шын мәнінде алқалы топ жиналып, алқа-қотан отырып келелі мәжіліс құрдық деп айта аламын. Кітап шығармашыларының алғы сөзінде ... «Қазақ шежірешілерінің де басты мақсаты - осы, қазақтар мен иісі түркі жұртының туыстық байланысына бауырмалдық жылуын күйе», - деген аталы сөзден аспай бір әдемі пікір алмасу болып қазақ болмысына, тарихына шежіре қосатын үлестің қомақты екеніне нық сенім пайда болды. Дәл осылай деуге толық негіз бар. Қалай дейсіз ғой? Осы бүгінгі ғұламалар жазып жатқан қазақ тарихы қандай?, деген сұраққа көлденең кездесе кеткен қазақ қандай жауап береді деп ойлайсыз? Әуре болмаңыз, бәрібір мардымды жауап ата-алмайтыныңызға кепілдік беремін. Егерде сол тарихымыз мына шежірелерді пайдаланып жазылса ше? Сәуегейлік айтпай-ақ қояйын, бірақ біз айтқандай болса рухани әлеміміздің жәй-жапсары біршама өрге басары хақ. Әрине, мен қазақ елінің тарихы тек қана шежірелерден тұру керек деуден аулақпын. Егерде тарихымызды әрбір қазақ жақсы білсін десек, осының оңтайлы тұсын тауып, «айналасы теп-тегіс жұмыр болдыру» керек. Ал енді осыны қалай іске асырамыз? Дәл бүгін Қазақстанда шежіре жазып жатқан жалғыз қаракесектер ғана болмаса керек. Олай болса басқалармен хабарласып, ниетімізді бір арнаға тоғыстырып, ғылыми-практикалық конференцияда бастарын қоссақ. Мысалы Қарағандыдағы Е.Букетов атындағы университетінде. Атадан балаға мирас болып сақталып келе жатқан халық мұрасын, «Мәдени мұраның» аясына сиғызып мемлекет тарапынан қаржыландыруды Мәдениет министрі М.Құлмұхамедтен сұрасақ. Сәті түсе қалған жағдайда халық мұрасы - шежіре, ғылыми жүйедегі ресми мұра - қазақ елінің тарихы бірін-бірі толықтырып, өзара қабысып, сіңісіп, ара-жігін білдіртпей сомдап шығаруға мүмкіндік туар еді, яғни ғылыми айналысқа енер еді. Осы айтқанымызға сұранып тұрған, зерттеуді қажет ететін жағдаяттар аталған шежіреде де кездеседі. Ең бастысы - Қазыбек бабамыздың туған, өмірден өткен жылдарының анық-қанығы. Сөзбұйдалыққа салынбай менің қолымдағы 1993 жылғы шілденің 24 жұлдызында «Орталық Қазақстан» газетінде басылған, қазақ еліне есімі жақсы мәлім қоғамтанушы ғалым, Қарағанды политехникалық институтының профессоры Қазыбек бабамыздың ұрпағы Шағатай Қашықұлы мен тарихшы ғалым, журналист Рамазан Сағымбекұлының Қаздауысты Қазыбек бидің өнегелі өмірі,

қаһармандықпен өрілген ғажайып ғұмыры жайындағы әңгіме-сұхбаттан үзінді келтірейін.

«P.S... Қазыбек бабамыз қай жерде, қай жылы туды деген жайды анықтап алсақ қайтеді? Бұл ретте де әрқалай айтылып жүрген, демек, өзімізше толғау арқылы бір тоқтамға келіп алуымыз керек жайлар баршылық емес пе?

Ш.Қ: Өте дұрыс, орынды айтылған сөз. Бұл дерек бойынша әр түрлілік көп-ақ. Ең алдымен, Қазақ совет энциклопедиясында, оның VI томында қателік бар сияқты. Онда Қазыбек бабамыз 1665 жылы туып, 1765 жылы дүние салды делінген. Тіпті бұл жаңсақтықта себеп бар және ол себепті белгілі бір дәрежеде зандылық, реттілік бар, дегенмен М.Қожагелдиев деген біреу «Қазақ әдебиеті» газетінде және өзім жақсы білетін осы өлкенің азаматы, сол Қазыбек бабамыздың ұрпақтарының бірі Нығмет Төкешев деген ағамыз өзіміздің «Орталық Қазақстан» газетінде Бабамыз 1667 жылы туып, 1763 жылы қайтыс болған деп жазды және олардың ешқайсысы бұл деректерді қайдан алғанын да айтпайды. Сірә, жаңсақ деректі бірінен-бірі алғанға ұқсайды, ал кімнен кімнің алғаны белгісіз. Бұл жазбалар бойынша Бабамыз 96 жыл жасағанға ұқсайды. ал біз білетін анық дерек Қазыбек бидің 97 жыл жасағанын анықтайды.

P.C.: Иә, әмбебап ғалым адам Ахмет Байтұрсынұлының «Ақ жол» атты кітабында сол 97 жас туралы айтылған. Сол кітаптан үзіндінің бізге қатысты жерін толықтай келтірейін: Міне, кітаптың 153-бетінде былай деп жазылған:

«Қаздауысты Қазыбек 97 жасында өлген. Қазыбек өткен жылы Шаншар Қанай би туған. Қанай 72 жасында тоқал алған. Тоқал 8 жылда үш бала тапқан. Осы үш ұлдың кенжесі Қожабай осы күні (1925 жыл) ақсақал болған Ақайұлы Қасеннің шешесі Бағзе бәйбішемен құрдас екен. Бұл бәйбіше биыл, 87-де болады екен. Қазыбек туғалы (97+80+87) 264 жыл өткен. Қазыбектің туған жылы (1925-264) 1661-інші жыл болады. Қазыбектің өлген жылы (1661-97) 1758-інші жыл болады.

Қарқаралының тауын айнала отырған Қарашор Түркістаннан ауып келе жатқанда Бейбақтың даласында қарада Киікбай би туыпты. ана жоғары Қазыбектің есебінше адам жасын салыстырып қарасақ, Қарашор 1748-інші жылы Арқаға келген болады.

Сонда Шор туғанда, «биі ауған елге ханқоям деп, Бөкейді әкесі Барактан сұрап әкелген екен. Бөкей сонда 14 жастағы бала екен». (Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы, 1991 жыл. 153-бет).

Демек Қазыбек бабамыз, Аханның жазбасы бойынша? 1661 жылы туып, 1758 жылы қайтыс болған. Ал бұл ғұламаның

жазғандарына шүбә келтіруге болмайтыны белгілі жай. Оның үстінде Қазыбектей данаға деген Аханның құрметі, ол жайындағы деректерге, жазбаларға Аханның асқан жауапкершілікпен қарағаны мәлім. Бірақ та Қазақ совет энциклопедиясына Қазыбек жайындағы мақаланы жазған автор да, Сіз ренішіңізді білдірген М.Қожагелдиев пен Н.Төкешев те аталған мақалаларын жазған кезде Аханның кітабы қолға түсе қоймаған-ды.

Ш.К.: Жанағы үзіндіні дұрыс келтірдік қой деймін. Ал енді менің қолымда Аханның сол жазғандарымен үндес, әрі шын дерек екендігіне өз басым кәміл сенетін бір қолжазба бар екенін бұрынырақта айтқан болатынмын. Соған және бір оралудың реті келіп отыр. Ол қолжазбаның авторы жоғарырақта келтірген Кәмел Жайсақұлы, менің әкемнің інісі, яғни, менің ағам, өз кезінің аса зиялы адамы, Стамбулдың Айя-Софья семинариясы мен кезінде Қазақ елінің иелігіндегі Троицк семинариясын тамамдаған, одан кейін Қарағандыда, Қарқаралыда, Қызылжарда ұстаздық қызметте болған, оқығаны мен көңіліне тоқығаны өте мол ғұлама адам екенін де айтқанмын. Міне сол Кәмел ағам кезінде Қазыбек бабамыз жайында еңбек жазуға дайындық жасаған сияқты, соның жоспарын сызып, конспектісін әзірлепті. Солардың арасында араб әріптерімен жазылған мынандай жолдар бар екен, соларды келтірген дұрыс болар:

«Бабам 97 жасында өлген жылы Анайекем туады, ал Анайекем 75 жасында қайтыс болған. Анай би өлген жылы оның кенже ұлы Қожабай қажы туыпты. Ал Қожабай қажы 75 жасында, 1907 жылы қайтыс болады. Барлық бізге жеткен мәліметтер бойынша Бабамның 97 жасында қайтыс болуы анық. Сонда Бабамның туған жылын былайша есептеген дұрыс:  $1907 - (97+75+75)=1660$ . Қорыта келгенде Бабам 1660 жылы туған болады; ал қайтыс болған жылы  $1660+97=1757$  жыл».

Сонда Кәмел ағамыз бен Аханның жазғандарының арасында бір жыл шамасында ғана айырмашылық (1660, 1661 жылдар) бар екен. Ол ескіше, жаңаша жыл есептері кезінде туындаған айырма болса керек».

Бабамыздың өмірге келген жері туралы ешқандай таласым жоқ, бірақ тұрған жеріне байланысты 2003 жылы шыққан Ұлттың энциклопедияның 5-ші томының 457 бетінде «Қаздауысты Қазыбек Келдібекұлы (1667, Сыр бойы - 1764, кәзіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы, Теректі бұлағындағы қыстау...» деген ақпарат беріліпті. Теректі бұлақ қыстауы дегендері ғой. Осы атаудың Егіндібұлақ өңірі түгел біле бермейді, ал енді басқалары, біздің елден

жырақта жүргендер жоғарғыдағы энциклопедиядағы берілген ақпаратты оқып не түсінеді?

Шежіре кітабын апыл-ғұпыл әрі қарай ақтарғанда Рымқұл Сүлейменовты не жазушылар, не журналистер санатынан таппадым.

Бастығы жер ауғанның Мақат қажы

Дүниенің арман емес көппен азы

Қарағым, кайран Қасен қолға түстің

Жігіттің сендей болар өнерпазы, - деп әспеттелген Ақайдың Қасеніне сөз арналмапты.

Кәмел Жүністегі ақсақалды рухани ағам санаушы едім, енді тіпті жақындастық.

Қысқасы - Қаракесек шежіресі әркімге рухани азық болуы және талайлардың шабытын оятып, тарих ғылымының сара жолына алып келуі бек мүмкін.

## Ер аттары көмескі тартпасын

«Орталық Қазақстан» газетінің ағымдағы жылдың 14-шілдесіндегі санындағы «Баба есімін бұрмаламайықшы» деген мақаласын оқып маркайып қалдым. Келтірілген дәлел, айтылған ой, бәрі де көңілге қонымды, дұрыс. Асылы. Қаздауысты Қазыбек сынды әулиелерге қатысты сөз қозғағанда осындай тыңғылықтылық, байыптылық керек. Ашығын айтсақ - осының бәрі мақала иесінің бекзаттық болмысын көрсетеді. Өкінішке орай, бабамызға қатысты деректерге дәл осылай жауапкершілікпен келу жетпей жатқанын ашып айтуымыз керек. Қолыма қалам алғызған да осы. Басқаларды былай қойғанда, «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» редакция алқасына жараспайды-ақ. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтірейік. 2003 жылы шыққан осы басылымның 5 томы 457 бетінде бабамызға арналған мақала: «Қаздауысты Қазыбек Келдібекұлы-1667. Сыр бойы-1764, кәзіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Теректі бұлағындағы қыстау...», - деген деректермен басталады. Яғни бабамыз 1667 ж. Сыр бойында дүниесінен өткен, 1764 жылы кәзіргі Қарқаралы ауданында дүниеден өткен. Ал енді осы кітаптың 459 бетінде: (мақаланың аяқталар тұсы) «Қазыбек би қыс түсе Семіз бұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен», - деген дерекке кезігіміз. Көзге ұрынып тұрғаны 459 беттегі деректер бастапқы 457 бетте көрсетілмеген Семіз бұғы тауының пайда болуы және де келтірілген «Қарқаралы ауданы» деген сөздердің түсіп қалғандығы. Бастапқыда (457 бет) «Теректі бұлағындағы қыстақ», -



делініп ал" 459 бетте «Семіз бұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында...», - делінген. Ақиқатына келсек бабамыздың көз жұмып, жарық дүниемен қоштасқан жері Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Далба тауының Қарабие шоқысының етегінде. Осы жер Семіз бұғы тауынан мөлшермен 15-20 шақырымда, Қарқаралы ауданындағы Шарықты селолық округінің орталығы Теректіден тас жолмен Қарқаралы арқылы жүрсеніз 250-300 шақырым. Егер де Қарабие шоқысынан Балқантауды бетке алып тура атпен шықсаңыз 30-40 шақырымнан кейін жоғарыда айтылған Теректі ауылының тура желке тұсынан шығасыз. Ал «Теректі бұлағына» келетін болсақ, аталған жерде бұлақ жоқ. Қарабие шоқысының етегінде бұлақ бар. Теректі бұлағы осы болар. Тағы да айтарым: осы мақалада (459 бет) «Баласы Бекболат, одан ілгері жалғасатын Тленші. Алшынбайлар...», - деген сөйлем бар. Осындағы «ілгері жалғасатынды» тіл мамандары талдай берер, әрине олардың назарына ілінсе. Менің түсінігімде «көп ілгері болған», «ілгеріректе көшіп келгені», - сияқты тіркестерге қарағанда бұрынырақ деген ұғым береді. Егер де менін осы тұжырымым дұрыс болса Тленші, Алшынбайлар әкесі - Бекболаттан бұрынырақ өмір сүрген болып шығады. Сол сөйлемді осы екі сөзсіз оқып көріңізші «Баласы Бекболат, одан Тленші, Алшынбайлар...», - сана жықпылындағы қазақы ұғым бас көтеріп жорғалап жүре береді. Бәз біреулер «сонша неге шүйіліп отыр», - деуі де мүмкін. Орынды сұрақ. Мәдениетті елдерде дерек көзін іздей қалса ең бірінші «Ұлттық энциклопедияны» іздейді. Энциклопедия - грек сөзі, қазақша «білім өрісі» деген мағынада. Ертедегі энциклопедия - Әбу Насыр Әл-Фарабидің (870-950) араб тілінде жазылған «Ғылымдар тізбегі», Ибн Синаның «Донишнома» (білім кітабы) энциклопедиялық трактаттары тарихтан белгілі. Бүгінгі энциклопедия әр саладағы ғылым, білім, тарихи деректердің зерттеліп, зерделеніп, сомдалып талас тудырмайтын ерен еңбектердің жинағы. Бүкіл әлем осыған ден қойып отырғанда біздің де басты кітәбіміз «үстіне шан жұқтырмайтын» таза болу керек. Қай уақытта да дерек көзі - әулие. Осы әулиенің қадірін түсіріп алмайық.

Жалпы бабамызға қатысты тындырылатын шаруалар саны ұлан-ғайыр. Айтарымыз бабамыз көз жұмған жердің айналасы тұнып тұрған тарих. Ара қашықтығы небәрі 15-20 шақырым жерде халқымыздың мемлекет болып қалыптасуына зор үлес қосып, әдеби, мәдени болмысымызға өлшеусіз мұра қалдырған Қаздауысты Қазыбек, Бұқар жырау, Алшынбай сынды үш тұлға ғұмыр кешіп, ақтық демдерін аларда өздерін басқа жерге қимағандай бір-бірінен алыстамай Далба тауының сілемдерінде көз жұмған. Бұған

танданбасқа болмайды. Дәл бүгін тандану аз, осы жерлерге тандай қақтырып, көрсе көз тойматын ғұмырлық дүние орнату керек. Бабамыздың басына 2000 ж. тамызында қойылған тас белгі, яғни ұрпақтарының ыстық ықыласы жалғасын табу керек. Ұрпақтарының әлі де болса ешнәрседен аянбайтынына күмәнім жоқ. Бірақ та Қаздауысты Қазыбек пен шөбересі Алшынбай бүкіл алаштың арыстары емес пе? Олай болса ең бірінші үкіметтің назарын аударып, қолқа салсақ. Реті де келіп тұр, өйткені 2017 жылы бабамыздың туғанына 350 жыл (2017-1667=350) толады екен. Мерейтойларды жұмыс санға орай өткізетін дәстүрге де сай келіп тұр. Ең бастысы ғұмырлық дүние жасауға уақыт жеткілікті.

Рухани байлыққа кенде емес, «аруақ қонып-нар шөккен, қыдыр дарып-бақ қонған» Балқантау өңірінің кейінгі кезде экономикасының деңгейінің өскені байқалады. Яғни Қаздауысты Қазыбек бабамыздың атына арнайы қор ашуға толық мүмкіндік бар деу керек. Және де осыған асығу керек. Егер де алдағы бес жылда бабаларымыздың (Қазыбек, Алшынбай) аруағына сәйкес іс атқарамыз десек, қорды ашып қана қоймай, қыруар ұйымдастыру жұмыстарын атқару міндеті тұр. Сондықтан да осы өңірдегі аты шыға бастаған қалталары қалың, уыстары қомақты, ұлтжанды азаматтар алқалы топ жинап, тез арада бас қосқандарын қалап алар едік. «Сырттан тон пішіп, өктем сөйлеуін», -дейтіндердің де табылатынына сенем. Сауға..., Сауға жарқыным! Бабамызға арнайы мерейтой өткізу туралы ұсыныстар сонау 1990 жылдардың басынан бастап айтыла бастапты (Н.Төкешов, С.Сматаев, Р.Сағымбеков). Р.Сағымбеков «Кім еді Қазыбек би?!» (ОҚ, 9 маусым 1992 ж.) мақаласында «Баба құрметіне мерейтой өткізіп, ас беру ұрпақ парызы болса керек», -депті. Содан бері де 20 жылдың сұлбесі көрінді... «Неге», деген сұраққа жауап іздеп арамгер болмай-ақ қояйық, одан пайда жоқ. Сол баяғыдай мүләйімсіп, біреуге жалтақтап тағы бір жиырма жыл өткіземіз бе? Істі қолға алып, бабаларымыздың аруағына сиынып, «Иә сәт» дейтін уақыт жеткендіктен де сұранып тұрған нақты шараларды ұсынсам айып-шамы жоқ шығар. Көп болып жұмылып, ісіміз оңға басып, айтарлықтай нәтиже беріп жатса, әсіресе үкіметке сөзіміз өтімді болар еді. Ең бір ғажабы бабамыздың осы мерейтойы тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдығымен тұспа-тұс келіп тұр. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына бабамыздың еңселі ескерткіші Қарағанды қаласында бой көтермек. Ол үшін облыс басшысы С.Ахметов мырзаға алты алаштың атынан шексіз алғысымызды айта отырыш, тәуелсіздіктің 25 жылдығында бабамызға қатысты жоғарыда айтылған ұсыныстардың да басы-қасында болса нұр үстіне нұр болар еді демекпін. Дәл осы жерде қабырғамызбен

кенесу керек болып тұр. Бабамыздың туған жылы-1667 жыл екеніне бүгін ешкім таласпайды. Дей тұрсақта А.Байтұрсынұлының «Ақ жол» атты кітабында (Алматы 1991ж 153 бет) Қаздауысты Қазыбек 1661 ж туған деп, өте орынды дәйектер (фактілер) келтірілген. Яғни бабамыз биыл 350 жасқа толып отыр (2011-1661=350). Егер де дәл осылай болса Қазақ елінің тәуелсіздігі мен бабамыздың мерейтойлары ығни да жұптарын жазбай бірге жүретін болар еді- ау. Осында әулиелікпен шектеліп жататын теңдесі табылмайтын тарихи сәйкестік жатыр-ау сірә. Ойланайықшы.

Алшынбайдың қайтыс болған жылы туралы бір-екі ауыз сөз. Алшекеңе қатысты деректерді түгелдей шолып шықсаңыз айна-қатесіз «Алшынбай Тленшіұлы (1784-19 ғ.-дың екінші жартысы) деген дерекке тап боласыз. Ал енді 2010 жылы жарық көрген «Қаракесек шежіресінің» бірінші томының 26 бетінде «Алшынбай Тленшіұлы (1796-1860?) деген анықтама бар. Осындағы 1860 жыл шындыққа жанаса ма деймін. Олай дейтінім атакты акын Нар Кемпірбай (1834-1895) Алшекең мен Құнанбай қатысқан бір дауда «Көрмедім Алшынбайдай қорқау шалды, ашуы қартайғанша басылмаған», -дейтіні бар. Сол Кемпірбай Алшекеңнен 50 жас кіші (1834-1784=50). Егер де жанағы өлең жолдарын Кемпірбай ең жас уақыты 25-інде айтса Алшынбай 75 жаста болады (1834+25-1784=75). 1796 жылға келсек (1834+25-1796=43 жас). Кемпірбайдың осы жасындағы Алшекеңе «қартайған» деуінің қисыны келе қоймайды. Осы шалақ есебімді ұсынып отырып, «айттым, біттім..», -деп отырғам жоқ. Кейінгі толқын інілер, есейіп қалған көзі қарақты жастарға ой салу үшін айтып отырмын. Төрт-бес ғасыр бұрын өмір сүрген тұлғаларымыздың да кем-кетігін толықтырып жатыр емеспіз бе, оларға қарағанда Алшынбай уақыты кешегі күн ғой. «Көзі ашық, көңілі ояу» жастар Балқантау өңірінің тарихын зерттеймін десе, үлкен энциклопедиялық жолға түседі. Не бір от ауызды, орақ тілді Шөже, Жанак, Балта ақындардың шығармашылығы түгел зерттелді ме? Қоянды жәрменкесінде Біржан ән арнайтын Айтпай кім? Шаншардың қулары кімдер? Бәз біреулер көрінер көзге қиянат жасап өлен жолдарын бұрмалауды шығарыпты. Мысалы, сіз Кемпірбайдың «Қу тактайды әпер бері».-деп домбыраны қорлауына сенесіз бе? Әрбіреуі бір академия Едрей тауларының карттары:

Өлсем де көк кептерге бір салайын

Домбырам тал тиекті әпер бері

депті Кемпірбай,-деп отырушы еді. Тәттімбеттің (1815-1862) қорғасын шығаратын зауыты болыпты дейді. Жұрнағы табылар мүмкін. Бабамызға арналған қордың ашылуын шұғыл түрде күн

тәртібіне қою керек деп отырғанымызда осындай атқарар істердің бастан асып жатқандығынан. Советтер үкіметінің тұсында аттары аталған тұлғалар туралы мағлұматтар атүсті жиналғанын бәріміз де білеміз. Егемендік алғаннан кейінгі жиырма жылдың жартысы белгілі жағдайлармен есімізді жинауға кетті. Бүгін етегімізді жаба бастаған уақытта кампифан қарынның емес, елдіктің, ерліктің нышаны- рухани азығамыздың тоқ болуына ден қояйық.

Ұлыларды ұлықтау өршілдіктің, ескендіктің өлшемі. Алтынның сынығындай қастерлеп елге өнеге етіп ұсынып, әлсін-әлсін ел рухын көтеру- болашақтың қамын ойлау. Ер аты, Ел аты, Жер аты көмескі тартпасын. Ағайын!

2011 жыл

## «Орны толмас асылды жоғалтып алған жоқпыз ба?»

**Тлеукең Смағұлұлы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы желтоқсанның бесіндегі Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталыпсыз. Құтты болсын.**

Рахмет, айналайын.

- **Саналы өміріңізді сонау 1960 жылы комсомол жолдамасымен келгеннен бері Теміртау қаласында өткізіп келе жатырсыз. Ақылғөй, батағөй ақсақал ретінде бүгінгі күні, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы кезінде қандай ой толғандырады?**

- 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдағаннан бері жиырма жыл өтті. Аталған заңның 16 желтоқсанда қабылдануының мәні өте зор. Олай дейтінім 1986 жылы осы күні біз қазақтар тағдыр-тауқыметімізді әлем алдында айта алдық. Сөйтіп төрткүл дүниенің ортақ қазынасына қомақты үлес қостық десем артық айтқандық болмас. Екіншіден, дәл осы күнді мерекеге айналдыру қазақ жастарының 1986 жылғы 16 желтоқсанында көрсеткен теңдесі жоқ ерлігіне бас иіп, оны қадірлеп, қастерлеудің бір үлгісі десек, мүмкін егемендіктің 25 жылдығын (1986-2011) тойлау керек пе еді деген де ой келеді. Қалай болғанда да қазақ жастары сол күні қазақ халқының рухани мәдениетінің салтанатын бүкіл әлемге паш етті. Ал енді 20 жыл ішінде қол жеткен табыстарымыз жөнінде аз айтылып жатқан жоқ, дей тұрсақ та шешілетін ұлттық мәселелер де бастан асып жатыр.

- **Ойыңызды нақтылай түссеніз.**

- Мен осы жиырма жылдың ішінде ғасырлар еншісіне тие бермейтін жұмыстар атқарылды дегенді қызу қолдай отырып, бүгінгі озық ойлы ортада кең тарап отырған «Тәуелсіздікті сезіну» яғни

«тарихи санамызды қалыптастыру» хақында өрбіп отырған пікірлерді де қолдайтынымды айтпақпын. Шынтуайтына келсек осы бір тасқынды сұрыптап, саралап, қақпақтайтын, қоғамымыздың ортақ қазынасына айналдыратын құдірет пен құрылым бар ма? Жоқ, Ендеше олар қай жерге барып бас сауғалайды? Яғни дүйім жұртқа ортақ піскен сайын дәмі арта түсетін қымыздың сабасы керек. Төтесіне көшсек бүгін егеменді Қазақстанның идеологиясы бар ма? Жоқ. Кезінде идеология деген сөзден ат-тонымызды ала қаштық, ұлттық идеологияны іздеп шарқ ұрдық, бірақ таппадық. Содан бері үнсізбіз. Орны толмас асылды жоғалтып алдық деп шарқ ұрып жүргендерді кездестірмедім. Әліптің артын баққалы да біраз жыл болды, бірақ халықтың бәрі бірдей мойын созылатын асқарлы тұғыр көрінер емес.

- **Ескі жаңа жыл келе жатыр...**

- Ескі деген сөзінді ескірген десем қосылар ма едің?

- **Әрине.**

- Бәрекелді! Басқаны былай қойғанда Наурыз айында басталатын жаңа жылды және де ертеден библияда көрсетілген шындықты нақаттан нақатқ мойындамай отырмыз. Әрине, бұл мейрам біздің қанымызға сіңіп кетті, бірақ та жоғарыда айтқан Тәуелсіздікті сезінетін болсақ бүгінгі балдырғандарымызға «В Библии священный год со времени исхода из Египта начинается с весны с месяца авив, гро значит месяц зрелого колеса. Это был месяц весеннего равноденствия и время созревания ячменя...» (Библия, стр.1002 Библейский календарь) дегенін олардың құлақтарына құйып кете алсақ үлкен олжа болар еді. Сонда олардың санасына Наурыз ана сүтімен кіріп басқалары ұмытылар еді. Осы болашақтың жұмысын бүгіннен бастап жаңа жыл мейрамын тек қана Наурыз айында қарсы алуға шақырамын.

**Әңгіменізге рахмет.  
Руза АЛДАШЕВА**

# БАҚЫТ-БАҒАЛАҒАННЫҢ ҒАНА БАСЫНДА ТҰРАДЫ

**«Кімде-кім қазіргі уақытта  
ана тілін, өзінің әдебиетін  
сыйламаса оны сауатты,  
мәдениетті адам деп  
санауға болмайды»**

**Мұхтар ӘУЕЗОВ**

Қазақта «Бұны көрген де арманда, көрмеген де арманда» деген мақал бар. «Көрмегендердің армандауы құдай жөні, ал көргендердің армандауы қалай?» деп ойға қалатыным бар. Осының жауабын, яғни ағымдағы жылдың қараша айының 23 жұлдызында сиясы кеппеген «Құрыш қала» атты қазақша газеттің бірінші саны қолыма тигенде тапқандай болдым. Теміртау тарихында бұл қазақша сөйлейтін екінші газет. Иә, Теміртау тарихында... Осындай талай дүние еске түседі екен. Мен өткен ғабырдың елуінші жылдарының аяғында осы Теміртауға комсомолдық жолдамамен келген ұрпақтың өкілімін. Сол уақытта қаракөздер қала халқының 2,7 пайызын құрайтын едік. Қазақша шығатын «Теміртау жұмысшысы» атты газеттің жабылып қалған кезімен біздің осында қоныстануымыз дөп келді. Осы 2,7 пайыз деген қала қазақтарына індет болып жабысқаны белгілі. Әсіресе Қазақстанды басқаруға Г.В.Колбин деген құбыжық келгенде тіпті құтырып кетіп еді.

Әлі есімде, 1987 жылы көктемде сол Колбин Қарағанды металлургия комбинатына келе қалсын. Сырттай естуімізше, «адам баласына көп ұқсайда екен» деген лақап. Енді соны көзімізбен көріп, қайран қалғанбыз. Маймыл түріне де, айтқан сөздеріне де. «Қалада 2,7 пайыз қазақтар тұрады екен, соған қарамай ЖТОО-ны (ВТУЗ) қазақ азаматы басқарады, онысын былай қойғанда оқытушылар мен профессорлар алқасының 40 пайызы қазақтар болуын мен түсіне алмаймын. Комбинатта қазақтар 2 пайызға жетпейді, осы алып өндірісті те қазақ азаматы басқарады. Осы, бұдан басқа да сынаржактылықты дереу түзету керек. Қай халықтың саны басым, сол халықтың өкілдері барлығын басқаруы керек. Бұл социалистік демократияның негізгі принципі» деген еді. Сол тұғырнаманы бізге түсіндіріп, біз түсініп үлгермей, ЖТОО-ны басқаратын Н.Қ.Ишмухамедов, комбинатты басқарып отырған М.А.Ақбиев сынды азаматтар, осы жолдың авторы да жұмыстарынан босатылып еді. Ал бүгін бұл қалада қазақша сөйлейтін екінші газет ашылды. Айызын

канып, әкең базардан келгендей бөркінді аспанға лақтырып жер-жаһанға айқайлағың келеді. Олай болмағанда ше?! Қазақ тілінің аясы кеніп, мәртебесі өсіп жатса неге қуанбасқа? Ең бастысы, ешкімнен рұқсат сұрамай, ешкімге жалынбай, ат төбеліндей «Ақсақалдар алқасы» айды аспанға шығарып жатыр емес пе. Ақсақал дегенде қазақ сабырлықты, салиқалықты, даналықты, даралықты, мәрттікті елестетеді, жаңылыспайтынына сенеді.

Тәуелсіз елдің 20 жылдығы қарсаңында қала халқына ұсынған жаңа газет аталып өтетін ұлық мейрамға тендесі жоқ тарту. Жаңадан ашылып жатқан өндіріс орындары жақсы-ақ, бірақ қазақ деген дүйім жұрттың ақыл-ойын асқақтатып, ел рухын көтеретін пәрменді құрал екен-ау. Шын мәнісінде тарихи мәні зор тапқырлық. Ғұмырың ұзақ болсын деп тілеймін. «Құрыш қаланы» сырт қарағанда көз тартатынына қуандым. Тәжірибелі хас шебердің қолынан шыққаны көрініп тұр. Бұрын аттарын естімеген екі журналистің де сөз саптастарына риза болдым. Яғни қаламызда сөз қадірін білетін азаматтардың саны артып, әбеди ортаның ұлғаюы қуантады. «Теміртау» газеті бұрын жалғызсырап жүруші еді, енді әрі әріптесі, әрі бәсекелесі келгеніне қуанатынына ешқандай күмәнім жоқ. Рухани әлемімізді байытатын құралдардың көбеюі құптарлық ахуал. Теміртау халқы қазақылансын десек оған ең бірінші «Теміртау» мен «Құрыш қала» оқырмдарының шығармашылық жарысы керек. «Жұмылып көтерген жүк жеңіл» деп қазақ бекер айтпаған. Дәл осылай болатынына сенемін. Бүгін қазақтар мен басқа ұлт өкілдерінің сан жағынан арақатынасы қанша екенін білмеймін. Қазақтардың пайыздық көрсеткіші әлі де мардымды бола қоймас деген ойдамын, бірақ осы көрсеткіш әлеуметтік ахуалға келгенде басты айғақ емес. Бастысы өткенімізді ұмытпау және де «Бақыт бағалағанның ғана басында тұрады» деген халық даналығын есте ұстасақ талай шындардың басына шығатынымыз хақ.

**СМАҒҰЛДЫҢ Тілеубердісі**

*Тарихи мұра*



Мен 1941 - 1945 жылдардағы соғыс жетімімін. Кісі есігінде өсіп, жетілдік. Алты, жеті жастан бастап шөп шабатын машинаны тартатын өгізге отырғызды, қыста баздың ішіндегі қойдың қиын оямыз. Үй ішіндегі кәкір-шүкір: су әкелу, ағаш жарып самаурын қайнату, жазда тезек теріп оны жинау, әйтпесе қысқы отынға пайдаланатын жылтуы көмірден кем емес таудағы тас арасындағы ағаштардың түбірін дайындау, ара-арасында алып кел, шауып келі бар толып жатқан таусылмайтын шаруалар кісі есігінде жүрген біздердің еншімізге тиетін. Жазда шөп шабуға шыққанда шалдар таң қылаң бере жатқан жерімізден «суырып» алып, арт жағымыздан бір сипап: ұйқы басып кеткен өңкей маубастар, - деп ұрысып, жастайымыздан еңбекке баулыды. Сол ақсақалдар шетінен әнші, жыршы, шежіреге жүйрік, асқан шешен, білмейтіндері жоқ, әрқайсысылары бір-бір академия болатын. Таң қылаң бере жұмысқа кірісіп, қас қарая үйге қайтып, үлкен қара шәйнекті екі-үш рет еселеп шәй ішіп болған соң (ол кезде шөпшілер бір-ақ үйге орналастырылатын) түннің бір уағына дейін хан, билер, батыр, шешендер, белгілі адамдар туралы әңгіме өрбітіп құс ұйқымен қысқа танды атыратын.

Сол кездегі үлкендердің аузынан естіп, жадымда жатталып қалғандарын сұрыптап қағазға түсірдім.

Мейрамсопының үлкені Қуандықтан тарайтын арқа жерін жайлаған қалың елде атақты Әлсен, Қаспақ, Тоқа атты үш би дәурен сүрген. Әлсен би өте сұлу, сымбатты болып, әйел затын былай қойғанда еркектер де тандайларын қаққан екен. Қаспақ би содыр, өте ұсқынсыз болыпты. Балалар шошиды деп аналар нәрестелерін Қаспақ биден алыс ұстапты. Тоқа боса болмаса күйші, ақылымен ел басқарған, патшадан шен алып (полковник) шекпен киген. Сол себепті де оны ел шоқыншы деп атап кеткен. Үшеуі де жас кездерінде сол өңірдегі «Тарақтының» атақты сұлуы Әйімкенге ғашық болып, ақырында оған Тоқа үйленген. Тектілер ғой, бұл жағдай үшеуінің кейінгі қарым-қатынастарына кедергі болмай жұттарын жазбаған.

Осы үш би бірге арқаның қақаған аязында пәуескемен жол жүріп келе жатпайма.

Бастарында түлкі тымақ, үстерінде қасқыр ішік, тізелеріміз тонбасын деп бір-бір қасқыр ішікті аяқтарына көлденең тастапты. Әлден уақытта басына тері тымақ, үстінде жыртық шекпен киіп, астына көтерем ат мінген адам олардың алдарынан кесіп өтіпті.

Бұл қылық сол заманда көргенсіздік болып саналатын, ал енді мынадай дүние иелерінің алдын кесу оларды қорлаумен тең екені белгілі.

Бұны көріп Қаспақ би бірден ашуға мінген екен. Атқосшылары: би ағалар бұл өздеріңізбен бірге өсіп біте қайнасқан Айнаш ақын депті. Бұл хабар Қаспақты сәл тосылдырса керек. Осының бәрін байқап отырған Тоқа Айнашты шақыртып алып: Әй, Айнаш! Сенің мына қылығыңды құдай кешіре ме, кешірмей ме білмеймін, мен кешіремін, бірақ оның өтеуі бар. Елдің барлығы сені ақын дейді ғой, шын ақын болсаң, үшеумізді бір ауыз өлеңге сиғыз және дәл осы жерде.

Барлығының сырына қанық Айнаш:

Әлсен биді базарға сатар ма еді

Қаспақ биді теріс қойып атар ма еді

Шоқыншыны арбаға байлап қойып

Әйімкеннің койнына жатар ма еді, - депті.

Өре түрегелген Қаспақты тоқтатып Тоқа: Алда ит-ай, елдің айтқаны рас екен ғой, - деп, қасқыр ішікті Айнашқа лақтырыпты да, атқосшылардан «ат басын тірейтін жерге қанша қалды», - деп сұрапты.

Сүт пісірім уақыт бар дейді ғой.

Олай болса алдыңғы үш атты мына иттің жетегіне байлап беріндер, - деген екен.

Шөбі шүйгін, суы мол Нұра бойын мекендеген Қареке - Мұратта әрі би, әрі шешен, батыр Мөңкі би өмір сүрген. Азан айтып қойған аты ұмытылған. Мөңкі лақап аты. Жас кезінде балалармен асық ойнап жатқан жерден асау тай мінген бай баласы өтіп бара жатса керек. Дәл осы уақытта ойын қызығына берілген балалар таласып қалып, оқыс кимылдарынан тай мөңкіп, ала жөнеліп үстіндегі бай баласы құлап мерт болыпты. Кінәліні табамыз деп жиналған небір сақа билерде сөз таба алмай тығырыққа тірелгенде ортаға жас бала шығып «дат», демейме. Ортаға қамшы тасталып «айт», депті. «Бала қазасына ең бірінші мөңкіген асау тай кінәлі, одан кейін асау тайды мінген баланың өзі кінәлі, үшінші асау тай мінген баланың жүретін жолын білмей дәл сол жерде асық ойнауға балаларды алып барған мен кінәлі», - депті.

Содан Мөңкі би аталыпты. Қаһарына қамал құлап, хан сескенген, аттарынан ат үріккен небіп «шұбар балақ, шұбар төстермен» иық тірестіріп, үзенгі қағыстырыпты. Сөзден сүренбей, ешкімге дес бермепті. Біреулерді сөзден жеңіп, ықтырып алу үшін алдын ала амал қылады екен. Осындай амалды Мұсаның Шорманына (19 ғасыр) құрыпты. Ежелден көршілес елдер араласып - құраласып жататыны белгілі. Сол жылы Мұсаның Шорманы болыстыққа таласып жатыпты. Осы жағдайды ылғи да қаперінде ұстаған Мөңкі жылқышыларына Шорманның малдарының ауа-жайылуын қатты қадағалауды тапсырыпты. Көп ұзамай Шорманның өзі нияздың қара көлінен ат шаптырым жердегі май өзекке қазық қаққанын, және де бір табын жылқылары Нұра бойына үнгіп кіріп келе жатқанын Мөңкіге жеткізіпті. Көктем шыққан кез болу керек Мөңкі: Малдары қыстап семіз шықты деп естіп едім, үш ту биелерін алып келіп сойып тастаңдар, - деп бұйырыпты. Айтты, бітті. Сол күні бәрі де тындырылыпты. Ертеңінде жол кесіп іле-шала жеткен Шорманның кісілеріне Мөңкі би бет бақтырмапты. Бұл хабар Шорманға жеткенде: сайлау өтсін, содан кейінде уақыт жетер, - деп тоқтам айтыпты. Сарша тамызда сайлау өтіп, Шорман болыс болып сайланыпты. Бұны естіген Мөңкі нөкерлерін жинап, атқа қонып, Шорманның ауылына түсіпті. Хабар алған Шорман: Мөңкіні осында алып келіп, басқаларын басқа үйлерге жайғастыруды тапсырыпты. Сәлем беріп кіріп келген Мөңкіні ешкім елей қоймапты. Шорман үйдің төрінде екі қолтығында екі жастық, онысы аздай, екі тізесінің астында да екі жастықты төсеп, тоқалы желкесін мытып, бәйбішесі оң жақта төменірек жайғасып, екі тізесін уқалап отыр екен дейді. Ешкім жоғарлатыңыз деп шақырмаса да, Мөңкі жоғарырақ орын теуіп, тізесімен бәйбішені төмен сырғытыпты. Орнаған үнсіздікті бұзған Шорман: «Біреудің адал

малын аласың, не басын қайтармайсың, не құнын төлемейсің. Нияздың тауын басына тастап жіберейін бе», - деп ыңыранса керек. - Шорман шырағым менің басыма бір түйір тас та жетеді ғой, тауды тастасаң бүкіл Қаржас астында қалар мен «саған бақ тауып қонды ма десем, ауып қалған екен ғой», - дегенде Шорман қатты сасып: - Ассалаумағаләйкум аға. ойпырай қонақ келді ғой, дастарқан неге жайылмай жатыр, - деп әйелдерінің алшысын қуырған екен.

Бәйбішесі шорманға күйеуге шыққанда жасауымен бірге әкесінің құты болған босағада ығи да ілулі тұратын торсықты алып кетіп, байлық Шорманға ауысыпты. Патшадан шен алып, шекпен киген пожовник, болыс болып деміне нан пісетін Шорманды састырған да «бақтың ауып қонғандығын» бетіне басқан Мөңкінің әрі шешендігі, әрі батырлығы екен.

Бірде Тобықтыда қыс өте қатты болып, қар қалың түсіп тебінде мал жайлымсыз қалыпты. Құнанбай, құдасы Алшынбайға келіп жағдайын айтып екі табын жылқысына қыс бойғы жайылымына келісіп, келесі көктемде, жер аяғы кеңейген уақытта өзім келіп алып кетемін деп уәделесіпті. Содан көктем шығып Құнанбай айтқан сөзінде тұрып жол - жоралғысын артып құдасының табылдырытын аттапты дейді. Әдеттегідей шаншар елінің бетке ұстар азаматтары жиналып, мал сойылып, тайқазан көтеріліп Алшынбай ауылы мәресәре болып жатқанда суық хабар жетіпті. Қыс бойы қоныстас, дәмдес болған жылқышылар қоштасар кезде бір-бірлерінен мал алып қалмақ болып ұрлық үстінде кездесіп тобықты жақтан бір жылқышы мерт болыпты.

Көктем шығып, иық кеңіп, арқа-жарқа болып ұмтылмас бір кеңес болудың орнына «ердің құны - құлынды биені» өндіреміз деп Алшынбайға сот құрылыпты. Осындай аласапыран сәтте ел аралап жүрген Кемпірбай ақын осы ауылға ат басын бұрмай ма. Жағдайдың анық - қанығына көзін жеткізген Кемпірбай билер отырған үйдің табалдырығын аттап, бас сұға бере домбырасын қағып қалып бір - екі ауыз өленді тоғытып жіберсе керек. Қыс бойы құдасының екі табын жылқысына жайылым беріп, оның үстіне тағы да бір құлынды биені бергісі келмей, терісіне симай ашуланып отырған Алшынбай жақтырмай ақын арқасына қамшы сілтепті.

Намысына қамшы тиген Кемпірбайдың арқасы қозып:

Ойпыр-ай бұл немене тарсылдаған

Сұрқасқа төбет қарсы арсылдаған

Көрмедім Алшымбайдай қорқау шалды

Ашуы қартайғанша басылмаған.

Осы үйде жақсы да отыр, жаман да отыр

Қан, қара би Шорамен төре де отыр  
Дүние боғы дүниеде қалатұғын  
Дүние үшін таласты таз бен соқыр  
дегенде отырғандар тіксініп қалғанымен ауыздарын ашуға  
шамалары келмепті. Есін барлығынан бұрын жиған Құнанбай:

Ей... Алшеке піскен асқа ит мұрынын тигізді қылып  
қайтесін, Кемпірбайдың құны бір айғырдың үйірі ғой, - депті.

Сонда Кемпірбай:

Құнан тілі құранның іреуіндей  
Ақылы жер мен көктің тіреуіндей  
Әуелде тәңірім өзі жаратып еді  
Төрт жардың құдай қосқан біреуіндей  
деп Құнанбайдың мақтауын асырыпты.

Сөзден тосылған Алшынбай «бас кеспек болса да, тіл кеспек  
жоктан» аттап өте алмай бір үйір жылқыны ақынның алдына салып  
беріпті.

Алшынбайдың Қалдыбай деген қожасы болған. Ол кездегі  
қожалар ақын, ақылман, тамыршы болған. Балаларды сүндетке  
отырғызу боса болмаса. Бірде Алшынбайдың күн түспейтін жерінің өң  
жақ сүйірі сыздап ауырып, отырғызбай мазасын кетірген соң «көріп  
кетсін», - деп Қалдыбайды шыққыртыпты.

Қалдыбай келіп амандық, саулықтан кейін іле-шала өлі ет  
(бұрынырақ соғылған малдың еті) салған табақ тартылыпты. Әдейі  
шақырғанда мал сойылмағаны қожаның қытығына тиіп, қынырлығын  
қоздырыпты. Тамақ мәзірі аяқталып, бата беріліп болған соң: «Алшеке  
кәне, «шешін көрсет», - деп бұйыра сөйлепті қожа. Айтқанын істеп  
тонқайып тұрған Алшынбайдың артынан қарап тұрып Қалдыбай:

Ергіздің бес бошанды жетегіне  
Алтын, күміс толтырдың етегіне  
Ішкенің мен жегенің бойға симай  
Қара сүйел болып шығыпты көтеніңе

дегенде, өлі етпен силағаның «сыбағасы» екенін бірден сезген  
Алшынбай «ақ сарбас, ақ сарбас» деп еңкейіп тұрған бойда етпетінен  
құлаған екен.

«Жақсыны көрмек үшін», - деп бірде Қалдыбай қожа Зайсан  
бойындағы атағы шыққан әрі би, әрі шешен Саққұлаққа сәлем беруге  
аттаныпты. «Ел құлағы елу емес пе», Шаншар елінен Қалдыбайдың  
жолға шыққанынан Саққұлақ шешен де хабардар болыпты.

Күс қанаты талып жететін жерден ат арытып келген қонақтарын арнайы дайындатып қойған үйге түсіріп, бір кеш дем алғызып, ертеңінде түскі асқа Саққұлақ өз отауына алдыртыпты. Төс қағысып, құшақтасып, көптен бері көрмеген ежелгі етене жақын адамдардай бір-біріне ыстық ықылас білдіріп, амандық, саулық сұрасып, өткен, кеткеннен сөз қозғап сұхбат жалғасыпты. Сөз реті келгенде Қалдыбай: - Сақа, «жаман айтпай, жақсы жоқ», Сіз олай-бұлай болып кетсеңіз өнегенізді әрі қарай іліп әкететін ұрпақтарыңыз бар шығар?, - деп сөз қыстырыпты. Сәл ойланып қалса да, өте тез сергіп, салалы саусақтарымен ақшулан тартқан сақалын тарамдап отырып: - Қалдыбайжан, мына жаңа ес біліп келе жатқан жас өспірім болмаса басқасын жылы жауып қой, - деп тізесінде отырған немересіне иек артыпты. Содан не керек, екі-үш тәулік бойы армансыз әңгіме дүкен құрып, мейірлері қанып, қарқ болыпты. Қонақтардың қайтатын уақыты болып, Саққұлақ Қалдыбайға рахметін айтып, ат мінгізіп, шапан жауып, құрметпен шығарып салыпты. Алыстан келген қонағын құрметпен қарсы алып, аброймен шығарып салып, көңілі қош болып отырғанда тыста абыр-сабыр көбейіп үдей түсіпті. Сөйтсе, арқадан келген қонақтарды шығарып салып тұрғанда Саққұлақтың үлкен болыс баласы да үйінен шығып атына мінерінде шылбырының жоқ екенін байқап, бүкіл ауылды дүрліктіріпті. Ат шылбыры табылмаған соң «арқадан келген қонақтары алды ма екен», - деген жымысқы, ұшқыр ойдың жетелеуімен Қалдыбайдың соңына түспей ме. Осыны естіген Саққұлақ ауыл алдындағы төбеге орналасып, баласын күтіпті.

Алыстан баласының қарасы көрінгенде адам жіберіп, шақыртып алып, сұрақ қойыпты:

Балам қайда бардың?

Атымның шылбыры жоғалып табылмаған соң, сізге келген қонақтар алды ма екен деп солардан сұрап келе жатырмын.

Табылды ма?

- Жок.

Ойпыр-ай ештеңе айтпады ма?

Сізге сәлем айтты.

Не деді сонда?

Саққұлақ сенің әкен жамбас жеген

Жақсыдан аман бала тумас деген

Шешенде бір кінәрәт болған шығар

Иттің боғы қылшықсыз болмас деген

Өй... көргенсіз... не деп тұрсың? Бар... оларды шақырып,

алып кел...

Санасындағы саңылауы тар бала не болғанына жете түсіне қоймаса да, әкесінің айтқанынан шыға алмай, ұзап кеткен қонақтардың сонынан екінші рет шылбырына жармасып, өлердегі сөзін айтып алып келіпті. Саққұлақтың өзі қарсы алып, қолтығынан демеп, аттан түсіріп, үйінің төріне оздырып, жаңа сойған құлынның етін алдарына тартыпты. Ертеңінде Қалдыбайға ат-шапан айыбын, оған қоса бір үйір жылқыны алдына салып тұрып, Саққұлақ: - Қалдыбай-ау, бұрнағы күні менің ұрпақтарым жөнінде сөз болғанда осыны мезгеп едім, мен бүкіл Найманның биімін, өзі болыс әйтпесе бір аттың шылбыры деген не? Сен найманның маңдайына өпшес таңба бастың, осы әңгіме екеуіміздің арамызда қалсын, - деген екен.

P.S. Осы әңгімені және Кемпірбайдың айтқандарын 1995 жылы марқұм Ақсұлу Сейдімбектің үйінде (Алматы, С.Қажымқұлов көшесі) менің аузымнан К.Сегізбаев ең Қ.Салғара жазып алған.

\*\*\*

Атақты Шөже ақын оңтүстік өңірді аралап келе жатып, қайтарында қалың Кернейге іліге бере бір үлкен ауылдағы «осы үйден маған тамақ табылар», - деп алты қанат ақ үйдің табалдырығынан аттапты. Шөже келді деген хабар тез тарап, сол ауылдың адамдары жиналып, ақынның аузына қарапты дейді. Ана ақынды былай деп жемдім, мынаусын былай, үшіншісін ..., төртіншісін ... деп өсіп, бөсіп, бергендерінің барлығын жолдағы кездескен ауылдардағы кедей-көпшікке жаратып келе жатырмын десе керек. Шәй құйып отырған сол үйдің үлкен қызы: ойпыр-ай, ақын ағамыздың бізді сарқытсыз қалдырғаны ма?, - депті. Шөже іркілместен:

Мен өзім Бұқар, Ташкент барып келем  
Жол жүріп біраз шаршап арып келем  
Құрбыжан, сізге сарқыт осы болды  
Бір сирақ, екі бүйрек алып келем  
дегенде, қыз да іле-шала:

Бүйрегінді әкеннің көзіне бас  
Сирағынды шешеннің к...е бас

дегенде, Шөже атқосшысына: Шәй ішіп болсақ жүрейік. асығыспыз ғой, - деп үйден шыға жөнеліпті дейді.

P.S. 1984 ж. Теміртауға бір топ Қырғыз жазушылары келіп, солардың бірі (аты жөнін ұмыттым) екі елге ортақ Шөже туралы романға отырдым, ақын туралы білетінің бар ма?, - деді.

Осы әңгімені айтып бергенде олардың шегі қатып күліп, ақысына ат мінгізетін мағлұмат екен, - десті.

Архив деп айтуға келмейтін жиған - тергенім бар. Қаншама жыл болды қарауға мойын жар бермей, ақырында соларды ақтарғанда көзіме ілікті. Қақпан атты Қаржас руының мықты ақсақалынан жазып алғаным есімде, ал осылардың авторлары кімдер, қай елдің адамдары, сол уақыттағы әдеби ортаға қанша белгілі?, т.т. ойыма оралмады. Мүмкін біреудің кәдесіне жарар.

## Жамал қыз

Сәрсенбай:

Ал сөйле келді кезек енді Ғали  
Керілмей ұста қолға домбыраны  
Рухы бір мәжіліске қызмет көрсет  
Сайратып тіл мен жақтың болса халы.  
Таба алмай айтар орын жүруші едін  
Естіртші жас елдердің болса әні  
Нақышпен сандуғаштай жүз құбылтып  
Даусынды түрлендірсен келер сәні.  
Жастықта сауық-сайран еткен күнім  
Емеспе жігіттіктің раушаны  
Тындаушыға асыл сөз табылғанда  
Айтушы тартына ма және тағы.  
Кәдірлес құрбыларын жиналғанда  
Тарқасын разы болып сынбай сағы  
Жасымнан елде жүрмей өстім мен де  
Демесін қайда елді сағынғаным.  
Құрбыға жатырқамай еш сырынды  
Жүйріктей бауыр жазып табындағы  
Бұрынғылар тектен текке айтпаған ғой  
Түлкіні тазы алады табындағы.  
Жақсы қыз баға жетпес бір гауһар тас  
Он бестен, он алтына келгенде жас  
Жәннаттың пісіп тұрған алмасындай  
Қол жетсе қандай жігіт ләззат алмас.  
Сұлу қыз рахаттың кілті емес пе  
Қолыңа түсіре алсаң бардағы аш  
Тізілген меруерттей отыз тісі  
Нұрлы жүз, жайнаған көз, қиылған қас.



Шекеде кәмшат бөрік киген асыл  
Сылдырап алтын шолпы, иықта шаш  
Бұрылған тоты құстай мүшелері  
Бозбала сұхбаттасқан болмай ма мас.  
Қатесіз осы айтқандай болып тұрса  
Жолында сондай қыздың қияр ем бас  
Болатын мақсатқа асыл жол табылса  
Тәрк қылып қандай жігіт малын салмас.  
Жанған от, көзделген оқ тұрса дағы  
Сескеніп сүйгенің үшін жүрек қайтпас  
Астынан ақ тамақтың демінді алып  
Мойнына ақ білекті қалай артпас.  
Емеспе екі жүрек бірдей келсе  
Арада маххаббат оты жағылмаған  
Мінекей домбыраныз тоқтадым мен  
Сөйлесін сұлу Жамал жанымдағы.  
Жамал:

Сөйле тілім шешіліп осындайда  
Құрбылармен бір жерге қосылғанда  
Үнемі отырмассың төрде осылай  
Еріксіз - ақ қоярсын тұсалғанда.  
Япыр-ау емес пе едім кеше бала  
Жастықпенен білетін істі шала  
Белгісі жоқ екен ғой өткен күннің  
Қатар түзеп қыз болдық мына қара.  
Сөйледі Ғали мырза жігіт жәйін  
Әркімнің хәлі өзіне тұр ғой дайын  
Қыздарды жігіттермен салыстырып  
Тынданыз мен азырақ сөз қылайын.  
Жігіттің еркі өзінде жылдың құсы  
Ұшады, я келсе де отырғысы  
Мысалы жазы шыққан жаққа кетер  
Бір жердің қары жауып түссе қысы.  
Қыз байғұс қолға түскен сандуғаштай  
Төрінде ғұмыры өтер кілтін ашпай.  
Сатады мал көп берген кісі болса  
Кетеді жылап сорлы қарсыласпай.  
Тағы да рахым етсе ата-анасы  
Болса да жақсы көрген өз баласы  
Теңіне қыздың көбі бара алмайды  
Көнбеуге және тағы жоқ шамасы.

Жаманға барсаң қор боп ғұмырын өтер  
Ұстайды ол ақымақ күннен бетер  
Күн шығып, ай да туып көзі ашылып  
Бұл қайғы қыз сорлыдан қашан кетер.  
Кісінің туып өскен елі қымбат  
Бауыр басқан жасынан жері қымбат  
Тастайды осылардың қыз әммесін  
Қор етіп бір жаманға ғазиз басын.  
Өзінің сүйгеніне бара алмаса  
Қалайша енді қыздар жыламасын.

## Ғалидің хаты

Толықсып тұра алмадым хат жазбасқа  
Білдіріп ішкі сырды замандасқа  
Бір жерге екі көңіл қосылса егер  
Жалғанда не қызық бар одан басқа.  
Жүсіп ен Зылиханы қосқанындай  
Тілегін бер ылайым екі жасқа  
Айтпасаң да қалпыңды мен байқаймын  
Мені де жек көрмейсің сен байғұс та.  
Ішіме дертім симай еттім сыр паш  
Еш үндемей жүрсем де жазы, қыста  
Сипатына қызықпас қандай жігіт  
Секілді хор қызындай қолаң шашқа.  
Мен мұнда көңілім сенде, ойың кімде  
Ойлаймын осы сөзді ұмытпасқа  
Емеспін мен Жұмандай бай баласы  
Жоктықты сұлу Жамал бетке баспа.  
Ақылсыз жаман шіркін алып кетпе  
Қызғанып, халім бар ма қайғырмасқа  
Сенің де өткен күнің жылдай болып  
Көңіліңнен хасіретің арылмаста.  
Ерте кеш көз алдымда тұрғандайсың  
Жамалжан амалым жок сағынбасқа  
Жапалақ бадырақ көз босқа қалып  
Қыран құс түлкіні алып құлпырмасқа.  
Отырып тәуекелдің кемесіне  
Дариядан уа дариға өте шыкса  
Ғашықтың уағадамен тәуекелшіл  
Қатымай осы үшеуін мәккелі ұста.

Кімде кім жетер сонда мұратына  
Пайда жоқ жүрексінген қорқынышта  
Жамалжан талап таудай болса дағы  
Төн келте сүйгеніңнің қолы қысқа.  
Хұп деген жібермесең даруыңды  
Зораяр күннен күнге біздің құса  
Ғалідей пақырыңыз жазылды хат  
Махаббатты мақ буып Жамал досқа.  
Жамал:  
Ғаліжан біздің қолға тиді қағаз  
Жазғаның ефәһәмләдім сіздей шапбаз  
Максатқа муаплықты сөз шыққан соң  
Өнім бе, түсім бе деп тұрдым біраз.  
Сіздейін жаздым жауап білгішіме  
Не түрлі жазған сөзаң кірді ішіме  
Сырымды жалғыз саған білдірейін  
Ашпаған бұдан бұрын бір кісіге.  
Мағұлым бір өзіне менің халім  
Еш рақат көрмегендей сенсіз жаным  
Еріксіз бір есекше қосақталсам  
Жаһанда екі бірдей келмес мәнім.  
Қосылсам нәсіп болып сеніменен  
Кім айтар жүрмеді деп теңіменен  
Хатында бай емеспін деп жазыпсың  
Салма деп бетке салық көп жазыпсың.  
Жұманға байды сүйсем бармас па едім  
Әншейін мұны ойламай тек жазыпсың  
Бір сенің ғашық отын сөндіретін  
Кім бізді ықтиярсыз көндіретін.  
Өлсек шұңқыр бір болсын, шықсақ төбе  
Айырылмайық болса да өлтіретін  
Бір алла жалғыз өзі болсын айғақ  
Тұралық уағданы мәккем байлап.  
Сен үшін бір басымды еттім құрбан  
Шынжырлап жіберсе де сібірге айдап.

## Жамалдың тоқтамы

Алланың рахматына созамын қол  
Адасқан мен бір ғаріп таба алмай жол  
Ашылып біздің басқа түскен тұман  
Шаттықпен өткіз деймін тілегім сол.  
Сыртым сау, ішім түгін қапалықта  
Бұл күнде көңілім жүдеу хасіреті мол  
Тереңге түсіп кеттім ұстар тал жоқ  
Бір алла жалғыз өзің жәрдемші бол.  
Бақшада сайрап тұрған сандуғаш ем  
Кез болды мен сорлыға құрылған тор  
Оралдың ілер деуші ем ақиығы  
Шыныменен жапалаққа болам ба қор.  
Атама мен не жаздым қор қылғандай  
Болмаса бір мінезбен жақпадым ба?  
Әлпештеп қыз басымды ұлдан артық  
Ақырында қасірет тартқанымба.  
Серт айтып уағдамен бел байласа  
Етерме жақсы жігіт сыртқа сыр паш  
Талапкер бозбалаға айтар сөзім  
Сөз емес, мұның бәрі өзіме қас.  
Кеудеде жанып тұрған оты жоқтар  
Қадірлеп бұл сөзімді демес рас  
Шәрбатын ғашықтықтың таппағандар  
Ант беріп айтсадағы сірә жанбас.

## Таза бұлақ

Бар екен таудан аққан таза бұлақ  
Адам жоқ манайында қылған тұрақ.  
Жағалай біткен ағаш жапырақтары  
Жайылып күн мен желден тұрған қорғап.  
Шілденің тас қыздырған ыстық күні  
Мөп-мөлдір суы салқын әйбәт түрі  
Шыныдай жалтыраған тазалығы  
Көрініп айнадай боп жатқан түбі.  
Жиһанкез үш жолаушы келіп жатқан  
Шөлдеген ыстық күнде таңдай қатқан.  
Кез болып бақытына әлде қалай  
Су ішіп мейірі қанған сол бұлақтан.  
Рахат, сусын қанып жан жайланып  
Қара тұр аққан суға қайран қалып  
Көреді су ағардан жазулы тас  
Жағалап жоғарырақ жүрсе барып.  
Үшеуі мұны көріп қалды тоқтау  
Жапанда жазуы бар неткен тақтай  
Жазылған оқып көрсе сөзі мынау  
Болсаң бол, ей жолаушы бұл бұлақтай.  
Саудагер екен бірі үшеуінің  
Тыңдаңыз сондағы айтқан сөзің мұның  
Япыр-ай бұл жазылған ақыл екен  
Алысқа бармақшы ол тынбай ағып  
Қосылмас өзге бұлақ бұған неғап.  
Зорайып ақырында өзен болып  
Суынан пайдаланар талай халық  
Меніңше мұнан мұрат мағына сол  
Нәсіп қыл, жалқауланба, талапты бол.  
Бұлақтай кез келгенде даяр болып  
Басыңа тигізерсің пайданы мол.  
Екіншісі ғалым екен аса зерек  
Ол айтты басын шайқап наздана бек  
Бұл сөздің мағынасы сіз айтқаннан  
Меніңше болса керек тереңірек.  
Бұл сөздің фибраты көп адам-затқа  
Тегін қыл жақсылықты пұлға сапта  
Бұлақтай кез келгенде даяр болып  
Міндетсіз білімінді бер халыққа.  
Жас жігіт осылардың үшіншісі  
Әдемі, көрер көзге көркем кісі.

Кідіріп еш нәрсе айтпай тұрып еді  
Не ой бар, сөйле мырза деді өзгесі.  
Бұл жігіт берді жауап сонда тұрып  
Орнында ақпай бұлақ тұрса тынып  
Шөп, шалам, шаң, топырақ, селеу басып  
Сарқылып қатар еді әлі құрып.  
Жұрт құмар бұлақ таза болғандықтан  
Жазудан мағынам сол менін ұққан.  
Көңілінді бойынменен таза сақта  
Пәктілікпен ерекшеленесің сонда жұртқа.  
Ақпейіл таза - жүрек жүзің жарқын  
Секілді мөлдір бұлақ, суы салқын.  
Болғандай дертке шипа жаны сүйіп  
Шүбәсіз пайдаланар болсын халық.

Пәтбілікпен - тазалық, адамдық  
Шүбәсіз - таза жүректі  
Ғибраты - мағына, білімі.

## Мәшһүр Жүсіптің өлеңі

Жігіттер сайрандап өт бұл жалғанда  
Қылып өт тіршілікте ойға алғанды  
Өлген соң не болғанын кім біледі  
Басында қай төбенің қалғанынды.  
Қалмайма әлі-ақ бір күн Мәшһүр өліп  
Жалп етер жетсе қаза шамдай сөніп.  
Қызыл тіл тіршілікте сайрап өтсін  
Бәрі бір қаласын, ғой бір күні семіп.  
Сөйлеп қал қызыл тілім шал боларсың  
Бір кезде сөйлер сөзге зар боларсың.  
Қағазға аттай желген он саусағым  
Қор болып жер астында саудырарсың.

Баяғыда, 1885-86 жылдары Ж.Бектұров осы әнді менің орындауымда естіп отырып: Сөзі Мәшһүрдің екеніне дау жоқ, ал әні Ақан серінікі болар деп еді. Неге бөліп жарасыз деп мен де сұрамаппын.

*Қысқа қайырым*

## Естіген құлақта жазық жоқ

Пәтерімізге салқын су келмегелі бір жылдан асып кетті. Бір шақырымдай аулақта тұратын үйден ауызсу тасу күнделікті әдетіме айналған. Адамдар көп, кейде сүт пісірім, кейде ет пісірім уақыт кезекте тұрып қаласын. Суға келгендер уақыт қысқартып, әртүрлі әңгімелерін ортаға салады, мұндайда.

Естіген құлақта жазық жоқ... Солардың кейбіреуін хатқа түртіп алып едім.

Лауазымды қызметтегі танысымды екі күн іздеп таба алмай, үшінші күні телефонға ілікті-ау әйтеуір.

- Қайда жүрсің?

- Айтсам күлесің.

- Айтшы-ей, күлкі қымбаттап кетті ғой, күліп алайық.

- Қайыршыларға арналған асхананың тұсаукесерінде болып, отырып қалыппыз...

- Ал кеше қайда болдың?

- Қызықсың ей!.. Ертеңінде бас жазбаймыз ба...

- Осы үкімет бар ма, қайда?

- Жоғалды ғой...

- Немене, қашып құтылды ма?

- Жоға коммунистермен бірге кеткен.

- Е-е-е жуық арада оралмайтын болды ғой.

\*\*\*

- Жұмыс істеймісің?

- Жок,

- Зейнетақың қанша?

- Жасым жетпей қалды.

- Көлденең табыс шай-суанға жететін шығар?

- Оның аулы мекенімнен алыс жатыр.

- Енді қалай өмір сүріп жатырсың?

- Ел қатарлы...



- Жағдайың қалай?
- Құдайға шүкір, жинаған дүниемді аяқтап, қорғап, ғалым атандым,
- Ақшалы екенсің ғой...

\*\*\*

- Елдің көбі дінге бетбұрып жатыр, сенің бағытың өзгерді ме?
- Өзгерді.
- Қай жаққа?
- Құбылаға.

\*\*\*

- Кейінгі кезде сені «өленді накышына келтіріп айтады, дауысы да әжептәуір» десіп жүр ғой. Қартайғанда жорға шығайын деп жүргеннен саусың ба?
- Асқазан бос, ішкі құрылысың таза болған соң...

\*\*\*

- Қатардағы иттің итақайы бастық, бизнесмен, қала берсе әкім... сен неге шеттеп жүрсің?
- Елдің қарғысына қалмайын деп...

\*\*\*

- Бәйбішенің мойны ырғайдай, биті торғайдай, мойынағашпен су тасытып қойғансың ба, немене?
- Жо-жо-ок, екі бөшкемен...

- Үйде жарық бар ма?
- Анда-санда болып тұрады.
- Онда арманың жоқ екен, бала!

\*\*\*

- Жол қатынасы қалай?
- Жок.
- Байланыс торабы ше?
- Жок.
- Хабар-ошар жетіп тұра ма?
- Жок
- Әй, немене, ит жүгіріп, құс ұшпайтын болған ба?
- Сейткен... жекешеленіп.

- Қашан көрсен мұрнына су жетпей еңтігіп жүргенің, не болды?

- Өзің білесің, бұрын коммунизм орнатып ем, енді гаражымды бітіре алмай әлекпін.

\*\*\*

- Қазақ жалқау дегенге не айтар едіңіз?

- Сен өзің қазақпысың?

- Құдайға шүкір, қазақпын.

- Жо-о-оқ, қазақ емессің!

- Не дейді, оны қайдан білдің?

- Сұрағыннан.

\*\*\*

- Жаңа жылды қалай қарсы алдың?

- Жақсы, екі үйде қонақта болып, одан бас жазып дегендей...

- Сілтедік те?

- Айтпа.

- Сонда қай жылды қалай қарсы алдыңдыр?

- Түсінбедім?

- Өткен жылы сиыр жылы еді ғой...

- Е-е, ит біліп пе, білсең өзің айтшы?

- Барыс емес пе.

- Не дейді... 2030 жылда келіп үлгерген бе ей?!

\*\*\*

- Ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алса да онатын түрі көрінбейді-ау?

- Мемлекеттің ше?,,

\*\*\*

Әйелі: — Жәкең бар ғой... көршіміз...

- Иә.

- Үйленіпті.

- Жақсы болған екен, кімге?

- Қайтыс болған әйелінің сіңлісіне.

- Ойпырай ә, сен қисайып кетсең сіңлің де жоқ, мен кімге үйленемін-ей?!

\*\*\*

Қашан келдің, сапарың оң болды ма?  
Әзірге болмай тұр.  
Еңбегің не жөнінде, тақырыбын айтам.  
Микро-экономиканың қыр-сыры.  
Дәлелдері қандай?  
Түсінбедік, - деді.  
Ойпыр-ай жалғыз бізге ғана беймәлім бе десем жоғарғы  
жақтағылар да мақрұм екен ғой.

Шіркін-ай арманда кетіп барам.  
Немене, хабар келді ме?  
Келсе өкінбес ем.  
Сонша неге түңілдің?  
Жоға деймін-ау... заманның түзу уақытында тым  
құрығанда бір-екі жыл түрмеге отырып шығу керек екен де.

Мен кеше бара алмадым, қалай, жақсы отырдыңдар ма?  
Рахатқа баттым. үйлері жылы екен терлеп-тепшіп, кірім  
езіліп, сүртініп тазарып қалдым.

Оңбайсындар ғой, оразаларыңды арақпен ашып не  
көрінді? Құдайдан қорықсандаршы. Менен басқа біреу көріп қалса...  
ойпырай енді қайтейін.

Ағатай түнгі жұмыстан шығып келе жатырмыз, сосын  
енді...

Немене, үйдегі келіннің қасы, дастарханның басы  
тақияларыңа тар келіп тұр ма? Өздерің мұсылман емессіндер ме?  
Әлде...

Мұсылманбыз ағатай, екі аяғымызды бір етікке тықтыңыз  
ғой... енді мынаны не істейміз, жерге төгеміз бе?

Тек, онысы несі-ей адал асты... маған бере салындар.

\*\*\*

Артының қайырын берсін, иманды болып, жаны жәннатта  
болғай. Жақсы дос, құрбылар еліңіздер, қабырғаңыз қайысады ғой,  
көптен ауру ма еді?

Ауыратын.. бірақ о дүниелік болып кеткендігі болмаса ауыруы менің ауруымнан жаман емес еді.

\*\*\*

Тағы қандай жағдайда дейсіз бе?

Жаман айтпай жақсы жоқ, жұмыста жүргенде бірдеме бола қалса...

Оған не болушы еді?

Енді.., басына кірпіш, әйтпесе темір түсіп кетіп қисайып кетсе сақтандырудың заңы бойынша келісілген ақшаңызды толық төлемесек те, тиесілі соманы түгел аласыз.

Е-е-е-е, ондай күн туар деймісіз.

\*\*\*

Оқуың қалай бала, екі бар ма?

- Жоқ.

Немене, ылғи бір деген баға аламысың?

Естідің бе, Сәкең мен Бәкең айырылысып жатыр дейді.

Кет әрі. Сәкеңмен кеше ғана біздің үйде бір-екі партия сызғанда Бәтима телефон арқылы хабарласқан.

Өзі сөйлесіп пе еді, әлде...

Біздің кішкентай ұл сөйлескен.

Иә.., сосын.

Екі рет мизер ойнап, оны атап өтіп дәл қазір бабымда отырмын деген.

Осы бар ғой сендердің қазақша білетіндерің-ақ іріткі салып бітті.

???

Сенің ұлың телефонмен Бәтимаға «да он здесь, с бабом сидить, -депті».

- Егемендікті сатпаймын, сатпаймын, - деп зар қағасың да жүресін, сонда ол немене өзі, сондай дефецит дүние ме? Қазір дефецит деген жоқ қой. Базар, дүкендерде барлығы толып тұр емес пе?

- Ылғи бір қарағайдай, мүйізділер ел басқарып отырса да, алдымызға еш жақсылық тоспады-ау.

Сөзің кітап сөзіндей, олар басындағы барын ұсынады да.

Студенттерден экзамен алып, мұрнымызға су жетпей, шаршап жүргенде омыртқаға шақырғаның не? Кең уақыт алда емес пе?

Соғым... экзамен... студент... егіздер. бірінсіз, бірінін күні жоқ. Біраз қор жиналып қалған екен...

\*\*\*

Естідің бе, Ақмола Астана болып бекітілді.

Иә, оған да үш-төрт жылдай болды-ау.

Жо-о-оқ, кеше ғана.

Мен Ақмоланы айтып тұрмын.

Мен Астананы.

Мен не деп тұрмын.

Астана деп.

Дұрыс Ақмола ғой.

Жо-о-оқ Астана болды ей... Астана.

Иә, Ақмола ғой.

Ақмола.

Енді немене өзеуреп тұрсын.

\*\*\*

Жарықтық коммунистік партиянын көрегендігіне таң қаламын.

Қойшы-ей.

Шын айтам. Қара жер хабар бермесін, ақырғы демі біткенше индустриализация деп кетті ғой, сөйтсем білген екен ғой.

Нені-ей?

Қарағанды металлургия комбинатын үнділердің сатып алатынын.

Естідің бе..., Рекең Рихтердің он бөлмелі үйін сатып алыпты. Он мың немістің ақшасына.

Ойпыр-ай, сонша ақшаны қайдан алған екен?

Германиядағы балдызы төлепті.

Әттеген-ай, әттеген-ай!!! білмеппіз ғой.

Иә, білгенде не істеуші едің? Қоймадағы алтыныңды қазушыма едің, әлде Швецариядағы миллиондаған долларыңды жұмсайын деппе едің? Жоға деймін-ау... Әлде жайсаң белге, салса көлге симайтын малыңды салайын деппе едің? Аспанның асты, жердің

үсті уысында тұрғандай... жынымды келтіріп... айтшы, кәне... нені білмей қалыпсың?

Баяғыда қатынды немістен алу керек екен де.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді», - дегенде халқымыз қателескен екен-ау. Сынап, іреп, сойып, терісін сыдырып жатса да міз бақпайды ғой.

Өйткені қазір басқарушыларға мін жоқ, шетінен пәк, таза... ылғи әулиелер.

Не істеп жүрсін, тындырғаның бар ма?

Бар.

Айтшы.

Сылқылдаттым.

???

Сымпылдаттым.

Иә...

Сылтылдаттым.

Өйдөйт.

Сыңқылдаттым.

Бәрекелді.

Саңқылдаттым.

Та-а-а-к, алғыс алдың ба, әлде...

Сартылдатты.

Тек...

Сұңқылдатты.

Сосын!

Салпылдатты.

Көп болды ма?

Егемендік алғаннан бері.

Жалғыз жүрсін ғой. Шалың қайда?

Бір-бірімізден жалығып, бір айға елге жібердім.

Ойпыр-ай онда хабарласпадың ба...

Хабарласатын адамдар жетеді ғой, әдірә қалғыр, тек сен ғана есіме түсе бермейсін.

1998 жыл

\*\*\*

Жаңылмасам 1990 ж. наурызы болар. «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына арналған Қарағанды облысының алқалы жиыны өтіп жатыр. Мінберге шыққан шешендерде есеп жоқ. Әлден уақытта: Сөз - Константин Ботовқа беріледі дегенде бүкіл зал елен ете қалды. Қазақ тілін жақсы менгергендіктен ешқандай зиян көрмегендігін, керісінше атақ-абырой жинағанын айтып, ағынан жарылып жиынға қатысқандарды риза етті. Атына сырттай қанық болғанымен бірінші рет көруім. Үзілісте әдейі іздеп барып, қолын алып сәлем бердім. Басы тап-тақыр, еңселі карт ұсынған қолымды алып тұрып:

Бұл қай сәлем ?-деді

Сізден бірдеме жұға ма, -деп

Пай-пай... шаншардың қуысың ө...

## Қып-қызыл пайда...

(әзіл)

Өткен сенбіде себебі табылып, бес-алты отбасын үйге дәмге шақырдым. Алдымыз демалыс, асықпай-саспай шер тарқатып, әңгіме дүкен құралық-кой баяғы. Айтқан мезгілде достарымыз да сау ете қалды, бізде дайын ек. Иісі бұрқырап ет келді, ақандар да мөп-мөлдір жұтынып тұр. Алдымызға дәм келген соң, "қайда кашар" дегендей марғау бастап, енді жіпсі бергенде жарықтық «Ильичтің шамы» жалп етіп сөне қалсын. Қазір-ақ қайта жанады ғоймен сүт пісірім уақыт соқыр теке ойнадык. Нарықтың, о жақ, бұ жағына да барып қайттык. болмады.

Амал қанша қонақтар үйлеріне қайтты, менде атар таңды көз ілмей өткіздім. Ұялғанымнан емес, қуанғанымнан, әрине! Таң қылаң бере ұшып тұрып есеп шот қақтым. Асылған ет сол қалпы, мұрты да ойылмапты- бергеніңе шүкір! Жыл құсымен бірге кеткен, үйде не газ, не жылу жоқ, бір жылынайықшы деп ақандардың да әр түрінен он шақтысын алып қойып ек, біреуі ғана басталыпты - садақа! Тұздалған қияр, қызанақ дегендеріңізде шетінемепті - тәубә құдай деңіз! Неше түрлі салаттарыңыз, оның ішінде әлгі балық қосқаны бар ғой қышкылтым, өзіме керемет ұнайды, қаз-қалпында жәудіреп тұр - "өлмегенге өлі балық" деген осы. Қайсы бірін айтайын, өздеріңізде сезіп отырған боларсыздар қып-қызыл пайда! Кей кезде құдайым берейін десе оп-онай-ақ екен-ау! Қуанғандығым сондай, бәйбішемді оятып, сызылып келіп «бәйбіше, ұят болды-ау, өзі», дедім.

- Иә, - деді ол да, - жасаған жоралғыларын сервантка қоя салып ем, - деп бір аунап түсіп, қорылға басты қайтадан. Қанша жиналғанын сұрамаңыздар, бәрі бір айтпаймын. Айтарым, енді екі-үш рет осылай қонақ шақырсам залдың гарнитурын жаңартамыз. Босағасымен есігінен өзге ештемесі жоқ еді-ау деп, біреу қуанып, біреу күйінетін болды. Шіркін-ай, деймін өз-өзіме, сол күйінгендерді біле қалсам ғой, дәл осылай етіп үйіме қонаққа шақырар едім. Айтпақшы, олар менін аяқастынан байып кеткенімнің сырын естісе, өздері де жаппай қонақ шақыра бастауы мүмкін-ау. Өзімді де шақырып, шонкитып жүре ме кім білсін?! Құйқа тамырым, дір ете қалды. Мұны тістен шығармау керек деп шештім. Ел есін жинағанша тағы да бір сылтау тауып, алдағы сенбіге қонақ шақырамын. Спиртінде дайындап қойдым. Несіне сасам, барлығы даяр, тамақтарым тоңазып, сол қалпында тұр. Бір ғана қауіп бар. График деген пәле бар көрінеді. Соны ендігі аптаға өзін тұратын шағын ауданға ауыстыртуым керек. Әйтпесе, шақырған қонақтарым келіп, свет өшпей қалса маскара болмаймын ба?!

Сонымен, қала әкімшілігіндегі азаматтарға барып шығайын деп отырмын. Бір шөлмек арақ ысырап болайын деп тұр. Соған ғана ішім удай ашиды...

1996 жыл

## Әдет

1980 жылдардың бас кезі. Сол кездегі Одақ көлемінде маңызы зор өндіріс алыбын іске қосамыз деп, жанталасып жатқан қауырт шак. Осындай күндердің бірінде Алматыдан келген лауазымды басшы жұмыс қарқынын үдетудің тәсілдері жөнінде үлкен жиын өткізді. Ол ұзақ сөйледі. Сұрақтар да қардай борады. Ет қайда, май қайда, қант жоқ, автобус, трамвайлардың аздығынан жұмысқа уақытында барып қайту қиындап кетті деген "жауыр" сұрақтарға, уақытша қиындықтарға иек артқан бір сарынды жауаптар беріліп, кездесудегі негізгі мақсаттан көз жазып қалдық.

Дәл осы уақытта, ат шаптырым залдың қақ ортасында рахаттанып қорылға басқан екі бірдей адамға барлық жұрттың назары ауды.

Өрт сөндірушілермен жарыстырарма еді, - деген кекесін де естілді.

Жиналысты жүргізіп отырған қала басшысы: мыналарды оятпаса болмас деп, төменде орналасқан коммунистік бригадалардың



маршын орындауды күтіп отырған оркестрге ым қакты. Оркестр баж ете қалды. Сол-ақ екен ұйықтап жатқандар ұшып тұрып қол шапалақтасын. Жұрт қыран күлкіге батты.

- «Әй сендердің де жұмыс тындырғандарыңызды көріп отырмыз, қызыл кенірдек, қарқ болып қалдыңыздар, бізде осында келгенімізге өкінбейміз біраз дем алдық. Ал енді сменаға баратын уақыт таяды, - деп тысқа беттеді.

1980 жыл

Облыстық кеңестің депутатымыз Қаладан он жеті адамбыз. Құрамында ылғи қара мүйізділер, солармен қатар атақты құрылысшылар, металлургтер, Еңбек Ерлері: Мәжкен Мүсілімов Арғын Жүнісов, П.Л.Лиственко бар. Сессия болатын күні басталатын уақытынан бір сағаттай бұрын алып келеді. Осы кеңістікті пайдаланып ағалар бір жартылықты бөліп шөлдерін басып, үн-түнсіз сыр бермейді. Тек қана Мәжкен ағамыз сырғақтай бастайды. Ой-и-и... бауырым, ойпырай болмайды екен... болмайды, дейді де шұғыл сырт айналып оншақты қадам аттап барып қайта оралады.

Не болды, аға?

Осыны қою керек.

Нені?

Жаңа ғана жүз грамм алып едім адам болып қалдым...иә... арақты тастау керек.

\*\*\*

1982 жылы жарықтық Л.И.Брежнев қайтыс болып әуресарсаңға түстік. Ең ақырында ақсақ алдардың атынан көңіл айту керек, жинандар деген жарлық келді. Хабар жетісімен өкпесен қолына алып жарты сағат бұрын жеткен Мүслім ағамыз болды.

Ойпыр-ай. не болды, не жаздық, әлде басқа бердене ме? Бауырым сенің қабағын неге түсіңкі, деп шыр-пыр болып жүр. Шақырған ақсақалдардың барлығы жиналып отырып үлгермей: ойпыр-ай құлыным-ай айтып өлтірсейші: неге жинадың, мыналардың көздері жаудырап зәрулері ұшып отыр емеспе? - деп тығыда тағатсызданды.

Заман бұзылды ғой ақсақалдар, бұзылды... Баяғының жөн білетіндері жоқ, дедім ыныранып. Кресломен бірге шалқайып қабағымды қатуландырып Мәжкен ағама тура қарап: басқаларыңызға өкпе айта алмаймын, дардай Еңбек Ерісіз, көргеніңіз көлдей Мәжеке, сізге жол болсын... апырай не болған өздеріңізге? Ортамызды ойсыратып, қабырғамызды қайыстырып әкеміз Л.Н.Брежнев қайтыс

болғанда жұмған ауыздарыңызды ашпайсыздар...енді міне өзім шақыртып көңіл айтсын деп отырмын.

-тфу.....

\* \*\*

Гүлжаһан қарындасымыздың үйінде қонақта отырмыз. Қонақтардың дені - кептен әзіл-күлкісі жарасқан, сырлас, силас құрбы-құрдастар. Арамызда мен сырттай білетін бір-екі ерлі-зайыптылар ғана. Солардың бірі Айтмұқан, әйелі Нұғманова Галина Жамантайқызы, Ақтау кентінің әкімі, сол кездегі Қазақстан ССРның жоғарғы Советінің депутаты, орысшалау, қазақтардың ой, түйінін орысша қабылдайтыны бар. Ә, дегеннен қауқылдасып, қарқылдасып, жеңіл, әдемі әзіл-қалжың өрбіп думандатып отырғанбыз. Шешелеріміздің жәй-жапсарына қалай, қашан ауысып кеткеніміз дәл қазір есімде жоқ, бір уақытта Галина: әкем 105 келді, сондай сұлу, танертең ерте тұрып асықпай саспай жуынып, мұртының өзін бір бес минуттей тарайды, шіркін бір кемпір табылса ғой деп, - отырғандарды оқыс кідіртті.

Мен Айтмұқанға:

Машиналарыңыз бар ма?, - дедім.

Бар, зырылдап тұр.

Нешеу?

Біреуі азба, шешеніз неше жаста?

95 те, аттай 10 жас кіші ғой.

Ойпырай ә ...

Осы бір іркілісті Ғабит досымыз күтіп отырса керек, біреу қуып келе жатқандай, апыл-ғұпыл, қақалып-шашалып: бізде, бірі 62, екіншісі 66 да екі шешеміз отыр, Төкеннің шешесіне қарағанда қыздай емес пе ... Енді қызып келе жатқан «саудаға»: причем тут машина, лишь бы они друг, друга любили, - деп Галина төрелік айтсын.

Марқұм шешейді 98 жасқа қараған шақта «бердік». Тірі кезінде жасы ұлғайған шешейді жора-жолдастар қолға алып, әзіл-оспақтың өзегіне айналдырды. 90 жастан асқаннан кейін еміреулерінің рені өзгерді. Бірде, қас қарайған мерзімде Тлеуғазы мен Дәния келіп тұр. Қолдарындағы ежептәуір әшекейі бар таяқты ұсынып:

Шешеме жөні түзу таяқ таба алмай жүрмін деп едің ..., мына таяқ 92 келіп «жүріп» кеткен кемпірдікі..., жасын берсін.

Мыналардың ырымы көңілге қонарлық екен, енеміз «көп» жасайтын түрі бар-ау, қамсыз болайық, - деп келіні де жанашырлық танытып жатыр.

Соғым сойып, «омыртқаға» жиналып отырғанбыз. Әлден уақытта Қуаныш: Шіркін-ай мынадай соғымның дәмді еті таусылмай тұрғанда шешемізді «жөнелтіп» тағы да бір етке тойсақ, - деп күлдірген.

Осылардың көзіне сүйел болмайын деді ме, көп ұзамай шешеміз дүниеден озды.

Қуанышқа хабар айтқан Жанас: Тлеуекеннің шешесі қайтыс болды, анадағы айтқаның келіп, етке тоятын болдың, - депті.

\*\*\*

Ақмоланың Астана болуы кейбір теміртаулықтардың үйлеріне үлкен ажар әкелді. Лауазымды қызметтегі туған-туыстары, тамыр-таныстары, дос-жарандары іргелетіп қоныстанғаннан кейін ерулікке шақыра бастады. «Бірге болындар», дегесін «жақсыны көрмек үшін» деп бізде бара саламыз. Бастапқыда ырза болсақ та, кейін ығыр бола бастадық. Барлығының білгісі келетіндері Президенттің құпиясы. Ешқандай құпия жоқ, адал еңбектің, өзінің құдай берген талабынан, десек сенбейді. Сондай отырыстың бірінде жаңбырша жауған сұрақтардан жалығып: «біз Нұрекенді қаладан қуып жібергенміз», - дедім. «Ойпыр-ай ... сонда қалай?», - деп кейбіреулері таң қалса, қайсыбірінің көктен іздегені жерден табылғандай қомданып иә ... деп опырылып келіп құлақ түрді. «Сенің қолыңнан ел басқарудан басқа ештеңе келмейді. Алматыға жөнел деп қуып жібергенбіз, айтқанымыз келді ақыры», - дедім.

\*\*\*

Өткен ғасырдың 70-ші жылдары. Көптен бері ат ізін салмаған шалғай жайлаудағы Мысыр ағамыздың үйінде, дастархан басындамыз. Тайқазандағы піскен ет түгел қотарылып, сиып кеткен астау да ортамызға жеткен уақытында Ассалаумағаләйкум, - деп сәлем беріп көзілдірікті төртбақ кісі кірді.

Бұқалтырымыз, - деді ағамыз, - аузының салуы бар, бірақ жұмысына салақ.

Ойбай Мысеке не болып қалды?

Сендер газет-журналды дер кезінде жеткізуді қашан үйренесіңдер?

Ағасы-ау, он күн бұрын бір қап қылып әкеп тастамап па едім.

Одан кейін осы үйге қонақ келмеді деп, - отырмысың. Бүтін қолымызды сүртетін ештеңе жоқ.

*Жүрек жарды  
лебіздер*

## Тілеукең аға!!!

Құтты болсын қырық жас ғұмырыңыз,  
Мықты болсын отырған тұғырыңыз.  
Сері әкенің сексенін тойлап тағы,  
Аман-сау бұтақ жайсын ұл-қызыңыз.

Қызық болсын бір күннен бір күніңіз,  
Жеңгеймен ғашық ғұмыр бір сүріңіз.  
Ағалап ақ тілегін айтсам дейді,  
Өнер қуған өрімтал бүршігіңіз.

Арқалық асқақ әнді керім толғап,  
Ақындардың жүретін бәрін қолдап.  
Алтынның сынығындай асыл, аға,  
Кездесейік тоқсан жас тойың тойлап.

Е.Сарин  
20 март, 1983 жыл

## Жас отауға тілек Ардақ Тілеуберлі ұлына

Шуақты күнде, көктемде,  
Дән едің жерге себілген.  
Ата -атаң сені күткенде.  
Мандайдан тері төгілген.  
Әкең де жалғыз,  
Атадан туған ұл еді,  
Санасы биік,  
Сегіз қырлы сері еді.  
Толғауы тоқсан  
Өмірдің соқпақ ізімен,  
Тұлпардай тулап  
Табаны тимей келеді.  
Арғы атаң ұлы...  
Үш жүзге болған киелі  
Аруағын атап  
Қазағым басын иеді.  
Жақсыдан шарапат  
Бабандай елді ойласаң  
Жасампаз халқым  
Ардақтап сені сүйеді.  
Атың да Ардақ  
Жарыңның аты Салтанат  
Асыға күткен ата-анаңа  
Болсын қолқанат  
Өмір - өзен  
Қос аққу болып жүзіндер  
Баянды бақыт  
Болсын тек таза махаббат!

## Жұбату Тілеуберлі Смағұлұлына

Ардақсыз қанша таң атты?  
Түнертті түндей қабақты  
Өкпе мен бауыр елжіреп,  
Жанардан қанша жас ақты?  
Өмірге келген жалғызын  
Жауқазын гүлің, жалбызың  
Көгінде күлген ай- күнің  
Асығып түсті жұлдызың!  
Ардақсыз қанша таң атты?  
Лашын едің қанатты  
Қанатыңнан қайрылып,  
Жалғызыңнан айрылып  
Торлады қайғы, мұң атты!  
Ардақсыз қанша күн батты?  
Қаумалап халқың жұбатты  
Азамат ерсін, көнесін  
Жаратқан берсін қуатты!  
Тағдырға нала жүрмейді  
Қайғы деген суық жел  
Ықтасын таппай іргеңнен  
Жатсаң да, тұрсаң үрлейді.  
Ардақсыз атар күнде таң  
Немерең бар тұяқтан  
Аяланы басшы бауырға  
Сол болар сені жұбатқан!  
Ардақ бақилық, енді келмейді.  
Жүректен мәңгі сөнбейді  
Аялаң тұлпар тұяғы  
Ертең өсіп, қызығымды көр дейді!

## Сүйінші Тілеукеннің Жанары туғанда

Отыр едім сыра ішіп жалғыз өзім  
Көңіл жүйрік, көп ойға шомып төзім,  
Шылдыр етті телефон, сүйінші деп  
Естідім Қаншаймның жылы сөзін.  
Қуандым рақмет. Қаншайымға  
Тілеукен. Сенде қуан, құшақ жай да  
Бүгін келген қыз бала ендігісі  
Ұл болады, жассың ғой, өмір алда.  
Тілеукен, қуанышын құтты болсын!  
Арманыңа қол жетсін, құшақ толсын!  
Тәңірдің бергеніне қанағат ет,  
Мұрагер ұл балаға қолың жетсін.

## Туған күн Тілеукен Смағұловқа

Жұпар иісін сеземін бұл көктемнің  
Арманы бар ма көктемге жылда жеткеннің  
Көктемдей жұмсақ Тілеукен біздің ініміз  
Білмеппіз, отыз беске қалай жеткенін  
Көктемде өтер, күзін де бәлкім, қыс келер.  
Өмір дегенің санауы мүмкін шектелер  
Бұғалақ түссе құтылу одан қиын ғой,  
Сондықтан інім өмірдің өзі мықты өнер.  
Жемісің гүлдеп, бақытын өссін інішек,  
Пәк жанымызбен өмірді сүйіп сезінсек,  
Сезімтал сергек арқаның сері жігіті,  
Мақтаныш болар биіктен биік көрінсек.



## Тілашар Тілеукеннің немересіне

Исі бар жөргектің кетпеген,  
Еменнің дәніндей көктеген.  
Тілашар, мереке, қуаныш,  
Аңсаған, арман ғой жетпеген.

Өмірді ұзартып, жалғаған,  
Пенделік көңіл- ай самғаған.  
Тұлпардың тұяғы кетіліп,  
Мейірім шөліне қанбаған.

Емдейтін емші бар уақыт,  
Пендесін жұбатар, жылатып.  
Бір гүлі көктесе, бір гүлі солады  
Ғұмыр осы.  
Көшкен бұлт барады шұбатып.

АЯЛАҢ немерен, АРДАҒЫҢ кешегі,  
Ата - ана өсіріп, жайылған төсегі.  
Ертең - ақ, ер жетіп, есейіп,  
Шалқыған теңіздің, толқынын кешеді.

Құмартып қызықсын толқынға,  
Жүрегі дір етсін, сәулелі ұшқынға.  
Жасындай жарқ етсін,  
Бұлттарды қақ тіліп  
Азамат, ер десін ұлтында.

АЯЛАҢ сайрасын тіл шығып,  
Ұрпақпен көктейді тіршілік.  
Өмірге келгендер бос кетпей,  
Артына ексін де бір шыбық.  
АЯЛАҒА бақытты ғұмыр тіледік,  
Әмин!

## Теңіздей толқып тербелші Тілеукен Смағұлұлына

Көшін сүйреп келесін, тіккен отаудын,  
Өмір жасы ұзақ болсын ботанның.  
Арайлап өсіп, азамат болды,  
Қалаулысы, сүйіктісі болсын Отанның.

Заманым құйын. қыспаққа алған кезінде,  
Жасымай жүрсін, билетіп бойды сезімге.  
Қуантып сені, қуантып бізді, ісімен  
Мірдің оғындай, кадалсын айтқан сөзі де,

Тарлан бозымдай, табаны жерге тимесін,  
Әсемпаз болсын, жайнатып жүрсін күймесін.  
Бұлақтай мөлдір, бастауын алсын таулардан.  
Ере алмай калсақ, біздерді шынға сүйресін.

Жалғызын, жапырақ жайып гүлдесін,  
Сәуле мен Жанар, Әйгерім шашсын сәулесін.  
Немере сүйдін, шаптыққа толды жүректер  
Өмір - уақыт, теңіздей толқып тербесін!

Жан ашыр інім едің қасымдағы,  
Бөліскен бар ісімді басымдағы.  
Көктен түскен жасындай, жарқылдаған  
Текті тұқым, нар жігіт асылдары!

Амандық Жолдыбаев

## Жақсылар жүр жанымызда...

... «Ел болған соң еркесі де, серкесі де болады» демекші, ел ішінде өз ортасының сал-серісі дерліктей сегіз қырлы, бір сырлы азаматтар елеусіз жүре береді екен. Тілеукен Смағұлов ағамыз сондай азаматтардың бірі. Жалпы сөз қадірін түсінетін көкірек көзі ояу, халқымыздың өткен-кеткен тарихы мен мәдениетінен, әдебиеті мен өнерінен хабары бар құйма құлақ, оның сыртында жазу-сызуға жақын жүретін азамат болғандықтан бұл кісімен бір табан жақындығым, таныстығым бар. Біршама жас алшақтығына қарамастан еркін әңгімелесіп, пікір алмасып жүреміз. Әңгімені еліктіріп, келістіріп тұрып айтады. Ара-арасында кейіпкерінің дауысына салып бет-бейнесін құбылтып кәдімгі әртістерше ойнап кететіні бар. Тағы бір мінезі бар. Зәудеғалам үйге келе қалса, тізе бүкпей тұрып қабырғадағы ілулі тұрған домбыраға қол созады. Сосын құлақ күйін келтіріп барып бірер мәрте қағып-қағып жібергеннен кейін ғана көңілі көншігендей орнына отырып, әңгіме бастайды. Меніңше, сері көңіл қазақтың бойында ғана осындай мінез болса керек. Төкеннің домбыра тартып, ән салғаны қандай. Басқаға ұқсамайтын ерекше бір ерке-сылқым мәнері бар. Дауысы да жақсы. Өнді үзділдіріп, үздіктіріп, жол жорғадай тайпалтып, төгілдіріп айтады. Және бір ерекшелігі Төкең баз біреулерше бәлсініп жатпайды, жәй бір әңгіме үстінде-ақ шырқай береді. Әсіресе, ақын Кәкішбек Салықовтың сөзіне шығарылған «Құда келді» әніне басқанда керең болмасаң елтімей, «ой бәрекелділеп» орныңнан қопандамай отырып тындау мүмкін емес. Бұл өзі сондай сәтті шыққан, алайда бағы жанып елге таралмай жүрген ән. Сірә, нағыз иесі кезікпесе тарай да қоймас. Өйткені оны дәл Тілеукен ағадай нақышына келтіріп айту үшін зор қабілет, үлкен дарын керек.

Кезінде партия, комсомол ұйымдарында жауапты қызметтер атқарып, еже танымал болған азаматтың күнделікті өмірдегі қарапайымдылығына, осыншама өнердің бәрін бір басына сыйғызып, ұштастырып алып жүргеніне қалай риза болмайсың...

Әр жақсымен өткізген бір күнін бір жылға балаған Лұқпан Хакім мың жасадым деген екен. Не деген даналық! Жақсы мен жайсаң дегендер қайткенде елге танылып, жұртты аузына қаратқан алыптар болуы міндет емес, меніңше. Әр ортаның өз жақсысы болады. Олар да өз маңайына шарапатын тигізіп, сәулесін түсіріп жүреді. Менің сөз арнаған адамым сондай өз ортасының жақсысы еді.

Аманжол Ақын  
1993 жыл

# Тілеукеңге

## Елу деген ердің жасы

Ердің жасын еңсеріп келіп қалдын,  
Енді аттауға қалыпты бір-ақ адым.  
Той тойлап мына қиын заманада,  
Туысқан мен достарды ойға салдын.

Бауырым, тойың сенің болсын құтты,  
Ырза қылсын жиналған бүгін жұртты.  
Сүйсіндіріп әркезде тындаушынды.  
Өнеріңмен жарқылдай бер жарып топты.

Өнерің қартайғанша мұқалмасын,  
Шыңдалып жылдан-жылға жарқылдасын.  
Келешекте балаларға жұғысты боп,  
Қуантсың аумағыңның кәрі-жасын.

Тілейміз бүгінгі күн саған бақыт,  
Жақсылық әкелсін деп келер уақыт.  
Бакытына балалардың кенеліндер,  
Сәулемен қол ұстасып бір қартайып.

Денсаулықты тілейміз көп жылдарға,  
Дәулетің де молайсын жылдан-жылға.  
Жайылсын тойға сенің дастарханың,  
Қазақша жаңа жылды қарсы аларда.

Құтты болсын, халайық наурызыңыз,  
Аман болсын құда-жегжат бауырыңыз.  
Айтылған тілек қабыл болсын дегендерге,  
Асаба шарабынды түгел алғыз!

Бағдат, Зәуреш  
1993 жыл

## Тілеукен

Төрт дүние дабырды таласуды.  
Жай тыныштық жұп-жұмсақ қанатынды.  
Қырық жылды қондырып қанатына,  
Жаңа туды, Тілеукен, жаңа туды.

Жалын күнге жұпыны жел кеп қонып,  
Жазыл дала жұпарлы жөргек болып.  
Жігіт өсіп келеді жылы жүзді,  
Қырық жастың қызығын көрмек болып.

Толқынында Теміртау тасқынының,  
Құрыш құйып шындаған жас ғұмырын,  
Уа, табиғат, арманшыл ұлың үшін,  
Аямашы жаныңның жақсылығын.

Тау сағынған күлкісін, бау сағынған,  
Мөлдір бұлақ сусындат кәусеріннан.  
Өшірмендер күміс ән көкейінен,  
Өшірмендер күй сазын саусағынан.  
Сыр төгіліп кеуденің шанағынан,  
Шабыт-сезім тағы да салады ылаң.  
Махабатты өшірме жүрегінен,  
Мейірімді өшірме жанарынан.

Бұл ғаламның сыйқырлы сырын ұқшы,  
Тағдырдан да табиғат сыры мықты,  
Өшірмеші мінезден балалықты,  
Өшірмеші рухтан ұлылықты.

Бірі мақтар, көпшілік, бірі күндер,  
Тәжіге де иілмес иінін көр.  
Қыздар қылық арнаңдар серілікке,  
Ақ қайындар келін боп иіліндер.

Қиындықтың қыспағын көрмеген соң,  
Жеңіл жүріп шығамыз төрге несін.  
Қайсарлықты өшірме жүрегінен,  
Қыран ұшар қияда өрмелесін.

Қыз мінезді қызғалдақ қызықтырып,  
Сәуле жүрсін жастықты жүз ұқтырып.  
Өзгеретін біз емес өмір ғана,  
Қарсы алындар өмірді күліп тұрып.

Жиһан кезген жолаушы етпей тыным,  
Басымыздан дәурен жоқ өтпейтұғын.  
Өмір тілеп қайтейін кідірмейтін,  
Өмірбаян тілеймін өшпейтұғын.

## Елу жас

Қалайша ойдағыны жасыра алам,  
Кім келіп кемеріне тасымаған.  
Тілеукең кемел жасқа келгенінде,  
Көмейін көрсетсін бір Қасым аған.

Бір жас бар ердің жасы елу деген,  
Елуге бір ғанибет келу деген.  
Бұл жасқа келіп қапты Тілеукең де,  
Тірліктің несібесін теруменен.

Елу жас аптығынды басатұғын,  
Сырын да серіліктің ашатұғын.  
Талайға өгей болған бұл өмірдің,  
Ащысын, тұщысын да тататұғын.

Елу жас тілмен түйін шештұғын,  
Жиірек ой теңізді кешетұғын.  
Газет пен теледидар бетін бермей,  
Кәдімгі көсемдерше бөсетұғын.

Елу жас топтан торай шалдырмайтын,  
Үйірін қысырақтың алдырмайтын.  
Жар жүгін мойныменен көтеретін,  
Нар жүгін жарты жолда қалдырмайтын.

Кезің бұл әніңді шын білетұғын,  
Албырт жас бозбалаға күлетұғын.  
Қызылға қиядағы ұрынбай-ақ,  
Сабырмен сайдағыны ілетұғын.

Кезін бұл тыңнан соқпақ салатұғын.  
Елде сөз, таста ізің қалатұғын.  
Көлгірсу, көсемсуді былай қойып,  
Қақ бөліп қара қылды жаратұғын.

Асу тұрса алдында шегінбеген,  
Алысқанда жауынан жеңілмеген.  
Тау құласа төсіне мызғымайтын,  
Ердің жасы емес пе елу деген.

Шұғыл істен орын жоқ шегінуге,  
Ерінуге мұрса жоқ, керілуге.  
Нардың жүгін қайыспай көтеретін,  
Енбеккер де өзінсің елуінде.

Аптығың да бысылып, желігің де,  
Сезімің де ньғайып, сенімің де.  
Ашып тастап көмейді ақыл айтар,  
Ел ағасы өзіңсің елуінде.

Өсекшінің өтпейтін сөзі мүлде,  
Суарылған темірдей төзімің де.  
Ұрпақтарың жүретін арқа сүйеп,  
Асқар тау да өзінсің елуінде.

Елу деген сондықтан өзіне сын,  
Ерекше бір өмірге кезігесің.  
Тон тозса да тозбайтын көңіл болса,  
Жиырма бесте өзінді сезінесің.

Тозды - деп елу көктем жасыпты кім,  
Тұрсын көкте жанарын ашып күнің.  
Бәрі тозсын, көйлек те, көлігің де.  
Тозбасын тек өмірге ғашықтығың

Бұл елу ашқан өмір құпиясын,  
Қыздарға қырындаудан құтыласың.  
Тілеке кемел жасың құтты болсын,  
Қабылда дос-жаранның ықыласына.

Қ.Ботанов

## Құрметті бауырым Тілеукен!

Шықтың сен де алпыс деген асқарға,  
Мән берме тек сиреп қалған шаштарға.  
Маған тартсаң, қалмайды әлі тұрақтап.  
Ақымақ шаш ақылы мол бастарға.  
Қаймағы боп қоғамыңның бетінде,  
Қиындықтың жүрдің талай өтінде.  
Қымбатшылық ығыр қылған заманда,  
Арзан бола алмадым деп өкінбе.  
Дос ауырса, сен де бірге ауырдың,  
Жөні бөлек туыстықтың, бауырдың.  
Күн нұрындай жүрегіңнің жылуы,  
Қымбат бізге жылуынан «Пауэрдын».  
Теміртаудың дақпырты мен шуынан,  
Мастанбадың мансаптың да буынан.  
Сенің жаның - мөлдір, әрі түп-тұнық,  
Қымбат бізге «Водоканал» суынан.  
Көңілдерге -қуаншылық қаусырған,-  
Кемейіннен жаңбыр болып жаусын ән.  
Қоңыр үнің домбыраға қосылған,  
Қымбат бізге Карузоның даусынан.  
Көңілің - пәк, жарылатын ағынан,  
Адаспасын осы жаннат бағынан.  
Сен сөйлесен, Өлең - сөздің патшасы  
Орын беріп, түсіп кетер тағынан.  
Тілегіміз: жүзге жетіп, тәубе деп,  
Шөбере мен неменелер әурелеп,  
Тонқылдап жүр: - «памперсі жоқ екен,  
Бүлдірді ғой, қайда жүрсің, Сәуле?» - деп.

23.03.2003 Дәния, Тілеуғазы



## Құрметті Тілеукең Смағұлұлы!

Сізді 60-жастың асқарына шыққан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Көңіліңіз қырмызы көктемдей құлпырып, жаныңыз жаздай жайнап, азаматтың алтын тұғырында өз тұлғаң асқақтай берсін.

Денсаулығыңыз құрыштай қуатты, ғұмырыңыз күндей шуақты боп, берекелі де мерекелі ұзақ өмір сүруіңізге тілектеспіз.

Құтты болсын 60 деген жасыңыз,  
Тау суындай қуат күшпен тасыңыз.  
Бала-шаға, ағайындар аман боп,  
Асқарлардан әлі талай асыңыз.

Ел жұртқа, тиіп әлі сан пайдаңыз,  
Жасыңыз жүзге жетпей қартаймаңыз.  
Немере - шөберелер ортасында.  
Алда да мерейтойды сан тойлаңыз!

Изгі ниетпен туыстарыңыз:  
Жөкен, Төлеген  
2003 жыл

\*\*\*

Бекер емес бұл тірлікті кезгенім,  
Бұл ортада жаманшылық көрмедім.  
Әзілі де, күлкісі де жарасқан,  
Тілеуберлінің әкесіндей жезде едім.

Мұратына жеткізеді нар талап,  
Келем әлі өмір жүгін арқалап.  
Мені бүгін бөледіндер бақытқа,  
Айналайын Ардақпенен Салтанат.

Қыз бойжетіп, ұланымыз ержетіп,  
Ата-ананың көтерілді кеудесі.  
Отау тігіп жатыр бүтін үй болып,  
Екі қыздың соңындағы кенжесі.

Бақытты боп Салтанатым, Ардағым,  
Тағдыр саған түсірмесін салмағын.  
Арттарында аңыз жүрсін әдемі.

Алдарында тұрсын күтіп арманың.  
Жолдарыңыз ұзақ болсын басатын,  
Тауларыңыз биік болсын асатын.  
Шындарыңыз тұнық болсын ататын,  
Қасен атаң берді осылай батасын.

Қасен, Қазиза  
2002 жыл

## Көңілде қайыл болсын деп...

(Тілеукен Смағұлов ағаға басу сөз)

Тал бесіктен өз қолыңызбен жайната жаратып шығарған жалғыз ұлыңызды жер бесікке бөлегендегі қабырғаңыздың қатты қайысқанын көріп, сабыр сақтай алмай еңкілдеп жыладым, аға, мен де. Жыламауға болмас еді. Көкірегі қарс айрылып көпшілік те сөйтті... Тірлік бар жерде өлмек бар. Топырақты өлім әр пенденің басына келетін тірлік. Адам баласы үшін қазаның оңайы, жеңілі жоқ десек те, сіздің қайғыңыздың орны бөлек, ерекше бөтен, оны алдымен сіз де, сосын біз де түсінеміз.

Қаралы жанға қайғысын жеңілдетер, жігер берер, медет болар сөз айту - әр адамның парызы деп білем. Әрі-беріден соң, басу айту халқымыздың ежелден келе жатқан рәсімі емес пе? Көпшілік мені түсінер баса айыптамас. Жеке неге айтпаған деген уәжімен кінәламас, өйткені, сіз еңбегі сіңген елдің ұлысыз, осы қаланың Алатаудай хан ұланысыз, қуанғанға қуаныш, жылағанға жұбаныш бола білген бір елдің арқа тұтар азаматысыз. Жүз ойланып, он толғандым. Тек жан жаранызды қайта қоздырып алам ба деген уайымшыл ой ғана қатты аландатты мені.

Көзі қарақты азаматсыз ғой, кешегі күні «Егемен Қазақстанда» белгілі сыншы Құлбек Ергәбеков дүниеден ерте озған кенже ұлына арнап, «Сенсіз тағы таң атты» деген таңғы шық тазалығындай мөлдір сағынышын төгілдіре жазыпты Соңында қалған бір жапырақ қағазынан да ұлының иісін іздеп сағына ансайтын көрінеді қайран әке. Сонда Сізді ойладым. Өксік басқан қаяулы көңіліңізді аулағым келді. Құрдымға қайыл кеткен соң, қайта айналып келмек жоғын, кейінге қайырып қалай қайтарам деп дал болдым. Ұлыңыз маған шәкірт еді. Жүзі жарқын, мінезі жібектей есілген, жаны адал, ұлағаты мол тәрбие көрген жас ұлан болатын.

Ол оқуынан, мен жұмыстан бірге қайтатынбыз. Кей жастай көлгірсімей, кей сырын бүкпесіз ашық айтатын. Бір жаздағы демалысында Ыстықкөлге барып, қызмет көрсетіп, ақша тапқанын күле әңгімелегені бар еді... Жазмыштан озмыш жоқ деген осы да. Қайғырсаңыз да өлмек артынан өлмек жоқ екенін жаныңызбен ұғынса екен деген тілек менікі, дұрыс түсініншісі. Абыз Қорқыт ата да қазадан, ажалдан қашып құтыла алмаған. Тарих солай дейді.

Тарих демекші, ол - халық өмірінің айқын айнасы іспетті. Қазақ сөз өнерінде ерекше бір күдіретті қасиет барын әу баста-ақ аңдаған сұңғыла халық қой. Сіздің де кесек сөйлеп, ірі ойлайтын, толғауы тоқсан қызыл тілдің су төктірмес жорғасындай, зере көңіл мен сере шыққан төре сөзден құралақан жан емес екеніңізді баршасы біледі. Қазақ тізілген сөз тізбектерін тегін құраған емес, жүрек тебіrentіп, табиғи толғаныстан ғана сөз туындатқан. Орайы кеп тұрғанда бірер дәйек айтсам қалай көресіз?

Аңыз айтады: Төлебайұлы Едіге Қуандық еліндегі Тоқас деген биге құда түсуге барса, соның алдында ғана Жәңгір ханның жалғыз баласы қаза болған екен. Хан қайғырып төсектен бас көтермей жатып қалыпты да; «Құдай мені жылатты. Оның малын мен де шулатайын деп қозыны қойдан айырып, өзеннің екі жағына бөліп шулатып қойыпты. Сөйтіп өзі ешкіммен басын көтеріп сөйлеспей жатыпты. Оны білген Едіге би хан үстіне кіріп, көтеріңкі дауыспен ханға былай деп көңіл айтады: «Ақ сұңқар ұшты ұядан, қол жетпейтін қиядан. Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ. Алтын қонырау үзіліп жерге түсті, қос мандайлы, құс тандайлы бір қыран балақ бауын үзіп, тұғырдан ұшты. Құдайдың салған бір жабдығы түсті. Көтересін мойның күшті. Оны алған құдай сенен де күшті. Көтер хан басынды, іш мынау асынды. Босатпа белінді, мұңайтпа елінді! Тозбасты ұста сокпайды, өлместі құдай жаратпайды» - депті. Сонда Жәңгір жастықтан басын көтеріп, ауыр күрсініп: «Қайғым қайтсе қалады?» - деп сұрапты.

- "Сіздің қайғыңыз: Қыран құстың қияғында қалады. жүйрік аттың тұяғында қалады. Атылған мылтықтың оғында қалады. Өзен судың бойында қалады. Қызық мереке ойында қалады, оны істемесең мойнында қалады» - депті Едіге.

- «Уа, шырағым, мен кателескен екенмін» - деп Жәңгір Едігені сыйлапты дейді халық.

Енді қатты қайғырсаңыз қателесесіз. ұл қарызы мойныңызда кетіп жүрмесінші. Аңдаңызшы сөзін, халықтан кемеңгер кім бар екен? Құдай тағала қалағанын, ең тәуірін алады демеуші ме еді. Әкелік парызды өтеп, жақсы тәлім бердіңіз, халық куә, көз алдыңызда кетті

баланыз, өзіңіз жөнелтіп отырсыз. шүкіршілік етейікші соған, аға! Қайғысы қиын жағдаятта айтылған халық сөзінен тағы бір дерек келтіргім келіп отыр, қабыл көресіз бе?

Арқадағы Ерденнің жалғыз баласы өліп, аяқ жетер жердегі ел түгел жиналып, ақ жауып, арулап өлікті қойған соң да әр тараптан жайсаңдар мен жақсылар көңіл айтуға келеді. Бірақ Ерден жалғыз баласының қазасы қабырғасын қайыстырып, басын көтермей сар төсек боп сарғайып жатып алса керек.

Ерденнің қайғысы Сыр бойындағы Досбол мен Шоқайға жетеді. Ел арасы шалғайлықтан бұлар Арқаға жеті күн дегенде жетеді. Олар үйге кіріп, құран сүресінен аят оқып, өлгенге - иман, тіріге - береке тілеп, бет сипасқан соң да Ерден жатқан орнынан қозғалмапты. Сонда Досбол:

-Уа, Ерден, қайғырғанда көңіл демейтін ағайын-туыс болмаса бір сәрі. Құдайға шүкір, ойдан-қырдан жапырылып ағайын келіп жатса, бұл - өліктің сәні әрі көңілге дәт емес пе. Әлемді жалмап жұтса да өмірде тоймаған қара жердің талысы, Ерден-ау, өткенге өкінбе, келмеске күйінбе, өлім деген ұзақ жолдың алысы. Өлмек-хақ, тумак-хақ, барлық жанның барар жерісі - қабыр емес не? Құдайға мұнша наз қылатындай ашынасы ма ең? Әлде көз көрген танысы ма ең? - дейді. Ерден бұған да мызғымайды, Шоқай млддас құрып отырған қалпынан ауысып, жүгіне қос тізерлеп, қамшысын мықынына таяп, аңға түсер мұзбалақтай комданын шаңқ етіп:

- Ей, батыр, Ерден! басынды көтер жерден! Құдайға да құдіреттімін деп, мейманың тасып кеткен екенсің керден. Мынды айдаған Сандыбай да қара жерге енген. Оны мына Шоқай көзімен көрген, Әулие болсаң әкенді де, баланды да алып қалуға әлің қане келген! Көкті бу көтереді. Жүйікті ду көтереді. Өлімді ер көтереді. Ауырды нар көтереді. Ер емес пе едің талай құқайды көрген. Тағы да айтамын басынды көтер жерден. Құнсыз беріп, құнсыз алды, нең бар еді құдайға берген! - дейді ашына.

Ерден төсегінен шүйіріле көтеріліп, сартап боп сарғайған жүзін орамалмен сүртіп:

-Уа, асып туған асылдар! Көтермесем басымды, көңілім өксік қаяулы. Ардақтарым едің аяулы, салмақтыларым едің санаулы. Көңілде қайғы, шемен шер, төбелерің көрінбеген соң күгіп жатыр едім, өздеріндей асыл ерлерді, - деп құшақтаса көрісіп, көңілдегі нала-құсасын таратыпты.

Көңіліңізде ынтымақ болсыншы, аға. Болған іске берік болғаныңызды қалаймын. Сағыңыз сынбасын. «Бір тәуекел бұзады мың қайғының наласын, бір жақсы сөз жазады, көңілдің мың

жарасын» деген данагөй халықтың сөзін ұстанып едім. Тәуекел етіңіз сіз де! Екі келер өмір жоғын ұғыныңыз. Басы қаралының, көңілі жаралы, жаранызды жақсы сөзбен жазғым келді, қолымнан келер басқа қайран жоқ. Кісілігі бар кісілердің көкіректерінде осы сөз тұр. оған кәміл сенемін. Сізді білем ғой. Быксуды, түгіндеуді білмейтін, от боп жанып, төңірекке тек қана жарығы түсетін, жылуын беретін жансыз. Лайым сондай бола беріңіз, өзгерменіз, өйткені, сіз бізге керек елдің ұлысыз.

Елеужан СЕРІМОВ  
2005 жыл

## Егістік

Т. Смағұловтың ұлы Ардақтың қазасына жұбату.

Жаспен шәйіп қайғыны, құсаны да,  
Желек байлап қайыңның бұтағына.  
Ұлымызды «Өлді» деп көмген жоқпыз,  
Жер ананың ендірдік құшағына.  
Құбылаға қаратып тегіс бетті,  
Қара жердің қыртысын тегістеттік.  
«Жерледік» - деп айта алман,  
Түйір дәнді Топыраққа құнарлы егіп кеттік.  
Енді жаны жәннатта жай табады,  
«Өлді» - деп кім өндірді айта алады.  
Қара жерге дән ектік,  
Ертен осы  
Төбешікте бір шыбық жайқалады.  
Ардағымыз жығылды тосын оқтан,  
Өшпейді оның өмірден оты жаққан.  
Топырақпен туыстас халқым менің,  
Тамыр тартып туады топырақтан.

Қ. Ботанов

## Көңілқос

(Тілеукең ағаға)

Барады зулап өтіп, жылдар ағып,  
Маңайды қайғы, кейде нұрға малып.  
Ағам ең көп ішінде қадір тұтар,  
Батумен жүрсең іштей мұңға нағып?

Тағдырдың тым қаталдау сыйы мына,  
Жүк артты нар көтерер иығына.  
Жараңа жамау болсын осы жырым,  
Еске алған Ардақжанды жиынында.

Алланың салғанына шара бар ма,  
Кешіңіз әркез ғұмыр қарап алға.  
Бола ма өлді деуге айтындаршы,  
Артында Аялайды бала барда.

Сарғайтқан ызғарымен құла-түзді,  
Сағынып күттіңіз бе,мына күзді?  
Сағым боп сары алтының кеткен кезі...  
Бір Алла қабыл етсін дұғамызды.

Руза АЛДАШЕВА

## Еске алу

«Жалғыздың жары-Құдай» деуші еді ғой. Өзім де жалғызбын, ұлым да жалқы болды. Осыған қарап анда-санда осы мақал мен сияқтылардың өмірінен алынған шығар, тек жаман болмас деп таубаға келетінмін.

Өмір көші, көңіл қошы кедір-бұдырға кездесіп қалғанда кемпір екеуіміз «шүкір қатарымыздан қалмай балаларды құтты орынға қондырдық, ұл отау тікті», - деп сабамызға түсіп, сабыр шақырушы едік. Опасыз жалған-ай, жалғыз Ардағымды көре қалғаның не еткенің, қай жыртығынды жамап, қай тар қолтығынды кенейттің? Опасыздықтың да жөн-жосығы болмаушы ма еді? Болмағаны ғой ә... Қан жұтып, көз жасымызды тауысқанымызға бір жыл болды. Тағдыр деген бұралқы итке налығаннан басқа қолымыздан не келеді? Ол жақта да өмір бар дейді ғой білетіндер, соған сенгім келеді. Ерте ме, кеш пе сенің артыннан іздеп баруымыз хақ кой. Сонда мауқымызды басармыз.

Екең Тілеуберді, шешен  
Сәуле, жарың Салтанат,  
жалғызың Аяла  
2006 жыл

## Теміртау түні (Лирикалық эссе)

2001 жыл. Теміртауда алтын күз. Жып-жылы... Желсіз. тымық, маужыртт сәт. Көк жүзінде қимылсыз қалқыған ақша бұлт.

Осы сапар мені Теміртаудағы бір қадірлес досым Тілеукең Смағұлов қарсы алды. Тілеукең - Қарқаралы жағынан. Менімен кездескен сайын жанға жайлы жұмсақ әзіліне басып: «Бір Балқантау жөнінде төрт әніңіз бар. Бірінен-бірі өтеді.. Ол тек махаббат жыры емес, біздің еліміз бен жерімізге деген ыстық ықыласыңыз. Сізді сол үшін сыйлаймыз», - деп мені елден ерек өбектеп жүреді.

Сол келген күннің кешінде Тілеукеңнің үйінде бір келісті отырыс болды. Арқа азаматтарның игі дәстүрі бар. бастары қосылып, жинала қалса мәзірі, мәні жоқ қысыр әңгіме айтылмайды, тегі. Көкейдегі сөздер арғы-бергі тарихтан қозғалады, ән төңірегінде ғана өрбиді. Арқаның «Жиырма бесі», «Екі жирені», «Дударайы», «Қаракесегі», «Әуілдегі», «Ләйлімі», «Балқадшасы», «Қорланы»... әрқайсысы бір-бір хикая, тек сол әндер ғана ма, біздің заманымыздың

«Қарлығаш», «Кестелі орамал», «Жас казак», «Акерке» секілді әндерін де сүйсіне сөз еттік. Оларды сағынышты жүректің лүпілімен емірене әндеттік.

Ән саябырлаған бір сәтте әңгіме басқа салаға ойыса берді:

Теміртауыңыз осы... Жүз жетпіс мың халқы бар, тоқсаннан астам ұлт тұрады.

Ұлы Отан соғысы аяқталған жыл. Сол жылы күзде Қазақстан Үкіметін басқарып отырған Нұртас Ондасынов Мәскеуге барыпты.

Е, осыны айтшы...

Ондасынов КСРО Ауыр өнеркәсіп министрі Тевосянның кабылдауында болады. Барған мәселесі - жанағы Самарқан қалашығын болашақ металлургтер қаласы ету. Тевосян ойланып отырып: «Сіз бұл қаланы «Самарқан» дейсіз, ә? Өзбекстанда әйгілі қаласы бар емес пе?» - деп оқыс сауал қояды. Ондасынов бұл сөзге не дерін білмей, мүдіріп, саскалақтап қалады. Тевосян жұмсақ үнмен: «Қазақтар металды не дейді?» - деп сұрайды. Ондасынов: «Темір», - деп жауап береді. Тевосян: «Дұрыс», - деп жымия бас изейді. Ондасынов жүрегі лүп ете түсіп: «Біз темір кенін тау-тау ғып өндіретін боламыз. Сіздің «Темір» деген сөзіңізге «Тау» деген сөзді қоссақ қайтеді?» - дейді еркінсі сөйлеп. Қойшы, не керек, екеуі әрі-бері ойланып осы мәмілеге тоқтайды. Кейін Қазақстан Орталық Комитеті мен Жоғарғы Совет Президиумы металлургтер қаласын «Теміртау» деп мақұлдапты.

Бізге көп нәрсе беймәлім әлі. О баста аталарымыз осы жерді «Самарқан» деп қалай атаған, оны біз білмейміз.

Арқаның құретамыры дерлік Нұра өзенінен бөлінетін бір кең арна - бүгінде осы Самарқан көлі... Үлкен су қоймасы ол. Оның жобасын сол кездерде Қазақстан ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтпаев жасатқан. Қанекен!

Отырыс ұзаққа созылды.Түннің бір уағында бәріміз тысқа шықтық. Тым-тырыс тына қалған дүние... Қала шуы басылған. Күздің салқын лебі. Толықсып ай да туған екен. Жұлдыздар биіктел, алыстай бастапты.

Тілеукен:

Міне, біздің аула. Бұл жерге біз жақында ғана көшіп келдік.Ескі үйді балаларға қалдырдық. Әні, екі қатарлы үй... Шамы да сөнбепті. Сол үйде Нұрсұлтан Назарбаев тұрды. Көзімізге ыстық көрінеді. Кезінде осы үйде әндетіп, дүрілдетіп жатушы едік. Содан бері неше рет күзкелді, неше рет қыс түсті, өмір өз әуенімен жүре



береді екен. Нұрсұлтан Әбішұлы Теміртауға келсе болды, бұл үйге соқпай кетпейді. Тарихи үй! - деді жылы сезіммен.

Қасымыздағы жігіттердің бірі:

- О, шіркін, Теміртау түні! Самарқанның лебін қарашы, жайлап қана желпіп жатыр, - деп қалды.

Мен көк жүзіне көз салдым, ай да жылжып барады...

Ертенінде Тілеукең екеуіміз Теміртауды араладық. Ол мені, ә дегеннен қаланың орталығына салынып жатқан металлургтер монументіне алып келді. Екі металлургтің бейнесі...

Тілеукең жайлап қана сөз бастады:

- Нұрсұлтан 1958 жылы онжылдықты бітіре сала, Алматы облыстық комсомол комитетінің жолдамасымен, өзі секілді бір топ жастардың қатарында, Теміртаудың жандан салынып жатқан металлургия зауытына келді. Романтиктер! Келе сала білек сыбанып, қауырт іске араласты. Жас маман ауадай қажет. Зауыт басшылары біраз жігіттерді іріктеп, Украинаның Днепродзержинск қаласына оқуға жіберді. Солардың ішінде Нұрсұлтан да бар еді. Онда ол училище бітіріп, металлург мамандығын алды. Құю қондырғысының шойыншысы болып шыға келді. Бұл - 1960 жыл. Сол жылдардан бастап, Нұрсұлтанмен жұмыстас, қызметтес, дос-көңілдес боп бірге жүрдім.

Қазақстан магниткасы! Бірінші және екінші домна пештері шойын селін ағызды. Мартен пештері мың градустық жалынмен лаулады. Бұл не деген ғаламат десенізіші! Сол бірінші домна іске қосылғанда Нұрсұлтан аға горновой боп тағайындалды. Осы кезде белсенді комсомол ретінде де жұлдызы биіктеді. 1962 жылы Қазақстан ЛКЖО-ның X съезіне, Мәскеуде БЛКЖО ХІҮ съезіне делегат болып қатысты. Металлургия зауытының жолдамасымен институтқа оқуға түсті. Қараныз, енді бір сәтте ол бірінші домнаның диспетчері!

Нұрсұлтан білімімен де іскерлігімен де ерекше көзге түсті. Ол қалалық комсомол комитетін басқарды. Одан қалалық партия комитетінің екінші хатшысы... Қарағанды металлургия комбинаты партия комитетінің хатшысы... Қарасаңыз, Алматының іргесіндегі жұпыны бір ауылдан түлеп ұшқан кешегі балауса жігіт ысылған азамат боп, көз алдымызда өмір белестерінен осылайша өрлей-өрлей, міне, бүгін Тәуелсіздік алған Қазақстанның тұңғыш Президенті болып отыр. Жалындаған жас жігіттің сол жылдардағы азаматтық келбетіне қызығып, «Алдай ғана Теміртаудың уысына сыяр ма екен?!» деп қиял жете бермейтін асқар шыннан көргендей таңғалушы едік. Бұл сүйінішті сөзді, әрине, Нұрсұлтанмен тағдырлас болған ескі көз мен

айтпағанда, бүгінгі ұрпаққа кім айтады? Қыран қияға самғайды деген осы!

Тілеукең осылай деді де ажары кіріп, сәулеттене түскен көшелер мен гүлзарларды көрсетіп, самарқан көлінің жағасына кеп тоқтады. Ол көлге ойлана қарап тұрып, сөзін жалғастырды:

- Ой, сол кездегі қайнаған өмір... зауыт та жалындап, лаулап жатады, болат құйып. Нұрсұлтан да жайсан жастарды тың ой, тың бастамалармен үйіріп, қат-қабат істің басында жалынды да жүреді. Демалыс күндері бәріміз лек-лек боп, көл жағасына келеміз. Жастар думаны дүрілдейді. Ортамызда Нұрсұлтан... Домбыра тартады, ән салады. Халық әндерін жақсы біледі. Оның ішінде «Біздің шешей айтушы еді» деп бірлі сырлы әннің:

Құралай,

Отырсын жайды сұрамай,

Мәнісін айтшы. қалқам, бұл қалай? - дейтін ойнақы қайырмасын әуелеткенде көзінен ұшқын ағып жанып кетуші еді. Сондай-ақ «Дедім-ай-ау!», «Топ дуадақ дегенде, топ дуадақ» деп басталатын тағы бір шалқымалы әні, «Угай-ай, угай-угай, ә, угай» дейтін биязы, мақпал әні... Кейін ойлап қарасақ, бұл әндердің бәрі Нұрсұлтан өскен Жетісу өңірінің әндері екен. Жібек самалдай желпитін қоңыр әуез. Жүрекке сондай жылы тиеді. «Ә, шіркін, қазақ әні!» дейтініміз де содан ғой.

Нұрсұлтан домбырамен Арканың кең тынысты әндерін кербес сезіммен керілтіп шырқағанда: «Үстіне оқалы шапан, басына үкілі бөрік кигізсе баяғының серісі боп шыға келер еді», - деп қызығушы едік.

Сол құштар сезіміне қоса ойлы да еді. Басқа бір әншілерден «Қорлан», «Әуілдек», «Арман - ай», «Қаракесек», «Үшқара» әндерін тындағанда бар дүниені ұмытып, тұңғыық ойға батып кететін-ді.

Кешегі фильмдеріміз де гуманистік идеялардан туды ғой. Соның бірі - «Весна на заречной улице» фильмі. Сол фильмдегі:

Когда придет весна, не знаю,

Пройдут дожди, сойдут снега.

Но, ты мне, улица родная,

И в непогоду дорога, -

деп айтылатын ән Нұрсұлтаннның ең сүйікті әні еді.

Сол жылдарда «Разные судьбы» дейтін фильмдегі бас кейіпкер композитор Рошиннің романсы да жұрт жүрегін ерекше тебірентті. Нұрсұлтан сол романстың:

Голова стало белою,

Что я с ней поделаю, -

деп келетін қайырмасын мұная қоңырлатқанда бәріміз қоғадай иіліп, үнімізді шығармай, мүлгіп қалушы едік.

Сонда осындай бір тұнжыр сәттен бізді Нұрсұлтанның өзі құтқаратын-ды. Иә, сезімі алмас қылыш жүзіндей жарылқап:

Ой, красивы над Волгой закаты,

Ты меня провожала в солдаты.

Руку жала, провожала,

Провожала, провожала! -

деп шалқытып ала жөнелуші еді. Оған ілесе бәріміз заматта дүр сілкініп, әнге қосыла кетуші едік.

Е, осының бәрі қадірлі күндеріміздің шуақты елесі екен. Көл жағасындағы сондай дулы кештерде қыз-жігіт атаулы Нұрсұлтанның қасынан бір елі ажырамайтын-ды. Біз екеуіне сүйсіне қарайтынбыз.

О, шіркін, Теміртау түні! Самарқан көлінің самалы... саф ауаны жұтып жүре бергін келеді. Бірақ, ертең жұмыс... Біз үйді - үйімізге қайтар кезде:

Не слышны в саду даже шорохи,

Все здесь замерло до утра.

Не забудь и ты эти летние,

Темиртауские вечера, - деп Самарқанның жағасынан кете алмай, бір - бірімізге жымың қағып, тұрып алушы едік.

Ілеке, осының бәрі есімізде. Ностальгия! Жастықтың жайнаған романтикасы!

Біздің Теміртауды кезінде екі атакты композитор әнге арқау етті. Бакытжан Байқадамов «Қазақстан Магниткасы жастарының маршын» дүбірлетсе, Сыдық Мұхамеджанов «Жарқырайды Теміртаудың оттары» әнін жалындатты. Ол әндер бүгіндері оқта-текте бір концерттерде, не радиода орындала қалса Теміртаудың сол кездегі тынысы көз алдымызға келіп, өткен өмірімізді елестетіп, кәдімгідей желпініп, көтеріліп қаламыз. Өмір... тарих өз белгісін әндерде де қалдыра береді екен.

Тілеуке осы сөзімен жүрегімнің пернесін жайлап қана басқандай болды.

Екі күннен кейін мен «Қарағанды - Алматы» пойызында келе жаттым. Пойыздың бір сарынды жүрісі... мұндай сәтте адамды қым - қиғаш ой қамалайды. Көңіл түкпіріндегі әр жай кино лентасындай көз алдыңнан өте береді. Елес бәрі... Мен Тілеукеңнің үйінде шертілген әңгіменің бәрін еске түсірдім. Теміртаудың мақпал түнін елестеттім. Күлкісі, әндері шалқыған жастар... Олардың ортасында Нұрсұлтан мен Сара! Екеуі қол ұстасып, Самарқан көлінің жағасында сейіл құрып

келе жатыр. Нұрсұлтан Сараға күлімсірей карап: «Айға бетінді бұршы», - дейді. Сараның күміс күлкiсi төгiледi. Осы көрiнiстер iштей тамылжыгты.

Мен пойыздан түскенде жүрегіме жібектей есілген бір сырлы әуездің толғанын сездім.

\*\*\*

Мына бір күз... Тағы бір ән мөлдiредi. Оны елуiншi жылдардың әнi десе болады. Дәл солай. Сол кездегi лирика! Әр жаңа ән туғанда ойлайтыным - ақын мен әншi. Әрине, ән сөзiн өзiм жазсам, онда көңiлiмде әншi ғана тұрады. Ал бұл жолы да әдеттегiше бiраз ақынмен iштей тiлдесiп көрдiм. Бiрiне тоқтағам жоқ. Қасымханға ғана елендей бердiм. Менiң композиторлық лабораторияма еркiндеп енiп, көңiл дiгiме әбден көнген төзiмдi ақын. Қасымхан ғана. Сондай етене, iлкiмдi... Ойымды әрiден сезiп, үйлесе кетедi. Жаңа ән «не» деп тұр, соны түсiнуге бар жанын салады. Кейбiр ақындар сияқты «өзiмшiлдiгi» жоқ. Қасымханның болмысы олардан мүлде бөлек. Қасымханды мойындайтын ақын ағалары оны «Махаббат ақыны» дейдi. Дұрыс сөз! Қасымханға тоқтадым.

Үш күннен кейiн Қасымханға телефон соқтым. Ол жаны қалмай елпектеп, Алматымен iргелес Абай ауылындағы үйiне шақырды. Келдiм.

Күздiң тып - тынық жайма - шуақ күнi. Қасымханның ауласы жайнаған гүл. Жұпары көкiрек жарады. Гүлдiң ортасында дөңгелек үстел. Екi кресло. Бiрақ бiз жүре әнгiмелестiк. Iштей толқулымын. Жүрек лүпiлiн зорға басып, дiттеген ойымды шашыратпай, суыртпақтап, шығара бастадым:

Бiрiншi шумағы - түн. Темiртау түнi! Толықсыған толған Ай! Айдай сұлу қыз көркiне құлай берiлген албырт сезiмдi жайсаң жiгiт.

Екiншi шумағы - бұлғақтап, желiгiп жүрген сол жiгiт қыз алдында сөз айта алмай толқып, тек көзiмен өртеп, сұқтана қарай бередi.

Үшiншi шумақта - қыз жүзiн аймалаған сарыарқаның самалы! Iңкәрлiк сезiм.

Төртiншi шумағы - Темiртаудың кербез көлi Самарқан... самал тербеген ақ айдын.... аспанда қалқыған алтын Ай! Ай сұлу ма, қыз сұлу ма?... Жүрек жандырған құмарлық оты...

Бесiншi шумағы - темiртаулықтар айлы түндерде Самарқан көлiнiң жағасындағы сейiлден қайтып бара жатып, дәйiм:

Не забудь и ты эти летние,  
Темирауские вечера, -

деп әндетеді екен. Солардың арасында Нұрсұлтан мен Сара бар! Ән дәл осылай қимас көңілдің ұмсындырған сезімімен аяқталуы тиіс!

Қасымхан осы сөздерді үнсіз тыңдап, бас изей берді.

Мен Қасымханды жеке қалдырдым да, ауланың ішінде әрі - бері жүріп, одан әліде болса желегі желкілдеп тұрған бақты аралап, өз ойыммен өзім боп кеттім.

Шамалы уақыттан кейін Қасымхан алғашқы екі шумақты көрсетті:

Жарқылдаған сынғыр - ай,  
Толықсып бір туған Ай!  
Теміртаудың аруы,  
Жаным, саған жаным құрбан - ай!  
Қыз сөзіне еліткен,  
Жігіт едім желіккен.  
Көрген сәтте өзінді,  
Толқыдым мен, айтшы неліктен?

Қасымханның асығыс жазылған шимайына қарап тұрып: «Великолепно!» - дедім басқа сөз аузыма түспей. Қасымхан қағазға қайта шүйілді. Іркілген жоқ:

Сарыарқаның самалын  
Аймалатқан жамалың!  
Жүрегімді жандырды

Сырға толы мөлдір жанарың, - деген шумақты жарқ еткізді.

Мен: «Тамаша экспромт!» - дедім сүйсініп. Қасымхан қоян ілген қаршығадай жұтынып:

Көл тербетіп жағаны,  
Жұлдыз жымың қағады.  
Алаулаған жүзінді

Ай да қимай батып барады, - деген сөздерді асықпай, бипаздап жазды.

Мен:

Какая красота? — дедім, - енді концовка!...

Қасымхан шамырқана қозғалақтап:

Ілаға, әндетіңізші деді.

Мен осы шумақтардың бәрін әнге қосып, екі рет қайталадым.

Қасымхан екі көзі қара бұлақтай тұнып:

Теміртауда мақпал түн,  
Жан сырынды ақтардың.  
Армандай бір ән қалды,  
Белгісі боп қимас шақтардың! -

деген шумақты еш кідіріссіз мөлдіретті. Елестеткенім де, күткенім де дәл осы көрініс, осы сөз! Қасымханға үн - түнсіз төгіле қарадым...

\*\*\*

Екі күннен кейін телефон арқылы жаңа туған әннің мән - жайын Теміртаудағы Тілеукең Смағұлұлка жеткіздік. Телефонмен әндетіп айтып та бердім. Тілеукең желпіне сөйлеп, жер - көкке сыймай қуанды.

Қасымхан іле - шала Теміртаудағы жергілікті газеттің редакторы Аманжол Ақынға телефакспен әннің нотасы мен сөзін салып жіберді. Сол күні бізге теміртаулық азаматтардың риза болған лебізі де жетті.

Тілеукең бұл жайды қала әкімі Серік Нығметұлы Ахметовке мақтаныш сезіммен айтыпты. Сөйтіп, «Теміртау түніне» қызыққаны сондай. олар қаладағы мәдениет қызметкерлерімен тез арада мәміле түзіп, бұл әнді орындаушыларға конкурс жариялапты. Менің Теміртауда авторлық кешімді өткізуді де жоспарлапты. Теміртаулықтар өстіп дүбірледі - ай кеп.

Арада біраз күндер өткенде Тілеукең телефон соғып:

Әншілер конкурсында өзіміздің теміртаулық квартет - екі жігіт, екі қыз ерекше көзге түсті. Осы бір күндері Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев Теміртауға арнайы іссапармен келіп еді, бір әсерлі кездесуде «Теміртау түні» әнін сүйсіне тындап, жылы лебіз білдірді, - деді.

Дәл осы кезде (2001 жыл, 11 қараша) «Жас Алаш» газетінің бетінде «Теміртау түні» әнінің нотасы жарияланды.

Қараша айының 23-і күні Теміртаудың Мәдениет сарайында «Теміртау түні» деп аталған авторлық кешім Тәттімбет атындағы академиялық оркестрдің шалқымалы дүбірімен басталды. Дирижері - Қазақстанның халық әртісі, профессор Алдаберген Мырзабеков. Арқа әншілері менің әр кезеңде жазылған жиырмадан астам әндерімді шырқады. Концерттің орта тұсында «Теміртау түнінің» жазылу тарихы айтылды. Теміртаулық квартет - Жанна Хасенова, Табысбек Шакей, Айдар Серікұлы, Төлжұма Арыстанбаевтар оны сырлы сезіммен мөлдірете орындады. Теміртаулықтар дүрілдете қол соқты. Қасымдағы екі қызым - Қарлығаш, Ләйла және осы Теміртауда тұратын нағашы жеңгеміз Мұқтарима құшақ - құшақ гүлдің ортасында тебірене толқып тұрдық. Соның ергенінде Қарағанды жұрты «Шалқыма» атты концерттік залда «Арқаның айлы түнінде» деген авторлық кешімді тамашалады. Кешті медицина ғылымдарының докторы, профессор, атакты кардиолог,

әдебиет пен музыкаға білікті эстет жан Ғабдолла Құлқыбаев жүргізіп, әр әннің хикаясын лирикалық сезіммен баяндап отырды. Бұрыннан белгілі әндердің ішінде жұрт «Теміртау түнін» ерекше ықыласпен тындады.

Кеш соңында облыс әкімі Камалтин Мұхамеджанов ел атынан ризалық сезімін білдіріп:

«Теміртау түні» әні- Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың романтикаға толы жастық шағына арналған ән. Мұндай әннің шығуы заңды да. Халқымыздың мандайына біткен кеменгер жанды қалай ардактасақ та біздің жүзіміз жарқын. Сол пейілімізге лайықты да. Ілекеңнің осы бір сәулелі әні жүрекке сондай жылы, оның анызы да ел арасына кең тарап барады. Әннің сөзі де жібектей есілген көркем дүние екен. Ілеке, «Теміртау түні» үшін акын Қасымхан Бегманов екеуінің қашанда біздің Қарағандыға, әлбетте, оның ішінде Теміртауға ең қадірлі жандар боп есептелесіздер.

Осындай шалқыған әндеріңізбен жиі келіп тұрыңыздар! - деді.

Концерттен соң бір топ кісі дуылдаса құттықтап, мені жібергісі келмеді. Бір азамат тұрып:

Сіз «Алматы кешінде», «Жайлаукөл кештері», «Кенгірдің қоныр кештері»дейтін әндеріңізбен қазақ даласының қызарып батқан кешіне қызықтырдыңыз... О, шіркін, сондай - сондай кештеріміз! - деді.

Жаныма жақын жүретін акын інім Зағыпар:

Осы әндерден кейін алаулаған кештер жүрегімізді толқытатын болды. Оны өлеңмен бейнелеп те көрдік. Бірақ тіл де дәрменсіз екен, - деп шабыттана сөйледі.

\*\*\*\*

Атырауда Төкен Жұмағұлов есімді бір текті азамат бар. Оны жұрттың бәрі қадірлеп, үлкені де, кішісі де «Төкен Танаевич» дейді. Маған жан жүрегімен берілген, ділі кіршіксіз таза, бір бекзат жан. Екеуіміз жиі бас қосамыз. Сейілге де бірге шығамыз. Арамызда айтылмайтын сөз, ашылмайтын сыр болмайды.

Төкен Танаевич бір жолы үйіне шақырды. Дастархан басында адамды ибалы мейірмен үйіретін жан жары Динаның балдай тәтті қою шайын ішіп, әңгіме - дүкен құрдық. Төкен Танаевич ағынан жарылып, шешіле сөйледі.

Ілеке, Қазақстанның қай жеріне бармайын, әндерің шырқалады да жатады. Сол әндеріңнің бірі - «Теміртау түні». Бұл әнге бір клип түсіріліпті. Теледидардан көріп, ой, қатты толқығаным. Оны қарағандылық әншілер тобы сондай әсерлі орындады, мені тәтті қиял

тербеді. Ойым өткен күндерге зымырап ала жөнелді. Баяғы елуінші, алпысыншы жылдар.... Теміртаудың металлургия комбинаты... Көк тіреген домна пештерінің будақтаған қарақошқыл түтіні... Самарқан көлінің жағасында торғын желек жамылған қаланың қайнаған өмірі... Бастарында жап - жалпақ қалпақтары, қолдарында темір ожаулары бар болат қорықшылар... Гүлдері көз тұндырған бульварлар.. қол ұстасып кетіп бара жатқан жарқын жүзді жайсаң жастар, міне, осылардың ортасында, зәулім терек тізілген тротуарда, о, құдая тоба, құдды аумаған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев! Иә, иә, Нүрекең - солқылдаған бозбала! Екі көзі жас қыранның көзіндей жалт - жұлт етеді. Қасында уылжыған бір мөлдір көз... Мен оны Сара дедім! «Апыр - ай, ә!» деп таң - тамаша болғаным. Бұл қандай нәрсе, Ілеке, а? Осы аяулы жандардың сол жастық шағы сенің «Теміртау түні» әнінің өзегі болып тартылыпты. Мен осы ән орындалып біткенше өміріміздің сағымдай бұлдырап, артта қалған алтын күндерін елестетіп, өзгеше бір хал кештім. Ляззатқа бөлендім.

Төкен Танаевич сол жолы осылай деді.

2003 жыл. Қаңтар айының екінші жартысы... бір күні үйде мазам болмай, сырқаттаныңқырап отыр едім, Төкен Танаевич телефон соқты.

Ілеке, саламат па?

Ә, Төкен Танаевич, сәлем, сәлем!

Жол жүргелі жатырмын, бүгін...

Кешкі рейспен.

Қай жаққа?

Президент бастаған бизнесмендер делегациясымен Швейцарияға барады екенбіз. Осы топтың ішінде Аслан Мусин, Қырымбек Көшербаев, Владимир Школьник, Григорий Марченко бар. Делегация құрамына ұлым Абай да кірді. Ол «Тенгизнефтьстрой» акционерлік қоғамының президенті ғой. Жас бизнесмен. Біз абай екеуіміз Атыраудан Женеваның өзіне тіке ұшамыз. Делегациямызбен сол жерде бас қосамыз.

О, Төкен Танаевич, Абайжанды үлкен сапарға алып бара жатыр екенсің, қуаныштымын! Қоғамның бүгіні мен ертеңі осы Абай секілді жас азаматтардың қолында ғой. Қырық шілтен шылауында болсын, Қыдыр ата қолдай жүрсін!

Рахмет, Ілеке, рахмет! Ім-м.. Ендігі сөз былай: «Теміртау түні» әні бар емес пе?

Иә.



Мынадай жақсы сапарға бет алдық... Сол «Теміртау түнін» ақ тілегің ретінде Швейцарияға ала кетіп, өз атыңнан Президентке табыс етсем деймін! Маған нотасы, кассетасы керек.

О, Төкен Танаевич, Нота бар, ал кассета... «Теміртау түні» әзірше кассетаға жазылған жоқ.

Леке, Атырауда ол әнді орындайтын әншілер бар ма? Бар.

Кімдер олар?

Гүлнәр, Зина есімді екі қыз. Әдемі дуэт.

Леке, өтінем, осы әніне пейілім кетіп тұр, қалай етсен де бүгін кешкі алты - жетіден қалдырмай әнді жаздыр да қолыма тигіз! Және «Еділ - Жайық» әнінің тарихы баяндалған бір кітапшаң бар еді ғой, соны да қос. Осының бәрін бір пакет етіп әзірле. Жан досыңның бұйрығы осы!

Ал, орындамай көр, мына тілекті. Сырқат жайына қалды. Мен ұлы сәске кезінде Дина атындағы мұнайшылар сарайына келдім. Ішке кіре бергенімде сызыла әндеткен дуэтті құлағым шалды. Таныдым. Гүлнәр мен Зина! Олар мені көргенде қуанып кетті. Менің ішкі дітімді алдын ала сезгендей екеуі қосарлана сөйлеп:

Аға, біз бағаналы бері біраз әндерді орындап, әзірлік жасадық. Сіздің «Теміртау түні» әнінің дауысымызға сондай ыңғайлы. тындап көресіз бе? - деді елпілдеп.

Иә, кәне, - дедім жүрегім лүп ете түсіп.

Ән орындалды. Бір емес, екі - үш рет қайталанды. Екі әнші қыздың сырлы үніне қатты тебірендім.

Ән кешкі сағат бестің кезінде кассетаға жазылды. Сәлден соң Төкен Танаевичтің қолына тиді.

Кейін сол Швейцария сапарын Төкен Танаевичтің ұлы Абай былай деп әңгімелейді:

Біздің бизнес - делегация әуелі Женевада, одан кейін Цюрих қаласында өткен конференцияға қатысты. Цюрихтағы беделді жиынды Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы кіріспе сөзбен ашып, Қазақстанның бүгінгі және болашақтағы мүмкіндігі жөнінде жарқын мысалдар келтірді. Мемлекетімізді жан - жақты таныстырды. Банкирлер мен инвесторларды Қазақстанда кең көлемде бизнес жасауға шақырды.

Содан кейін Аслан Мусин, Ұлттық Банктің төрағасы Григорий Марченко баяндама жасады. Қазақстанға қызыққан шетелдік инвесторлар бірінен соң бірі сөйледі.

Бір кезде үзіліс жарияланды. Міне, дәл осы сәтте, Елбасы трибунадан түсе бергенде папам орнынан тұрды да, ол кісінің алдынан шығып, қолын алып, сәлемдесті. Сосын сіз берген пакетті тапсырды.

Бұл жайында маған Төкен Танаевичтің өзі де марқая әңгімелеген:

Нұрсұлтан Әбішұлы, сізге Атырауда тұратын композитор Ілия Жақанов сәлем хат беріп еді. Мына пакеттің ішінде өзіңізге арналған «Теміртау түні» әні және Сіз сүйіп тындайтын «Еділ - Жайық» әнінің тарихы жазылған кітапша бар. Композитордың Сізге деген лебізі және бар. Қабыл алыңыз, - дедім.

Елбасы жүзі жадырап:

Жаксы, Төкен Танаевич, сіз бен біз дос - көңілдес жандармыз, жас кезімізде Ілекеннің әндерін айтып өстік, ол кісіні ерекше сыйлаймын. Мына жолдаған әнін тындаймын, әрине, кітапшасын да оқимын, өзіне ризашылық сезімді хат арқылы білдіремін. Рахмет, сізге! - деп қолымды қайта - қайта қысты. Ал, Ілеке, күте бер, бір сәтті күні Президентіміздің сәлем хаты да қолына тиіп қалар, - деді.

\*\*\*

2004 жыл. Қараша айының соңғы күндері...

Астанада желтоқсанның бірінде «Конгресс - холл» сарайында «Еділ - Жайық» атты концерттің болуға тиіс. Соның қамымен ертерек келгем-ді. Репетиция басталды. Бір күні мені Президент Әкімшілігінің Басшысы Иманғали Тасмағамбетов қабылдады. Мен кабинетіне кіре бергенімде Иманғали орнынан күлімсірей түрегеліп:

Ілаға, орденіңізбен құттықтаймын! - деп құшақтай алды.

Мен аң - таң боп үндей алмадым.

Иманғали:

Бүгін Бішкектен Қырғызстанның Мемлекеттік хатшысы жолдаған құттықтау хат алдық. Сіз «Дәнекер» орденімен наградталыпсыз, - деді.

Мен Иманғалиға осы қуанышты хабары үшін және осы жазда Алматыда Республика сарайында өткен «Еділ - Жайық» атты концертіме, мына Астанада болатын концертіме жан - жақты көрсеткен көмегі үшін разылық сезімді білдіріп, жаңа ғана шыққан компакт - дискімді сыйладым. Иманғали дискіге ойлана қарап отырып:

О, «Теміртау түні» әні де кіріпті ғой, маған тағы біреуін... Нұрсұлтан Әбішұлына берейін, - деп жымың ете түсті.

Абырой болғанда портфелімде екі - үш дискі бар еді, Иманғали соның біреуіне Президенттің атына автограф жаздырып алды.

Желтоқсан айының бірінде Астанада «Конгресс - холл» сарайында «Еділ - Жайық» атты кешім өтті. «Теміртау түні» әніне қол соққан жұрттың сол дүбірін еш уақытта ұмыта қоймаспын. Ол да әндеткен өмірдің сәулелі бір күні!

Сол желтоқсанның он алтысында мен қазақтың бір топ зиялыларының қатарында «Парасат» орденімен наградталдым. Осы қуаныш үстінде Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев дүйім жұрттың алдында маған осы орденмен қоса бір конверт ұсынды. Жұрт бұған елең ете қалды. Сәлден соң жүрегім толқып, конвертті ашып қарасам, Президенттің өз қолымен жазылған хаты екен. Міне, сол хат:

*«Құрметті композиторымыз Илья Жақановқа!  
Леке, өзіңізді жеке әндеріңізді аса құрметтейтінімді Сіз білесіз.*

*Қуанышы да, ауырлығы да мол осы Тәуелсіздік жылдарында әр уақытта қолдау көрсетіп, жанымда болдыңыз. Зор рахмет! Бұл Сіздің елге, Отанымызға істеген еңбегіңіз деп білемін.*

*Әндеріңіз басылған табақшаны алдым. «Теміртау түні» әнін бізге (отбасымызға) арнапсыз. Рахмет!*

*Аман - сау болыңыз. Әлі да талай тамаша әндер құтуші  
Н. Назарбаев.  
15.12.2004 ж. Астана».*

Осы хатта қаншама жан жылылығы бар, ізгі жүректің лүпілі...  
Әркез көзіме оттай басылады.

Илья Жақанов

## Көкейі көмбе - ардагер

Өмірдерек

*Смағұлдың Тілеубердісі - инженер-металлург. Қазақ политехника институтын бітірген. 1960 жылы жолдамамен келіп, Қарағанды металлургия комбинатында жұмысшы, инженер болды, комбинаттың комсомол, партия ұйымдарында, «МитталСтіл Теміртау» АҚ компаниясында техника бөлімінің бастығы болып қызмет етті. Қазақстан Магниткасына 1000 қазақ жасын шақыру жөнінде үндеу тастап, жүзеге асырды. Теміртау қалалық «Құрыш» әдеби бірлестігін құрды. «Қазақ тілі» қоғамы қалалық бөлімшесінің төрағалығын атқарған. «Тұғыры биік Теміртау» кітабы авторларының бірі.*

Теміртауда бұл ағамызды білмейтін қазақ некен-саяқ. Смағұлдың Тілеубердісі! Тұтастары, құрдастары осылай дейді. Бізге олай деуге рұқсат жоқ. Арымыз рұқсат етпейді. Біз «аға» дейміз. Сосын

ағамызды жағалап жүреміз. Metallург. Қайраткер. Сазгер. Жазушылығы да бар. Ең бастысы, есімі бас әріптермен жазылатын айтулы АЗАМАТ! Теміртаулықтар сол үшін де құрметтейді. Қадірлейді. Алдын кесіп өтпейді. Үлкен-кішісі. Ұл-қызы. Бәрі де. Көргенде иіліп, сәлем береді. Өйткені, ағамыз металлургияның жілігін шағып, майын ішкен металлург қана емес, Теміртаудың рухани, мәдени өмірінің мәйегі, талайдың тағдырына тұтқа болған адам. Дәуірінде елбасымыз бірге елдік мәселелерді шешкен адам. Біз Теміртаумен өмірі бірге өрілген, металлургияда аттай 47 жыл табан аудармай тер төккен ағамызбен мереке қарсаңында ой бөліскен едік, Сөйлегенде су төктірмейтін жорғадай желіп, кесілетін ағамыздың ділмарлығына осы жолы тағы бір тәнті болдық. Тыңдаушысын ұйғытып тастайды, көкейі - көрікті ойдың көмбесі екен.

- Тегінде, журналистер қауымы еңбек адамының еңбегін айтуды азайтып, қалдырып барады. Дүниенің бәрі антогонистік қарама-қайшылық боп кетті. Ертеректе тілшілер еңбек адамын, оның елеулі еңбегін жазбаса, болмайтын еді. Қазір еңбек адамының табыстары, жетістіктері айтылуы кемшін. Білген адамға, еңбектегі жетістікті дәріптеу ұрпаққа үлгі көрсету үшін, тәрбиелеу үшін қажет. Солай емес пе? Бізді ғой, жасыратыны жоқ, Кеңес үкіметі желкелеп жүріп оқытты. Қазір олай желкелеп оқытатын кім бар? Енді осы желкелеп оқытты дегенді тарқатайын.

Мен Семейдің Шар стансасындағы теміржол мектебінде оқыдым. Одан теміржолдың СЦБ мамандығын алып, Қарағанды металлургия комбинатына келдім. Жұмысқа орналастым. Содан бір күні жұмыс істеп жүрген жерімнен мастерім шақырып алды.

«Сен оқымайсың ба? Ертең мына жерге бастық болмайсың ба?», - деді. «Болам!» дедім. «Болсаң, ендеше кешкі мектеп ашылып, сонда арнайы пәндерден курс өткізуде. Сені соған жазамын. Соны бітірген соң, институтқа түсесін», - деді. «Жарайды, жаз!» дедім. Әлгіні жұмыспен жүріп мүлде ұмытып кетіппін. Арада біраз уақыт өтті. Бір күні комсомол комитетінің хабарландыруы тұр. «Т.Смағұловтың жеке басының ісі қаралады» деген. Ойымда дәнене жоқ, не боп қалды деп ойлаймын. Алдында ғана жұмысты жақсы істегенім үшін мақтау қағаз алғанмын. Аққыры жиналысқа бардым. Барсам, менің курсқа жазылып, бармай, оқымай жүргенімді айтып, жерден алып, көкке салды. Жиналыстан мен сол курсқа баратын боп, уәде бердім, сол курсқа бардым. Кейін институтқа түстім. Міне, желкелеп деп отырғаным осы. Біз қазір зейнеттеміз. Көргеніміз көп, көңілге жиғанымыз да бар.

- Сол «ой түбінде жатқан сөздің» бір қатарын білгіміз келеді...

- Көніл көрігінде талай ой қорытылады ғой. Жастар жайы да. Бүгінгі жастарымыз дәл біздей ел үшін еңбек ете алар ма екен? Біздің жасап берген осынау істерімізді ұқсатар ма екен? Осы мені қатты толғандырады. Жастарымыздың білімді, білікті болуы шарт. Ол үшін Президент барлығын жасап, шырылдап жүр. Ал сол жастарымызды үндістердің қолында тұрған комбинат, шахта бірден жұмысқа ала қоя ма? Мен соған аландаймын. Мәселен, кезінде комбинатта 42 мың адам еңбек еткен. Қазір 16 мың. Үш адамның жұмысын бір-ақ адам атқарады. Бұл техника қауіпсіздігіне қайшы емес пе? Президент келгенде алпауыттар 10 млн. тонна болат балқытамыз деді. Олар кадр жоқ болса, оны қалай балқытпақ? Комбинаттың орталық зертханасы сол уақытта кез-келген зерттеу институтынан артық болмаса, кем емес еді. Қазір ол деңгей жоқ. 10 млн. болат алу үшін зерттеу қажет. Оған таза көмір рудасы керек. Ондай руда тек Соколов-Сарыбайда ғана бар. Оның құрамының 70-78 пайызы таза темір. Ал Лисаковскіден келетін темірде фосфор көп. Фосфор деген темірдің жауы. Осының барлығын зерделейтін орталық зертхана сапалы жұмыс істеуі тиіс.

**- Аға, сіздің алпауыттарды «бізді байыту үшін емес, өздері баю үшін келген» дейтін бір сөзіңіз осыдан кейін айтылған секілді...**

- Мұны мен баспасөзде де жиі айтам. Олардың бізді байыту үшін емес, баю үшін келгені рас қой. Оны өздері де жасырмайды. Қаладағы әлеуметтік саладағы нысандарға, тұрғын үйлерге комбинат жауапты болатын. Қазір олай емес. Олар облыс әкімі меморандум жасатқанда ғана сол арқылы әрекет етеді. Оған дейін ештеңеге қол ұшын тигізбейді. «Шық бермес Шығайбай» деп бекер айтпаймын ғой. Жастарды жұмысқа алуы да қиын. Бір адам жұмыстан шығып кетсе ғана соның орнына алады. Әйтпесе жоқ. Оптимизация желеу болды. Өз өтінішімен ертерек зейнетке шығатын жұмыскерге пәленбай мың доллар береді. Бірақ оның орнына адам алмайды. Еуропалық стандартқа ұмтылады. Сол еуропалық стандарт бізге лайық па, жоқ па? Мұны саралайтын кез келді. Болашаққа пайдасы мен зияны неде? Ардагер металлург ретінде көңілімізге алаң кіргізетін жайттың бірі - осы. Алпауыттар мен олардың аузын майлап отырған қарапайым адамның арасындағы алшақтық зерттелуі тиіс.

**- Әңгіменің түйіні болсын, Елбасының командасындағы істеріңіз туралы айтасыз ба? Комсомолдың екінші легі келгенде өздеріңіз жүріңіздер басы-қасында...**

- Иә. Ол кезде Нұрекен облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, мен комбинаттың партия комитетіндемін. Нұрекен қолдап, мен жүзеге асырып, 70-жылдары 627 адамды жолдамамен Теміртауға алдырдық. Оларды үй қылып, үйлендіріп те жүрдік. Өзім тікелей

мұрындық боп, баспана да алып берген едім. Бұл қызметтерге келуім де қызық. Мен әуелі Нүрекең қалалық партия комитетіне қызметпен ауысқанда, мені Нүрекеңнің орнына комсомол комитетінің хатшысы етіп қойды. Кейін қалалық партия комитеті шақырып, өндіріс және көлік бөлімінің менеджершілігіне шақырды. Барғам жоқ- Қолымды сілтеп кетіп қалғанмын. Ол кезде Нүрекең облыста. Бір күні активте Нүрекең шақырып алды да: «Өткендегі қызметке неге бармайсың? Бар» деді. Нүрекең айтқан соң, амал жоқ бардым ғой. Қалалық басшылыққа мені ұсынған Нүрекең болса керек.

**Теміртаудағы тұңғыш қазақ мектебін ашқанда, «Құрыш» әдеби бірлестігін құрғанда, қазақша радионы жандандырғанда, қазақша алғашқы қазақ газеті «Теміртауды» жарыққа шығарғанда да тағы өзіңіз ұйытқы болдыңыз...**

1989 жылы қоғамдық негіздегі «Қазақ тілі» қоғамын құрып, оған жиналған көпшілік мені төраға етіп сайлады. Сол қоғамда жүріп, Теміртауда тұңғыш қазақ мектебін аштық. Ол - бүгінгі №15 қазақ мектебі. «Құрыш» әдеби бірлестігі, қазақша радио. қазақша газетте де қолтанбамыз қалды. Оған мақтанып кеуде соққымыз жоқ. Қазақ болған соң қазақтығымызды танытуға тиіс емеспіз бе? Бірақ кешегі дүркіреп өткен той Қазақстан Магниткасының 50 жылдығында, Қазақстандағы кара металлургияның кара шаңырағы көтерілген күнде қазақтығымызды көрсете алмадық. Рас, қала абаттандырылды. Көрген көз сүйсінеді. Елде жоқ Неке сарайы бізде ғана бар. Теміртау түлеп сала берді. Бұнда облыс әкімі боп келген Серік бауырымның да үлесі зор. Бірақ бір әттеген-ай, қалды көкейімізде. Қазақтығымызды танытатындай ат шаптырып, бәйге бере алмадық. Не ақындар айтысып ұйымдастыра алмадық. Мен соған өкіндім.

Қызғалдақ АЙТЖАНОВА  
Теміртау қаласы, 17 шілде, 2010 жыл

## Жетпісті жетегіне алған жан ағам немесе Смағұлдың Тілеубердісі жайында бір үзік сыр

Ол...

.Бүгінгідей алмағайып заманда өзіне тән табиғи қалыбын бұзбай, тағдыр маңдайына жазған адамдық асыл қасиеттерінен айнымай, уақыт желімен құбылып соқпай, құрыққа сырық жалғамай, арамызда жүзі жарқырап өмір сүріп жатқан, сол бекзат болмыс-бітімін өзгелерге өшпестей үлгі-өнеге тұтарлық тұғырлы тұлғалар, абыралы ағалар жетерлік десек, сондай кісілігі мен кішіпейілділігін тең ұстаған, «мені» кем, алды кең абзал тұлғалардың бірі - қайран да менің Тілеукен ағам. Сүрінгенде сүйеген, деміккенде демеген, тұралағанда тұрғызған, осылайша тек жағынан емес, рухани жағынан туыс боп кеткен ол кісіні өзіме меншіктеп өз ағам атауыма толық негіз бардай. «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда сиқы қашады» деп Абай атам айтпақшы, қашанда ауызға келген сөз арзан болатыны кәдік. Әйтсе де ауыз аз сөйлесе де, бет ұялмауы керек қой. Таң атпайын демейді, күн қоймайды, өтірік ашылмайын демейді. шын қоймайды дейтіндей, бар шындықты мойындап айтқанға не жетсін...

Ол қамшы сабындай келте, қарға адымдай қысқа, көзді ашып-жұмғанша сынаптай зырылдап өте шығар мына заманда өте сирек кездесетін шын мәніндегі қалқан төңкергендей шоктығы биік Азаматтар тобына кіреді. Құдіреті күшті тәңірдің кей жандарға асылдық дарытып ерекше ықыласты болатыны бар ғой. Кенеусіз мына дүниеде ілеуде бір жолығысар осындай жан - Тілеукен ағам қарапайым десек те, қатардағынан емес-ті. Ұлылық әдетте қарапайым жандарға қона-тыны белгілі. Әйтпесе қазақтың бүкіл шежіресін бойына жиып, қазақтың кең далиған даласынан аумаптын Сейдімбектің Акселеуімен, тұла бойы сиқырлы үнге толы Илья Жақановтармен ықыласы өзгеше ыстық бейілді дос болар ма еді. Ақымақта дос, итте бажа болмақ емес.

Әлбетте жұрт мойындаған атақ-абырой өздігінен келе салмайды. Ол «Кісі болар кісінің кісіменен ісі бар, кісі болмас кісінің кісіменен несі бар» деген қағиданы берік ұстанып, адамгершілік пен азаматтық парызды тең тұтынған тектінің еңбегі арқылы ғана келмек. Міне, менің ағам осындай тұрлаулы талаптарға толық жауап беретін сирек тұлғалардың бірі...

### **Туған жерінің топырағына тартқан...**

«Туған жердің топырағы» деген ұғым бар. Бұл ұғымның қай заманнан келе жат-қанын кім білген. Біз әйтеуір осы бір ыстық

ұғымның адамның селді серігі екенін білеміз» дейді андағандар. Бұл туған өлкенің ерекше бітім-жаратылысы, бар қадір-қасиеті төл перзентінің бойына дарып, мінез-құлқы да соған бейім келеді деген түсініктен туған. Басқаша айтқанда, бойдағы тектілік туған жерден дариды деген сөз. Әйгілі ділмар шешен Қаз дауысты Қазыбек бидің жұрағатынан болған соң ба, ағамыздың күбідейін күмпілдеп тұрған кеудесі нақ бір сөздің ұясы десек, тым артық кетпеспіз. Мінезінде сөзуарлық болса, сол туған жерден жұққан жұқана. Әйтпесе көзі бар көрері жоқ, аузы бар сөйлері жоқ адам қаншама. Қай жерде қандай сөз айту керектігін, қай кезде ортаға тасталған ұранды пайдаланып, соған басқаларды табындыра білетін ағадай білімдарлар қатары сирек. Әр топтың алдында сөйлегенде сол топқа лайық қолданар сөйлеу мәнері, стилі, этикеті бар. «Білесің, білгеннен соң айтасың» деп академик Әлкей Марғұлан айтпақшы, әңгімесінде бір ойдың басын қайырып үлгермей, екінші ойдың желісіне түсіп кетуін де сол көп білуінен деп ұққан ләзім-ау. Қыркында қыркылжың тартпай, мына келген жетпісінде де жетілген құр аттай болуы затының асылдығынан емес деп кім қарсы дау айта алар...

### **Кеңес кезінде...**

Жасырары жоқ, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, қылышынан қан тамған коммунистік партияның белді өкілі болды. Соның қазанында қайнады, сол додада шынықты. Жаңаша жыл қайыруымыздан бұрын өткен Конфуцийдің: «Қараңғы бөлмедегі қара мысықты табу өте қиын, әсіресе, онда өзі жоқ болса» дейтіні бар. Осыған сәйкес, сол кезде қазақтардың іс-әрекетінен ұлтшылдықты, ұлтжандылықты көргісі келіп тұратын билікпен тіл табысу әсте қиын еді, оған да үлкен өнер мен бедел, еп пен талғам керек болды. Төкең сол үдеден шыға білді. Теміртау халқының 13-ақ пайызын құрайтын қазақтардың елдік мұраттарын шешу ісінде бір адамдай ат салысты. Билікпен қалай сөйлесуін жіті аңғарды. Қай уәжінің де негіздемесі мықты, шымыр әрі се-нім-ді шығатын. Кеңестік тоң жібімей тұрған сол кездегі қалалық, қоғамдық деңгейдегі халық алдына тартар қай бастаманың болсын әуезі салмақты еді - «Қазақ тілі» қоғамын құру, қазақша радио торабын ашу, қазақша мектеп салу солардың қатарынан. Билікке ұлтымыз жайын күйттейтін бетке ұстар ешкім болмаған соң, тума тілдің қоғамын, қазақ қауымын басқаруда сол кісіні лайық деп тапқан еді халық...

### **Қазіргі күні...**

Бүгіннен алыс жоқ, ертеннен жақын жоқ. Қаз қанқылдап жазды шақырса, қарға қанқылдап қысты шақырады. Ғұмырдың да кәрілік атты алтын күзі келеді. Оны ешкім де тоқтата алмақ емес, дөңгеленген табиғат заңдылығы осы. Қазақтың елдік таным-түсінік,



ұғымында адамның қартайған шағын білдірер «қария», «қарт», «шал» дейтін жалқы да жалпы атаулар бар. Бұлардың мәртебелік дәрежеденгейі әр түрлі. Ауыл сыйлысын адамдар «қарт», «шал» деп атамайды. Мәселен, «біз қарияға келіп сәлем бердік» дегенде «қария» сөзінің орнына «шал» сөзін қолданып, «біз шалға келіп сәлем бердік» десек, жасы үлкен адамға деген немқұрайлы, жағымсыз эмоциямызды білдіріп тұрғанымыз болып шығады. Бұл жерде де осылай. Шын мәніндегі елге сыйлы, жұрт сыйлайтын адам ғана «қария» деген атауға лайық. Тілеукен-аға - біздің ортақ қариямыз. «Теміртаудың құрметті қариясы» дейтін марапат жоралғысы болса, еш ойланбастан ең алдымен осы кісінің есімін атар едік. Атауға лайық азамат болғаннан. Қазір Теміртауға қазақ-ағайындар тұс-тұстан ағылып келіп орнығып жатыр, олар үшін дайын мектеп, дайын балабақша бар. Ал соның түп-төркінінде, түп бастауында орыстың бір қаласы іспетті болған шырайлы Теміртаудың қазақы қалпын киіп, өзгеше нақышталуына үлкен еңбегін сіңірген менің ағам тұрғанын көбі біле бермейді-ау, сірә. Ендеше билік құлағына алтын сырға, жетпісті жетегіне алған Смағұлдың Тілеубердісіне бір көшенің атын берсе, біткен бір уазипалы іс болар еді. Тиын-тебен санап үйренген биліктің тұтқасын ұстағандарға: «Адам капиталы да - зор капитал!» деп уәждеп қадап айтар едік. Өкше басып өсіп келе жатқан кейінгі ұрпаққа үлгі тұтар биік тұлғалар керек емес пе?! «Жаны жақсы адамдар байлық жинамайды, өздері байлыққа айналады» депті дүниеден озған жазушы Баққожа Мұқай. Кәрісін ордада қалдырмай, обада қалдырған. өлігін молада қалдырмай, далада қалдырған кешегі кенестік заман емес қой қазір...

Тұлғалар демекші, бүгінде тарихтың еншісіне еніп, Теміртаудың әр тасынан іргесін қалаған адамдардың іздерін көріп-біліп, айтып-айғақтап жүрген де бірден-бір осы кісі. Оның жергілікті қазақ газеті беттерінде шығып тұратын шынайы әзілге құрылған мөлтек естеліктері, қаламгерлермен бірлесіп шығарған «Тұғырлы қала - Теміртау» іргелі шежіре-кітабы осының жарқын айғағы. Айтпақшы, қала жұртшылығын қоректендіріп отырған үлкен зауыттың құрылымы мен құрылысына, неше түрлі ұсақ-түйек бұйымына қатысты техника саласындағы тер-мин-дерді біріздендіру мен жүйелеуде, сол аталымдарға алғаш рет лингвистикалық сараптама жасап, илікпеген атауларды қазақ тілінің тезіне сап қорғасындай балқытқан да осы ағам екенін еске сала кеткенді жөн көремін.

Бір қуантарлығы, қалалық ақсақалдар алқасының белді мүшесі болған ағам зейнетке шыққан қазірдің өзінде жергілікті билік пен қаладағы ат төбеліндей қазақтың арасындағы қай түрлі ахуалды

бітістірер алтын көпір іспетті. Қалалық «Замандас», «Теміртау», «Құрыш қала» газеттерінің дүниеге келуінің бел ортасында жүрген-тін кезінде. Әлі де жүр деп естиміз. Қатардан қалмапты. Құдай өзі қуат берсін ол кісіге.

Елеужан СЕРГМОВ,  
ҚР Ішкі істер министрлігі  
Қарағанды академиясының  
профессоры, заң ғылымдарының  
кандидаты, полиция полковнигі

## Достың орны бір бөлек

Бүкіл адам баласына ортақ, ұлт-үрдіске қарамайтын, дін-сенімге, шек-шараға бағынбайтын киелі екі ұғым бар. Оның аты достық пен махаббат. Достықтың тұғыры шынайы сенім болса, махаббат тұғыры шынайы сезім.

Менің жарты ғасырға жуық мерзімде, өмірдің ащы да тұщы кездерін бірге өткізген, тағдырдың екеуіміздің басымызға бұйырған қиыншылықтары да ұқсас қадірлі де қимас досым Смағұлдың Тілеубердісі 70 жасқа толып отыр. Әкесінен ерте айырылып, жетімдіктің зәрлі уын ішіп, тірлік тауқыметін ерте тартты ол. Тумысынан зерек, өмірге деген талпынысы бар ол тырмысып жүріп политехникалық институтты бітіріп, механик мамандығын алды. Ел арасында істеген ісімен, жүріс-тұрысымен, сөйлеген сөзімен қатарларына, ізінен ерген туыстарына, бауырларына үлгі бола білді. Комбинатта қалада комсомолдық, партиялық жұмыстарда болған кездерінде жаман аты шыққан жоқ, еддің ризашылығына ие болды.

Ақылды да, ақымақ та, жас-кәрі де билік үшін жанын салып арпалысып жатқанда Тілеуберді ондай шараға бармады. Билік құмарлық, мансапқорлық, шенқұмарлық Тілеуберді үшін өзіне өзі сенбейтін, қайтсем билікке ие болам дейтін әлсіздердің ісі болып көрінетін. Қара металлургия шаңырағы комбинатта қаншама білікті қазақ жігіттері комбинат басшыларының теріс ыңғаймен қарауының салдарынан басшылық сатысына көтеріле алмай қалды. Осындай себеппен комсомол комитетінің хатшысы, партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарған Тілеуберді еңбек жолының соңғы кезінде комбинат директоры А.Г. Свичинскийден бірталай қуғыншылық көрді. Ол тек ғана жақсы маман инженер емес, тамаша жазушы, аудармашы, әнші. Өкінішке орай комбинаттың улы-шулы

жұмысына үйреніп кетіп, жазу-сызуға көңіл бөле бермейді. Егер о баста жазушылықпен айналысқанда қазір Қазақстандағы 800 жазушының алдыңғы қатарында болмаса да, нағыз ортасынан ойып орын алар еді.

Көп жылғы жолдасым, досым, сырласым, Қаракесек руының ішіндегі жалғыз қайнағам Тілеубердіні 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтап, осындай жаны жомарт, елін сүйген парасатты тағылымы мол адамға тәңірім мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр беріп, құдай қосқан қосағы Сәулемен бірге жасай бер дегім келеді.

Өмірде естен шықпас, ұмыт болмас, орны толмас нәрселер бар. Олар туған халқын, ата-анан, бала-шаған, ұрпағың бәрі аман болсын. Өмірде көрер қызығың таусылмасын.

Жанас АРЫСОВ,  
комбинат ардагері

### *Құттықтаймыз!*

*Құрметті Тілеуберді Смағұлұлы! Сізді мерейлі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтап, деніңізге саулық, жанұяңызға үлкен бақыт тілейміз!*

*Өмір жақсы, ең сүйікті жандай жақсы,  
Жандай жақсы, жаңа атқан таңдай жақсы.  
Алдыңда - аға, соңыңда - іні болып,  
Ортасында біз жүрген қандай жақсы!*

Ізетпен:  
«Құрыш қала» газетінің ұжымы

## Сыр сұхбат

**Жақсы адам - ел ырысы**

*«Құрыш қалаһың» бүгінгі қонағы қаламыздың белгілі азаматы, ардагер металлург Смағұлдың Тілеубердісі.*

- Аға, сізді «Жетпіс жасқа келді» дегенге сене алмай отырмын...

- Сендер творчествоның адамысындар, өзің ақынсың. Көңілдерің көлдей, шалқар шабыт бойларыңды кернеп тұрғанда басқалар шыға бермейтін биіктен көрінетін сыйластықтың қадіріне жеткен адамның күдігі ғой бұл. Көңілжықпастығың да бар, бірақ өзім де осы жасқа келгенімді байқамаппын. Осыларды елеп-екшеп, уақыт деген «шіркін» сәл де болса кідіре тұрса ғой.

- **Пай-пай, пай! Жорғаныздан жаңылмай, тайпаласа су төктірмейсіз-ау. Осындай еркін көсіліп, ой тұжырымдарын атойлату қайдан келе береді?**

- Тым асырып жіберген жоқсың ба? Өмірден шығар-ау, аз жас жасағанамыз жоқ, көргеніміз де бар ғой енді.

- **Онда айтыңызшы, өзіңіз нақышына келтіріп, сызылтып домбырамен айтатын өлеңдегі «Жиырма бес» қайта айналып келе қалса...**

- Ол енді қайтып айналып келмейтін тәтті қиял ғой. Тәттілігі сондай, адамды елтітіп, жұтқыншаққа бір түйір тіреп, көзіңе тамшы үйіріп, құлақтан үні кетпейтін небір шер мен мұң кейде өзің де түсіне бермейтін тұңғық тереңге батырып барып ләззат әпереді ғой. Халқымыз осы құбылыстарды қалт жібермей, рухани азығымыздың деңгейін керемет аскақатқан ғой. Қиял неғұрлым тәтті болса, соншалықты өмірден алыс, сағымдай ынтықтырып жеткізбейді емес пе? Ал жазатайым 25 қайтып келсе де, сол уақытты елеп-екшеп, қағып-сілкіп тазартпас ем. Реті келген екен, айта кетейін, біз көрген жылдарда бастан кешірген саяси-әлеуметтік құбылыстардың құйындай соққан аласапыранына куә болу әрбір ұрпақтың басына қона бермейтін бақ дер едім.

- **Бұрын да көкейімде жүрген сұрақ еді, бүгін реті келіп отыр, өмір жолыңызды өнерге, әдебиетке арнамағаныңызға таңмын.**

- Жоғары кластарда «Қазақ әдебиетінен» сабақ берген Әзілхан Қасымбеков деген мұғалімім «Қазақ мемлекеттік университетіне түсуің керек» деп көндіріп қойғанда сол кездегі үкіметтің саясаты - «онжылдықты тәмамдағандар міндетті түрде үш жыл жұмыс істеу керек» деген үкім шығарып, комсомолдық жолдамамен Қазақстан Магниткасынан бір-ақ шықтық қой. Оған бір сәт те өкінген емен. Содан сананы тұрмыс билеп, күнделікті күйбеңмен болашағымызға

деген көзқарас металлургиямен сіңісіп, ақыры қазақ политехникалық институтын бітірдік.

- Сіздің жазған эссе-естеліктеріңізде, құрдастарыңыздың айтуы бойынша да, әсіресе өнер қууға мүмкіндіктер болыпты ғой.

- Ол енді рас, бірақ шешейдің айтқан сөзі тоқтатты. Ол кісілер артист дегенді жын, диуана деп түсінетін. «Балам артист болсаң не семьяң болмайды, не біреуге бір шынаяқ шай беретін баспанаң болмайды, бес-алты қатын аласың, олардан туған немерелеріме қол жеткізе алмай менің басымды дал қыласың. Әкең сен туғанда қызылшақа түрінді көріп, артымда атымды шығаратын ұл келдіге сенім артып аттанған еді. Осының бәрін аттап, артист болам десен, теріс батамды берем» дегесін бәрін де жылы жабуға тура келді. Марқұмды 98 жасына қарағанда арулап мәңгілік сапарға шығарып салдық.

- «Шешемді 100 жасқа жеткізбей өлтіріп тастады» деп әзіл айтатын Сәуле жеңгемізді бақандай бес жыл күткеніңіз рас па?

- Ойбай, рас, бәтшағардың істемегені жоқ қой, әзіл ғой әрине. Ал шынына келсек, ол кезде біздің рухани әлеміміз басқа болды ғой, яғни адам болу. Осының қайнар басында ел қатарлы бір шүйке басқа ғашық болу... Иә, махаббаттың буына мас болу қандай бақыт екенін түсіну. Сонда ғана сенің адам болғаныңды дәлелдейтін үй болу. ұрпақ тәрбиелеуге икемнің бар екені және тағы басқа да алғы шарттардың жауқазындай көрініс табуы міндет болатын. Мен тағы да философияға түсіп, «себеп пен салдарға» беріліп кеттім білем. Бірақ бүгінгі әңгіменің төркіні де сол, осыдан қырық алты жыл бұрын кезіккен бүгінгі жеңгелеріңе деген ыстық ықыластың азаймауына әкеп соғып отыр емес пе? Мені қырық алты жыл әлдилеп отырған жеңгелеріңді бес жыл күткенім аздау көрінеді маған.

- **Әңгіменіздің басында өзіңіз айтқандай, көргеніңіз бар, оқығаныңыз, тоқығаныңыз одан да көп болар. Екі экономикалық жүйенің қуәсісіз. Біріншісінің өркендеуіне білек сыбана кіріссеңіз, екіншісінің нәтижесін тұтынушысыз. Бүгінде не көп, қарама-қайшы пікірлер көп. Біреулер мақтаса, екіншілері даттап жатады. Сіз не дер едіңіз?**

- Кеңес үкіметінің экономикалық жүйесі - жоспарлы болды да, бүгінгі күннің экономикасы нарықтық болып отыр. Егемендік алып, нарыққа бірден түскендегі қиямет-қайымды білесің, лағып барып әзер ес жиған болатынбыз. Менің есімде қалғаны нарықтық экономика өзін-өзі реттейді дегеннің арты тез ашылып, уақытында тоқпақтап, яғни жоспарлы экономиканың әдістерін қосуға тура келгені. Бүгінгі күә болып отырғанымыз дағдарыс экономикасы және де ол әлемдік сипат алып отыр. Мемлекет басшысының «Қазақстан - 2050 Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»

Жолдауын ұсынғанда осы әлемдік дағдарыстың себебін ешкім де біліп отырған жоқ деп ашып айтқан болатын. Қалай болғанда да, жоспарлаудың элементтері тағы да алға шығып отыр.

Екінші айтарым, қазақ деген әрбір адамның қамы. Біз осы болашақта кім боламыз? Тегімізді сақтаймыз ба? Шетелдіктер бізді көріп, «Ойпырмай, мыналар қазақтар ғой» деп ауыз толтыра айта алар ма екен? Өткен ғасырда Ғабен(Мүсрепов): «Ұсақ ұлттарды ықтата берсең, иықтай берсең жүн болып кетеді. Өзіндік тоқсан тоғыз қасиетінен айырылып, өзгенің тоқсан тоғыз кемшілігін үйреніп, оның биік ойларына өресі жетпей, ит әуре болады. Енді ол халықтың беті «хош-есен болуға» бұрылып кетеді» депті. Осы қауіптің ықпалы қазір де күшейіп тұр. Өйткені жаңағы ...өзгенің тоқсан тоғыз кемшілігін үйренгендер әлі де жергілікті жерлерде ел басқару жүйесінде отыр. Оның үстіне жүйелі ұлттық идеологияның болмауы да жақсылықтың нышаны емес. Осылардың салдарынан тек өзін ғана ойлауға машықтанып, тек ғана ақшаға табыну сәнге айналып, жан-дүниеміз бе йшаралыққа ұрытуда. Осының емі қайда? Тағы да Ғабене жүгінейікші. «Сенің бірінші жауың кім? - Өзің. Менің бірінші жауым кім? - Өзім».

Жоғары жаққа сілтей бермей өзімізден бастасақ қайтеді, ағайын.

**- Әңгімеңіз үшін рахмет, аға. Деніңізге саулық, отбасыңыздың басына амандық тілейміз.**

Сұхбаттасқан Руза АЛДАШЕВА

Сөзін жазған Кәкімбек Салықов  
Орындаған автор Смағұлдың Тілеубердісі  
Нотаға түсірген Тілеуғазы Бейсембек

## Құда келді

Құда менен құдағи сынар елді,  
Білдірмейік той-толас тынар жерді.  
Он шырқайық ай,аспан жаңғырықсын,  
Биге шығар от-жанар бұраң белді.

Құда келді, келеді күй ақтарғым,  
Қандырайын құрышын құлақтардың.  
Аққу әні, жезкиік дүбіріне,  
Салайын күлкісіне бұлақтардың.

Құдаша бізге де бір құлақ салған,  
Тостаған кез, бүйрек бет, ұнап қалдың.  
Ата-баба, сал-сері салтыменен,  
Дәл қасыңа келеді құлап қалғым.

Біздің елдің әні бар "Жамбас сипар",  
Бір сипамай қоймайтын мен де қиқар.  
Шырқағаным ұнаса шабыттанам,  
Өршеленіп кеткендей ерде тұлпар.

8 Ай! Кү- да кел- ді ву- ыл- га, кү- да кел- ді,  
12 Е- си не- ге шық- ты деп сұ- ра- ма/ен- ді. Кү- да- ша- ны  
кө- ру- ге кү- мар е- дим, Ко- ш- лі- ме жү- гір- мек ы- лан ен  
15- ді. І- ш- ле- рим кө- пе- ки жү- гі- рің- дер,  
18 Кү- да- ша- ның ал- дын- да и- і- лим- дер. Қо- ы/а/а- в- тің  
22 қас- қыр- дай те- сі- рей- мой, Қо- ын і- дер  
25 түл- кі- лей үн- іт- ің- дер.

Орындаған Смағұлдың Тілеубердісі  
Нотаға түсірген Тілеуғазы Бейсембек

### Үшқара (II түрі)

Едрей басың биік мұнар шалған  
Шолтандап өте шықты мына жалған  
Тар есік, тар босаға болды-ау қиын  
Ер едім өз елімде сайран салған.

Едрей басың биік шөбің сұйық  
Ойнайды бауырында жалғыз киік  
Түскенде сен есіме қайран елім  
Төсекте жата алмадым ішім күйіп.

Сүйендім абақтының шарбағына,  
Сиындым бабам Қазыбек аруағына.  
Бір кезде қаршығадай қалықтадым,  
Бұл күнде мен аңшының қармағында



Басынан Үшқараның аса алмадым,  
Жайқалтып жапырағын баса алмадым.  
Есіме, қайран елім, сен түскенде,  
Көл болған көздің жасын баса алмадым.

Үш - қа - ра, ба - сың би - ік мү - нар шал - ған, Сұм - пи - ып  
ө - те шық - ты мы - на жал - ған. Тар ес - ік, тар бо - са -  
-ға ки - ын о - кен, Ер е - дім  
ел іш - ін - де сай - ран сал - ған.

1986жыл

## МАЗМҰНЫ

1. Көз көргендер.....	5
2. Ана тілім ардағым.....	82
3. Тарихи мұра.....	165
4. Қысқа қайырым.....	178
5. Жүрек жарды лебіздер.....	191

СМАҒҰЛДЫҢ Тілеубердісі

# *Өрім жылдар*

Компьютерде теріп беттеген: Қарлығаш Бейсенқызы

Басуға 10.06.2013 қол қойылды.  
Офсет қағазы. Көлемі 27,2 ш.б.  
Таралымы 150 дана. Тапсырыс № 2413

ЖШС "TENGRİ ltd" баспахананда басылып шықты.  
Қарағанды қаласы, Бұқар жырау даңғылы 84,  
Тел. 8(7212) 43-19-54, 99-60-88  
8-700-222-30-22, 8-702-222-30-22  
e-mail: tootengri@mail.ru